

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**

ӘОЖ: 1:316 (574) «19/20»

Қолжазба құқықтарында

**АЙТЕНОВА АЛЬФИЯ АМАНЖОЛОВНА**

**Қазақстан қоғамының әлеуметтік процесстеріндегі «мәдени жарақат»  
феномені (XX ғасырдың соңы – XXI ғасырдың басы)**

8D02202 – Философия

Философия докторы ғылыми дәрежесін (PhD) ізденуге арналған диссертация

Ғылыми кеңесші \_\_\_\_\_  
филос.ғ.д., профессор Кулсариева А.Т.

Шетелдік кеңесші \_\_\_\_\_  
PhD, профессор Рейн Рауд

Қазақстан Республикасы  
Алматы қаласы, 2025 жыл

## **МАЗМҰНЫ**

|                                                                                                           |              |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|
| <b>КІРІСПЕ.....</b>                                                                                       | <b>.....</b> |
| <b>1 «МӘДЕНИ ЖАРАҚАТ» ФЕНОМЕНІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b>                                     |              |
| 1.1 «Мәдени жарақат» метафорасының логикалық-семантикалық құрылымы және онтологиялық мәні.....            | 14           |
| 1.2 «Мәдени жарақат» концептісі және оның адамзаттың тарихи тәжірибесіндегі жалпылама бейнесі.....        | 24           |
| 1.3 Холокост трагедиясының тарихи жадтағы «Мәдени жарақат» ретінде репрезентациясы.....                   | 39           |
| <b>2 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ «МӘДЕНИ ЖАРАҚАТ» РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ (XX ғасыр соңы мен XXI ғасырдың басы)</b> |              |
| 2.1 Желтоқсан – 1986 оқиғасының конституциясы мен мәдениеттегі репрезентациясы.....                       | 53           |
| 2.2 Сталин болмысы, қызметі және сталинизм феноменін игеру талпыныстары.....                              | 72           |
| 2.3 «Невада-Семей» антиядролық қозғалысы және қоғамдық санадағы антиядролық репрезентациялар.....         | 89           |
| <b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>                                                                                     | <b>107</b>   |
| <b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....</b>                                                              | <b>110</b>   |

## НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

**Осы диссертацияда келесі стандарттарға сілтемелер қолданылған:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 1991 жылғы 12 желтоқсандағы № 540 Жарлығы «Қазақстандағы 1986 жылғы 17–18 желтоқсандағы оқиғаларға қатысқаны үшін жауаптылыққа тартылған азаматтарды ақтау туралы».
2. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі № 2200 Заңы «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы».
3. Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 30 желтоқсандағы № 3299 Жарлығы. «1997 жылды Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялау туралы».
4. Қазақ Советтік Социалистік Республикасының 1991 жылғы 28 маусымдағы Заңы. «Баспасөз және басқа бұқаралық хабарлама құралдары туралы».
5. Қазақ Советтік Социалистік Республикасы Президентінің 1991 жылғы 29 тамыздағы № 409 Жарлығы «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы».
6. Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсан № 1787-ХІІ Заңы. «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы».

## АНЫҚТАМАЛАР

**Осы диссертацияда тиісті анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады:**

Метафора (гр. «metafora» – «ауысу») – сөз не сөз тіркесінің тура мағынада емес, ауыспалы мағынада қолданылуының ең кең таралған формасы, бір ұғымды немесе көріністі басқа ұғымға немесе көрініске ұқсатуды аңғартатын риторикалық фигура, оған соңғысының маңызды белгілері мен сипаттамаларын ауыстыру, оны толығымен салыстыру немесе функционалды интерпретацияның принципі (сызбасы) сапасында қолдану.

Жарақат (гр. «trauma» – «жара», «дене зақымы»; «зақымдану» сөзінің синонимі) – сыртқы әсер нәтижесінде (мүше) тінінің тұтастығы мен қызметтерінің зақымдануы.

Холокост (гр. «holocaustos», «holos») – «біртұтас», «тұтасымен», «толығымен», «kaustos» – «өртеу».

Онтология (гр. «ontos» – «болмыс», «logos» – «ілім») – философия ғылымының саласы; әлемдегі заттардың фундаменталды мәні, табиғатын айқындаумен айналысатын философияның бөлімі.

Философия – (гр. «phileo», – «сүйемін», «sophia» – «даналық»: «даналықты сүйемін», «даналыққа құштарлық») – адам болмысының іргелі принциптері мен негіздері туралы, табиғатқа, қоғамға және рухани өмірдің барлық негізгі көріністеріне адам қатынасының ең жалпы мәнділік сипаттамалары туралы білімдер жүйесін жасайтын әлемді, дүниені танудың ерекше формасы, ғылым.

Феноменология – (гр. «phainomenon», – «құбылыс», «logos» – ілім») – феномендер, құбылыстар туралы ілім.

Шизофрения (лат. «schizophrenia», көне грекше: «σχίζοφρένεια», «σχίζο» – «бөлемін» және «φρέν» – «парасат») – созылмалы психикалық ауру.

Банапартизм – армияға, полицияға, тармақталған бюрократияға сүйенетін антидемократиялық, авторитарлық билік жүйесі.

Истерия (гр. «hystera» – «жатыр») – ұстамалы сырқат – адам мінез-құлқының, қозғалысының, сезімталдығының, ішкі органдар қызметінің бұзылуынан болатын психикалық ауру.

Шок (ағылш. «shock» – «талықсу», «есеңгіреу») – жүйке жүйесінің тез арада шектен тыс қатты тітіркенуінен тыныс салу, зат алмасу және қан айналысының бұзылуы, организм қызметінің қауырыт төмендеп, нашарлауы.

Валюнтаризм – (лат. «voluntas» – «ерік») немесе асыра сілтеушілік – ерікті қоғам дамуы мен оны санаға, қоғам заңдылықтарына қарсы қою және оны қоғамдық дамудың шешуші факторы ретінде мойындаудан шығатын идеология мен психологияның, саясат пен тәжірибенің мәні.

Қоғам – (лат. «societas» – «қоғам») – философияның, тарихтың және әлеуметтанудың негізгі категорияларының бірі. Кең мағынада әлеуметтік институттар, ұйымдар, қауымдастықтар мен топтар, жеке индивидтердің жұмыс істеуі және дамуында көрінетін адамдардың тарихи өзгерістегі тіршілік әрекетінің формасын білдіретін табиғаттан бөлініп шыққан жүйелік құрылым

ретінде анықталады. Тар мағынада қоғам деп әлеуметтік жүйенің тарихи нақты типі немесе жеке әлеуметтік организм жиі түсініледі.

Процесс (лат. «processus» – ілгерілеу) – бір нәрсенің дамуы қалпындағы құбылыстардың кезегімен алмасуы; қандай да бір нәтижеге жету үшін әрекеттердің бірізді жиынтығы.

Гуманизм (лат. «humanus» – адамдық, адамгершілік) – адамды бірінші орынға қоятын және тұлғаны ең жоғары құндылық деп қарастыратын тұжырымдама, дүниетанымның принципі.

Дүниетаным – әлемге және адамның осы әлемдегі орнына көзқарастар жүйесі. Ол көбінде адамның осы әлемге, басқа адамдарға, өз өзіне қатынасын анықтайды және оның тұлғалық құрылымдарын қалыптастырады.

Геноцид (гр. «genos» – «тек», «тайпа» және лат. «caedo» – «өлтіру») – халықаралық құқық бойынша аса ауыр қылмыс; қандай да бір ұлттық, этникалық, нәсілдік немесе діни топтың өкілдерін түгелдей немесе жекелеп қасақана қырып-жою мағынасын білдіреді.

Теория (гр. «theoria» – «бақылау», «пайымдау», «зерттеу») – белгілі бір құбылыс немесе шындық саласының елеулі заңдылықтары, қасиеттері және байланыстары туралы тұтас түсінік беретін ғылыми білімді ұйымдастырудың жоғары формасы.

Мораль (лат. «moralis» – «әдет-ғұрып») – адамдар мен әлеуметтік бірлестіктер арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін қағида; адамның мінез-құлқын реттеу қызметтерін атқаратын әлеуметтік институт, яғни әлеуметтік сапалар жиынтығы.

Интернационализм (лат. «inter» – «арасында» және «natio» – «халық») – ұлттар арасындағы достық пен ынтымақтастықты уағыздайтын идеология.

Идеология (гр. «ideologia», «idea» – «ой», «пікір», «идея», «logos» – «сөз», «мағына», «ақыл», «ілім») таптың, әлеуметтік топтардың мүддесін білдіретін, қоғамдық сана, философиялық, моральдық, эстетикалық және діни көзқарастар мен теориялардың жиынтығы.

Идея (гр. «idea» – «түр», «образ», «тек», «сыртқы көрініс», «eidos» – «түр», «іс-әрекет амалы», «сапа», «идея», «пайымдау», «образ») – әртүрлі философиялық жүйелерде рухтың (кейінірек – білімнің) ең дамыған формаларын белгілеу үшін қолданылатын ұғым.

## **БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**

АҚШ – Америка Құрама Штаттары  
БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары  
БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы  
ГУЛАГ – Главное управление исправительно-трудовых лагерей  
ГФР – Германия Федеративтік Республикасы  
КОКП – Кеңес Одағы Коммунистік Партиясы  
ҚазКСР – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы  
КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы  
КГБ – Комитет государственной безопасности  
МҚК – Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті  
НКВД – Народный комиссариат внутренних дел  
ОГПУ – Объединенное государственное политическое управление  
ТОЗ – Товарищества по совместной обработке земли и косьбе  
ІІМ – Ішкі істер министрлігі  
DSM-III – Diagnostic and Statistical Manual of Mental Disorders

## Кіріспе

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Диссертацияда «мәдени жарақат» құбылысының мәдени-әлеуметтік, саяси философиялық негіздері талдана келе, осы үрдіске қатысты әлемдік ғылыми дискурс аясындағы тұжырымдамалар сараланды, осы орайда, әлемдік масштабтағы «Холокост» түсінігіне шолу жасалды. Қазақстандағы КСРО кезіндегі қайғылы оқиғалардың түзілімі жасақталды. Олардың тәуелсіздік алғаннан кейінгі қоғамдық санадағы «мәдени жарақаттар» ретінде көріністері мен өнердегі репрезентациялары философиялық тұрғыдан байыпталды.

**Тақырыптың өзектілігі.** Адамзат тарихының эволюциясы мен прогресі дәстүршілдік пен жаңашылдық, тарихилық пен логикалықтың, өткен мен болашаққа бой сермеудің бірлігі аясында өрбиді. Өткен тарих қай халықта болмасын, біріздізгілікті вектормен жүріп отырмайтындығы белгілі, яғни әрқилы шағын зардаптар мен тарихи тағдырдың мәдени-әлеуметтік іргелі қайғылы зобаландарынан (катастрофа) тыс бола алмайды. Осы қайғылар адамзаттық һәм оны бастан кешкен белгілі бір ұлттың тарихи жадында сақталып қалып, кейінгі ұрпақтарына тасымалданады және ол әрқилы деңгейдегі реванштар туғызуы мүмкін. Тарихтағы осындай реванштар соғыс арқылы (кек) немесе бейбіт түрде де шешімін тауып отырады. Ең бастысы – олар ұмытылмайтын тарих ретінде әлсін-әлсін қайта жаңғырып тұратын жағдаяттар ретінде кездеседі. Сондықтан ол – іргелі әлеуметтік үдеріс болғандықтан, қоғамдық-гуманитарлық пәндерде «мәдени жарақаттар» концептісі ретінде құрылымданған және бұл ахуал ғылыми дискурс аясында арнайы тұжырымдамалармен дәйектелген. Қарастырып отырған және әдіснамалық негіз ретінде бағамдалған осы құбылыс әлемдік деңгеймен қатар, Қазақстанда да толығырақ зерделенуге тиіс екені заңды құбылыс.

Қазіргі заманғы әлемде болып жатқан глокализация, ұлттық айдентикалану, деколонизация үрдістері белгілі бір халықтың, ұлттың, мемлекеттің өзіндік болмысын нығайтуға, оны қайтадан тануға, ұлттық мәдени құндылықтары мен тарихи дүниетанымын реконструкциялауға жетелеп отыр. Сондықтан да қазіргі таңда ұлт тарихының жетістіктері мен игілікті көріністері, прогрессив дамуымен қатар, әрқилы регрессив, құлдырауға ұшыраған оқиғалар тізбегі бар екенін де қайта таразылау – тарихи эволюциядағы «мәдени жарақаттар» құбылысын жете зерделеуді қажет етеді.

Сонымен қатар Қазақстан да тыс қала алмайтын әлемдік үдерістердің бірі – тарихты қайта жазу, тұтас тарихты қайта түсіндіруге бет бұрып, бұрынғы стереотиптік ойлау машығындағы еуропацентристік-логоцентристік парадигмаларынан арылып, оны қайта бағалау қажеттігі қашанда барлық идеологиядан азат болған сананы феноменологиялық тұрғыдан пайымдауды талап етеді. Ал шынайы тарих күллі оқиғаның негізгі онтологиялық мағынасының тарихнамасын интегратив ғылыми таным аясында қарастыруды мақсат етіп отыр. Қазіргі таңдағы сыни тарихты қолға алу, тарихи білімдерді цифрландыру, синергетикалық әдіснама тарихтың шынайылығын ашып көрсетуге ықпалдасатын әдіснамалық құралдар. Бұл тұста, ұлттық тарихтағы

«ақтаңдақтардың» назардан тыс қалуы мүмкін емес. Сондықтан да тарихты тұтас өткеніміздің онтологиялық бейнесі ретінде қарастыру платформасы аясында зерттеліп отырған мәселені айналып өту мүмкін емес екені белгілі жайт.

Еліміз ұстанып отырған стратегиялық даму бағдары «Әділетті Қазақстан» құру тек қана қазіргі заманғы саяси-әлеуметтік институттардың әділдігін орнатумен шектелмейді, тұтас тарихи әділеттілікті бағалаумен келіп ұштасады. Осы стратегиялық саяси мақсат, сәйкесінше, тарихи әділетсіздіктерді зерттеумен бірге, ұлтымыздың болашақ дамуында да тарихи әділеттілікті қайта қалпына келтіруді көздейді. Нақтырақ айтқанда, еліміздегі отаршылдық кезеңнің «әділетсіздігінің конституциясын» қайта құрылымдауды керек етеді. Сондықтан «Әділетті Қазақстандағы әділетті тарих» құру – еліміздің мәдени-рухани саладағы кемелденуінің белгілі бір парадигмаларындағы орнықтылығын айғақтай алады да, тарихтағы әділеттілік пен әділетсіздікті қайта бағамдау мәселесі сұранып тұрады. Сондықтан да зерделеніп отырған «мәдени жарақаттар» тарихтың әділетсіздігі мәселесіне келіп орайласады.

Қазіргі заманғы батыс әлемінен бастау алған психоаналитиканың тереңірек дамуына орай, институтталған өзіндік бір депрессиялар әлемінде адамның тұлғалық болмысын сауықтырудың терапияларының жиынтығы, сәйкесінше, адамның балалық шағындағы өзіндік психологиялық жарақаттарынан туындайтындығы туралы айтылады. Бұл – жеке адамға ғана емес, әлеуметтілік аясында белгілі бір халыққа, ұлтқа да қатысты философиялық тұрғыдан зерделеуді қажет ететін – мәдени-әлеуметтік, тарихи-саяси құбылыс. Ол тұтаса келе, ұлттың тарихи даму барысындағы өзіндік мәдени жарақаттарын ашып көрсетуді, оны ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеуді қажет етіп отыр. Ұлттық айдентикалану үрдісінде, осы жарақаттарды, алдымен, ашып көрсету және одан сауықтыру үрдістерінде де біз қарастырып отырған мәселенің өзектілігін аша түседі.

«Мәдени жарақаттарды» теориялық тұрғыдан зерделеудің және бір маңызды қыры – мемлекетіміз үшін тарихи тәжірибелерден сабақ алу, ұлттық патриотизмді нығайту, тарихи сананы қайта жаңғырту, Ұлттық өзіндік-Менді тану, көпвекторлы саясаттың конвенционалистік, ынтымақтастық бағдарларын айқындау, ақпараттық қоғамдағы этноэкологияны сақтау, жеделдетілген әлемдік прогресске бейімделу, ішкі және сыртқы саясаттағы кикілжіңдерді реттеу технологиясын заманауи тұрғыдан қайта бағалау ракурстарының тәжірибелік алаңына алып келеді.

Бұл қазіргі замандағы әлемде болып жатқан барлық үдерісті гуманистік тұрғыдан пайымдаудың этикалық мәселелерін туындата алады. Нақтырақ айтқанда, Қазақстандағы «мәдени жарақаттар» арқылы, белгілі бір қырынан алғанда, күллі әлемдік үдерістердегі кейбір мәдени жарақаттардың тарихы мен бүгінгісіне әрі жалғасуына баға бере аламыз және оны ашып көрсету қажеттігінде де теориялық бағдарлар ұсынылатындығы сөзсіз. Шындығында, қазіргі әлемдегі онтологиялық мағынаға ие болған, ізгілік, гуманизм, адамзаттың болуы мен болмауы мәселесінде де, алдымен, әлемдік деңгейдегі «мәдени жарақаттардан» туындап отырған әрқилы қайшылықтарды шешу

мүмкіндігін табу мәселесі біздіңше, ғаламдық мәселелер ретінде болашақта жолға қойылуға тиіс. Осы тұста да саралану үдерісіндегі мәселенің перспективті бағдарлары анық байқалады. Ол Қазақстан ғана емес, әлемдік тарих әділеттілігі мен әділетсіздігі мәселесіне келіп ойысады. «Өткенге орала беретін ой аясындағы» әлемдік прогресс идеясында да, тұтас адамзат тарихы осы – «мәдени жарақаттармен» көмкерілгендігі негізгі мағынаға ие болып отыр. Әйтсе де бұл үдеріс «мәдени жарақаттарды» ашып көрсету пессимизміне, саяси кикілжіңдерге, реванштарға бой ұрушылық нысанасы емес, болашаққа бой сермеу перспективасы үшін де қажетті шарттарды аша алады.

Сайып келгенде, ден қойылған осы мәселе – адамзаттың ғана емес, жалпы әлемдік эволюциядағы әділеттілік мәселесін толғай алатын онтологиялық мағына аясындағы дискурстарға жетелейді, осы тұста, зерттеу нысанасына айналған әлеуметтік философиялық мәселе, әлем құрылымындағы онтологиялық мағынаға ие бола алады.

Сондықтан әлемде адамзаттың тек рационалдылыққа ғана бағдарланбағандығы, адамның әуелгі, түпкі болмысында эмоционалдылықтың тағайындалғандығы туралы мәселені қайтадан еске түсіреді, осы себепті біз қарастырып отырған тақырып, оны философиялық тұрғыдан саралауға негіз бола алады.

**Жұмыстың зерттелу деңгейі.** «Мәдени жарақат» ұғымының онтологиялық мәнін айқындау мақсатында зерттеулер жүргізген бірқатар ғалымдардың ізденістері сараланды: А. Браточкин [4], О. Мороз және Е. Суверина [5], Л. Хинрихсен [6], Б.Ғ. Нұржанов [7], Е.О. Акишева және Н.И. Мартишина [8], О.И. Тарасова [9], А. Лефевр [10], Л.Г. Юсупова [11], И.А. Кондакова [12], Т.Г. Галушко [13], Ж.Н. Маслова [14], Т. Иглтон [15], А.М. Ержанова [16], З. Фрейд [17–19], Ф. Николаи және И. Кобылин [20], К. Карут [21], Дж.Ч. Александер, Р.Айерман, Б.Гизен, Н.Дж.Смелзер, П. Штómпка [22].

«Мәдени жарақат» пайда болуы мен оны зерттеудің әдіснамалық бағдарларын ұсынған: Ж.М. Әбділдин және М.С. Орынбеков [1], А.Х. Қасымжанов [2], Ж.Ж. Молдабеков [3], К. Карут [23–24], Д. ЛаКапра [25], Э.Эн Каплан [26], Р. Айерман [27–29], Дж.Ч. Александер [30–33], Ч. Мюллер [34], Н.Дж. Смелзер [35–36], П. Штómпка [37–39], С. Ушакин [40] т.б. ғалымдарды атап өтуімізге болады.

«Холокост» тарихи оқиғасын «мәдени жарақат» ретінде зерделеген ғалымдар оның Батыс мәдениетінде алатын орны мен өнердегі репрезентациясын талдады: Е.А. Войтенко [41], А. Ицхак [42], Ж.-Ф. Лиотар [43], Е. Рождественская [44], А. Ассман [45], О. Карасик және А. Струкова [46], А. Шпигельман [47], М. Зусак [48], Дж. Бойн [49] т.б.

«Желтоқсан – 1986» тарихи оқиғасын «мәдени жарақат» тұрғысынан қарастырып, оның қазақ халқының әлеуметтік өміріндегі «емделмеген жара» ретінде бағалануы, себептері мен қоғамдық санадағы көріністерін: Қ-М. Табеев [50], Х. Қожа-Ахмет [51], Ғ. Есім [52], Б. Аяғанов [53], С.Н. Ақатай [54], М.Қ. Қойгелдиев [55], Т. Жұртбай [56], Ә. Салықбаев [57], М. Ақдәулетұлы

[58], Т. Беркімбаев [59], Д. Досжан [60], М. Шаханов [61], Т. Ахметов [62], О. Бөкей [63] т.б. ғалымдар мен жазушылар талдаған болатын.

XX ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басы аралығында кеңес дәуіріндегі сталинизм мен оның зардаптарын: Г. Земель [64], А.Я. Гинзбург [65], Қ.С. Алдажұманов [66], С.М. Хан және В.С. Хан [67], М. Қозыбаев [68], Н. Омиртай [69], Т. Омарбеков [70], Ж.Б. Абылхожин [71], Т.С. Кульбаев [72], А.С. Зулкашева [73], М.К. Қойгелдиев [74], Г. Касымжанова [75], Ш. Мұртаза [76], Д. Белдеубайұлы [77] т.б. ғылыми және көркемдік таным тұрғысынан сараптады.

Сондай-ақ «Невада – Семей» халықаралық антиядролық қозғалысының атқарған қызметі, «Семей ядролық сынақ полигонының» қоршаған орта мен адам денсаулығына тигізген зардаптары туралы академиялық еңбектер жарыққа шықты, сонымен қатар, қазақ қоғамдық санасында антиядролық иммунитеттің мәнін ашу мақсатында жұмыста нормативтік құқықтық актілер, журналистік зерттеулер, сұхбаттар мен куәліктер зерделенді [190–222].

**Зерттеу жұмысының мақсаты.** XX ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасыр басындағы еліміздегі тарихи оқиғалар негізіндегі «мәдени жарақат» құбылысының заманауи әлеуметтік, саяси, психологиялық келбетін философиялық тұрғыдан талдау.

**Зерттеу жұмысының міндеттері:**

– «Мәдени жарақат» түсінігінің метафоралық көріністері мен оның әлеуметтік онтологиялық мағынасын түсіндіру және әлемдік ғылыми дискурс аясындағы негізгі тұжырымдамаларын сараптау;

– «Мәдени жарақат» түсінігін концепт ретінде ұсынып, оның логикалық-мағыналық құрылымын ашып көрсетіп, әлемдік деңгейдегі оқиғалар аясындағы жалпылама келбетін және оған қатысты тұжырымдамаларды саралау;

– «Холокост оқиғасының» тарихи трагедиялық жадының «мәдени жарақат» ретінде тағайындалуы мен әрқилы деңгейдегі өнер салаларындағы репрезентациялануы көріністерін философиялық тұрғыдан зерделеу;

– КСРО кезіндегі 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының тарихи жадтағы ұлттық қайғы ретіндегі көріністерін ашып көрсету үшін генезисі мен эволюциясын зерттеу және кейінгі қоғамдық санадағы сақталып қалған жарақаттарын дәйектеу;

– КСРО идеологиясы мен сталинизм кезеңіндегі қазақ халқының мәдени-әлеуметтік өміріндегі дисфункциялар мен құлдыраулардың тарихи айғақтық негіздемелерін сараптау арқылы, XX ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасыр басындағы қоғамдық санадағы «мәдени жарақаттық» зардаптарын айғақтау;

– «Невада-Семей» антиядролық қозғалысының пайда болуы мен атқарған қызметінің адамзат пен ұлт тарихы алдындағы маңызын саралай келе, олардың 1991 жылдан бастап, қазіргі кезге дейінгі өнердегі репрезентацияларын талдау.

**Зерттеу жұмысының объектісі.** Кеңес режимі дәуіріндегі Қазақстандағы «мәдени жарақат» тудырған трагедиялық оқиғалар.

**Зерттеу жұмысының пәні.** Қазақстанның Тәуелсіздік алғаннан бастап, қазіргі күнге дейінгі қоғамдық санадағы «мәдени жарақаттарының» көріністері.

**Зерттеу жұмысының әдіснамасы.** Тақырыпты зерттеу барысында феноменологиялық, құрылымдық-функционалдық, психоаналитикалық әдістер, постмодернистік тұрғылармен қатар, жалпылау, абстрактілеу мен нақтылау, салыстыру мен ұқсату және өзге де логикалық операциялар қолданылды.

Зерттеу проблемасының эмпирикалық базасы ретінде тарихи құжаттар, әртүрлі деңгейдегі нормативтік құқықтық актілер, журналистикалық зерттеулер, сұхбаттар, куәліктер, көркем өнер және кино туындыларына контент-талдау мен герменевтикалық талдау жүргізілді.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.**

– Отандық әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер аясында алғаш рет «мәдени жарақат» ұғымының онтологиялық мағынасы анықталды. «Метафора», «жарақат», «мәдениет» ұғымдарының мәні философиялық таным тұрғысынан қарастырылды. «Мәдени жарақат» метафорасы туралы ғылыми білімдердің құрылымдық жүйесі талданды;

– «Мәдени жарақат» – концепт ретінде қарастырылып, ғылыми танымдағы зерттелу бағдарлары мен тұжырымдамаларына, шетелдік және отандық ғалымдар мен өнер иелерінің идеяларына талдаулар жасалды, «мәдени жарақат» құбылысының философиялық мағынасы сараланды;

– «мәдени жарақат» туралы батыстық зерттеулердегі «Холокост» тарихи оқиғасына қатысты әлеуметтік-гуманитарлық білімдер кешенінің көркем өнер туындыларында репрезентациялануына талдау жасалды және олардың мағынасы философиялық тұрғыдан сарапталды;

– КСРО кезеңіндегі Желтоқсан оқиғасының мәдени-философиялық негіздерін зерделеу – «Желтоқсанның бағалануы» – «Желтоқсанның себептері» – «Желтоқсанның өнердегі репрезентациясы» түзілімі арқылы құрылымданды, оның қоғамдық санадағы әлеуметтік-психологиялық зардаптарының келбеті мен «Мәдени жарақат» ретінде емдеу жолдары ұсынылды;

– КСРО-ның сталинизм дәуіріндегі қазақ халқының бастан өткізген трагедияларының тарихи-әлеуметтік негіздері мен оның кейінгі қоғамдық санадағы «мәдени жарақат» ретіндегі көріністері және мәдени-әлеуметтік сауықтырудың әрқилы технологиялары көрсетілді;

– Семей ядролық полигонының қызметі мен жарылыстардың қайғылы оқиғаларына саяси-тарихи шолу жасалып, оның «мәдени жарақат» ретіндегі қазірге дейін сабақтасқан зардаптары сараланды, «Невада-Семей» қозғалысының ұлт, мемлекет, әлем алдындағы мақсаттарының жүзеге асырылуы мен жетістіктері зерделенді.

**Зерттеу жұмысының қорғауға ұсынылатын тұжырымдары.**

1. «Жарақат» ұғымы батыстық әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулерде, дәстүрлі және қазіргі қазақ дүниетанымында қалыптасқан түсінік ретінде, ділдегі көрініс ретінде қолданылатындықтан, әрқилы тұжырымдамалар мен идеялардың өзіндік жүйесі қалыптасқан. «Мәдени жарақат» жеке адамдық қобалжулардан бастап, әлеуметтік психологиялық құбылыс ретінде психология, әлеуметтану, саясаттану, философиялық зерттеулер аясында қарастырылуға тиіс. Сондықтан оның метафоралық келбеті саралап көрсетуді керек ететін концептуал түсінік ретінде құрылымдана алады. Бұл – тарихи эволюциядағы

іргелі қайғылы оқиғалардың кейіннен қоғамдық санада сақталып қалатын, сабақтасатын және ұзаққа созылатын, жадта репрезентациялана алатын келбетін ашып береді.

2. «Мәдени жарақат» тұжырымдамалары үдерістің өзін саяси-әлеуметтік, когнитив тұрғыдан талдауға мүмкіндіктер ашады және ұғымның логикалық-семантикалық мағынасы толық айқындалуға тиіс. Сондықтан «Мәдени жарақат» – батыстық әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулерде жаңа парадигмалық пәнге айналды: рефлексиялық және интроспекциялық интенционалдылық бойынша айғақтала алады. Ұсынылған тұжырымдамалардың мәдени-әлеуметтік өмірдегі универсалдығы – әлеуметтік өзгерістерді философиялық рефлексиялау барысында көрініс табады және эмпирикалық проблемаларды бағалауда алуан түрлі мүмкіндіктер ашады. «Мәдени жарақат» – ғылыми тұжырымдама ретінде құрылымдана алады және сауықтыруды, емдеуді қажетсінетін әлеуметтік үдеріс ретінде оның технологияларын философиялық тұрғыдан талдауды керек етеді.

3. XX ғасырдағы батыстық «мәдени жарақат» құбылысының бір көрінісі – «Холокост» тарихи қайғылы оқиғасы. Сондықтан Батыс қауымдастығында «Холокост» тарихи оқиғасын зерттеудің маңыздылығының бірнеше алғышарттары бар. Батыс қоғамында «Холокост» тарихи оқиғасы өнердің түрлі саласында және мәдениеттің түрлі өнімінде әлі күнге көрініс тауып, ол тарихи жадта сақталу мен өзінің қоғамдық санадағы зардаптарын жоюға қарай бет түзеп келеді. Оның тарихи-әлеуметтік жадтағы көріністерін постмодернистік тұрғыдан бағамдау негіздерінің философиялық мазмұны да маңызды және ол кейіннен де өнерде өткір репрезентацияланатын мазмұндарды қамтиды.

4. 1986 жылғы Қазақстандағы Желтоқсан оқиғасы туралы зерттеулердің жүйесі оны «мәдени жарақаттар» негізінде таныта алады және «тарихи факт» – «бағалануы» – «себептері» – «өнердегі репрезентациясы» бірізділігі арқылы құрылымданады. Желтоқсан оқиғасының қайғысы тәуелсіздік алған күннен бүгінге дейін (XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басы) ұлттық тарихи жадта сақталған құбылыс болумен қатар, оның жарақаттарын емдеу мен сауықтырудың әлеуметтік-психологиялық тетіктері орнықты, жүйелі түрде жасақталуға сұранып тұрғандай болады. Оқиғаның зардаптары мен қайғылы кейпінің және деңгейінің, кейіннен, ұлттық әдебиетте, кино өнерінде репрезентациялануы осы жарақаттардың айқын көрінісі.

5. КСРО кезеңіндегі сталинизм саясатының отаршылдық элементтері салдарының Қазақстан халқына тигізген ықпалы оның керітартпа саяси-идеологиялық келбетімен айшықталады: қазақ халқының ашаршылыққа ұшырауы, саяси қуғын-сүргін, күштеп немесе мәжбүрлі жер аудару саясаты, этногеноцид пен репрессиялар. Бұл үрдістердің шығу тегі Сталиннің тұлғалық болмысы мен жағымсыз мінез-құлық бейнелерінің саяси сахнадағы көріністері мен эксперименттік тәжірибелері екені анық болғандықтан, оның қазіргі заманғы тәуелсіздік алғаннан кейінгі мәдени жарақаттарды емдеу технологиясымен жалғасуы тиіс болғандықтан, бұл үрдісті тұтастай алғанда, мынадай түзілім бойынша зерттеу ұсынылды: «Сталин және сталинизм феноменін бағалаудың алғышарттары» – «Сталин болмысы» – «Сталинизм

феномені» – «Сталинизм дәуіріндегі қазақ халқының мәдениеті» – «Қазіргі қазақ мәдениетінің «сталинизм феноменін» емдеу шараларының» бірізділігі. Қазақ қоғамы посткеңестік мемлекет ретінде сталиндік дәуір салдарынан туындаған адамның ішкі дүниесіндегі қайғылы драманы әлі күнге дейін бастан өткізіп келеді.

6. КСРО кезіндегі «Невада – Семей» халықаралық антиядролық қозғалысы – «Семей ядролық сынақ полигоны» қызметінің салдарынан туындаған қоғамдық-саяси құбылыс. Қозғалыс негізгі мақсаттарына жетті: ядролық сынақ полигонын жабу, оның салдарынан зардап шеккен елді мекен тұрғындарына гуманитарлық көмек көрсету және құқықтық қамтамасыз ету және т.б. осы іспеттес қарекеттер. Алайда қазақ қоғамының санасында бұл «мәдени жарақаттар» ретінде сақталып қалғандықтан, қозғалыстың полигонды жапқан дүниежүзілік бейбітшілік сүйгіш қауымдастық аясындағы және ұлт тағдыры алдындағы қызметі мен жауапкершілігі әрқилы күрделі идеялық саяси кикілжіңдер мен пікір тартыстары арқылы шешімін тапты. Сондықтан бұл оқиға – адамзат пен мемлекетіміз тарихындағы зардаптарын барынша толыққанды жоюды қажет ететін ұлттық (жалпықазақстандық) қайғы ретінде бағаланады.

#### **Зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі және жариялануы.**

Диссертация жұмысының ғылыми нәтижелері ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда – 4 («Әл-Фараби» әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер журналы, «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы») [223-225]; Scopus базасына кіретін «Human Affairs: Postdisciplinary Humanities & Social Sciences Quarterly» (Словакия) журналында 1 мақала жарияланды [226].

**Зерттеу жұмысының талқылануы.** Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының 2024 жылдың 15 мамырдағы кеңейтілген мәжілісінде (№ 10 хаттама) талқыланып, қорғауға ұсынылды.

**Диссертация жұмысының құрылымы.** Диссертация жұмысы кіріспеден, екі тараудан, алты тармақшадан, қорытынды және пайдаланылған дереккөздер тізімінен тұрады.

# 1 ТАРАУ «МӘДЕНИ ЖАРАҚАТ» ФЕНОМЕНІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 «Мәдени жарақат» метафорасының логикалық-семантикалық құрылымы және онтологиялық мәні

XX ғасырдың аяғына таман «жарақат» ұғымы академиялық қауымдастықта пәнаралық мәнмәтінде талқылана бастады. Ұғымның мән-мағынасын зерттеу төңірегіне шоғырланған әлеуметтанушылар, мәдениеттанушылар, философтар, филологтар, психологтар, әдебиет сыншылары, тарихшылар жаңа гуманитарлық ғылыми бағыттың іргесін қалады. Нәтижесінде «жарақат» ұғымының анықтамасы пәнаралық аспектіде байытылып, жаңа мән-мағынаға ие болып, байыпталып шығады. [4]. Көптеген зерттеулер әдісін топшылайтын «trauma studies» пәнаралық зерттеу бағыты өзіндік логикалық мәнін ашуды талап ететін терминологиялық жаңылысуларға жол ашып берді [5]. Сонымен бірге қазіргі кезде мәдени, тарихи, саяси, экономикалық және әлеуметтік тәжірибелер түзілімінде «Жарақат дегеніміз не?» деген сұраққа жауап беретін салыстырмалы академиялық еңбектердің жарыққа шығуы өз кезегін күту үстінде [6].

«Мәдени жарақат» ұғымы мен метафорасын этимологиялық және ұғымдық тұрғыдан талдау, оның құрылымдық элементтерін дәйектеуге назар аударудың өзектілігін меңзейді. Ол үшін ең алдымен, «мәдениет» және «жарақат» ұғымдарының мәнін жеке-жеке талдау маңызды. Тек және түр ұғымдарын анықтау құрылымының заңдылықтары тұрғысынан «метафора» объект және құрылымы жағынан «мәдени жарақат» ұғымынан кең болып табылады, ал «мәдени жарақат» метафораның құрылымдық элементі болғандықтан оның бір түрі болып саналады.

Көптеген сөздіктерде «метафора» ұғымына қатысты мән-мазмұны ұқсас түрлі анықтамалар берілген. Мәселен:

– метафора («metaphora») – дәл қолдануға келмейтін сипаттамалық фразаны немесе терминді құбылысқа қолдану [110, 438 б.];

– метáфора (гр. «метáфорá» – «ауысу») – сөз не сөз тіркесінің тура мағынада емес, ауыспалы мағынада қолданылуының ең кең таралған формасы, бір ұғымды немесе көріністі өзге ұғымға немесе көрініске ұқсатуды аңғартатын риторикалық фигура, оған кейінгісінің маңызды белгілері мен сипаттамаларын ауыстыру, оны толығымен салыстыру немесе функционал интерпретацияның принципі (сызбасы) сапасында қолдану [111, 1292 б.].

Бекет Нұржанов [7], Жак Дерриданың тұжырымдамасын талдау арқылы қатаң және ғылыми – бейметафоралық тілдің утопия екенін, тілдің мәні – әуел бастан метафоралық сипатқа ие болатынын пайымдайды. Тіл өзінен метафораны, яғни өзінің бастауын өзінен қаншалықты өшіргеніне немесе сақтағанына байланысты жазылады, дамиды. Ғалым метафораны тілдің бастауын анықтайтын шекара деген қорытындыға келеді.

Философия дамуында метафора терминінің [8] функциясына қатысты бірнеше шартты көзқарас қалыптасқан. Олар келесі сипатта тізбектеледі:

Біріншіден, философиялық пайымдау қызметінде метафораның рөлі мен мәні толығымен терістеледі;

Екіншіден, философиялық мәтіндерді өндіру барысында метафораны және метафоралық тәсілдерді пайдалануға әртүрлі тыйымдар мен шектеулер қойылады;

Үшіншіден, онтологиялық құрылымдарды өңдеу үшін метафораны қолдану функциясы қажеттілік тұжырымдамасына орайластырылып жүзеге асырылуы керек;

Төртіншіден, метафораның тиімділігін рационалды пайымдаудың бастапқы кезеңінде ғана мойындау керек. Мұндай көзқарас тұрғысынан метафораның функциясы интерпретациялау немесе көзқарасты дәлелдеу формаларына жатқызылмайды, метафоралық пайымдаулар құбылыстарды түсіндіруде жаңашылдық пен теориялық зерттеулерге бағыттайтын көптеген себепке түрткі болады.

Философиялық қауымдастықта, метафораны [9] онто-гносеологиялық категория ретінде түсіндіретін көзқарас қалыптасқан. Метафораның онтологиялық негізі – адам мен әлемнің жаратылыстың басынан бір-бірімен үйлесімділігі, заттардың бір-бірімен байланысы, тұтастығымен анықталады. Метафора тұрғысынан болмыстың мәніне деген мұндай қатынас субъект пен объект арасындағы тепе-теңдікті, олардың бір-бірімен қарым-қатынасын және дүниедегі барлық заттардың біртұтас екенін сезінуден тұратынымен сипатталады. Метафораның қызметі – көркемөнердің қайнар бастауы арқылы әлемді таниды. Сондықтан да метафора – болмысты тану барысында үдеріс ретінде мән-мағына тудырушы және мән-мағына ұғынушы онто-гносеологиялық процедура. Мәселен, Анри Лефевр [10, 146-147 бб.] метафораның онтологиялық мәнін мазмұндайтын мынадай тұжырымдарды ұсынады:

Біріншіден, метафора – риторикалық фигура емес, метафора – қоғалыс, акт. Қоғалыс, акт тілдің-фигураның құрылымы неден тұратынын анықтайтын терең мәнді шығарғаннан, оның ықтимал мағыналарының өзін-өзі пайымдай алуымен ерекшеленеді;

Екіншіден, метафора – әрдайым ауыспалы, көшпелі, абстрактілі мағынада. Рәміздер метафора арқылы анықталады, фигуралар көпқырлы мағына сипатында пайымдалады;

Үшіншіден, метафора – өзіндік логикаға ие, метафора дискурсының логикалық формасынан ауыспалы дүниенің менталды және әлеуметтік архитектурасы пайда болады;

Төртіншіден, метафора – күрделі үдеріс ретінде алуантүрлі байланыстарды құрайды, сондықтан визуалды, абстрактілі және танылуы қиын кеңістіктің генезисін әрдайым саралайды және оларды өңдеп отырады.

Біздің пайымдауымызша, метафора тіл қабілеті мен тілдік коммуникация моделінің табиғатын, сипаттамасын түсіндіреді. Метафоралық құрылымдар кез келген әлеуметтік қауымдастықты ұйымдастыратын құрал ретінде коммуникациялық актілерді, мәнмәтіндердің тұтастығын қамтамасыз ететін қызмет атқарады. Метафора – таным формаларының қалыптасуына қажет

жалпылама механизм процедураларын мазмұндайды. Әлеуметтік және физикалық реалдылыққа антропологиялық сипат береді, субъект пен объект арасындағы айырмашылықты мүмкіндігінше қысқартады. Ғылым немесе философия парадигмаларының ауысуында маңызды қызмет атқарады, тіл билігінің қатаң ұғымдарынан шыға отырып, болмысты менталды феномен тұрғысынан танудың шарттарын ұсынады. Олай болса:

– метафора [11-12], – адамзат мәдениетіне, ойлау мәдениетіне тән феномен;

метафора [13] – аяқталған ойлау жүйесі немесе танымның үлгісі емес, ол фрактал сияқты үлгілі ойлау стиліне қарама-қайшы, кез келген үлгі нұсқаларына танымдық сипаты ашық. Метафораның фрактал сипаты оның когнитив құрылымы ретінде ойлаудың фракталдылығымен анықталады;

– метафора [112] – ойлаудың қажетті құралы, ғылыми ойлаудың формасы (Хосе Ортега-и-Гассет);

– метафора [14] – шығармашылық концептуалдануының ауқымды механизмін мазмұндайды, эстетикалық тәжірибені бекіту, құрылымдау, қайта құрылымдау және репрезентациялау іс-шараларында маңызды қызмет атқарады.

Сонымен, «мәдени жарақат» метафорасы екі ұғымнан тұрады – «мәдениет» және «жарақат». «Мәдениет» ұғымының мәніне қатысты концептілер алуантүрлі және бір арнадан шыға бермейді. Олардың негізін:

Біріншіден, «мәдениет» ұғымының тұтас зерттеулер парадигмасында қарастырылатын әмбебап анықтамасы жоқ [113];

Екіншіден, «мәдениет» – адам дүниетанымында орын алатын негізгі және ең күрделі ұғымдар қатарына жатады [15];

Үшіншіден, «мәдениетті» зерттеудің ғылыми салалары мен «мәдениет» ұғымына қатысты анықтамалар санының күн санап артуына байланысты қазіргі таңда оны мазмұндайтын әмбебап анықтама беру мүмкін емес [16]. Мұның көпқырлы мысалын, Тамара Галушко [15] мәдениетті метафора ретінде талдау арқылы анық көрсетеді.

«Жарақат» – «мәдени жарақат» пәнаралық зерттеу бағытының мәнін анықтайтын негізгі ұғым. Энциклопедиялық, шетел сөздері, анықтамалық, түсіндірме сөздіктерде «жарақат» ұғымына қатысты бір-бірімен мәндес анықтамалар берілген:

– «жарақат» («trauma» грек тілінен аударғанда – «жара», «дене зақымы»; «зақымдану» сөзінің синонимі) – сыртқы әсер нәтижесінде (мүше) тінінің тұтастығы мен қызметтерінің зақымдануы [114, 1219-1220 бб.];

– «жарақат» («trauma» грек тілінен аударғанда – «жара», «зақым болу», «зақымдану») – 1) сыртқы әсерден мүшенің, тіннің зақымдануы; 2) талықсу, жүйкенің күйзелісі [115, 674 б.];

– «жарақат» («trauma» грек тілінен аударғанда – «жара») – сыртқы әсерден (ең алдымен механикалық, термиялық) туындаған адам немесе жануар ағзасы тіндерінің тұтастығы мен қызметтерінің зақымдалуы. Психикалық жарақат – психикалық зақымдануы – психогенетиканы туындататын қуатты эмоционал әсер ету [116];

– «жарақат» – сыртқы себептер ықпалымен болған физикалық немесе қуатты эмоционалды күйзелістің салдарынан болған зақымдалу [117];

– «жарақат» – сыртқы әсер нәтижесінде дене мүшесінің, тіннің зақымдалуы. Жарақат алу, келтіру. Өндірістік жарақат (техникалық қауіпсіздікті бұзу салдарынан алынған жарақат) [118, 3-5 бб.];

– «жарақат» – «контузия», «коммоция», «күйзеліс», «зақымдалу» [119].

Сөздіктерде берілген анықтамалардан шығатын қорытынды, «жарақат» ұғымы – физикалық, психикалық, механикалық, химиялық, термиялық т.б. зақымдалу факторларының түрлерімен; жіті жедел жарақат, созылмалы жарақат сияқты зақымдалу факторларының ықпал ету мерзімімен; тұрмыстық, өндірістік, спорт т.б. зақымдалу жағдайларымен ерекшеленеді.

Қазақ тілінде «жара» сөзі ауыспалы мағынада «күйік», «шер», «қайғы» мағыналарын білдіреді. Абай тілі сөздігінде «жара», келесі сөз тіркестері ретінде кездеседі: «Бітпес жара – орны толмас қайғы, шер». «Ескі жара – өткен реніш, көңілдегі қаяу». «Жаны жаралы – қайғылы, күйікті». «Жара басу – қайғы жеңу, шер тарту». «Жара түсу – қайғы басу, күйік түсу» [120].

«Зақым», «залал» сөздерінің мағынасы да «жара» сөзінің синонимдері болып табылады («зақым» мен «залал» жараның пайда болуының себептері болуы мүмкін). «Зақым» – «кесір», «залал», ауыспалы мағынада «зиян», «зардап»; «кесір», «залал» мағыналарын білдіреді. «Зақым болды» – «жаралы болды», «жарақаттанды». «Зақымға ұшырады» – «жарақаттанды», «жараланды». «Зақым етті» – «жаралады», «зақымдады». Зақым келтірді – «жарақаттады», «мертіктірді», «жаралады». «Зақым келтіру» – жеке адамға қарсы қылмыс түрі, адамның денсаулығына зиян келтіру. Зақым қылды (жасады) – «жаралады», «жарақаттады», «зиян қылды». «Зақым тартты (шекті)» – «жарақаттанды», «зиян тартты», «залал шекті». «Зақым істеді» – «зиян келтірді», «залал жасады» [121]. «Зақыммет» – 1) «азап», «бейнет», «зәбір-жала», «әуре»; 2) «жаралы», «зақымды» [122].

Қорыта айтқанда, «жарақат» ұғымына қатысты аталған сөздер мен сөз тіркестері қазақ әдебиетінде біршама деңгейде қолданылғанымен, әлеуметтік-гуманитарлық ғылыми зерттеулердің әдіснамалық аспектілерінде зерттеу объектісі ретінде қарастырылмаған.

«Жарақат»/«мәдени жарақат» туралы ғылыми зерттеулер батыстық академиялық қауымдастық іргесін қалаған ғылыми бағыт болып табылады. Лиза Хинричсен «жарақат» ұғымы әдепкіде физикалық дене зақымы, инвазив мағынаға ие болғанымен, қазіргі заманғы ғылымда физикалық қана емес, менталды мағынаға ие болып, жеке тұлғамен қатар ұжымдық үдерістерді де аңғарта бастағанын пайымдайды. «Джудит Херман (1992) атап өткендей, жарақат «кезеңдік амнезияны» бастан кешірді, себебі «субъекті тудыратын қайшылықтардың күштілігі сондай – ол дүркін-дүркін анафемаға айналады»; Херманның аңғарғанындай, ол қандай да бір қитұрқы әлеуметтік және саяси қозғалыстармен бірге қоғамдық санаға әлсін-әлсін киіп-жарып, өз орнын тауып жатады» [6]. Ғалымның пікірінше, «жарақат» ұғымы батыстық модернизм дәуірінің қол жеткізген жемісі болып табылады. Ал оның шығу тарихы медициналық ойлаудың төрт негізгі бағытынан бастау алатыны айтылады:

«ағылшын-америкалық сот медицинасы, француздың истерия (hysteria) зерттеулері, немістің әлеуметтік медицинасы және қазіргі заманғы соғыс психиатриясы (Лернер мен Микале). Жарақат жайлы модерндік түсінік 1860 жылдары теміржол апаттарынан зардап шеккен жандардың эмоциялық есеңгіреуден кейінгі (aftershocks) жарақат белгілерін (соматикалық симптомдарды, қайталанушы жүріс-тұрыстарды) атап көрсеткен британ дәрігері Джон Эричсеннің еңбектерінен бастау алады; кейінірек Берлин неврологы Пол Оппенхейм осы психикалық күйге «жарақаттық невроз» деген атау берді (Лейс). Жарақат жайлы ертеректегі зерттеулер Шарко мен Жаненің, кейінірек Брейер мен Фрейдтің «Истерия туралы зерттеулер» (1895) еңбегінде қаузалған» [6].

Зигмунд Фрейд пен Йозеф Брейердің «Истерия туралы зерттеулер» [17] атты еңбектерінде жарақат неврозында аурудың себебі физикалық жарақаттан емес, қорқыныш, «психикалық жарақаттан» келіп шығатыны және психикалық жарақат көп жағдайда истерия симптомдарының пайда болуына түрткі болатыны айтылады. Сондықтан, кез келген қорқыныш, ұят және жан ауруын қалыптастыратын оқиғалар зақымдалушының қабылдауына және болған оқиғаның мағынасына байланысты зақымдаушы ықпал етеді. Әдеттегі истерия барысында бір ауқымды жарақаттың орнына бір-бірімен байланыса отырып ықпал ететін зақымдаушы оқиғалар тобын құрайтын бірнеше парциал жарақат анықталып жатады және олар қайғы-қасірет тарихының үзінділерін қалыптастырып жатады. Психикалық жарақат немесе оны еске салатын жад адам санасында әрекет етуші фактор ретінде бөгде дене сияқты ұзақ уақыт ықпалын жүргізеді.

Сонымен қатар, Зигмунд Фрейд пен Йозеф Брейер истериялық симптомдар мен оларды бастайтын аффектілер адамның жадысы арқылы қайта қалпына келтіріліп, егжей-тегжейлі сипатталғаннан соң адам санасынан біржолата жоғалғалатынын анықтайды. Ал аффекіден айрылған естелік ешқашан адамның санасына өайта ықпал етпейді. Басқаша айтқанда патогенді есептелетін естеліктер ассоциациясы әртүрлі әдіс-тәсілдермен ығыстырылмайтынша, адамның санасында әдепкі күйі мен аффект күшін сақтайды. Истерия барысында жинақталған жарақат жиынтығы таза соматикалық симптомдарға айналады және истерияның мұндай ерекшелігі психикалық ауру ретінде мойындалады.

Лиза Хинричсен [6] «Қанағаттану принципінің арғы жағында» [18] және «Мұса және монотеизм» [19] атты Зигмунд Фрейдтің еңбектерін талдай отырып, екінші еңбектің мазмұны әдіснамалық тұрғыда жаңа тәсілдің бастамасын ұсынатынын пайымдайды. Себебі бұл зерттеу еңбегінде Зигмунд Фрейд «жарақат» түсінігінің бастауларын жеке тұлғаның емес, ұжымдық феномен ретінде дамытады.

Атап айтқанда, «Мұса және монотеизм» [19], Зигмунд Фрейд зерттеулерінің ішіндегі бейортодоксалды сипатта жазылған және қарама-қайшылыққа толы туынды. Мұндай көзқарасты зерттеушілер Аустрияны нацистердің оккупациялау салдарынан психоаналитиктің Англияға мәжбүрлі эмиграцияға кетуімен байланыстырады. Ал кітап авторы, Мұса болмысына

катысты зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында ішкі күмән мен сырттай кедергілердің болғанын жазады. Біріншіден, католик шіркеуінің қорғауында болған Зигмунд Фрейд қамқоршысынан айрылып қалудан және Аустрияда психоанализ бағытының шәкірттері мен жақтаушыларының қызметіне тыйым салыну мүмкіндігінен қорқады, екіншіден, Германияның Аустрияға басып кіруімен католицизм рухани демеу қызметінен айырылады, ендігі психоаналитик дүниетанымымен қатар ұлттық ерекшелігі үшін қудалану мүмкін екенінен үрейленіп, Венаны тастап, достарының көмегімен қашып шығады.

Зигмунд Фрейдтің пайымдауынша, кездейсоқ жағдайда орын алған қорқынышты теміржол апатына ұшыраған адам, денесіне ешбір залал түсірместен оқиға орынын аман-есен тастап шығады. Алайда алдағы біршама уақыт аралығында талықсудың немесе сары уайымның себебінен оның бойында бірқатар психикалық және моторлық симптом өрбиді. Бұл «жарақатты невроз» құбылысының жасырын сыры ашылмаған және жаңадан пайда болған фактісі. Ал кездейсоқ болған апат пен симптомдардың алғашқы көрініс тапқан аралығы «инкубациялық кезең» деп аталады. Психоанализ гипотезасы – «жарақатты невроз» бен «яхудилік монотеизм» тарихи жадының іргелі өзгешеліктеріне қарамастан олардың арасында ұқсастықтың бар екеніне назарын аударады. Екеуінің ұқсастығын түсіндіру қызметін талап ететін «латенттілік» сипаттамасымен байланыстырады және проблеманың шешу жолдарын нақты психологиялық жағдайлардан іздейді. Ал яһудилік монотеизм жадысының тарихи уақыт аясында қалыптасуы топтық психология үдерісіне жатады.

Қорыта айтқанда, Зигмунд Фрейд невроз дамуының бірізділігін түсіндіре келе оның кестесін былайша ұсынады: ерте жарақат – қорғаныш – латенттілік – невроз ауруларының пайда болуы – невроз ауруларын ішінара қайтару. Бұл бірізділік арқылы адамзат тарихы мен индивид өмірінде жүзеге асатын алуантүрлі оқиғалардың бір-бірімен ұқсас келетінін болжауға болады. Мұның аналогиясын, басқаша айтқанда индивидуалды психологиядан топтық психологияға көшуді аустриялық ғалым невроз үдерістері мен діни оқиғалардың арасынан анықтайды.

АҚШ-та жарақатты зерттеу бағыты [20] XX ғасырдың 70-ші жылдары Вьетнамдағы соғыс пен «вьетнам синдромы» ұғымымен байланысты біржақты академиялық дискурстан пәнаралық зерттеу алаңына ауысты. Бірқатар психоаналитиктер мен психотерапевттер Вьетнам соғысы ардагерлерінің соғыс тәжірибелерінің артикуляциялық ерекшеліктері мен мемлекеттің формальды тұстарын, яғни Президент Ричард Никсон мен республикашылдардың әлеуметтік-саяси бағытын сынау қозғалысын тану үшін оларға қолдау көрсетті. Мұның нәтижесінде, аясына «поствьетнам синдромы» термині енетін жаңа психиатриялық классификация – DSM-III (Diagnostic and Statistical Manual of Mental Disorders) өңделіп шығарылады. Сонымен қатар, аталған бағыттағы ғалымдар өздерінің прагматикалық және теориялық тұжырымдарын жүзеге асыру мақсатында стресс теориясы, Холокост зерттеушілері, отбасындағы зорлық-зомбылықты феминистік тұрғыдан сынау және «queer studies»

бағытының белсенді жақтаушылары сияқты реформаторшыл академиялық қауымдастықтармен ынтымақтасады. Мұндай ынтымақтастықтың синтезінен жарақат симптомдарының ауқымды өрісін сипаттайтын және 1978 жылы академиялық тұрғыда қабылданған «постжарақат күйзелісті бұзылуы» ұғымы жарыққа шығады. Біршама уақыт өткеннен кейін, яғни 1980 жылы «постжарақат күйзелісті бұзылуы» ұғымы DSM-III-тің (Diagnostic and Statistical Manual of Mental Disorders) кейінгі нұсқасының құрамына енеді. Әйткенмен, аталған кезең ғалымдары «жарақат зерттеулері» дискурсын Вьетнам соғысы үшін саяси және этикалық жауапкершілікті арқалау, Вьетнам соғысы ардагерлері жадысының трансформациясына медианың ықпалы, психиатрия саласында институционалды реформалардың қажеттілігі сияқты күрделі әрі кешенді проблемалардың бөлігі ретінде санады. Сонымен қатар, XX ғасырдың жетпісінші жылдары басталған «жарақат» және «жад» тұжырымдамаларының идеялық сипаттары бір-біріне қарама-қарсы тұруының әлеуметтік-саяси астарлары басым еді. Дегенмен, америкалық «жарақатты зерттеу» ғылыми бағыты әдепкі формасында дамымай, тұйықталып қалмады, арнайы зерттеу жұмыстарын талап ететін эволюциялық даму сатыларынан өтті.

Лиза Хинричсеннің [6] жазуынша, 1980 жылдардан бастап АҚШ-тың психиатриялық ассоциациясы «Жарақаттан кейінгі стресс бұзылушылығын ресми түрде мойындайды». Ал «жарақат зерттеулері» пәнаралық гуманитарлық бағыт ретінде 1990 жылдардың басында академиялық тұрғыдан айқындала бастайды.

1990 жылдары батыстық академиялық ортада Кэти Каруттың еңбектері жарақат феноменін зерттеудің дәстүрлі тәсілдерін радикалды түрде өзгертті. Ғалымның зерттеулерінде жарақат тұжырымдама ретінде гуманитарлық ғылымдардың талдау объектісіне айналады. Кэти Карутты [21] жарақат тұжырымдамасы патология ғана емес, ақиқатты пайымдаудың тәсілі немесе талпынысы ретінде қызықтырады. Жарақатты образдар мен қайталаулар шындықты бұрмалаудан туындамайды, олар болған оқиғаның шектен тыс көрінісінен келіп шығатын салдар болып табылады. Сондықтан әлеуметтік тәжірибе мен «жарақат» ұғымының негізінде мынадай күрделі әрі күн тәртібінде тұрған сауалдар жатыр: жарақат психологиялықтан өзге ақиқаттың қандай түрін жеткізгісі келеді? жарақатты тарихтың қандай куәгері назарға алынады, дәлірек айтқанда тарихты пайымдаудың басқа формаларына қарағанда оның ұсынған нұсқасы несімен ерекшеленеді? Бұл Кэти Карут жауап іздеген жарақат тұжырымдамасының іргелі сұрақтары еді.

«Жарақат зерттеулеріне» қатысты батыстық Еуропа ғалымдарының көзқарастары өзіндік құндылықтарымен ерекшеленді. Петр Штомпка, Рон Айерман, Бернард Гизен, Нил Смелзер секілді ғалымдармен бірге «мәдени жарақат» [22] жобасын өңдеп шыққан Джеффри Александер – «мәдени жарақат» – психологиялық емес, әлеуметтік теория [123] деп пайымдайды. Рон Айерман [124] «мәдени жарақатты» индивидуалды және ұжымдық идеяларды құрайтын тұжырымдама іспетінде ілгерілетеді. Басқаша айтқанда, жарақаттың жеке, ұжымдық және мәдени ұғымдарын анықтап беруге талпыныстар жасайды. Петр Штомпка [125], жарақат жаңа парадигмасының гуманитарлық

және әлеуметтік ғылым салаларына біртіндеп ену үрдісін пайымдайды. Ал «мәдени жарақат» тұжырымдамасын қолданудың бірден-бір саласын әлеуметтанушы маңызды әлеуметтік өзгерістер нәтижесінде жағымсыз, дисфункционалды салдарларды зерттеу екенін ұсынады.

Батыстық зерттеулерде жарақат феноменін пәнаралық сипатта ұғыну, аталған тұжырымдаманың өзіндік өлшемдері мен бірқатар білімдер жиынтығын сипаттауға мүмкіндік береді [44]. Мәселен:

Біріншіден, жарақат – субъект тарапынан өткен тарихтың терең қатпарларында қандай оқиға болғанын когнитив тұрғыдан өңдейтін және уақыттық-кеңістіктік өлшемдер заңдылығына бағынбайтын тәжірибе;

Екіншіден, жарақат – толық танылмайды, алайда «естелік», «қорқыныш» және осы сияқты «басқалай қайталанатын құбылыстар» формасында адам мен қоғамдық санаға қайта оралады;

Үшіншіден, репрезентация тарихи феномен белгілерін немесе фактілерін қайта баяндай отырып оларды әрқашан әралуан формада өңдеп шығарады. Жарақат ұғымы аталған белгілер мен фактілерді еске түсіру, ұмыту немесе мойындау сияқты әлеуметтік кеңістік формасында қолданбайды, қайталау және қайта қарастыру сапасында жүзеге асырады. Осылайша тыйым салынған естеліктер мысалында әлеуметтік-тарихи жарақаттар феномен ретінде адамның әмбебап тәжірибесінде қайта өзгерістерге түсіп, қайта өңделіп шығарылады.

XX ғасырдың аяғында мәдени жарақат феноменін зерттеуші ресейлік әдебиеттанушы ғалымдар жарақат ұғымын метафора ретінде қолданады және антропологиялық тәжірибені талдау мақсатында әдіс сапасында пайдаланады. Негізінен антропологиялық тәжірибенің объектісі мен пәні, стратегиялық миссиясы мен мақсаты кеңестік өткен шақ пен орыс мәдениетін тұтынушы посткеңестік қазіргі шаққа бағытталған [126]. Жарақат феноменін концептуалдандыру үдерісінде ресейлік ғалымдар ұсынған тәсілдер мен әдіснамалық негіздер жарақатты зерттеудің батыстық әдіснамасынан мазмұны тұрғысынан өзгешеленбейді. Алайда жарақат зерттеулерінің объектісіне алынған әлеуметтік-тарихи кеңістік өзінің жергілікті өзгешелігімен құндылығы арта түседі.

Ресейлік ғалымдар өңдеп шыққан «жарақатты шок» [127] ғылыми бағытында қол жеткізген тәжірибелік-әдіснамалық негіздерін саралаудың ғылыми маңызы құнды. XX ғасырдың бірінші жартысында қалыптасқан «жарақатты шок» мәселесі әлі күнге ғылыми өміршендігін жалғастырып келеді. Алайда аталған бағытта жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері көбіне жеке адамның физикалық жарақатын емдеуге қатысты (медицина саласында) және онда қолданбалы сипатқа негізгі басымдық берілген. Мәселен, «жарақатты шок» проблемасын медициналық-тактикалық тұрғыдан болжау тұжырымдамасын жасау, жарақат аурулары туралы қызмет құру, шокпен сүйемелденетін қосарлас және көп реттік жарақаттар барысында қазіргі медициналық көмек көрсету жүйесін ұйымдастыруды құрайды.

М.Г. Шрайбер, Е.И. Вольперт, Н.В. Уханова [128] «жарақатты шок» ұғымын ағзада ауыр жарақаттың ықпалына қарсы дамитын патологиялық фазалық үдеріс деп анықтайды. Шок барысында екі фаза анықталады: 1)

«жарақатты шоктың» эректил фазасы ми қыртысында, әсіресе мидың қыртыс орталықтарында қозу үдерістерінің басым түсуінен туындайды және ағзаның өмірлік маңызды функциясының күрт өсуінен көрінеді; 2) торпид фазасы орталық жүйке жүйесінде терең тежелумен түсіндіріледі, бұл ағзаның өмірлік белсенділігінің төмендеуінде көрініс табады. Ғалымдардың жазуынша, шок – жарақаттың ауырлығына және дененің реактивтілігіне тәуелді динамикалық үдеріс. Эректил фазаның симптомологиясы сананы сақтау кезінде қозғалыс пен сөйлеу қызметінің қозуымен анықталады. Науқастар ауруға қатты шағымданады, жарақаттың қаншалықты екенін бағалай алмайды. Көп ұзамай жарақатты шок эректил фазадан торпидті фазаға көшеді. Ал торпид фазасының симптомологиясы зақымданған ағза жүйесінің көптеген қызметінің зақымдалуымен сипатталады. Жалпы күйі ауырлайды, психика тежеледі, пульс әлсірейді, тыныс алу төмендейді. Сонымен қатар шоктың торпид фазасының клиникалық көрінісі тұрақты болмайды.

Өзгерістер сипаттамасы шок барысында пайда болатын зақымдалудың компенсациялануына, тұрақталуына немесе декомпенсациялануына байланысты. Ағзаның қор күштерін жеткілікті түрде жұмылдыру және тиісті емдеу тәсілдерімен шоктың өршуін тоқтату салдарынан кейін ғана ол тұрақтанады. Ағзаның өзі немесе емдеудің әсерінен әдеттен тыс жағдайларды жеңіп шықса, шоктың кері қарай өрбуі пайда болып, компенсацияланады. Ал ағзаның қорғаныс күштерінің төмендеуі салдарынан шок құбылысы өршіп, декомпенсация үдерісі жүреді.

Сонымен «жарақатты шокты» емдеудің мынадай жалпы ережесі ұсынылады [128]:

- 1) жарақатты шок терапиясы шоктың фазасы мен деңгейі, жарақаттың сипаттамасы, ағзаның индивидуалды ерекшелігі, қоршаған ортаның жағдайларына байланысты патогенетикалық және дифференциалды болуы керек;

- 2) патогенез жағдайының күрделілігі және патологиялық үдеріске ағза жүйесінің бөлшектері мен мүшелерінің тартылуына байланысты кешенді тәсілдерді пайдалану керек;

- 3) шок терапиясы салдармен ғана күреспейді, шок терапиясы алдын алу, яғни профилактикалық шаралардан тұруы керек;

- 4) шок профилактикасы мен емдеу шаралары ерте, бірізділікке келтірілген және кешенді сипатта болуы керек;

- 5) жарақаттан зардап шеккендерге көмек көрсетудің кезеңдік принципі арнайы орындарда жүзеге асырылуға тиіс;

- 6) компенсация, тұрақтандыру немесе декомпенсация үдерістерін ескере отырып, емдеу кешенін таңдау шоктың фазасы мен деңгейіне байланысты жүзеге асырылуы керек;

- 7) жарақатты шоктың деңгейі мен ауырлығы үнемі бағалау процедуралары арқылы сипатталуы керек;

- 8) шок терапиясы зақымдалған ағзаның индивидуалды ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылуы керек;

9) жарақатты шоктың қайта өршу қаупіне және торпид фазасының созылу барысына байланысты шокқа қарсы іс-шараларды жүзеге асыру мен бақылау жұмыстары ұзақ мерзімді болуы керек.

Марк Рожинский [129], «жарақатты шок» диагноз немесе патологиялық үдерістің тәмамдалған анықтамасы мағынасында қабылданбауы керек, «жарақатты шок» – дабыл белгісі, шұғыл емдеу шараларын жүргізу ісіне үндеу екенін жеткізеді. Себебі «жарақатты шок» ең алдымен барлық дене мүшелерінің, жүйенің және үдерістің қызметін ұйымсыздандырумен ерекшеленеді.

Түйіп айтқанда, «жарақатты шокты» емдеудің жалпы ережесін гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдарда «жарақат» зерттеулерінің әдіснамалық негіздерін дәйектеу қызметінде қолданудың маңызы зор. Әсіресе «жарақатты шок» ұсынған жеке адам зақымдалуының алдын алу және емдеу шараларының механизмін ұжымдық жарақат үдерістеріне бейімдеу дербес ғылыми тұжырымдаманы өңдеуді талап етеді.

Қазақ әдебиетінде көрініс тапқан «жарақат» феноменінің мотивтері мен идеялық көріністерін пәнаралық тұрғыда зерттеу әралуан нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндіктер ашады. Мәселен, Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя» [130] повестінде адамның өнер жолында тапқан өмірлік тауқыметіне, физикалық зақым алуына қарамастан адамның өнер үшін өлімге де бас тігетінін көркем тілмен жеткізеді. Ал батырдың «Ермұхан Бекмаханов» [131] әңгімесінде XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ халқының тарихы жөніндегі зерттеу жұмыстары үшін тоталитарлық жүйенің құрбанына айналған, жала жабылып қапасқа қамалған тарихшы Ермұхан Бекмахановтың жеке басын қорғау арқылы тұтас қазақ халқының тарихын қорғап қалғысы келген ниетін аңғарамыз. Сайын Мұратбеков «Жабайы алма» [132] повестінде тылда қалған ауылға Екінші дүниежүзілік соғыстың салған ауыртпашылығын, аштық-жалаңаштық, жетімдік-жесірлік, сау адамның кемтар күйге түскенін көрсету арқылы оның балғын балалыққа жара салғанын, балалар мінезінің күтімсіз өскен жабайы алмадай ащы болуын суреттейді. Мұхтар Мағауин «Бір атаның балалары» [133] повестінде ұлдары Екінші дүниежүзілік соғыс майданында қаза тапқан ата-ананың жан жарақатын жетім қалған балаларды бауырына басу арқылы жазғанын көрсетеді. Шерхан Мұртазаның «Жүз жылдық жара» [134] әңгімесі де Екінші дүниежүзілік соғысының зардабы дәстүрлі қазақ дүниетанымында киелі саналатын Байшынар ағашына балта жүзінің салынуы арқылы мазмұндалады. Байшынардың балта шапқан жарасы мен тылда қалған халықтың психологиялық көңіл-күйі бір-бірімен ассоциацияланып, көркем тілмен сипатталады. Белгілі зерттеуші Максат Тәж-Мұрат [135] «Кәбиса жыл» зерттеуінде қуғын-сүргінге ұшыраған зиялы қауымның артында қалған ұрпақтарының «күйік қаққан» ауыр тағдырын бір отбасының шежіресі арқылы жан-жақты талдау арқылы көрсетіп береді. Автор «күйік қаққан» ұғымын адамның құсаға бой алдыруынан болатын ауытқу екенін пайымдайды.

Сонымен, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар кешенінде қазақтың қазіргі тарихы мен әлеуметтік кеңістігінде «мәдени жарақат» немесе «жарақат»

феномендерін танымдық тұрғыда қарастырмас бұрын оның теориялық және әдіснамалық аспектілерін анықтап алу маңызды болып табылады.

Қорыта айтқанда, «мәдени жарақат» метафорасы мән-мазмұны жағынан келесі білімдер жиынтығын құрайтыны анықталды [223]:

Біріншіден, қазіргі гуманитарлық және әлеуметтік зерттеулерде «жарақат» ұғымының мәні біржақты сипатта тұжырымдалмайды, көбіне менталды мағынаны білдіреді;

Екіншіден, «жарақат» психикалық патология диагнозын ғана аңғартпайды, пәнаралық тұрғыда әлеуметтік кеңістіктегі ақиқатты пайымдаудың тәсілі немесе талпынысы болып табылады;

Үшіншіден, «жарақат» – индивидуалды және ұжымдық әлеуметтік идеяларды құрайтын тұжырымдама; әлеуметтік өзгерістер нәтижесінде қалыптасатын жағымсыз және дисфункционалды салдарларды зерттейтін тұжырымдама.

Келесі тармақшада «мәдени жарақат» пәнаралық зерттеу бағытының теориялық негіздері, қалыптасу тарихы мен оның әлеуметтік-философиялық ерекшеліктері зерделенеді.

## **1.2 «Мәдени жарақат» концептісі және оның адамзаттың тарихи тәжірибесіндегі жалпылама бейнесі**

Мәдени жарақат тұжырымдамасын талдау бірқатар прагматикалық әлеуетке қол жеткізуге мүмкіндіктер береді:

– батыс гуманитарлық және әлеуметтік зерттеулерінде «мәдени жарақат» мәселесі жаңа парадигмалық пәнге айналды [23-30];

– «мәдени жарақат» тұжырымдамасын интеллектуалдық тұрғыда талқыға салудың мәні – мәдениеттің өзіндік рефлексиясын сипаттаумен маңызды;

– мәдени жарақат тұжырымдамасының әмбебаптығы – әлеуметтік құбылысты философиялық рефлексиялау қызметінде көрініс табады және эмпирикалық проблемаларға қатысты жаңаша көзқарастар қалыптастыруға мүмкіндіктер ашады [33-34];

– пәнаралық тұрғыдан «жарақат» медициналық және психиатриялық емдеу объектісі ретінде қарастырылады. Кейінгі әлеуметтік зерттеулер жарақатты әлеуметтік талдаудың пәні негізінде перспективаларын анықтады [40];

– «жарақат» пәнаралық және мәдениетаралық мәселе. Жарақатты зерттеу әдебиет, философия, өнер және мәдениет проблемаларын рефлексиялауда қолданылатын тәсілімен ерекшеленеді [136-137];

– мәдени жарақат локал қауымдастықтардың жүріс-тұрыс динамикасын жаңадан зерттеуге, өткен күннің сабақтарын рәміздік құрылымдау механизмдерін ұғынуға және оларды игерудің тәсілдерін анықтауға мүмкіндіктер ашады [138];

– ғылыми тұжырымдама ретінде «мәдени жарақат» әлемнің батыстық емес қоғамдық құрылыстары мен әлеуметтік кеңістігін зерттеу барысында пайдаланыла алады [30].

«Мәдени жарақат» тұжырымдамасына қатысты батыстық зерттеу жұмыстары жеткілікті деңгейде қалыптасқан. Соның ішінде, бұл тармақшада Нил Смелзер, Петр Штомпка және Джеффри Александер [22] іргесін қалаған «мәдени жарақат» тұжырымдамасының теориялық және әдіснамалық негіздеріне талдау жасалады.

Нил Смелзердің мәдени жарақат тұжырымдамасы туралы көзқарастары ғалымның «Psychological Trauma and Cultural Trauma» [35] және «September 11, 2001, as Cultural Trauma» [36] атты зерттеулерінде көрініс тапты.

Нил Смелзер, мәдени жарақат тұжырымдамасының мақсатын психологиялық жарақат пен мәдени жарақат феномендерінің арақатынасы туралы гипотезаны анықтауға талпыныстар жасайды. Гипотезаның негіздері бірнеше нәтижелермен дәйектеледі:

- психологиялық жарақаттың барлық аспектілері өзекті болып табылмайды, сондықтан мәдени жарақат идеясын талдау жұмыстары барысында оның теориялық және эмпирикалық факторлары басты назарға алынады;

- жарақат және стресс ұғымдарының мәні академиялық кеңістікте әлі күнге орнықпады, сондықтан аталған ұғымдардың логикалық анықтамалары мен эмпирикалық дәлелдемелерінен гөрі жекелеген аспектілеріне мән беріліп келеді;

- жарақат туралы теориялар мен зерттеулерді мәдениет деңгейінде ұғыну үшін оны психологиялық зерттеулер (психологиялық редукционизм) алаңында қарастырудың жеткіліксіз екені дәйектеледі;

- жарақат ұғымының мәні ымыраластырушы үдеріс, жарақат ішіндегі аффектінің, таным мен жадтың қызметі, жарақаттан қорғану, еңсеру және онымен жұмыс сияқты мәселелер туралы санқырлы мазмұнды ұғынуға мүмкіндіктер ашады;

- Нил Смелзер ізденістерін қорытындылай келе жарақатты әлеуметтік және саяси үдеріс ретінде дәлелдеуге талпыныстар жасайды, және де жарақат тұжырымдамасының ғылыми эволюциясы мен шығу тарихын талдайды [35, 31-32 бб.].

Жарақат идеясын тұжырымдау классикалық психонализ мәтіндерін талдаудан бастау алатыны белгілі. Классикалық психонализ тұжырымдамасында қарастырылатын психикалық жарақат пен оның истериямен байланысы мәдени жарақаттың әралуан салдарын талқылауда толымды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндіктер ашады. Зигмунд Фрейдтің ойлау мәдениетінде истерия моделін өңдеуі белгілі бір себеп, оның өрбу барысы, нәтижесі мен емдеу жолдарын қамтиды. Нил Смелзер психонализ моделінің бірізділігін оқиға, жад, аффект және когнитивті үдеріс ретінде құрылымдау арқылы мәдени жарақат тұжырымдамасын жетілдіріп шығады. Зигмунд Фрейдтің танымында жарақат өзін-өзі анықтамайды, еніп кеткен мәнмәтіннің қозғаушы күші ретінде қарастырылады, сондықтан жарақат идеясының мәні жүйелі үдерістің бөлшегі іспеттес қабылдануы керек.

Әйткенмен, кез келген тарихи оқиға немесе жағдай мәдени жарақат тұжырымдамасының талаптары мен мәніне сәйкес келе бермейді. Мәдени

жарақаттың белгілерін білдіретін оқиғалар мен жағдайлар ауданы өзіндік ауқымдылығымен ерекшеленеді. Мәселен:

Біріншіден, мәдени жарақаттың теориялық негіздері қоғамның тарихи оқиғадан немесе жағдайдан жарақат алуынан бастау алатын әлеуметтік-мәдени мәнмәтініне байланысты құрылымдалады;

Екіншіден, кез келген оқиғаның мәдени жарақат тұрғысынан бағалануы үшін ол бірнеше нәтижелерге қол жеткізуі керек: а) әлеуметтік кеңістікте болған оқиғаны есте сақтау немесе есте сақтайтындай шешімдер қабылдау; ә) қоғам жадының (құндылықтары, дүниетанымы) мәдени өзектілігі, қасиеттілігі жойылып бара жатқандай көріністе қабылдануы; б) оқиғалар туралы естеліктер жағымсыз аффектімен, ұят және кінәрат секілді сезімдермен байланыста өрбітілуі керек;

Үшіншіден, тарихи оқиға немес ахуал қоғам тарихының белгілі бір кезеңінде жарақат ретінде мойындалады, алайда ол қоғам тарихының белгілі бір кезеңінде жарақат ретінде мойындалмауы да мүмкін [35, 36-37 бб.].

Түйіндеп айтқанда, мәдени жарақат өздігінен пайда болмайды, тарихи тұрғыдан туындайды.

Мәдени жарақат психологиялық жарақат ретінде мәнмәтінге тәуелді. Әлеуметтік жүйе қоғамның әлеуметтік қатынастарын ұйымдастырады. Әлеуметтік жүйенің құрылымы әлеуметтік рөлдер мен институттарды мазмұндайды. Ұйымдастырылған әлеуметтік өмір құрылымын бұзатын кикілжіңдер мен апаттар әлеуметтік жарақатты туындатады. Нил Смелзердің тұжырымдамасында, мәдениет жүйенің құрылымы сияқты бір-бірімен байланысқан элементтер жиынтығы. Мәдениет құндылықтар, нормалар, дүниетанымдар, идеологиялар, көзқарастар, білімдер мен эмпирикалық пайымдаулар ретінде қарастырылу мүмкіндігіне ие. Олай болса, мәдени жарақатқа – мәдениеттің бір немесе бірнеше компонентіне, тіпті кейде тұтас мәдениетке нұқсан келтіретін, оны тұншықтыратын агрессивті және барлығын тұтасымен қамтитын оқиғалар жатады. Қорыта айтқанда, жарақаттаушы тарихи оқиғалар әлеуметтік, мәдени жарақат мазмұнында топшыланады.

Қоғамның белгілі бір деңгейде жауапкершілікті мойнына алғысы келген тарихи жады ұлттық жарақатқа айналған сәттен бастап жарақат мәртебесін белсенді түрде қолдайды және оны жүзеге асырады. Психологиялық жарақат механизмі қорғаныш, бейімделу, стресс жағдайларын игеруге бағытталған психикалық үдерістер мен жүріс-тұрыстар және психикалық жарақаттың себебін мойындаудың ішкі психикалық динамикасы болып табылады. Мәдени жарақат механизмінің мәні әлеуметтік агенттер мен бір-бірімен бәсекелес әлеуметтік топтардың жарақатты меншіктеп алуымен анықталады. Ғалымның бұл көзқарасы мәдени жарақат пен психологиялық жарақат арасындағы айырмашылықты ашып көрсетеді.

Психоанализ тұжырымдамасында жарақатты игеру үдерісінің жағымсыз аффектілері белсенді элементтер болып саналады. Зигмунд Фрейд тұжырымдамасында белсенді элементтер эмоционалды реакция ретінде дабыл ұғымымен анықталады. Дабыл – ағзадағы қабылдау мен бейімделу арасында сұхбат қызметін атқаратын ішкі тілді аңғартады. Нил Смелзер мұндай

аффектілер біржақты жағымды немесе жағымсыз сипатта жүзеге аспайтынын жеткізеді. Өз кезегінде аффектілер адамдар арасында сұхбаттасудың тиімді тәсілін құрайтын әмбебап тіл мен шартты көріністерді құрайды. Аффектінің тілі әмбебап тәжірибенің өнімі болғандықтан өзге тілдерге ешбір қиындықсыз тасымалданады. Сынақтан өткен аффектілер кез келген оқиға мен жағдайды мағыналау арқылы өзіне жинақтайды және олардың барлығын тұтасымен қамтиды.

Мәдени жарақат үдерісінде аффект ұғымы маңызды қызмет атқарады. Ең алдымен аффект адамдардың қоғамдағы мәдениетке төндіретін қауіпті рәміздейді. Өз кезегінде «мәдени жарақат» – қоғамның қадір-қасиетіне қауіп төндірудің белгілерін ұсынады. Қауіптің пайда болуы мәдени жарақаттың негізгі атрибуттары болып табылады. Ал аффектінің тілі мәдениет пен психология кеңістігі арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етеді. Сондықтан аффект психологиялық, психо-мәдени салаларда белгілі бір мағынаны мазмұндайды.

Психологиялық жарақат – тұлға құрылымының ажырамас бөлшегі болып табылады. Белгілі бір уақыт аралығында адамның санасына енген жарақат өз бетінше ешқайда шығып кетпейді. Нил Смелзер бұл заңдылықты қатынасты сипатта қарастырады. Жарақаттың санадағы өміршендігін оның ауырлығы, жарақат алушының қауқарсыздығы мен жарақаттаушы оқиғаның қабылдануына байланысты анықталатынын дәйектеп береді. Түптеп келгенде ұжымдық жарақаттың әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі салдары ешбір өзгеріссіз күйде қалады. Жарақаттың жазылмастығы туралы мәселенің мығым бекіп алуына байланысты оны біржола емдеу шараларын ұсыну қиынның қиыны болып табылады. Дегенмен Нил Смелзер мәдени жарақаттың түбегейлі жазылмайтыны туралы мәселені шешу мақсатында онымен үздіксіз күрес жүргізу моделін ұсынады.

Психологиялық жарақаттың санадан өшпейтіндігі мәселесі адамның психикалық энергиясын талап етеді және оның құрамдас бір бөлігіне айналады. Дегенмен, адамның жарақатқа қарсы қорғаныш қарекеті немесе бейімделу моделі жарақат туралы естеліктерді реактивтендіретін және диссоциациялық симптомдарды өрбітетін оқиғаларды терістейді. Нил Смелзер мұндай реакцияны психика жүйесінен жарақаттаушы естеліктерді өшіріп тастаудың талпынысы ретінде қарастырады. Ығыстыру реакциясының әлеуметтік кеңістіктегі баламасы ұжымдық терістеуді немесе ұмытуды аңғартады. Әйткенмен, ұжымдағы индивидтердің барлығы бірдей жарақатты тарихи оқиғаны терістей алмайды. Тарихи оқиғаның немесе ахуалдың ұжымның жадында сақталуы үшін индивидтерді біріктіретін белгілі бір әлеуметтік топ құрылады.

Индивидтерден құрылған әлеуметтік топты қоздыратын ұжымдық жарақат қажеттігіне орай оның бірегейлік негізімен де байланыста өрбиді. Мәдени рәміздер өз кезегінде атаулар мен категорияларды мазмұндайды, категориялардың әлеуметтік-психологиялық рәміздері психологиялық бірегейліктің әртүрлі мәнге, артикуляция мен өңдеуге қабілетті сезімдерін туындатады.

Барлық ұжымдық жарақат белгілі бір ұлттың бірегейлігімен байланысты болып табылады. Дегенмен, кейбір жағдайларда жарақат қоғамның бірлік сезімін күшейтсе, кейбір сәтте қоғамның өміріне үзік-үзік ықпалын тигізіп отырады. Қорытып айтқанда, «мәдени жарақат» дегеніміз әлеуметтік топ құрамындағы индивидтер қабылдайтын және оларды жария түрде мойындайтын а) жағымсыз аффектілерге толы, ә) мәңгі ұмытылмастай сипатта ұсынылатын, б) қоғам өмірінің бір немесе бірнеше іргелі мәдени алғышарттарында қауіп ретінде бағаланатын оқиғаны немесе жағдайды қоздыратын естеліктер [35, 43-44 бб.].

Тарихи оқиғалардың немесе ахуалдардың жария түрде мәдени жарақат ретінде идентификациялануы қоғам талқысына түскен сезімдерге қозғау салады. Бұл сезімдердің маңызды екенін мойындаған индивидтер біртұтас әлеуметтік топты құрап, жарақатты емдеуге бағытталған күрес жүргізеді. Жарақатқа қарсы тойтарыс беру – қорғаныш категориясын әзірлеу керек екендігі туралы мәселені қояды. Нил Смелзер мұндай сәтте, адам психологиялық жарақаттың тәжірибесімен қактығысқа түсетінін жеткізеді. Жарақат туындатқан реактивтілік қорғаныш пен оны игеру ұғымдарының мәніне назар аудару, арнайы тәсілдерді ұсыну сияқты бірқатар шараларды әзірлеу керектігін аңғартады [35, 44-45 бб.]:

Бірінші, қауіп төндіруші фактордың басып кіруіне тойтарыс беру (терістеу);

Екінші, қауіп төндіруші фактордың деңгейін бәсеңдету (жағымсыз сезімді жағымды сезімге айналдыру);

Үшінші, қауіп төндіруші факторына қорғаныш сезімін қалыптастыру (проекциялау);

Төртінші, қауіп төндіруші фактордың ассоциациялану қызметіне жол бермеу (тұлғасыздандыру) керек.

Әлеуметтік кеңістікте мәңгі мағынаны білдіретін тарихи оқиғалар қоғамның жарақат алмаған агенттерін де шарпиды және жарақатты игерудің кешенді алғышарттарын құрайды. Қызықтысы, мұндай сипаттағы тарихи оқиғалардың қуатымен қоғамның жарақат алмаған әлеуметтік топ агенттері жарақат туындатқан реакцияны игеруге талпыныстар жасайды. Нил Смелзер – жарақатты игеруге тырысатын индивидуалды талпыныстардың жиынтығын бұқаралық феномен ретінде анықтайды. Дегенмен, ол бұқаралық қырағылықтың барлығын бірдей ұжымдық қорғаныш тұрғысында айқындаудың қисынсыз екенін атайды. Сондықтан, тарихи оқиғалар мен ахуалдарды «мәдени жарақат» тұжырымдамасының талаптарына жатқызу үшін «ұжымдық жадпен жұмыс» жүргізудің компоненттерін анықтап алу ұсынылады:

– жарақатты терістеу немесе игеру – әлеуметтік кеңістіктегі қауымдастықтың күллі топ мүшелерін қамтитын реакция ретінде жүзеге асырылуы керек;

– жарақатты игеруге арналған іс-шаралардың барлығы саяси көшбасшылардың тарапынан атқарылмайды, «мәдени жарақат» – ұжымның тарапынан атқарылатын оңды тарихи мағынаны іздеу, ұзақ уақыт шеңберінде жүзеге асырылатын келіссөздер мен талас-тартыстар үдерісі болып табылады;

– жарақат туралы ұжымның реакциясын анықтау әлеуметтік топтар арасында қиян-кескі дау-дамайдың тақырыбына айналады және ол ұзаққа созылады;

– дау-дамайды тарихи оқиғаны немесе ахуалды жадта сақтаудың және оның қандай аффективті мағынаны анықтайтынын әртүрлі тәсілдер тұрғысынан шартты түрде күрес деп қарастыруға болады;

– жарақатты қоғамдық жадта оңды мағынада сақтауға арналған қатынасты талас-тартыстар ұрпақтар сабақтастығы мәселесінде жүзеге асырылады және өзіндік шешімін табады [35, 48-50 бб.].

Нил Смелзердің пайымдауынша, психологиялық тұрғыда терістеу, жалтару немесе игеру секілді «мәдени қуғын-сүргін» механизмі қызмет етеді. Механизм – жарақаттаушы элементтердің енуі салдарынан туындайтын кінә тағу мен жауапкершілікті ығыстырып шығару және оларды проекциялау әрекеттерін білдіреді. Себебі әлеуметтік кеңістіктегі кездейсоқ жағдайлар, апаттар, күйзелістер, қоғамдық ұят пен бақылау қызметінің бұзылуы барысында қоғамдық пікірдің назарына ең алдымен ілінетін реакция кінә тағу мен жауапкершілік мәселесі болып табылады. Әлеуметтік топты құрайтын индивидтер мәдени жарақатты анықтап, қабылдағаннан кейін жарақатты игеруге арналған механизмін іске қосады. Себебі индивидтердің бұдан өзге амалы қалмайды.

Психологиялық жарақат екі принциптен тұрады. Біріншісі, жарақат туындатқан салдарлардан қашу, ұмыту, естен шығару. Екіншісі, жарақат салдарынан туындаған жараның тақсиретін қайта бастан өткеру, талқылау, әсірелеу. Нил Смелзердің пайымдауынша, әлеуметтік-мәдени кеңістікте екіжақты принциптің аналогиясы өте көп. Екіжақты принцип жад пен жарақатты мәңгілік ету үдерісінде пайда болады. Сондықтан мұнда құбылмалылық әрдайым басшылыққа алынып отырады. Әлеуметтік-мәдени кеңістікте құбылмалылықтың көрініс табуы ұрпақтар сабақтастығы барысында жарақатты оқиғаның мәнін қайта тануға және бағалауға арналған жаңа аспектілерді қозғайтын мәжбүрлі және үздіксіз зерттеулер жүргізуге себеп болады. Бұл – «мәдени ойындар», «мәдени қарбаластар» және «мәдени соғыстар» сипатында жүзеге асырылады. Мәдени жарақат мәселесі құбылмалылық тұрғыда әлеуметтік кеңістікте ешқашан шешімін таппайды және ешқайда жоғалып кетпейді. Мәдениеттің уақыт өте келе оқиғалар мен құбылыстарды қайталайтын, оларды қайта жаңғыртатын қызметі естеліктердің алуантүрлі жиынтығын туындатады және оларды жандандыра түсуге тырысады. Әлеуметтік кеңістікте үздіксіз өрбітіліп, аймағы кеңейтіліп тұратын естеліктер жиынтығы жарақатты игеру, келіссөздер жүргізу және жанжалға қатысу секілді құндылықтар кешенін қалыптастырады. Қорыта айтқанда, құбылмалылық сипатында қызмет атқаратын мәдени жарақат – саяси ауытқушылық пен екіұштылық принциптерін басшылыққа алады.

Осылайша, Нил Смелзер мәдени жарақат тұжырымдамасын психологиялық жарақаттың тарихы, оның теориялық, әдіснамалық, идеологиялық негіздері арқылы бекіту мақсатын ұстанады. Жарақат құбылысының саяси тұрғыда трансформациялануын ғылыми зерттеу пәніне

айналдырудың маңызды екенін дәйектеп береді. Сонымен қатар, жарақат құбылысының принциптері ғылыми таным саласымен шектеліп қалмайды, жарақат принциптері қоғамның экономика, саясат және мораль секілді қатынастарында көрініс тауып жатады.

Мәдени жарақат тұжырымдамасының іргесін қалаған ғалымдардың бірі Петр Штомпканың негізгі көзқарастары оның «The Trauma of Social Change. A Case of Postcommunist Societies» [37] және тағы басқа зерттеу еңбектерінде көрініс тапты.

Петр Штомпка [38], батыстық дүниетанымда әлеуметтік өзгерістер біршама уақыт шеңберінде прогреске даңғыл жол ашқан жағымды құндылық ретінде дәріптелгенін зерттеу пәнінің негізіне айналдырады. Дегенмен, XX ғасыр батыстық қоғам үшін «өзгерістер ғасыры» деген бағасын алуымен қатар жағымсыз сезімдер мен қорытындыларды қалыптастырды. Әлеуметтік теорияларда қалыптасқан тарихи өзгерістердің тұжырымдалуын талдау үш жетекші парадигмалар түрін анықтап берді.

Біріншіден, XIX ғасырда жаңашылдықты өндіруді және оны таратуды басшылыққа алған прогресс парадигмасы үстемдік құрды;

Екіншіден, XX ғасырдың ортасында прогресс идеясы құлдырады. Әлеуметтік қатынастарда дағдарыс парадигмасының ықпалы артқаны анықталды;

Үшіншіден, XX ғасырдың соңында медициналық және психиатриялық білімдер шеңберінен шығып кететін «жарақат» ұғымы қалыптаса бастады.

Осылайша, жарақат парадигмасы біртіндеп-біртіндеп гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар кешеніне енді. Мәдени жарақат тұжырымдамасы – айтулы әлеуметтік өзгерістер салдарының нәтижесінде қалыптасқан қарама-қайшы және дисфункционалды симптомдарды таным елегінен өткізе бастады. Дегенмен, бұл мәдени жарақат тұжырымдамасын ғылыми таным құралы ретінде қолданудың бір ғана аспектісін айғақтады.

Алайда, Петр Штомпка қоғам болмысының мәнін анықтау мақсатында «өзгеріс» ұғымын әлеуметтік өмірдің институционалды салаларына ене алатын әмбебап фактор ретінде анықтайды. Себебі, қоғам өзгерістер, қозғалыстар мен трансформациялар, әрекеттер мен өзара әрекеттер, құрылулар мен күйреулер, қалыптасу барысындағы ғұмыр кешетін тіршілік иесі іспетті. Қоғам – әрдайым өзгерісте [37, 155 б.].

Мәдени жарақат тұжырымдамасының прагматикалық негізі – әлеуметтік өзгерістер мәнін қарастырумен анықталады. Бұл гипотезаны Петр Штомпка әлеуметтік өзгерістердің постэволюционизм және постпрогрессивизм теориялары арқылы дәйектеп шығады. Сонымен қатар, әлеуметтік өзгерістер үдеріс ретінде рәміз, интерпретация, қабылдау және түсіндіру секілді мәдениеттің әлеуметтік қорларында жүзеге асырылады. Әлеуметтік өзгерістер формаларын келесілер құрайды:

Біріншіден, ең алдымен әлеуметтік өзгерістің белсенді және қозғалтқыш қуаты болып табылатын әлеуметтік топқа назар аударылады;

Екіншіден, құрылымдық және мәдениет ресурстарының белгілі бір қорына қол жеткізген әлеуметтік топтың құрылымдық және мәдени қысымы мойындала бастайды;

Үшіншіден, болашақта әлеуметтік өзгерістерді өндіру мүмкіндіктерін қалыптастыратын әлеуметтік топтың қазіргі күйінің детерминациясына назар аудару;

Төртіншіден, әлеуметтік топтың белсенділік әлеуетінде сіңіп кеткен әлеуметтік өзгерістердің жағымсыз ықпалын қарастыру, тежегіш және бейпрогрессивті өзгерістердің мүмкіндіктерін мойындау;

Бесіншіден, қоғамдық қатынастарға сіңген әлеуметтік өзгерістер әлеуметтік топтың түрлі деңгейлерде түрлі сегменттерін қозғайтынын және мұндай дифференциалды ықпал ету әлеуметтік қауымдастықтардың мәдени ресурстары мен институционалды қабілеттері секілді құрылымдық жағдайына байланысты екенін бақылау;

Алтыншыдан, әлеуметтік өзгерістер – әлеуметтік топтың күйі мен келешекте қабілетсіз жағдайда қалуына қолтаңбасын қалдыратын жылдам және радикалды трансформациялаудың әртүрлі кезеңдеріне ие;

Жетіншіден, әлеуметтік өзгерістер – жылдамдығы, ырғағы мен қарқыны тұрғысынан қоғамдық қатынастардың әртүрлі саласында бір мезетте және деңгейде жүзеге аспайды, тіпті әлеуметтік институттары инертті қоғамда өзгерістер қарқыны баяу жүреді [38].

Әлеуметтік өзгерістер теориясында мәдениет өзгерістердің негізі және объектісі ретінде екіжақты мағынада қолданылады. Мәдениеттің екіжақты сипаты бір уақытта өзгерістер тәсілі мен оның өнімдері туралы айтылуы керек негіз. Екіжақты әдіснама тұрғысында әлеуметтік өзгерістерді тану болған өзгерістер салдарының әлеуметтік топқа ұзақ уақыт ықпал ету үдерісін зерттеудің маңызды екенін анықтайды. Себебі әлеуметтік топтың уақыт өте трансформациялану әлеуеті екіжақты ықпал ету қызметіне мейлінше тәуелді. АВтап айтқанда, Петр Штомпка өзгерістер ішіндегі жылдам, радикалды және кенеттен туындайтын әлеуметтік өзгерістер құрылымын зерттеудің маңызды екеніне тоқталады. Себебі, мұндай әлеуметтік өзгерістердің қоғамдық қатынастарға тигізер ықпалы аса терең және уақыт мерзімі тұрғысынан ұзақ. Өз кезегінде бұл өзінің жағымсыз салдарымен мәдениеттің тінін қозғайтын маңызды тұжырымдаманы анықтауға жол ашады.

Петр Штомпканың мәдениет тінін қозғау идеясы қоғамдық қатынастарға жағымсыз ықпал ету үдерістерін зерттеуден басталады. Бұл мәнмәтін тұрғысында жарақат – әлеуметтік топтың патологиясы. Патология – шығармашылық мәнмәтінде өзін-өзі трансформациялайтын ұжымның күрделі және жасанды түрі. Патология – құрылымдық және мәдениеттің әртүрлі жағдайларында көрініс тауып, өткен шақтағы әлеуметтік өзгерістердің жағымсыз формаларын туындатады. Мұнда жарақат – әлеуметтік топтың келер шақта әлеуметтік трансформациялану қабілетіне бағытталған реакция ретінде туындатады. Сондықтан, Петр Штомпка жарақат реакцияларын туындататын динамикалық тұрғыда дамушы үдерістің («жарақатты бірізділік») алты фазасын ұсынады:

Бірінші, құрылымдық және мәдениеттің өткен шағы – қоғамдық қатынастарда жарақаттың пайда болуына жағдай жасайтын негіздер. Мұның мәні – мәдениеттің құндылықтар, нанымдар мен қоғам нормалары секілді компоненттерін қамтитын және кенеттен пайда болатын қақтығыстар, қарама-қайшылықтармен анықталады;

Екінші, жарақат етуші оқиғалар немесе жағдайлар – нақты әлеуметтік өзгеріспен байланысты дағдарысты жағдайлармен анықталады. Жарақат етуші оқиғалар мен жағдайлардың төрт белгісі бар: 1) уақыты; 2) мазмұны мен қарқындылығы; 3) өзіндік қайнар бастаулары; 4) ойлау мәнмәтінінде қабылдануы.

Бұл белгілер мазмұнынан табылатын жарақат етуші оқиғалар мен жағдайларды қалыптастыруға әлеуетті әлеуметтік өзгерістер қатарын – революциялар, мемлекеттік төңкерістер, көшеде орын алған алуантүрлі жанжалдар, нарықтың күйреуі, қор биржасының дағдарысы, радикалды экономикалық реформа, шетелдік оккупация, отарлау, мәжбүрлі миграция немесе жер аудару, жаппай қырып-жою, терроризм және зорлық-зомбылық акциялары, діни реформация, жаңа діни ағымның пайда болуы, белгілі бір мемлекет президентінің өлтірілуі, жоғары лауазымды тұлғаның қызметінен кетуі, жемқорлықтың алдын алу шаралары, үкіметте орын алған алуантүрлі жанжалдар, құпия мұрағат қорын ашу және тарих туралы шындық жария ету, ерлік пен батырлыққа толы ұлттық тарихи оқиғаларға қайта тексеру жұмыстарын жүргізу, белгілі бір империяның күйреуі, белгілі бір ұлттың соғыста жеңілуі және т.б. құрайды.

Үшінші, мұраға қалған мәдениет қорының ресурстары көмегімен жарақатты оқиғаны анықтаудың, түсіндірудің, пайымдаудың немесе талдаудың тәсілдері жатады. Жарақат – өзге әлеуметтік күйлердің мәні сияқты объектив және субъектив мағыналарды аңғартады. Жарақат – феномен ретінде өркен жаяды, ұжымның назарына ілікпейінше және оған анықтама берілмейінше қызметін жүзеге асырмайды.

Төртінші, жарақат етуші симптомдар әлеуметтік кеңістікте қалыптасқан дағдылар кешенін бұзады. Біріншіден, белгілі бір дағдылар кешеніне ұйымдасқан әлеуметтік топтар мен жарақат етуші оқиғаны туындатқан ахуал арасында қашықтық алшақтаған сайын жарақат етуші оқиғаның ықпалы артады. Екіншіден, жарақат етуші оқиғаның қоғамдық қатынастардың дағдылары болып табылатын ұжымдық тәртіп, іргелі құндылықтар жүйесін қозғаған сайын оның ықпалы мейлінше сезіліп отырады.

Сонымен, жарақат етуші оқиғалар қоғам өмірінің үш саласына ықпал етіп, жарақат симптомдарының үш түрін қалыптастырады: 1) жарақат – ұжымның биологиялық аспектісінде және оның дағдарысты жағдайында қалыптасады; 2) жарақат – ұжымның әлеуметтік құрылымдарына ықпал етеді. Ұжымды әлеуметтік қатынастары, әлеуметтік жүйелері мен иерархияларында қалыптасқан дағдыларынан айырады; 3) әлеуметтік кеңістікте жарақат етуші оқиғалардың салдары пайда болады және өз кезегінде жарақат ұжымның мәдениет қорларының қалыптасуына жағдай жасайды.

Бесінші, жарақат үдерісінен кейінгі бейімделу. Мәдени жарақатты туындатушы жағдайлардың мәні мен этнологиясы төрт түрлі оқиғалармен анықталады: 1) мәдени жарақат – мәдениет қоры мен дағдыларына айтулы оқиғалардың соққы беру сәтінде туындайды және мәдени жарақат ұжымның қалыптасқан құндылықтар жүйесімен мәмілеге келмейді; 2) мәдени жарақат – жаңа қалыптасқан мәдениет гегемониясы аясында немесе әлеуметтенген мәдениеттің өзге мәдениет дағдыларымен киліккен тұсында туындайды; 3) мәдени жарақат – жаңа өмір салты мен дәстүрлі өмір салтының қақтығысы салдарынан туындайды; 4) мәдени жарақат – мәдениет пен қарекет немесе мәдениет пен оқиғалар арасындағы шекараны анықтамайды, мәдени жарақат – мәдениеттің аясында пайда болады.

Мәдениет аясындағы мәдени жарақат бастауларының бірнеше түрі бар: 1) жарақат – мәдениет сегменттерінің әртүрлі уақыт шеңберінде өрбуі салдарынан туындайды; 2) жарақат – әлеуметтенген құндылықтар мен жаңа құндылықтар арасында орын алған қайшылық салдарынан туындайды; 3) жарақат – мәдениеттің әлеуметтенген көзқарастарын жаңаша интерпретациялауды талап ететін айғақтар мен дәлелдердің жарыққа шығу шағында туындайды; 4) жарақат – тарихтың маңызды оқиғаларын игеру, тексеру, түсіндіру барысында туындайды [38].

Алтыншы, жарақатты игеру – оның соңғы фазасы немесе жарақат қалыптасуындағы бірізділіктің жаңа кезеңі болып табылады. Ерекшелігі сонда, жарақат туралы қоғамның барлық әлеуметтік топтары бірдей қабылдай және пайымдай алмайды. Мысалы, жарақат туралы мәнді және мәнсіз қабылдайтын, ол туралы уайымдайтын, маргиналды тұрғыда ұғынатын әртүрлі әлеуметтік топтар болады.

Қорыта айтқанда, жарақатты игерудің теориялық негіздері үш бағытта түсіндіріледі. Біріншіден, жарақатты туындатқан зақымдаушы жағдайлар мен оқиғалар өз маңызын толығымен жояды немесе әлеуметтік топтардың назарындағы күн тәртібінен түсіп қалады. Екіншіден, әлеуметтік топтардың жарақатты жағдайлар мен оқиғаларды емдеу шаралары. Мұнда кейбір шаралардың шипалық тиімділігі болатынын атап өту маңызды. Үшіншіден, жарақат тұжырымдамасында мәдениеттің құбылмалылығы негізгі категория ретінде есептелмейді [37, 189 б.].

Жарақат – конструктивті және деструктивті құбылыс болып табылады. Жарақаттың емдейтін, тереңдігі мен ауқымын анықтайтын деңгейлері бар. Ұжымның тарапынан жарақат емделеді және емдеу факторын келесілер құрайды [37, 189 б.]: 1) жарақат етуші оқиғалар мен өзгерістердің мәдениет тіндерін қоздыратын қуаты болады; 2) емдеу шараларының бір түріне дәстүршілдік пен жаңашылдық сабақтастықтарының үзілуі жатады; 3) жарақат үдерісінде әлеуметтік топтың ауқымы маңызды фактор ретінде қызмет атқарады.

Петр Штомпканың тұжырымдамасында «жарақатты бірізділік» ұғымы әлеуметтік өзгерістер үдерісінің құрамдас бөлігі болып табылады. «Жарақатты бірізділік» мәдени жарақаттың туындауы және оны игеру шараларын жүзеге асыру барысында орын алатын әлеуметтік өзгерістің диалектикалық механизмі.

Себебі әлеуметтік өзгерістер үздіксіз жүріп отырады, әлеуметтік өзгерістердің бастауы мен ақыры болмайды. Сондықтан, «жарақатты бірізділік» әлеуметтік өзгерістер үдерісінің салдарында немесе оны ынталандырушы ретінде екі түрлі форманың біреуінде көрініс табады. Бірінші формада әлеуметтенген құндылықтар жүйесін жоюға бастайды. Екінші формада мәдени реконструкциялаудың жағымды шеңбері іске қосылады.

Дегенмен, «жарақатты бірізділік» әмбебап механизм және мәдени өзгерістер үдерісінде қолданылатын практикалық білімдер жүйесі де емес. «Жарақатты бірізділік» – мәдени жарақаттың әлеуметтік қалыптасуындағы жағымды қызметін және құрылымдық әлеуетінің негіздемесін дәйектеуге мүмкіндіктер ұсынады. Мәдени жарақат тұжырымдамасын тарихи жағдайлар мен оқиғалармен шектеп қоймайды, әлеуметтік өзгерістердің жағымды перспективаларын ұсынады.

Джеффри Александердің мәдени жарақат тұжырымдамасы өзіндік ғылыми көзқарастармен құнды. Ғалымның мәдени жарақат туралы тұжырымдамасының негізі «Toward a Theory of Cultural Trauma» [31] және «On the Social Construction of Moral Universals. The «Holocaust» from War Crime to Trauma Drama» [32] атты еңбектерінде орын алды.

Джеффри Александердің пайымдауынша, мәдени жарақат ең алдымен ұжымның санасына өшпестей із қалдыратын, болашақта оның бірегейлігін түбегейлі өзгерістерге ұшырататын, тақсиретті жағдайға түскенін сезгенде қалыптасатын феномен. Мәдени жарақат – алуантүрлі оқиғалар, құрылымдар, қабылдаулар мен әрекеттер туралы жаңа мағыналарды және олардың себеп-салдар байланыстарын тұспалдайтын эмпирикалық, ғылыми тұжырымдама болып табылады [31].

Мәдени жарақат – әлеуметтік жауапкершілік пен саяси қызмет салаларын құрайды. Мәдени жарақатты әлеуметтік топтар, ұлттық қоғам мен өркениет туғызады. Мәдени жарақат – адамның тақсиретті тіршілігі мен оның қайнар бастауларын танымдық тұрғыда идентификациялайды, маңызды және жауапты тұстарын мойнына алады. Жауапкершілік – жарақатты туындатқан себепті анықтауда және өзгенің қайғысына ортақтасуда білінеді. Өзгенің тақсиреті туралы қайғыру, ойлау нәтижесінде қоғам ұжымдық сананың аймағын кеңейтеді.

Әйткенмен, әлеуметтік топтар өзгенің жарақатын мойындаудан бас тарту құқығына ие, мұндай сәтте жарақаттың динамикасы сәтсіздікке ұшырап, моральдық мақсатына жете алмай қалады. Мысалы, адам өзгенің қасіретіне жауапты болмағанымен, өзінің қасіреті туралы жауапкершілікті өзгенің мойнына артады. Сол секілді, әлеуметтік кеңістікте де әлеуметтік топтар өз мәселелерінің тауқыметімен емес, өзгелерді бөгде қасіретпен күресуге шақырады.

Джеффри Александер жарақат ең алдымен қоғам туындатқан құрылым екенін айтады. Бұл көзқарасты дәйектеу үшін ғалым тарихи шолудан бастап, жарақаттың кәсіби емес теориясын талдау пәні ретінде қарастырады (XIX ғ. ортасы мен XX ғ. аяғы – авт.).

Жарақаттың кәсіби емес теориясы аспектісінде жарақат – жеке адам мен ұжымның қалыптасқан дағдылар мен сезімдер кешенін қалпынан тайдыратын табиғи оқиғалар ретінде қарастырады. Табиғи оқиғалар дегеніміз жарақат қалыптасуына көрсетілетін қарсылық және оны рефлексиялай алмайтын реакция болып табылады.

Жарақаттың кәсіби емес теориясы екі нұсқада қарастырылады – ағартушылық және психоаналитикалық [31, 5-10 бб.].

Ағартушылық нұсқасы – жарақаттың индивидуалды және әлеуметтік кеңістіктегі рационалды реакциясы. Жарақатты жағдайларды немесе оқиғаларды әлеуметтік топтар қабылдайды, оған өзінің реакциясын білдіреді және соңында проблеманы шешеді. Ағартушылық нұсқасында әлеуметтік топтардың назары оқиғаның сапасына аударылады. Себебі, жарақатты оқиғаның сапасы қас-қағым сәтте әлеуметтік кеңістіктің іргесін шайқайды және түбегейлі өзгерістерге жетелейді. Бұл өз кезегінде әлеуметтік топтардың эмоционалды реакциясы мен қоғамдық назарын өзіне аудартады. Әйткенмен, әлеуметтік топтардың жарақатты тәжірибеден бас тартуы немесе оларды елемеу туралы шешімі рационалды таңдау болып табылмайды. Сондықтан да, жарақатты тәжірибені игеруге талпынған әлеуметтік топтар рационалды аспектіні басшылыққа алғандықтан жарақатты туындатқан жағдайлар мен оқиғаларды инновациялар мен өзгерістер бастауы ретінде қабылдайды.

Ағартушылық тәсіл – ұжымдық/«психоаналитикалық» және индивидуалды тәсіл ретінде түсіндіріледі. Ең алдымен ағартушылық тәсілдің объектісі ұжымдық бірегейлікті жарақаттайтын оқиғалар. Индивидуалды жарақат – адам психикасы, ұжымдық жарақат – әлеуметтік өмірдің негізі болып табылатын адамдар арасындағы қатынастар мен олардың тұтастығын қамтамасыз ететін сезімдерге берілген соққы.

Психоаналитикалық тәсіл – бейсаналы эмоционалды қорқыныш пен когнитивті бұрмаланған психологиялық қорғаныш механизмдерінің аралығын қамтиды. Психоаналитикалық тәсілде жарақат етуші оқиғаны танудың, рационалды игерудің орнына әлеуметтік топтар қиялы мен жадысындағы бұрмалау әрекеттеріне жол беріледі. Жарақатты оқиғаны туындатқаны үшін жауаптыны анықтау және жарақатты емдеу туралы шараларды дамыту ығыстыру тәсілі арқылы жүзеге асырылады. Жарақат етуші оқиға туралы шындық бейсаналылық сипатында қабылданады және оның мәні жасырын күйінде қалады. Әлеуметтік топтың қаз-қалпында сақталған жадысы, зақымдаушы оқиғалар таным объектісіне айналмай, құрбандыққа шалынады. Талдау елегінен өтеген және жаншу салдарындағы уайымнан жарақатты сезімдер мен қабылдаулар пайда болады. Әлеуметтік қатынастарда жарақатты оқиғаның шындығы қалпына келтірілгенімен, психологиялық тепе-теңдіктің қалпына келтірілуі жадтың қалпына келуіне тәуелді болып қалады. Жадыда сақталған естеліктер психоаналитикалық емдеу барысындағы еркін ассоциациялау нәтижесінде қалыптасады. Бұл естеліктердің қалдықтары қоғамдық қатынастарда арнаулы әдебиеттерді өңдеуде жарыққа шығады. Басқаша айтқанда, рәміздік сипаттағы естеліктерді әдебиет тұрғысынан

интерпретациялау дегеніміз психоаналитикалық емдеудің академиялық баламасы болып табылады.

«Ағартушылық» және «психоаналитикалық» тәсілдер арқасында «жарақат» идея формасынан әртүрлі пәндердің академиялық тілінде сөйлейтін интеллектуалды тұжырымдамаға айналды. Өйткенмен, екі тәсіл туралы көзқарастар кәсіби емес түсініктен туындайтын «натуралистік адасушылық» деңгейінде қалып қойды. Сондықтан, Джеффри Александер жарақат туралы өз зерттеу тәсілін ұсынуға тырысады.

Джеффри Александер тұжырымдамасында, кез келген оқиға өздігінен ұжымдық жарақатты туындатпайды. Оқиғалар мәні – әрдайым зақымдаушы болып табылмайды. Жарақат дегеніміз әлеуметтік жанама атрибуция.

Атрибуция – оқиғаны өрбіту қажеттігіне байланысты белгілі уақыт аясында оқиға орын алғаннан кейін, болмаса оқиға орын алардан бұрын апостериорлы реконструкция сипатында өңделіп жарыққа шығады. Кейбір жағдайда зақымдаушы қуаты ықпалды оқиғалар қоғам танымында жарақат ретінде жүзеге аспай қалады. Керісінше, зақымдаушы қуаты мен зардаптары шындыққа жанаспайтын, алайда қоғам қиялында сақталып қалған кейбір оқиғалар жарақат етуші белсенділігін арттырып жіберуі әбден мүмкін. Жарақат туралы мәртебе – зақымдаушы немесе объективті түрде ықпал ететін реалды немесе қияли құбылыстарға таңылмайды. Жарақат мәртебесі – ұжымдық бірегейлікке кенеттен және жойқын ықпал еткенде таңылады. Өз кезегінде, ұжымдық бірегейліктің мәдени іргетасы болады. Атап айтқанда, жарақат мәртебесі – ұжымның дағдылы мағыналарын кенеттен ығыстыратын оқиғалардың орын алу кезінде таңыла бастайды. Басқаша айтқанда, бұл адам еркінің көрініс табуы, мәдени классификацияның жаңа жүйесін қалыптастырудың сәтті қадамы. Мұндай мәдени үдерістер гегемониялық сипатқа ие құрылымдар мен рефлексивті әлеуметтік агенттер туындататын кездейсоқ дағдылар мен әдет-ғұрыптар ықпалында болады.

Сонымен, әлеуметтік кеңістікте жарақат етуші оқиғалар қоғамды ауқымды күйзеліске душар етеді. Кез келген жарақат етуші оқиға қоғам жадысын зақымдай алмайды. Жарақат құбылысының ұжымдық сипат алуы үшін әлеуметтік дағдарыстар мәдениет дағдарысына трансформациялануы керек. Себебі жарақатты оқиғаның мәні мен жарақатты оқиғаны репрезентациялаудың мәні екі басқа. Жарақат – ұжымның тақсиретті тарихының зардаптарын аңғартпайды, жарақат – ұжымның бірегейлігі, сана-сезіміне енген ыңғайсыздық.

«Жарақатты үдеріс» – жарақатты оқиға мен оны репрезентациялау арасында пайда болады. «Жарақатты үдеріс» барысында жарақат туралы шешімді ұжым қабылдамайды. Шешім қабылдау мүмкіндігі ең алдымен қоғамдық агенттер еншісінде болады. Ұжымның бөлшегі болып табылатын тұлғалар әлеуметтік топты қалыптастырады. Өз кезегінде әлеуметтік топтар жарақатты оқиғаның өткен, қазіргі және болашақ туралы рәміздік репрезентацияларын тасымалдайды. Бұл әлеуметтік шындық пен оны қалыптастырған себептер, атқарылған қарекеттер үшін жауапкершілікті мойнындау ретінде аңғарылады. Сәйкесінше, мұндай көзқарас жарақат

феноменін мәдениет тұрғысынан негіздеудің бастамасын қалыптастырып береді [31, 11 б.].

Репрезентацияларды тасымалдайтын әлеуметтік топтар жарақат үдерісінің ұжымдық агенттері болып табылады. Ұжымдық агенттердің идеалды және материалды мүдделері болады. Әлеуметтік құрылымнан өзіндік орнын алуға ұмтылады. Жария алаңда талаптары мен мүдделерін жылжыту жолында дискурсивті қабілеттерін жүзеге асырады. Репрезентацияларды тасымалдаушы субъектілерді – әлеуметтік құрылым элитасы, белгілі бір қудаланған немесе маргиналды топтар, беделді діни тұлғалар немесе топтар, жастардан құрылған тұтас ұрпақ, ұлттық, институционалды топтар құрайды.

«Жарақат үдерісі» – сөйлеу актісін рәміздейді және бірқатар элементтерден тұрады. Мәселен, сөйлеуші – репрезентацияларды тасымалдаушы топ, аудитория – әлеуметтік фрагментарлы, біртекті бұқара. Жарақатты оқиға – сөйлеу актісі көрініс табатын тарихи, мәдени және институционалды орта болып табылады.

Баяндаушы субъектінің мақсаты жарақат туралы шағымды бұқараның назарына нанымды етіп жеткізу. Міндеттеріне жету жолында жарақатты тасымалдаушы топтар рәміздік ресурстармен толысқан тарихи оқиғалар ерекшеліктері, институционалды құрылымдар орнатып берген шектеулер мен мүмкіндіктерді пайдаланады. Маңыздысы – сөйлеушінің аудиториясы репрезентацияларды тасымалдаушы топтың мүшелерінен болуы керек. Әлеуметтік кеңістіктің алаңына шыққан тасымалдаушы топтың көзқарастарының орныққаны – олардың жарақат етуші оқиғалар тарапынан зақымдалғанын білдіреді. Зақым алған аудитория өзінің өтінімдер жиынтығының арқасында тасымалдаушы топтың қатарын көбейтуге талпыныстар жасайды [31, 11 б.].

Жарақатты оқиға мен оны репрезентациялау арасында жүзеге асатын жарақат үдерісін игеру әлеуметтік топтың моральдық тұрғыдағы уайымы мен рәміздік ерекшеліктеріне байланысты. Жарақатты репрезентациялау үдерісі әлеуметтік топтың қабылдауының нанымды жүйесін, мәдениет классификациясын құрумен көрінеді. Бұл жарақатты оқиға туралы тарихи білімді жаңаша баяндауға бастайды. Дегенмен кез келген репрезентация әлдеқалай, бейкүнә, дүдәмал, күрделі, сан салалы рәміздік үдеріс болып табылады. Аудиторияны тарихи тәжірибе мен жарақатты оқиғадан зақым алғанына нандыру үшін репрезентацияны тасымалдаушы топ мән-мағыналар алаңында табысты жұмыстар атқаруы керек. Мәдени жарақат тұжырымдамасы төрт түрлі репрезентациялауды ұсыныды: 1) аурудың сипаттамасы; 2) құрбандар сипаттамасы; 3) жарақат құрбандарының кең аудиториямен қатынасы; 4) жауапкершілікті орнықтыру [31, 12-15 бб.].

Репрезентациялау үдерісі әлеуметтік қайғы туралы жаңа көзқарастарды қалыптастырады. Бұл өз кезегінде қалыптасқан мәдениетті қайта классификациялауды білдіреді. Әйткенмен, репрезентациялау мен классификациялау нормативтік сөйлеу жағдайымен немесе эмпирикалық талдаудан гөрі жария кеңістікте, демократиялық құндылықтар дәстүрінде өркендеп жатады. Қоғамдық қатынастарда жарақат туралы сөйлеу актілері

жанама сипатта көрініс табады. Мәселен, оларды діни, ғылыми, БАҚ/ақпараттық, құқықтық, эстетикалық, мемлекеттік бюрократия секілді институттар құрайды.

Діни. Жарақат үдерісі дін алаңында көрініс табады және оның негізгі міндеті жарақатты теодицеямен байланыстыру болып табылады.

Эстетикалық. Жарақат үдерісін репрезентациялайтын жұмыстар эстетикалық салада көрініс табады. Мұндай жұмыстар белгілі бір жанрлар мен нарративтерде жарақатты образдарды идентификациялайды және эмоционалды катарсисті өндіреді.

Құқықтық. Репрезентациялау үдерісін жылжытқан мәдениет классификациясы құқық саласында жауапкершілікті, әртүрлі жазаларды тағайындауды және келтірілген материалдық шығындарды өндіру сияқты талаптар қояды.

Ғылыми. Жарақат үдерісі – «әшкерелеу» және «қайта қарастыру» секілді ғылыми дәлелдеу түрлерінің пәніне айналады.

Бұқаралық ақпарат құралдары. БАҚ шеңберінде жарақат үдерісі белгілі бір мүмкіндіктер мен шектеулерге кезігеді. Жарақатқа БАҚ драмалық сипат береді және кейбір интерпретациялардың сенімділік қуатын арттырып жібереді.

Мемлекеттік бюрократия. Жарақат үдерісін қажетті бағытта репрезентациялу үшін мемлекеттік билікті пайдаланылуы мүмкін [31, 15-21 бб.].

Жарақат – ұжымның құрбандарын, жарақаттың себебі мен оған жауаптыларды, келтірілген идеалды және материалды шығындарын анықтау тұрғысынан түсінілетін әлеуметтік үдеріс болып табылады. Ұжымның бірегейлігі жарақат үдерісін игеру барысында қайта қаралады. Бірегейлікті қайта қарау дегеніміз ұжымның өткен тарихын еске түсіру және таным елегінен өткізу. Себебі жад әлеуметтік, құбылмалы ұғым, ұжымның сана-сезімімен байланысты. Бірегейлік – ұжымның өткен шағы, қазіргі және болашағы тоғысқан тұста үздіксіз құрылымдалып, нығаяды.

Ұжымдық бірегейлік құрылымдалып біткен сәттен «тынышталу» үдерісі бастау алады. «Тынышталу» үдерісі барысында ұжымдық аффектілер мен эмоциялар тұрақты күйге түседі, кие мен кінә ұғымдары қоғамдық назардан тыс қалады. Жарақат дискурсының тәжірибелері мәдени ескерткіштер, мұражайлар мен тарихи артефактілер қорында объективті сипат алады. Жаңадан қалыптасқан ұжымдық бірегейлік қасиетті сипатқа ие болып, әдет-ғұрып іс-әрекеттерінде құрылымдалады. Әйткенмен рутинизация үдерісіне түскен мәдени жарақат өзінің әлеуметтік маңыздылығын толық жойып жібере алмайды. Рутинизация үдерісі қоғамдық өмірдің жүріс-тұрысын нормативтік тұрғыда қалыптайды.

Сонымен, мәдени жарақат – белгілі бір әлеуметтік топтың өзіне қатысы жоқ бөгде аурулардың ауыртпалықтарына белсене араласуына, әлеуметтік танымның өрісін кеңейтуге және әлеуметтік бірліктің жаңа формаларын қалыптастыруға іргелі мүмкіндіктер ашып береді [31, 22-24 бб.].

Мәдени жарақат тұжырымдамасы кез келген жарақатты тарихи оқиғаларды зерттеуде қолданыла алады.

Қорыта айтқанда, мәдени жарақат – пәнаралық мәселе. Батыстық әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулерде жаңа ғылыми пәнге айналды және оның теориялық негіздері қалыптасты. Мәдени жарақат әдіснамасы әлеуметтік өзгерістерді ғылыми тұрғыда бағалай отырып, белгілі бір деңгейде сынақтан өтті. Бұл әдіснаманы интеллектуалды мәнмәтінде талдау – кез келген мәдениеттің өзін-өзі рефлексиялау сәтінде қолданудың тетіктерін ұсынады [225]. Әдіснаманың әмбебап сипаты – әлеуметтік өзгерістерді бағалау және эмпирикалық мәселелер туралы жаңаша көзқарастар қалыптастыруда мүмкіндіктер ашып берумен құнды.

### **1.3 Холокост трагедиясының тарихи жадтағы «Мәдени жарақат» ретінде репрезентациясы**

Холокост тарихи оқиғасы туралы ғылыми ізденістер жүргізуде оның әдіснамалық аспектісін анықтап алу маңызды. «Мәдени жарақат» әдіснамасы қоғамдық қатынастар нәтижесінде пайда болатын жарақатты оқиғаларды зерттеу барысында қолданыла алады. Бұл тармақшаның ғылыми гипотезасы – Холокост тарихи оқиғасы «мәдени жарақат» теориялық-әдіснамалық негіздері арқылы қарастырылады.

Батыс түсінігінде «холокост» терминінің мәні айтулы уақыттардан белгілі. Термин этимологиясы гректің «holocaustos», яғни «holos» – «біртұтас, тұтасымен, толығымен», «kaustos» – «өртеу» сөздерінен шығады. Мысалы, яһудилердің «Библия» тарихында «барлығын өртеу», «күнәһар», «күнә», «тазару» және т.б. секілді құрбандықтың бірнеше түрі болған.

Кейін, 1940 жылдары, Екінші дүниежүзілік соғыстың қызған шағында, Германиядағы яһудилерге қатысты «holocaustos» термині туралы алғашқы түсініктер пайда болды.

Холокост терминінің қазіргі мәні – 1933–1945 жылдар аралығында фашистік Германия мен оның одақтастарының бірқатар еуропалық халықтарды мемлекеттік деңгейде ұйымдастырылған жүйелі қудалау және жаппай қырып-жоюын шараларын білдіреді. Атап айтқанда, «яһуди» атты халықты толығымен жою міндетіне тұтас бір мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаты толығымен бағындырылды. Саясатты жүзеге асыру үшін бұрын-соңды болмаған ұйымдастырушылық және техникалық күштер қолданылды. Кісі өлтірушілерден тұратын арнайы бөлімшелер, құрбандарды өлтіруге арналған газ камералары және мәйіттерді өртеу үшін крематорийлер секілді жою механизмдері құрылды.

Дегенмен Холокост тарихи оқиғасын зерттеудің маңыздылығы туралы Батыс зерттеулерінде бірқатар ой-тұжырым қалыптасқан және мәселелер кешені қордаланған:

Біріншіден, нацистік Германия жасаған барлық қылмыстар оккупацияланған аумақтардағы бейбіт тұрғындарға қарым-қатынасты реттейтін халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын өрескел бұзу болып есептеледі (1899 және 1907 жылдардағы Гаага конвенциялары).

Екіншіден, Холокост тарихи оқиғасын зерттеу тарихында құрбандарды анықтау мәселесі әлі күнге академиялық тұрғыдан шешімін таппай келеді. Холокост оқиғасының құрбандарын анықтау мәселесінде зерттеушілердің басым көпшілігі яһуди халқының геноциді идеясына тоқталады. Бұл көзқарас нацистердің жаппай қырып-жою саясатына берілген бағаның немесе көзқарастардың ішіндегі ең бірегейі.

Үшіншіден, Холокост тарихи оқиғасы туралы тұжырымдаманың мазмұны яһудилерді ғана қудалау және жаппай қырып-жоюмен (геноцид) шектелмейді. Бірқатар зерттеушілер «Холокост» ұғымы нацистік террордың барлық құрбандарын қамтуы керек екенін ұсынады. Мәселен, «...Жәбірленушілер қатарына – нацистік режимнің тарапынан қудалау объектісіне айналған яһудилер, рома және синти халықтарының өкілдері, Иегова куәгерлері, гомосексуалдар, психикалық немесе физикалық кемістіктері, мүгедектігі бар кез келген адам немесе адамдар тобы жатады. ...Бұл идеология алдымен Германияның өз аумағында, кейін басып алынған елдердің территорияларында қолданылды. Сонымен бірге барлық жерде жаппай қырып-жоюдың бірдей формалары мен әдістері қолданылды: геттолар, жаппай ату шаралары, концентрациялық лагерьлер және улы газбен тұншықтырып өлтіру. Жаппай қырып-жою идеологиялық тұжырымдама негізінде жүзеге асырылды, яғни яһудилер, психикалық науқастар, мүгедектер, сығандар жойылды» [41].

Сонымен қатар «...Германияның ірі-ірі 18 өлім лагері мен олардың сансыз көп бөлімшелерінде яһудилер өздері секілді бейбақтар – сығандар мен славяндар, зәңгілер мен дін өкілдері секілді жаппай азап шекті және ажал тапты. Мұса пайғамбар ұрпағын «Яһуди болғаны үшін жазықты» деп таныған нацистер сығандарды да аямайтын. Нәтижесінде ресми деректерде көрсетілгендей, 1937–1945 жылдардың арасында 6 миллион яһуди мен 2,5 миллион сыған өлтірілген. Ешкімге аяушылық көрсетілген жоқ» [139].

Төртіншіден, келесі бір мәселе, Холокост тарихи оқиғасының тарихын және оның қоғамдық санадағы орнын нацистік режимді басынан өткермеген, жаппай қырып-жою науқанының құрбанына айналмаған тұлғалар қалыптастыра алады. Себебі «Холокост» құрбандары моральдық тұрғыдан аталған тарихи оқиғаны және нацистік саясаттың мәніне объектив түрде баға бере алмайды [41].

Бесіншіден, неміс ұлтының Холокост тарихи оқиғасы туралы естеліктерінің мазмұны санқырлы. Неміс ұлты мұны (неміс болсын, яһуди болсын) қасіретті оқиға ретінде ұжымдық жадынан шығармай сақтап келеді. Өткен шақтың естеліктері болашақтың еншісінде өңделген әртүрлі өмірлік мәндермен түрленіп, қоғамдық пікірде әртүрлі танымдық көзқарастарды қалыптастырып келеді. Еуропалық рефлексия Холокост тарихи оқиғасының өткен шағы мен болашағы туралы реконструкциялауды пәнаралық аспектіде бағалады.

Мұндай қатынастың негізгі мәні, жарақатты сипатқа ие қоғамдық естеліктерге «ашық», «жүйеленген» және «саналы» қатынас жасалынған жағдайда, оларды қоғамдық деңгейде емдеп шығаруға мүмкіндіктер береді. Кері қатынас жағдайында, өткен шақтың жарақаты жаңа иррационал қоғамдық

құбылыстың қалыптасуына және өрбуіне себеп болады. Өткен шақ туралы шындықтың немесе жарақатты оқиғаның кінәні өтеу, әлеуметтік катарсиске қол жеткізу сияқты қызметтерді қозғалысқа келтіретін естеліктер куәгерін/авторын, басқаша айтқанда жарақат тұтқындарын қалыптастырады [40].

Алтыншыдан, постмодернизмнің ұжымдық жадты сақтау және оның механизмдерін деконструкциялау тәсілі Холокост тарихи оқиғасын белгілі бір әлеуметтік топтың жадынан өшіріп тастаудың мүмкін еместігін анықтап берді. Себебі постмодернизм репрезентация дилеммаларын мойындайды, олардың мүмкіншіліктеріне қолдау танытады, белгісіздік ахуалына бас ұрады, оның эстетикасы болған оқиғаны толық, жан-жақты түсінудің мүмкін емес екенін дәріптейді, кінәні өтеу саясатынан бойын аулақ ұстайды, кез келген жауапкершілікті мойнына алмайды және түрлі уәде беруге өзгені үміттендірмейді. Өйткені Холокост тарихи оқиғасының куәгерлер санының азаюының себебінен олардың ауызша және жеке айтқан естеліктері әртүрлі мәдени формаларға трансформацияланды. Бірқатар куәгер айтқан естеліктер Батыс қоғамының назарын өзіне аударуға мүмкіндік берді. Осылайша Холокост тарихи оқиғасы Батыс қоғамында жария сипатқа ие болды [140].

Сонымен қазіргі Батыс қоғамында жад пен оны жүзеге асырудың ерекшеліктері XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы құбылыстар мәнінің тұрақсыздығы мен әртүрлі құрылымдардың өзгеруімен байланыстырылады (мысалы, жаһандану үдерісі). Мәдениеттер мен өмір сүру салттары бір-бірімен мидай араласып кетті және олар бір-бірін үздіксіз толықтырып жатыр. Бұл қазіргі индивидтің оларды тұтынуына, түрлендіруіне және тасымалдауына қолжетімді болғанын аңғартады.

Батыс қоғамдық қатынастары басшылыққа алып отырған тарихи бағдарсыздық көңіл-күйі тәжірибелер құрылымындағы өзгерістердің тек уақытша бір көрінісін меңзейді. Қоғамның өзінің өткен шағы туралы білуге құштарлығы және оны сипаттау әрекеттері жеке тұлғаның болашақ туралы идеяларына ықпал етеді және өз кезегінде келешек хақындағы болжамдар, онымен байланысты үміті пен қорқынышын қалыптастырады. Бұл өз кезегінде қоғамдық және жеке тұлғаның жады пен оның мазмұнын ұмыту динамикасын да анықтап жатады.

Мәселен, Батыс қоғамында XX ғасырдың басты оқиғаларын басынан өткермеген ұрпақ олар туралы фильмдер мен қордаланған куәліктерден, суреттер мен ескерткіштерден, мәдени орындар мен адамдардың бойында қалыптасқан мінез-құлық нұсқаларынан біледі.

Холокост тарихи оқиғасы Батыс қоғамында өрбіген басты оқиғалардың бірі ретінде кейінгі ұрпаққа ауызша және материалдық, рәміздік және физиологиялық формада саналуан әсерлі мұра қалдырды. Зиялы қауым өкілдері мен өнер қайраткерлері аталған мұраның мәнін танудағы талпыныстарын концептуал өнер мен қазіргі қоғамдық ғылымдардың жетістіктерін негізге ала отырып жүзеге асырды. Осы салаға қатысты зерттеу жұмыстарының көбісі жадта жинақталған өткен шақ туралы тәжірибелерді бүгінгі әлеуметтік кеңістікке сәйкестендіру әрекеттерімен ерекшеленеді [140].

Яһудилер катастрофасы. А. Ицхак нацистік Германияның яһудилерді жаппай қырып-жоюдың негізгі себептеріне: 1) экономикалық (азық-түлік) дағдарыстан құтылу; 2) соғыста неміс тылының қауіпсіздігін қамтамасыз ету; 3) нацистердің нәсілшілдік теориясын жатқызады [42, 124 б.]. Алайда академиялық басылымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарында аталған себептердің үшіншісі (нацистердің нәсілшілдік теориясын) қисынды және негізгі екеніне баса мән беріледі.

Яһудилерді жаппай қырып-жоюдың бастапқы қадамы оларды геттоларға көшіру бұйрығынан басталды. Бұл кезеңде яһудилер арасында аталған бұйрықтың шындығы туралы әртүрлі қауесеттер тарады: 1) яһудилер соғыс майданында қалқан ретінде пайдаланылады; 2) арзан еңбек күші ретінде пайдаланылады; 3) нацистер тарапынан барлық яһудилер жойылады. Өкінішке орай, яһудилер үшінші нұсқаның шындығына сене алмады және оған олардың күмәні мен күдігі басым еді.

Сонымен, нацистік Германияның яһудилерді жаппай қырып-жою үдерісі үш кезеңді қамтиды:

«Бірінші кезең – 1941 жылдың 22 маусымынан 1941/42 жылдың қысының соңына дейінгі уақытты қамтыды. Бұл кезеңде Литвада, Латвияда, Эстонияда, Шығыс Белоруссияда, Шығыс Украинада және Ресей Федерациясының оккупацияланған территорияларында тұратын яһудилердің басым бөлігі жойылды. Бұл кезеңде Батыс Белоруссия мен Батыс Украинада яһуди халқының көпшілігі әлі тірі еді. Өлім мен жер аудару толқыны Бессарабия мен Солтүстік Буковина яһудилеріне де келіп жетті.

Екінші кезең – 1942 жылдың көктемінен 1942/43 жылдың қысына дейінгі аралықты қамтыды. 1942 жылдың жазында және күзінде тұтқынға алынған Батыс Белоруссияда, Батыс Украинада және Ресей Федерациясының оңтүстік аймақтарында тұратын яһудилердің көпшілігі жойылды.

Үшінші кезең – 1943 жылдың көктемінің басынан 1944 жылдың жазына дейінгі уақытты қамтыды. Бұл кезеңде неміс әскері Кеңес Одағы территориясынан шегініп жатты. Геттолар мен еңбек лагерлерінде қалған яһудилердің басым көпшілігі жойылды, қалғандары Германиядағы лагерьлерге жіберілді» [42, 197 б.].

Нацистер яһудилерді қатыгездік пен аяусыздыққа лайықты «жағымсыз элемент» деп санады. Жаппай қырып-жоюдың механизмдері мен операциялары «аса құпия» белгісімен және ауызша жүзеге асырылды. Қылмысты дәлелдейтін барлық құжат пен айғақтайтын материалдар толығымен жойылды. «СС жаппай қырып-жоюдың іздерін өшіру үшін қолдан келгеннің барлығын жасады. Әрекеттердің барлығы жазбаша түрде құжатталмауы міндеттелді. Майдан концентрациялық лагерьден он шақырымдай жерде және әскерге барлық адам және материалдық ресурстар қажет болған кездің өзінде эшелондар ұйымдастырылды, газ камералары мен крематорийлер жұмысын тоқтатпады. Жағдайдан шығудың түпкілікті жолы – «яһуди» мәселесін соңына дейін жеткізу, яғни шексіздіктің соңына нүкте қою керек болды. Бұл ешбір дәлелі жоқ қылмыс болуы керек еді, себебі мұндай жағдайда адам өзінің кінәсіздігі туралы мәлімдей алады. Бұл абсолютті және ұмыт қалған естен шығару «саясатын»

білдіреді. Оның мәні – абсурдты, себебі оның құлшынысы мен табандылығы оның саясаттан тыс табиғатына назар аударуға мәжбүрлейді» [43, 45 б.].

Атап өтерлігі, яһудилерді жаппай қырып-жою саясатының жүзеге асқанынан кейін көп уақыт өтпестен Батыс қоғамы қайғылы оқиғаның себептері мен салдарын игеру және бағалау шараларына көшеді. Мәселен, Освенцим концентрациялық лагерінің орнына музей салу идеясы Екінші дүниежүзілік соғыстың баяқталғанынан екі жылдан кейін көтеріле бастайды. Алайда Польша Парламенті заң жүзінде 1947 жылдың 2 шілдесінде бұрынғы Освенцим концентрациялық лагерінің территориясын «әрқашан поляк және басқа да халықтардың шейіт ескерткіші» ретінде мойындады.

1952–1965 жылдар аралығында Германия билігі Израильге 3 миллиард марка өтемақы төледі.

1970 жылдың 7 қарашасында ГФР канцлері Вилли Брандт Польшаға ресми сапары кезінде Варшава геттосы мемориалына барып, неміс халқының атынан ұлтшылдардың қылмысы үшін кешірім сұрап, басын иіді.

2005 жылдың 1 қарашасында БҰҰ Бас Ассамблеясы 27 қаңтарды Холокост құрбандарын еске алудың халықаралық күні ретінде бекітті.

Холокост тарихи оқиғасын бағалау. Жан-Франсуа Лиотар [43] Холокост тарихи оқиғасын естен шығару, ұмыту мәселесі арқылы түсіндіріп беруге талпыныс жасайды. Естен шығару дегеніміз жад, естеліктер туралы таңдаулы естеліктер, қауымдастық пен оның заңдылықтарындағы күмәнді жайттарды ұмытуды талап ету. Естен шығару – ол туралы бірде-бір сөз айтпауды аңғартпайды. Естен шығару – қақтығыстардың тираниясын, келіспеушілігін, азаматтық соғысын, өзара абыройсыздығын білдіреді, жүзеге асқан ашу мен өшпенділікті танытады. Өзі өндіріп шығарған дискурсында пікірлер тайталасын туындатуды мойнына алады. Естен шығару табиғаты риторикалық қажеттілігімен ерекшеленеді, поэтикалық тұрғыдан әртүрлі сипатта жүзеге асады. Мысалы, жанр, репрезентация бойынша кез келген оқиғаны даралап, бөліп алуды, дәріптеуді білдіреді.

Өткен шақта алынған шок әлдебір талқылауды қалайтын және әрдайым қайталанып отыруы мүмкін негіздің қалыптасуына себеп болады. Біртұтастықтың бақылаудан тыс қалауы өткен шақты терістеу, ығыстыру арқылы оның формасын жағымды қалыпқа түсіру үшін белсенді түрде әрекет етеді. Яғни өткен шақ туындатқан симптом өзін-өзі емдеу қызметін атқарады, өткен шақтың қоздыру қызметін басу үшін белгілі бір деңгейде энергия жұмсайды. Мемориал тарихтың уақытша сипаты оның қоздыру қызметіне қарсы әрекет ететінін аңғартады. Түйіндеп келгенде, бұл естен шығарудың саяси қызметін құрайды. Өйткені естен шығару болған және уақыты өтіп кеткен оқиғаны өзіне бағындырады, өткен шақтың оқиғасын болашақтың қызметіне жұмсайды, өткен-қазіргі-болашақ араларындағы уақытша сәттің мәнін ашады.

Жазылмаған тарих, естеліктер тарихшы мамандар тарапынан зерделенеді және зерттеледі. Архив материалдары қарастырылады, құжаттар жинақталады, талдау елегінен өткізіледі. Ізденістердің нәтижесі түрлі мәдениет өнімдері арқылы қоғамның назарына ұсынылады. Осылайша, тарих ғылымның бір саласы ретінде естен шығару феноменімен қарсыласады. Оның алуантүрлі

естеліктер айтуына және жазылуына кедергілер келтіреді, жүргізіп отырған саясатына өзінің саясатын қарсы қояды, сананы құрбандыққа шалатын уақытша иллюзияны сын тезіне алады.

Қоғамдық санада жоғалған уақытты іздеу шексіз жүзеге асырылады. Естен шығару, ұмыту – жадтың істен шығуын білдірмейді. Жоғалған уақыт – қазіргі уақытта жүзеге асып жатқан жадтан тыс феномен. Уақыт тұрғысынан тым ерте немесе тым кеш оқиғалар арасындағы сананың күйі болып саналады.

Сондықтан Жан-Франсуа Лиотар яһудилерді жаппай жою саясаты әдеттегі саясаттың шегінен шығып кетеді деген қорытындыға келеді. Өйткені саясаттың бұл түрі саясат сахнасындағы талқылау ережелеріне сай келмейді. Көздеген бағыты біржақты, саяси тұрғыдан анық, сенімді және қолжетімді емес. Бұл саясатқа қарсы саясат.

Нацистер яһудилерді саясат пен соғыстың сахнасында өлтіре алмайды, сондықтан нацистер мұны сахнаның артында жүзеге асырады. Сахнаның төріне большевиктерді, демократтарды, декаденттерді, капиталистерді, яһудилерді, негрлерді тең дәрежеде шығарады.

Яһудилерге қарсы соғыс жариялау мүмкін емес. Себебі оларды түбегейлі жойылып кетуге мәжбүр етті. Сондықтан яһудилер туралы ешнәрсе айтылмауы керек. Яһудилер әдеттегі дұшпан сөзінің мағынасына жатпайды. Яһудилерді жаппай қырып-жою саясаты ұмыт күйінде қалу керек және оны ешкімнің білмеуі тиіс.

Сонымен Жан-Франсуа Лиотардың пайымдауынша, Холокост тарихи оқиғасы туралы Батыс қоғамында саясаттың екі түрлі тәсілі айтылады. Біріншісі, оқиғаны жуып-шаю немесе сылап-сипау, екіншісі, оқиға туралы көріністер қою, ойын көрсету, қойылымдар арқылы әрекет ету.

Классикалық тілмен айтқанда оқиғаны бекіту үшін «дәлелдер жетіспейтін» сыңай таныту. Ал ең ыңғайлысы қылмысты ұмыт күйінде қалдыру. Демек яһудилердің жағдайы туралы Батыс қоғамы ешнәрсе білгісі келмейді деген түр көрсету. Дегенмен Холокост тарихи оқиғасының ұмыт, ақтандақ күйінде қалуы мүмкін емес еді.

Сонымен қатар Холокост трагедиясын образдар мен сөздер арқылы бейнелеу де мүмкін емес. Холокост тарихи оқиғасын образдар мен сөздер арқылы бейнелеу, оқиғаны ұмытуға мәжбүрлеу тәсілі. Сондықтан оқиғаны дәлдікпен, қатандықпен ұмытпауға мәжбүрлейтін тәсіл туралы ойланған жөн [43, 46-53 бб.].

Холокост репрезентациясының үдерісі бойынша мәселелерде (моральдық) жадтың субъектив және көркемдік қасиеті тарихи талдаудан гөрі маңызды рөл атқарады. Холокост туралы мораль мобилизациясы қазіргі қоғамдық санада оқиға туралы вербал шектеулерге қатысты алуантүрлі құжаттар мен жадтағы визуал образдар арқылы трагедияның қайталанбауы хақындағы жалпыадамзаттық құндылықтарды ұмытпау мақсатын көздейді. «Холокост ережелеріне сәйкес, оның тауқыметінен аман қалған кез келген адамның әрбір сөзі мен пікірі, ондай тәжірибесі жоқ Холокосттың ең ұлы тарихшысының аузын жауып тастайды» [44].

Тағы бір батыс зерттеушісі Алейда Ассманның [45] Холокост тарихи оқиғасы туралы зерттеулерін келесі сипатта топтауға мүмкіндіктер береді:

Біріншіден, тарихта Холокост жаппай қырып-жою оқиғасы ретінде орын алды. Сондықтан трагедияның индивидуал естеліктер мен ұжымдық жадқа қатысты жаңа мәселелерді туындатуы орынды. Холокост тарихи оқиғасының жаңғырығы мемориал үдерістердің негіздері мен заңдылықтарының сеңін қозғады, қордаланған материалдар зерттеушілердің назарын өзіне аударып, ізденіс жүргізулеріне, ой түйулеріне себепкер болды.

Екіншіден, қазіргі кезде адамзат мемориал тәжірибенің мемориал теориялармен араласқан «постжарақатты дәуірді» басынан өткеріп жатыр. Индивидуал және ұжымдық естеліктер кенет, шынайы және сакрал актіге айналды, олар уақыттық аспектіде құбылмалы және өзіндік тарихқа ие әлеуметтік және мәдени конструкті ретінде таныла бастады.

Үшіншіден, қазіргі кезде «жарақат» ұғымының ауқымы ұлғайып, мағынасы кеңейе түсті. Қоғам тарапынан «жарақат» сөзінің бір мағынасы азап және онымен тығыз байланысты кінә сөздерінен туындайтын зорлық-зомбылық ретінде қабылданды. Холокост трагедиясының ауқымын өткен шақты қайта құрудың дәстүрлі психотерапиялық, саяси және мәдени стратегияларымен жеңу мүмкін емес.

Төртіншіден, индивидуал естеліктер құбылмалы, ойнамалы формаға ие ұжымдық жадқа ауысады және ауысу барысында бірқатар мәселенің туындауына әкеледі. Жад туралы қазіргі ғылыми зерттеулерде адамның өзекті деген мүмкіндіктері мен қажеттіліктерінен туындайтын өткен шақ жайындағы мәселесі конструкті ретінде жетекші орын алады. Дегенмен кейінгі ұрпақтың жарақатты өткен шақтан еркін, тәуелсіз бола алмайды және оның мәнін өзінің қалауынша қарастыра алмайтындығы да анық.

Бесіншіден, естеліктер белсенділік пен енжарлылық арасындағы шиеленіс алаңында ғұмыр кешеді. Аталған аспектілер қарама-қарсы бағыттарды мазмұндайды. Екеуі де XX ғасыр әдебиетінен алынған.

Алтыншыдан, индивидуал және ұжымдық естеліктерге «жарақатты өткен шақтың» көлеңкесі түседі. Ал естеліктер жабық жүйе емес. Олар әрдайым өзге естеліктермен немесе естен шығару импульстерімен қатар өрбиді, әрі сол өзге естеліктерге деген ұстаным тұрғысына келгенде де қоғамдық шындықпен бірлікте сабақтаса отырып, айқындалады.

Осы жағынан келгенде Алейда Ассманның үш мақсатқа қол жеткізуге ұмтылыс жасағанын бағамдауға болады: біріншіден, мемориал дискурсқа қатысты көптеген зерттеулер жүзеге асырылды, алайда оның ішінде пәнаралық тәсілдерді қолдану, яғни мемориал дискурста пәнаралық интеграцияны қолдану секілді жаңа деңгейді әлі күнге ешкім қолға ала қойған жоқ, екіншіден, мемориал дискурста қолданылып жүрген ұғымдардың мәнін анықтау бойынша талпыныстар жасау керек, өйткені мұндай жұмыстың атқарылмауының салдарынан жаңа дискурстың ешбір мәні болмайды, үшіншіден, жаңа дәуірдің фактілерін талдау негізінде теориялық жұмыстарды негізгі ұғымдар жүйесі арқылы шығару;

Жетіншіден, мемориал дискурстың уақыттық көкжиектері – «жад көкжиектері» деп аталады. Ал «Біз» – топ» ұғымы – отбасы, ұрпақ, қоғам, мәдениет жады секілді жадтың ерекше формаларына құрылымдалады. Жад формацияларының бастауы мен аяғын анықтау әрқашан мүмкін бола бермейді, өйткені олардың жекелеген элементтері адамның жадында көрініс табады және бір-бірімен қабаттасып кетеді. Дегенмен автор жад формациясының уақыттық-кеңістіктік, қалыптасқан топтың көлемі, оның тұрақтылығы және тұрақсыздығы критерийлері бойынша «индивидуал», «әлеуметтік топ», «ұлттық» және «мәдениет» секілді жад топтарына бөледі.

1) Индивидуал жад. Біріншіден, индивидуал жад принципті түрде перспективті, дара және өзге субъектіге берілмейді. Екіншіден, естеліктер жабық түрде өмір сүрмейді, олар басқа адамдардың естеліктерімен өзара байланысты. Нәтижесінде, элементтер байланысы біртұтас қауымдастықты құрайды. Үшіншіден, естеліктер – фрагментарлы, шектеулі және рәсімделмейді. Естеліктер жаңғырығы әдетте байланыссыз, үзінді түрінде болады, оның өткені де, болашағы да жоқ. Тек естеліктерді баяндау өткен шақ тұрғысынан оған форма мен құрылым береді. Бұл факторлар естеліктерді толықтырады әрі бір қалыпқа келтіреді. Төртіншіден, естеліктер уақытша және тұрақсыз. Мысалы, белгілі бір кезеңде маңызды деп танылған естеліктер уақыт өте келе бастапқы маңызынан айырылып қалуы мүмкін, керісінше, маңызсыз деп танылған естеліктер ретроспективалық көзқарас тұрғысынан маңызды болып табылуы мүмкін. Қайта-қайта баяндалу қызметіне қосылған естеліктер өзге естеліктерге қарағанда ұзағырақ сақталады және оның уақыттық шекарасы нақты белгіленеді. Демек естеліктерді тасымалдаушы тұлғаның қайтыс болуымен аталған естеліктердің өмірі де жойылады.

2) Әлеуметтік жад. Отбасы мүшелерінің жас ерекшеліктерінен бөлек, әлеуметтік және тарихи ұрпақтар арасында да жас ерекшеліктер бар және олар қоғамның уақыт тұрғысындағы тәжірибесіне ырғақ береді. Олар дүниені қабылдау және тану үдерісінде біртұтастыққа бірігеді. Дегенмен ұрпақтар сабақтастығын зерттеу тәсілі шеңберінде тарихи дәуір мен қоғамның жады туралы абстрактілі тұтастық ешбір сынды көтермейді. Себебі қоғам тіршілігінде әрбір топтың жас ерекшеліктеріне қатысты өзінің тәжірибелеріне тәуелді жады қалыптасады. Жас ерекшеліктері әртүрлі топтар бір-бірімен қатар өмір сүреді және өздерін бір-біріне қарама-қарсы қояды, олардың дүниетанымдары да әртүрлі болып келеді. Сондықтан топтар арасында шиеленістер мен жанжалдар орын алып тұрады. Әрбір ұрпақ өткен шақ туралы өзіндік көзқарасын қалыптастырады және алдыңғы ұрпақтың бұл іске араласуына ешқандай жол бермейді. Тұжырымдап келгенде, қоғам жадының динамикасы ұрпақтар толқынында мейлінше өзгерістерге ұшырайды. Әрбір отыз жыл сайын қоғам өмірінде маңызды естеліктер жиынтығының сеңі айтарлықтай өзгеріске отырады.

3) Ұлттық жад. Ұрпақтар толқынымен қатар жүзеге асырылатын ұғымдардың жаңа толқыны қоғамда көптеген құбылысты қайта қарауды талап етеді. Мәселен, 1960-шы және 1970-ші жылдары қолданыстағы «миф» және «идеология» ұғымдары 1990-шы жылдары ұжымдық жад категориясына

ауыстырылды. Бұл образдарды, соның ішінде саяси рәміздерді пайдалануды меңзейді. Манипуляция құралы ретінде сыни қатынас танытудың орнына образдар мен ұжымдық рәміздерге назар аудару үшін қажеттілік санасы дүниеге келді.

Қоғамның өзі туралы белгілі бір образды қалыптастыру барысында ментал, материал және медиа образдары маңызды қызмет атқарады. Бұған визуал образдармен қатар әртүрлі нарративтер, мекендер, естеліктер және ритуал тәжірибелері де қатысады. Қоғамның идеологияны сынау парадигмасынан ұжымдық жад парадигмасына ауысуының екі факторы бар: визуал образдар немесе рәміздердің уақыттан тыс ықпал ету қуаты және олардың тарихи тұрғыдан құрылымдалуы. Мұндай көзқарас «жалған сана» категориясын теріске шығарады. Себебі образдар мен рәміздердің өткен шақта да және қазіргі шақта да құрылымдалуы олардың «жалған», манипулятив сипатының сөзсіз дәлелі болып саналмайды. Себебі оның өткен және қазіргі шақта «құрылымдалу» мәртебесі барлық мәдени артефактіге ықпал ете алады. Дегенмен образдардың идеологиялық күмәнді мәртебесінен бас тарту оларды түбегейлі сыни ойлау елегінен өткізбеуді аңғартпайды.

4) Мәдениет жады. Жад – тасымалдаушы, орта және таяныш секілді үш фактордың өзара ықпалдастығында қалыптасады. Нейронды жад жағдайында тасымалдаушы ретінде адамның ағзасы және оның миы жатады. Ортасы ретінде әлеуметтік қоршаған орта және оның жадының шекаралары жатады. Таянышы ретінде мемориал стратегиялар мен медиалық таспалар жатады. Әлеуметтік жад жағдайында ортақ дүниеге біріккен, тұрақты түрде жаңартылып отыратын естеліктер ресурсына ие әлеуметтік топ тасымалдаушы саналады. Ортақ естеліктердің жекелеген нұсқаларымен алмасып отыратын жекелеген индивидтер оның ортасы болып есептеледі. Таянышы ретінде аталған индивидтер пайдаланатын рәміздік медиаторлар жатады. Мәдениет жады жағдайында үш фактордың арақатынасы мейлінше радикал түрде өзгерістерге ұшырайды. Мәдени жады рәміздер, артефактілер, медиаторлар, тәжірибелер мен олардың институттары типінде мұраланатын және қайта жаңғыратын мәдени объектілеу тасымалдағышында тыныштық табады. Индивидтер өлім құшатын тіршілік иесі ретінде олардың мәнін ауыстырып отырады. Дегенмен тасымалдау қызметі мен дәстүрлер аталған объектілеудің ұзақ мерзімді маңыздылығын қамтамасыз етеді. Мәдениет жадының ортасына аталған рәміздердің көмегі арқылы өзінің бірегейлігін анықтайтын топ жатады. Топ – рәміздердің құрамын түрлендіру, жаңарту және жандандыру қабілетіне ие. Мәдениет жадының таянышына рәміздердің мәнін меңгерген және оларды шығармашылық тұрғысынан пайдаланатын жекелеген индивидтер жатады. Қорыта айтқанда, нейронды, әлеуметтік, мәдени жадтар, жалпы жадтың өлшемдері болып саналады. «Мәтіндер, бейнелер, ескерткіштер және салт-дәстүрлер сияқты сыртқы дәнекерлерге негізделмеген мәдениет жадының уақыттық шегі жоқ; мәдениет жадының аясы кең, ғасырларға созылатын замана көкжиегімен сипатталады [45, 32 б.].

Холокост тарихи оқиғасының өнердегі репрезентациясы. Батыс қоғамында Холокост тарихи оқиғасы өнердің түрлі салаларында және мәдениеттің әртүрлі

өнімдері формасында көрініс тапты. Көптеген әдеби шығарма жарыққа көрді, кинофильмдер түсіріліп экрандалды, музейлер ашылып, көпшіліктің назарына ұсынылды. Трагедияны қоғамның назарына ұсынудың және тасымалдаудың негізгі мақсаттарының бірі өткен тәжірибені қоғамның жадында сақтау әрі одан тарихи сабақ алу.

Сонымен қатар бұқаралық өнер қазіргі таңда көпшілік аудиторияға авторлық идеяны жеткізудің тиімді құралына айналды. Дегенмен Холокост тарихи оқиғасы туралы сюжеттерді сомдау мазмұнында бұқаралық өнердің талаптарына орайластырылуы керек белгілі бір стандарттардың қалыптасып қалғанын зерттеушілер жасырмайды. Соның ішінде, лагерьлерде тұтқындардың барлық қиындықты басынан өткеріп, оларды жеңіп шығуы негізгі идеяның арқауына айналған [46].

Әдебиет. Батыс әдебиетінің Холокост тарихи оқиғасының жарасы мен оның мәні туралы білімді көркем тілмен жеткізуде алар орны ерекше.

«Маус: Аман қалған жанның әңгімесі» («Maus», 1972–1991) [47] – Арт Шпигельманның Холокост оқиғасын комикс түрінде баяндайтын графикалық роман. «Maus» – Гитлерлік Еуропадағы концентрациялық лагерьлердің сұмдығын басынан өткерген яһуди Владек Шпигельман һәм әкесінің өмір тарихын, әрі онымен қиын қарым-қатынасын түсінуге талпынған суретші ұлы Арт Шпигельман туралы кітап.

Кітапта Владек Шпигельман ұлына геттодан бастап, Освенцим және Дахау лагеріне бағыт алған «өлім шеруінен» қалай аман өткенін баяндап береді. Туындыны автордың басынан өткерген жеке оқиғасы, оның отбасымен қиын қарым-қатынасын түсінуге тырысуы ретінде де қарастыруға болады. Дегенмен әке мен баланың арасында орын алған оқиғалардың тоғысқан тұсында XX ғасырдағы трагедиялардың бірі Холокост тарихи оқиғасы туралы ерекше графикалық мәтін әртүрлі жануарлар бейнесінде дүниеге келген.

Келесі өнер туындысы аустралиялық жазушы Маркус Зусактың «Кітап ұрысы» («The Book Thief», 2005) [48] романы. Оқиғаның желісі 1939 жылдың қаңтар айынан нацистік Германияда басталады.

Роман сюжетінде нацизм, яһудилерді қудалау идеясы, неміс халқының Гитлер саясатын қолдайтындар және қолдамайтындар болып екі лагерьге бөлінуі суреттеледі. Тоғыз жасар Лизель мен оны асырап алушы Хубермандар отбасы аталған лагерьдің екінші жағында болады. Себебі Хубермандар отбасы Макс есімді яһудиді өлімнен аман алып қалу мақсатында үйлерінің жертөлесінде асырап бағады. Уақыт өте Макс пен Лизель бір-біріне адал досқа айналады.

Макс жертөледе Гитлердің «Майн Кампф» кітабын ақ түске сырлап, оның беттеріне маңызды деп тапқан ойларын түсіреді. Соңында кітапты Лизельге сыйға тартады.

Ирланд жазушысы Джон Бойнның «Жолақ пижамадағы бала» («The Boy in the Striped Pyjamas», 2006) [49] романы оқиғаға қатысты бірқатар эстетикалық толғаныстарды туындатады. Романның басты категориялары «жазықсыздық», «адалдық», «қамқорлық», «қаталдық». Романның басты кейіпкерлері Освенцим

концентрациялық лагерінің тікенек сымының екі жағынан орын алған тоғыз жасар неміс ұлы Бруно мен яһуди ұлы Шмуэль туралы.

Джон Бойн екі ұлды сұхбаттастыра отырып, Бруноның кейпінде адамның бала кезіндегі табиғатының тазалығы арқылы лагерьдің төңірегінде болып жатқан оқиғаларға қатысты көптеген сұраққа жауап іздейді. Лагерь бастығының баласы Бруноны отбасында және лагерьде болып жатқан түрлі оқиғалар, адамдардың киім үлгілері, өмір сүру салттары алаңдата бастайды. Балалық таңданыс олардың мәнін тануға талпыныстар жасауға жетелейді.

Романның ерекшелігі, автор яһудилерді жаппай жою саясатын ашық түрде бейнелеп беруді көздемейді. Тарихи оқиғаға қатысты білімдерді астыртын, басты кейіпкер Бруноның тілімен баяндайды. Мәселен, Бруноның тілінде «Фюрер» – «Фурор», «Освенцим» – «Аж-Высь» деп аталады.

Фильм. Батыс қоғамында Холокост тарихи оқиғасын кинофильмдер арқылы экрандау үрдісінің өзіндік стильдері қалыптасты. Мұндай куәлік түрінің қарама-қайшы тұстары өте көп. Дегенмен олардың бірқатарына назар аударып, мән беруді маңызды деп санаймыз.

Америкалық «Холокост» (1978) сериалы, Германияда 1930-шы жылдары саяси жағдайдың өзгеруіне қатысты, атап айтқанда нацистердің билікке келіп, олардың яһудилерге түсірген таукіметі қарапайым яһуди дәрігердің отбасы мысалында көрініс табады.

Әдепкіде, яһудилерге неміс ұлтымен қарым-қатынасқа түсуге, аралас неке құруға тыйым салынады. Бірте-бірте олар қоғам өмірінен тысқа шығарылады, дүние-мүліктері тәркіленеді, кәсіби қызметтерінен аластатылады. Кейін, яһудилер үшін арнайы геттолардың іргесі қаланып, бас бостандықтары мен құқықтары түбегейлі шектеледі. Бақылау мен уыстан шығарып алғандарына қарсы саятшылық жұмыстары жүргізіледі. Ұсталғандары жаппай зорлық-зомбылық елегінен өтеді, жала жабылып, абақтыларға тоғытылады, атылады, асылады, ақырында газ камераларына тұншықтырылады.

Өмір үшін күрескендер алдау мен арбау, сатқындық пен екіжүзділік, алаяқтық пен жағымпаздықты басты принципке айналдырады. Әділдік үшін күрескендер барлық тауқымет пен азапты, қорлық пен зорлықты бастарынан өткізеді.

Автор антисемитизм үдерісінің мәні дүниені «яһуди» есімді індеттен құтқару желеуімен жүргізілгеніне назар аударады. Неміс элитасы тарихи жағдайды ең алдымен неміс ұлтының бірігуіне алып келетін импульс ретінде қабылдайды. Тіпті мұндай шешімді мыңдаған жылдар бойы Батыс Еуропа мәдениеті қалады. Карантинді жариялаушы және оны ұйымдастырушылар аталған идеологияның шынайылығына мейлінше сенеді. Себебі бұл заман туғызған жаңа сенімнің формасы еді. Жаңа сенімнің қуатын арқалаған бауырлар өздерін рухани тұма бастаудың апостолдары санады.

Алайда соғыс сағаты карантин авторларының мүддесіне қарсы соға бастағанда, неміс офицерлерінің кеудесіне қорқыныш сезімі ұялайды. Апостолдар арасында «біз бұйрықты ғана орындадық» секілді ақталу сөздері естіле бастайды. Еуропа яһудилерден азат етілді желеуімен концентрациялық лагерьлер мен жаппай қырып-жою орындарының ізін жою мәселесі көтеріле

бастайды. Жасалған істің моральдық-этикалық, тарихи түсіндірмелері ізделеді. Неміс ұлты адамзат өркениеті мен яһудилер ұйымдастырған бұлғақ арасындағы тосқауыл болды деген ұсыныстар тасталады.

Холокост жайлы әйгілі картиналардың бірі Клод Ланцманның «Шоа» (1985) фильмі. Фильм 1974–1980 жылдар аралығында әлемнің он төрт елінде Польшадағы Хелмно қаласының маңындағы және Аушвиц, Треблинка, Терезиенштадт концентрациялық лагерьлеріндегі оқиғаларға қатысушыларымен жүргізілген сұхбаттардан тұрады. Сұхбаттасушылардың дені лагерьден аман қалған тұлғалар, олардың балалары мен туыстары, бұрынғы неміс күзетшілері мен офицерлері, үй-жайлары лагерьлердің маңында болған поляк шаруалары, соғыс кезінде Польшаға қоныс аударылған неміс азаматтары, бұрынғы фашистік бюрократтар, тарихшылар мен саяси қайраткерлер. Фильмдегі сұхбаттасушыларды үш топқа бөлуге болады: Холокост құрбандары, нацистік қылмыскерлер мен олардың сыбайластары және оқиғаның пассив куәгерлері. Атап өтерлігі, фильмнің уақыттық көлемі тоғыз сағат жиырма үш минуттан тұрады.

Фильмде куәгерлер сұхбаты арқылы пазл ретінде Холокост тарихи оқиғасының жүйелі сипаты, кезеңі, жүзеге асу алгоритмі баяндалады. Оның тұтастай мәні Еуропа тарихы ғасырлар бойы яһудилерді қудалаумен келе жатқаны, нацистер мұны алғаш рет сәтті және жүйелі түрде жүзеге асырушылар екені жайындағы пікірлер сөз болады. Яһудилерді жоюдың ату, асу, газ машиналары мен камералары арқылы тұншықтырып өлтіру, өліктерін көму, өртеу сияқты жан түршігерлік әдістері куәгерлердің аузымен айтылады. Газ машиналары мен камераларының ішінде бірқалыпты сүреңсіздік, өлім жазасына кесілген адамдардың көңіл-күйі, жағдайы, оларды шешіндіру, өндіріс қажеттілігі үшін шаштарын қысқартып алу, дезинфекция желеуімен ұрып-соғып газ камераларының негізгі бөлмесіне кіргізу, газбен улап болғаннан кейінгі ауыр көріністің барлығы сұхбаттасушылар үшін жеңіл болмаса да толығымен сипатталады.

«Шоа», Жан-Франсуа Лиотардың пікірінше, Холокост туралы ұмытылғанды ұмыттырмайтын бірегей туынды. Фильм трагедиялық оқиға туралы образдар мен музыкадан, куәгерліктен бас тартады. Қас-қағымдық сәтке болсын сомдалуы мүмкін емес дүниені сипаттауға талпыныстар жасамайды. Деректі фильмнің куәгерлері ешбір дайындықсыз, жасандылықсыз өз сөздері, дауыстары, үнсіз қалулары, еріксіз ым-ишараттары, көз жастары, камераның назарынан тыс шығып кету арқылы болған оқиғаны жеткізуге тырысады. Сондықтан да куәгерлердің қай-қайсысының болмасын көрерменді алдап, ойнап, әлденені жасырып тұрғандай сезімдерден бойлары аулақ.

Жан-Франсуа Лиотар фильм туралы пайымын қорытындылай келе, нацистердің яһудилерді жаппай қырып-жою бойынша бейнелеу-сөздер (кітаптар, сұхбаттар) мен бейнелеу-заттардың (фильмдер, фото суреттер) екінші деңгейлі естен шығаруда жасалған талпыныстарына күмән келтіреді. Өйткені аталған өнімдер ешбір атаусыз оқиғаның өз ішінде естен шығару үдерісін жүзеге асуына мүмкіндіктер жасауы керек. Нәтижесінде оқиға ешбір

«гуманизм», «адамзатқа қарсы қылмыс» сияқты қоспасыз естен шығару үдерісін басынан өткереді [43, 47-48 бб.].

«Шиндлер тізімі» (1993) фильмі 1939 жылы Польшаны Германия жаулап алғаннан кейін яһудилерді жаппай ірі қалаларға көшіру үдерісінен және дүниенің соңына түскен Оскар Шиндлер есімді кәсіпкердің жаңа мүмкіндіктер іздеу жолынан басталады.

Германиядан келген жалаң аяқ, жалаң бас кәсіпкер аласапыран жағдайды пайдалана отырып яһудилер арасынан серіктестер табады да неміс офицерлерінің демеуімен өз кәсібін бастайды. Қол астындағы арзан жұмыс күші – яһудилердің арқасында аз уақытта ауқатты азаматқа айналады.

Уақыт өте нацистердің яһудилерге деген теріс көзқарасы, оларға арнайы әскери құрылымдардың жасаған жаппай жорығы (Краков қаласындағы гетто тұрғындарын (яһудилерді) жою үдерісі), концентрациялық лагерьде ешбір үкімсіз шешілген өлім жазалары жүзеге аса бастайды. Алайда Шиндлердің өз кәсібі үшін қабылдаған әрбір шешімі, неміс офицерлерімен жүргізілген дипломатиялық әрекеттері қол астындағы яһудилердің өмірін әрдайым өлімнен аман алып қалып отырады. Осылайша, Шиндлер көптеген яһудидің жүрегінен орын ала бастайды, өмірін сақтап қалғандары өз батасын беріп жатады. Мұның барлығы неміс кәсіпкерінің жүрегін бірте-бірте сыздатып, елжірете бастайды. Яһудилердің мейіріміне бөленген кәсіпкер тұтқында отырғандарға қолынан келген барлық жақсылықты жасайды.

Соңында, Шиндлер мың бір жүз адамды жұмысшы ретінде пайдалану үшін өлім лагерьінен алып шығу және өндіріс орнын Польшадан Чехия еліне ауыстыру шешімін қабылдайды. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін барлық тапқан ақшасын өз зауытын күзететін нацистік офицерлерге пара ретінде жұмсайды. Алайда жаңа қоныстағы оның нацистер әскері үшін снаряд гильзаларын өнідіру бастамасы сәтсіздікке ұшырайды. Германияның капитуляция жариялауымен қатар Шиндлердің де ақшасы таусылады. Нацист және құл иеленуші ретінде ол Қызыл Әскер келгенге дейін қашып кетуі керек болады. Алайда қоштасу сәтінде зауыт жұмысшылары оған Талмудта жазылған «Бір адамның өмірін құтқарған адам бүкіл әлемді құтқарады» деген жазуы бар алтын сақина береді. Көптеген сарапшының пікірінше, бұл дәйексөз фильмнің негізгі мәнін білдіреді.

«Пианист» (2002) – поляк режиссері Роман Поланскидің поляк-яһуди пианисті Владислав Шпильманның «Қала өлімі» мемуарына негізделген тарихи фильмі.

Оқиға желісі Варшава қаласынан бастау алады. Фильмде Шпильманның өмірі арқылы нацистердің яһудилерді азаптау саясатының барлық формасы мен әдісі көрсетіледі.

Шпильман нацистердің жаппай қырып-жою науқанынан аман қалған бірден-бір тұлға. Мұның басты себебі пианист өнерін бағалаған оның жанкүйерлері қиын сәттерде оған қол ұшын созады.

Қызыл әскер Польшаны нацистерден азат етудің соңғы кезеңінде Шпильман бомбалаудан аман қалған ғимаратқа орналасады. Ол жерден консервіленген қияр құтысын тауып алады, алайда аштық салдарынан әбден

әлісреп, титықтаған оның құтыны ашуға шамасы келмейді. Кешкісін ашқыш құралын іздеп, бірінші қабатқа түскенде неміс офицері Томас Кречманнға тап болады. Офицер басты кейіпкердің пианист екенін біліп, оған аспапта ойнауды бұйырады. Шпильман Шопеннің №1 балладасын минорда орындап береді.

Шпильманның өнеріне тәнті болған неміс офицері оған біршама қамқорлық жасайды. Кейін қызыл әскердің шабуылынан шегініп бара жатып, Шпильманмен қош айтысып кетеді. Пианист совет әскерінің қолына түседі. Соғыстан кейін неміс офицерін іздеп жан-жаққа сұрау салады, алайда таба алмайды.

Қорытындылай келе, Батыс ғылым мен өнер қауымдастығы Холокост тарихи оқиғасы «мәдени жарақат» әдіснамасы тұрғысынан қарастырыла алатынын дәйектеп берген атап көрсетуге болады. Холокост тарихи оқиғасын репрезентациялаудың аспектілері қазіргі батыс қоғамында өміршеңдігін әлі күнге жалғастырып келеді.

## **2 ТАРАУ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ «МӘДЕНИ ЖАРАҚАТ» РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ (XX ғасыр соңы мен XXI ғасырдың басы)**

### **2.1 Желтоқсан – 1986 оқиғасының конституциясы мен мәдениеттегі репрезентациясы**

Қазақ елінде 1986 жылғы 17–18 желтоқсанда Алматы қаласында болған тарихи оқиғаның бұл күндері 5, 10, 15, 20, 25, 30, 35... жылдықтары республикалық деңгейде аталып өтілді. Алайда Желтоқсан тарихи оқиғасы туралы шындық қоғамдық пікірлер алаңында әлі күнге біржақты бағаланып келеді. Зерттеуші мамандардың бірқатары – Желтоқсан тарихи оқиғасы Қазақстан тарихында оңды қызмет атқарды, қазақ халқының ұлттық өзіндік санасының дамуына ықпал етті деп пайымдайды, бірқатары – Желтоқсан тарихи оқиғасының жарасы жазыла қояр ма екен деген сауалды ашық қойып келеді. Кейінгі пікір туралы жазушы, қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов: «Декабрь оқиғасы – республикамыздың тарихындағы емделмеген жара секілді», – дейді.

Желтоқсан тарихи оқиғасының 20 жылдығы қарсаңында бір топ қазақ зиялылары 1986 жылғы 17–18 желтоқсан күндері алаңға шыққан жастар қарекетінің қазақ халқы үшін тарихи, саяси және қоғамдық маңызын күн тәртібіне қоя отырып, Қазақстан Республикасының Парламентіне мынадай ұсыныстар енгізуді талап етті:

- 1986 жылғы 17–18 желтоқсан күндері алаңға бейбіт шеруге шыққан студент және жұмысшы жастардың әрекеті Орталық биліктің кезекті зорлық-зомбылық шешімдеріне байланысты еліміздің патриоттық ұстанымдағы күштерінің қарусыз қарсылық көрсету актісі ретінде мойындалсын;

- Осыған орай, еліміздің Конституциясына «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне, территориялық тұтастығына және конституциялық құрылысына қауіп төндірушілерге қарсылық көрсету Қазақстан халқы мен оның әрбір азаматының құқы және азаматтық борышы» деген бап енгізілетін болсын. Мұндай мазмұндағы баптың әрбір азаматтық саяси ұстанымының қалыптасуына жағымды ықпалы болды;

- Халқымызға, оның отаншыл ұлдары мен қыздарына большевиктік партиялық-кеңестік тәртіп тарапынан жасалынған көпжылдық террор айыпталсын;

- 17–18 желтоқсан күндері республика көлемінде ұлт азаттық қозғалысқа қатынасып, сол үшін репрессияға ұшыраған барлық тұлғалар ақталсын;

- 1986 жылғы бас көтеруге қазір айтылып жүргендей ОҚИҒА емес КӨТЕРІЛІС мәртебесі берілсін;

- Желтоқсанға қатысушылардың әлеуметтік-құқықтық статусын қарастыру қажет;

- ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі (Президиумы), Қазақстан Коммунистік Партиясының Орталық Комитеті, министрліктер мен ведомстволар қабылданып, жаппай саяси қуғын-сүргінге негіз болған актілердің күшін жою

туралы ресми құжат қабылдау арқылы Желтоқсан көтерілісіне саяси баға беру қажет;

– Желтоқсан көтерілісіне 20 жыл толуына орай, оған қатысып, ерлік көрсеткен, қудалауға ұшырап жәбір көргендерді және Желтоқсан көтерілісінің әділ бағасын беруде еңбегі сіңген азаматтардың мемлекеттік наградалармен марапатталуы қажет;

– «Желтоқсан алауы» деректі телефильмін түсірілуін жеделдетіп, Желтоқсан оқиғасының 20 жылдығына орай телеарналар арқылы көпшілік назарына ұсыну қажет;

– Қазақстан тарихы оқулықтары Желтоқсан оқиғасының КСРО кеңістігіндегі тоталитарлық жүйеге қарсы демократиялық сипаттағы тұңғыш бас көтеру екендігін баяндайтын материалдармен толықтырылуы қажет;

– Тәуелсіздік таңы болған қазақ жастарының тоталитар жүйенің жүргізіп отырған саясатына қарсы өз талаптарын батыл қоя білген ерліктерін және Желтоқсан оқиғасының мән-маңызын кейінгі ұрпаққа жеткізу – бүгінгі ұрпақтың міндеті. 1986 жылы Желтоқсанның ызғарлы күндері жанын аямай, «елім, жерім» деп алаңға шығып құрбан болған жастардың рухы әрдайым бізбен болсын. Оларға жасайтын ең үлкен құрмет – олардың ерлігін мәңгілік есте қалдыру [141].

Қойылған талап мәтінінен «мойындалсын», «айыпталсын», «ақталсын», «мәртебесі берілсін», «қарастыру қажет», «баға беру қажет», «марапатталуы қажет», «ұсыну қажет», «толықтырылуы қажет», «мәңгілік есте қалдыру» секілді сөздердің жиынтығын аңғару қиын емес. Сәйкесінше, шығатын қорытынды, қоғамдық пікірлер алаңында Желтоқсан тарихи оқиғасына қатысты бағалау үдерісінің әралуан сипатының әлі күнге аяқтала қоймағанынын сөзсіз дәйектейді.

Сонымен, Желтоқсан тарихи оқиғасы ғылыми тұрғыдан қаншалықты бағаланды? Желтоқсанды әлеуметтік философияның пәні тұрғысынан қарастыру қаншалықты қисынды?

Қазақ қоғамында Желтоқсан тарихи оқиғасының ғылыми мәнмәтінде зерттеу жөнінде көзқарастар мен пікірлер алуантүрлі. Мәселен:

– Желтоқсан оқиғасы психология, этнография, философия, саясаттану, әлеуметтану, тарих сияқты гуманитарлық және әлеуметтік ғылым салалары кешенді түрде зерттейтін, талдайтын мәселе [142, 50];

– Желтоқсан оқиғасы туралы жарияланымдар мен ақпараттардың жеткілікті деңгейде таралуына, нормативтік құжаттардың қабылдануына қарамастан, оның «ақиқаты әлі жабулы» деген пікір қоғамдық талқыда басым. Қоғамдық пікірде Желтоқсан оқиғасы туралы ешбір күмән қалмауы үшін зерттеу жұмыстары жүргізілуі керек [51];

– Желтоқсан оқиғасы туындатқан мәселелер, атап айтқанда адам құқықтарының бұзылуы туралы мәселе зерттелінді, ал оның саяси себептері туралы мәселе назардан тыс қалып қойды [51];

– Желтоқсан оқиғасы қазақ халқының басынан өткен тарихи маңызы бар оқиғалардың бірі, сондықтан да Желтоқсан оқиғасы туралы терең ғылыми көзқарастар керек [143];

– Желтоқсан оқиғасын зерттеуге тарихшылар, журналистер, экономистер, психологтар, саясаттанушылар, әлеуметтанушылар және т.б. пән мамандары өзінше баға беруі керек. Бұл Желтоқсан оқиғасы туралы шындықты жан-жақты айқындауға, бағалауға және жеке тұлға мен қоғамның жетілуіне мүмкіндіктер алып келеді [144];

– Желтоқсан оқиғасы тарихи факт ретінде ақиқаты жарты ғасыр өткен соң жарыққа шығып, жария болуы әбден мүмкін. Желтоқсан оқиғасы туралы көптеген архив құжаттары әлі күнге ғылыми айналымға түсіп үлгермеді. Желтоқсан оқиғасы барысында баррикаданың екі жағында тұрған азаматтар арамызда жүр [52].

Қорыта айтқанда, Желтоқсан оқиғасы ғылыми тұрғыда зерттелуі керек кешенді мәселе болып табылады.

Желтоқсан туралы уақытында айтылмаған «Дат!» түсінбеушілік туғызды [53], ал Желтоқсан жарасы қоғамның әлеуметтік саласында қалай емделіп жатқаны туралы проблема әлі күнге шешімін таппады. Сондықтан игерілмеген проблеманы талдау үшін «мәдени жарақат» әдіснамасын қолдану маңызды саналады. «Мәдени жарақат» әдіснамасының бірізділігін – «Желтоқсан» – «Желтоқсанның бағалануы» – «Желтоқсанның себептері» – «Желтоқсанның өнердегі репрезентациясы» арқылы жүзеге асырылады.

Желтоқсан – 1986. 1986 жылдың 16 желтоқсаны. Алматы уақытымен таңертеңгі сағат 10.00. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің он сегіз минутқа созылған V Пленумы болып өтті. Пленумда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев зейнетке шығуына байланысты республика Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы міндетінен босатты. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып КОКП Орталық Комитетінің мүшесі Геннадий Васильевич Колбин сайланды. Ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметіне тағайындалғанға дейін Ульянов облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып істеген [145]. Ұсынысты КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының атынан КОКП Орталық Комитетінің хатшысы Георгий Петрович Разумовский жасады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Пленумы туралы ресми хабар «Қазақстан», «Уақыт» бағдарламалары арқылы таралды.

Республика Ішкі істер министрлігі мен Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің жедел хабарларынан:

16.12.86 ж. 21.00–22.30. Алматы мемлекеттік театр және көркем-сурет институтының жатақханасы. Студенттер С.А. Жұмаділов, А.И. Жұманов, К.Р. Байбеков, Р.А.Тоқышева бөлмелерді аралап, өздерінің пленум шешімімен келіспейтіндіктерін айтып, студенттердің көтерілуіне мұрындық болған. Дәл сол уақытта бұлардың курстастары А.Д. Кәпетов, Б.Ш. Иманғожаев, К. Айтмұрзаев, У.А. Сейтінбеков шет тілдері институтының №1 жатақханасында азғыру, арандату жұмысын жүргізіп, ол онда қызу қолдау тапты...

17.12.86 ж. 08.45. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінен МҚК (мемлекеттік қауіпсіздік комитеті. Алматы.) кезекшісіне Л.И. Брежнев

атындағы алаңға (Республика алаңы – авт.) жастардың топ-топ болып жиналып жатқандығы туралы хабар түсті. МҚК-нің жедел тобы жеткенде алаңда 200-ден астам адам тұрған еді, кейбіреулерінің қолында «Әр халыққа – өз көсемі!» ұрандар мен плакаттар болды.

10.20. Жиналғандардың саны бірте-бірте өсіп, мінберге қарай жылжи бастады. Қолдарына қазақ тілінде «Ленин ілімі жасасын», орыс тілінде – «Мы за добровольное сближение наций, а не за принудительное» деген ұрандар ұстап алған... Сол демонстрацияға шыққандардың дені жоғары және арнаулы жоғары оқу орындарының студенттері болатын. Кейін оларға завод, фабрикалар мен құрылыс трестерінің жұмысшылары қосылды [53].

1986 жылдың 17 желтоқсанында Республика Компартиясы Орталық Комитеті үйінің алдына жиналған жастар Пленум шешімдерімен келіспейтінін ашық білдіріп, түсінік беруді талап етті. Наразалық бейбіт шеру ретінде өтіп, саяси сипат алды. Куәгерлердің айтуынша, шеруге шыққандардың жалпы саны 15–60 мың шамасында адамға жетті [54, 146, 142, 50].

Қысқа уақыт ішінде, Қазақстанды КСРО-дан ерекшелеп, бөліп тұрғандай мән-мағынаны меңзейтін «Менің Қазақстаным» патриоттық әні [147-148] мен жоңғар шапқыншылығының ауыр кезеңінде босқан елдің мұң-зарын толғайтын және тарихы тереңге кететін «Елім-ай» өлеңі желтоқсандықтардың әнұранына айналып үлгерді. Мұндай ұрандардың аз уақытта пайда болуының симптомы – Желтоқсандықтар ұрандарының құпиясы – алдарына қойған мақсаттары мен талап-тілектерін сөзбен айтып жеткізу мүмкіндігінен айырылған шарасыздықтарынан туындады. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетімен ғасырлар бойы сіңген ойындағысын ашық, тікелей емес, жанамалап, бейнелеп, көркемдеп жеткізу тәсілінің жүзеге асырылғанын аңғартады.

17 желтоқсан кешкі сағат 18.00-де желтоқсандықтарды күштеп тарату туралы алғашқы шешімді Мәскеудің мақұлдауымен жергілікті формальды басшылық қабылдады. Қуып-тарату жөнінде тікелей бұйрықты ҚазКСР Ішкі істер министрі Г.Н. Князев берді [149]. Бұйрық тоталитар жүйенің арнайы әзірлеп қойған операциясы арқылы жүзеге асырылды. Осылайша, КСРО Ішкі істер министрінің № 0385 бұйрығы негізінде дүниеге келген «Құйын – 86» («Метель») операциясын КСРО-да тұңғыш рет Алматыда, яғни желтоқсандықтарға қолданып көру үшін апробациядан өткізу туралы шешім қабылданды.

Операция шеңберінде және шеруді басу мақсатында 20 өрт сөндіргіш машинасы, 15 БТР тартылды, КСРО-ның жеті бірдей қаласынан құрама әскер арнайы ұшақпен әкелінді – Фрунзедегі 5450-інші әскери бөлімнен 100 адам, Ташкенттегі 5452-інші және 3408-інші әскери бөлімнен 300 адам, Челябинскідегі 5426-ыншы әскери бөлімнен 203 адам, Новосібірдегі 5427-інші әскери бөлімнен 203 адам, Уфадағы 5424-інші әскери бөлімнен 200 адам, Свердловскідегі 5425-інші әскери бөлімнен 225 адам, Тбилисиден 480 адам [149, 142]. Ал әскерилердің жалпы саны 12729 адамды құрады.

18 желтоқсанда, қуып-таратудан соң 2401 адам – ішкі істер бөліміне (2302 қазақ, 26 орыс, 18 ұйғыр, 10 татар, 7 қырғыз бен қалғандары әртүрлі ұлттардың өкілдері), 2212 адам – мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне, 2401 адам –

прокуратураға жеткізілді. Жарақат алған 768 адам жедел жәрдемнің 20 бригадасымен емдеу мекемелеріне әкелінді, олардың 204-і ауруханаға жатқызылды. Ауыр жағдайда 17 адам, өлім халінде 2 адам түсті (екеуі де қайтыс болды) [149]. 10 автомобиль өртелді, 152 бұзылды, студенттердің 13 жатақханасына, 5 оқу корпусына, 6 сауда нүктесі мен қоғамдық тамақтану орнына, 4 әкімшілік үйіне әртүрлі деңгейде зиян келтірілді [53].

Нәтижесінде, Желтоқсанға қатысқан 99 адам ҚазКСР «Қылмыстық кодексінің» 60-бабы (ұлттық және нәсілдік тең құқықты бұзу) және 65-бабы (жаппай тәртіпсіздік) бойынша үш жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айырылды. Екі адам ең жоғарғы үкім – ату жазасына кесілді. Олардың бірі – Қайрат Ноғайбайұлы Рысқұлбеков – Алматы телерадио орталығының қызметкері, жасақшы С. Савицкий өлімі үшін айыпталды. Кейін оның жазасы халықаралық қысымның ықпалымен 20 жыл бас бостандығынан айырумен алмастырылды. Жоғары оқу орындарының 12 ректоры және басқару саласынан 33 мың адам қызметінен босатылды. Ішкі істер жүйесінде 1200 қызметкер жұмысынан кетірілді.

Тоталитар машина бұқаралық ақпарат құралдары арқылы 1986 жылдың 17–18 желтоқсанындағы тәртіпсіздікке қатысқаны үшін 787 адам Бүкілодақтық лениндік коммунистік жастар одағы қатарынан шығарылғанын, 1138-не комсомолдық шара қолданылғанын, 271-і оқу орындарынан шығарылғанын асыға жазды [53]. Бұл социалистік құрылыс жүйесінде әлеуметтенуге талпынған жас коммунист азаматтар үшін тоталитар машинаның ойлап тапқан қатаң жазаларының бірі еді.

Күштер қақтығысында жеңіліс тапқан тарап жазаланып, жеңіске қол жеткізгендер марапатталатыны заңдылық. Желтоқсан бұл заңдылықты өзінше айғақтады, «Алматы қаласындағы қоғамға жат тәртіпсіздіктерді жою кезінде көрсеткен ерліктері үшін» 16 адам КСРО орден-медальдарымен, 1586 ішкі істер қызметкерлері – «Милиция үздігі», «Үздік қызметі үшін» белгілерімен, жүздеген адам КСРО және Қазақ КСР Жоғары Кеңестер Президиумының құрмет грамотасымен марапатталды.

Жария мәліметтерге сәйкес [146, 50, 55], желтоқсандықтардың наразылық шерулері Алматы қаласымен шектеліп қалмай, Шымкент, Талдықорған, Жамбыл, Қарағанды, Арқалық, Көкшетау, Сарыөзек, Талғар және басқа да Қазақстан қалаларын қамтыды. Алайда елде жаппай толқулар өткені туралы ақпарат ешбір жерде жария болмай, жасырын күйінде қалды. Мәселен, Ішкі істер министрлігінің анықтамасы бойынша, 18–25 желтоқсан аралығында республика бойынша Ішкі істер бөлімдеріне сегіз мыңдай адам әкелінген.

Кеңестік баспасөз Желтоқсанды үстем идеологияның принциптері тұрғысынан қарастырды. Тоталитар дүниетанымның кең таралған насихатына сәйкес, «кім бізбен бірге болмаса – сол бізге қарсы» сөзінің мағынасымен мазмұндалды. «...үгіт-насихат машинасы төтенше жағдайдың негізгі себептерінің ізін жасыруға жұмылдырылды. ... Республикалық газеттердің көзқарасы біржақты, бірақ ұстамды болды. Оның есесіне орталық баспасөз оқиғаға айрықша мән берді. ... Оқиғаның мазмұны мен басты себептері сол уақытта негізінен былай түсіндірілді: а) бұл лауазымдарынан жайдан-жай

айрылғысы келмеген Д.А. Қонаевтың жанындағылар мен қылмысты топтар ұйымдастырған басбұзарлық, тәртіпсіздік; б) оқиғаға қатысушылар араққа қызып алған жастар мен нашақолар ...; в) алаңға тәртіпсіз, үлгерімі нашар, ұрынарға қара таппай жүрген студенттер шыққан. «Правда» тілшісі Т. Есілбаев оқиғаның болу себебін қазақ тіліндегі «Мәдениет және тұрмыс», «Білім және еңбек», «Лениншіл жас» тәрізді басылымдардың интернационал тәрбиеге жете көңіл бөлмеуінен деп те түсіндіруге тырысты. Сондай-ақ жергілікті халықтың бір бөлігінің балаларын ана тілінде тәрбиелеуге ұмтылған ниетінің ұлтшылдық тудырады деп үрейленуі де қисынсыз. «Барлық халыққа тән ана тіліне қамқорлық жасау туралы сөздердің ар жағында өзіміздің ұлтшылдықтың қылаң беретінін байқау қиын емес»... [53].

Желтоқсан – 1986: бағалануы. 1986 жылдың 23 желтоқсанында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бюросының мәжілісі өтіп, оған облыстық партия комитеттерінің бірінші хатшылары, республика Компартиясы Орталық Комитетінің жауапты қызметкерлері қатысады. Орталық Комитеттің бюросы ұйымдық-партиялық және идеологиялық жұмыстағы, кадрларды іріктеу мен орналастырудағы, халыққа, әсіресе жастарға интернационал тәрбие беруден елеулі кемшіліктерді жою шаралары туралы мәселе талқылайды. 1986 жылдың 17–18 желтоқсаны Алматы қаласында орын алған жосықсыз көріністер интернационал тәрбиеге ерекше назар аудару қажеттігін туғызғаны, бұқара арасындағы, еңбек ұжымдары мен оқу орындарындағы бүткіл партиялық-саяси жұмысты қайта құру, әрбір адамның бойында жоғары идеялық және адамшылық қасиеттерді қалыптастыруға күш салудың маңыздылығы айтылады. Тәртіп пен реттілік жолындағы, партия тұрмысының нормаларын қатаң сақтау жолындағы маскүнемдікке, алкоголизмге және қоғамға жат басқа да көріністерге қарсы белсенді күресті күшейтудің маңыздылығы атап көрсетіледі [150].

Жазушы Тұрсын Жұртбай [56], Желтоқсан оқиғасы өткеннен соң он күннен кейін Жазушылар одағы мүшелерінің Г.В. Колбинмен өткен кездесуінде сөз сөйлеген Жұбан Молдағалиев, Сафуан Шаймерденов, Қалмұқан Исабаев, Салық Зимановтар Желтоқсанға қатысты ұлттық-әлеуметтік нысаналық негіз қалағанын, Жазушылар одағы рухани қарсылық пен ұлттық қозғалыстың бірден-бір ұйтқысына айналғанын, ал Шерхан Мұртазаның «Алаңнан әскерді әкетіндер!», Сейдахмет Бердіқұловтың «Талай сұқ саусақты көргенбіз. Шошайтпандар!», Досхан Жолжақсыновтың «Жазалауды тоқтатындар!», Олжас Сүлейменовтің «Хатшылық – Қазақстанның ұстамалы дертіне айналды!», – деген сияқты сөздері халық арасында тез тарап кеткенін, жалпы бұл кездесудің үлкен қоғамдық пікір туғызғанын айтады.

Дегенмен 1987 жылы 14 шілдеде КОКП Орталық Комитеті «Қазақ республикалық партия ұйымдарының еңбекшілерге интернационал және патриоттық тәрбие берудегі жұмыстары жайлы» қаулы қабылдайды. Қаулыда 1986 жылы Алматыда 17–18 желтоқсанда орын алған оқиғаны «қазақ ұлтшылдығының көрінісі» деген баға берілді. Ал КСРО-да бұл қаулының мәні қазақ халқына ойлап табылған ең ауыр жазаны рәміздеді.

1987 жылы 27 шілдеде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің IX Пленумында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бұрынғы бірінші хатшысы Д.А.Қонаевтың атына «республика партия ұйымына басшылық етуде жол берген елеулі кемшіліктері үшін» деген сын айтылып, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің құрамынан шығарылды.

1987 жылдың қазанында Қазақстан Жазушылар одағының жанынан қоғамдық негізде «Құқықтық комиссия» құрылады [56]. «Құқықтық комиссия» 1986 жылғы Алматы қаласындағы Желтоқсан оқиғасының себептерін анықтау және жазаға тартылғандардың тағдырына араша түсу мақсатымен арнайы шұғылданды.

Қайта құру үдерістерінің өрбуімен және орталық биліктің саяси конъюнктурасының өзгерістеріне байланысты республикада саяси ахуал оңды сипат ала бастайды. 1989 жылдың 22 маусымында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланады.

КОКП Орталық Комитетінің 1989 жылдың 1 шілдедегі қаулысымен Алматы және Қазақстанның өзге облыстарындағы 1986 жылғы Желтоқсанға қатысты тиісті баға беру жөнінде комиссиясы құрылады. Алайда Комиссия құрамына Желтоқсан шындығын бүркемелеуге мүдделі ресми адамдар енуіне байланысты жұртшылық сенімсіздік көрсетті. Кейін Комиссия құрамына КСРО халық депутаттарының тобы енгізіліп, сарапшы жұмыс топтары құрылады. Комиссияның екінші құрамы бір айдан астам уақыт – 1989 жылдың қазан айының басынан қараша айының 14-не дейін жұмыс істейді. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі сессиясы Комиисия жұмысын сыңаржақ деп есептеп, жұмысты одан әрі жалғастыру қажетсіз деп табады. Комиссияны таратып, шағын жұмыс тобын қалдырады.

Қоғамдық көзқарастың талап етуімен ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Президумының Қаулысымен 1990 жылдың 19 қаңтарында Комиссия құрамы қайта құрылады [151]. 1990 жылдың қыркүйек айында Комиссия жұмысының қорытындысы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Комиссия қорытындысы мыналарды ұсынды:

1. Республика коммунистері мен халқының пікірін ескерместен Қазақстанның жоғары саяси басшылығын тағайындау кезіндегі өктемдігі үшін КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының бұрынғы құрамының іс-әрекеті; ауыр зардаптары болған, соның ішінде адамдардың қазаға ұшырауына апарып соққан, Ішкі істер министрлігі ішкі әскерлерінің арнаулы бөлімшелерін Алматыға әкелу туралы Конституцияға жат шешімді мақұлдағаны; Қазақстан халықтарының дәстүрлі достық қатынастарына ауыр зардабын тигізген, қазақ халқына саяси жағынан жауапсыз және қорлайтын ұлтшыл деп тағылған кінә айыпталсын.

2. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, республикалық Жоғарғы Советінің Президиумы мен Министрлер Советінің атынан 1986 жылғы желтоқсанның 18-інде Алматы халқына арналған үндеу айыпталсын. Бұл олардың келісімінсіз әрі адамдардың шағын тобы ғана қабылдаған және оқиғаларға бұрмалап баға берген үндеу.

3. Қазақ КСР Жоғарғы Советінің Президиумы КСРО Жоғарғы Советі мен КСРО Президентінен:

- Г.В. Колбинді КСРО Халықтық бақылау комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы шешімді қайта қараулы;

- О.С. Мирошхинді КСРО-ның Замбиядағы төтенше және өкілетті елшісі қызметінен кері шақырып алуды;

- Ф.Д. Бобковты, И.Г. Карповты, В.М. Мирошникті, – Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің жүйесінде, О.В. Сорока мен Г.Н. Князовті, КСРО Ішкі істер министрлігі жүйесінде басшы қызметтерге пайдалануға жол болмайтындығы туралы мәселе қоюды өтінсін.

4. Қазақ КСР Жоғарғы Советі судьяларды тағайындау кезінде және әсіресе Қазақ КСР Жоғарғы сотының құрамын бекіту кезінде олардың желтоқсан оқиғаларына байланысты қылмысты істерді қараудағы заңдылықты сақтауын ескерсін.

5. Төмендегі фактілер бойынша қылмыстық істер қозғалсын:

- демонстранттарға қарсы сапер күректерін, қызмет иттерін, өрт сөндіруші машиналарды қолдану, жасақшылардың металл сымдарымен, кабель қиындыларымен, таяқтармен қарулануы;

- заңсыз тұтқындау және прокурордың рұқсаты мен соттың қаулысынсыз қамауда ұстау;

- біле тұра жазықсыз адамдарды соттау;

- Алматы энергетика институтының студенті Е.М. Сыпатаевтың өлімі;

- денеге ауыр және елеулі жарақат түсіру;

- ұсталғандарға, соның ішінде әйелдер мен кәмелетке толмағандарға қатігездік көрсету;

- Республика телеорталығының инженері С. Савицкийдің;

- Алматы архитектура-құрылыс институтының студенті Қ. Рысқұлбековтың;

- Өскемен педагогика училищесінің студенті С. Мухамеджанованың;

- Алматы музыка училищесінің студенті Л. Асанованың өліміне шын кінәлі адамдарды анықтау мақсатымен тоқтатылған қылмысты істер қайта қозғалсын.

6. Қазақ ССР Прокуратурасы мен Қазақ КСР Жоғарғы соты қолданылған жазалардың негізділігі мен заңдылығын анықтау үшін желтоқсан оқиғаларына қатысушыларды қылмыстық және әкімшілік тұрғыдан жазалау жөніндегі барлық істерді қайта қарасын.

7. Республика сайлаушылары мен КОКП Орталық Комитетіне КСРО халық депутаттары Г.В. Колбиннің, В.М. Мирошниктің, М.С. Меңдібаевтың, Ю.А. Мещеряковтың 1986 жылғы желтоқсан оқиғалары кезеңіндегі рөлі мен іс-әрекеттері туралы хабарласын және оларды бұл адамдарға көрсеткен өз сенімі туралы мәселені қайта қарауға шақырған дұрыс.

8. 1986 жылы желтоқсанда жастардың саяси бой көрсетулерін басуға белсене қатысқаны үшін адамдарды тиісінше Қазақ КСР Жоғарғы Советінің Грамоталарымен және құрмет грамоталарымен, сондай-ақ КСРО ордендерімен және медальдарымен наградтау туралы Қазақ КСРО Жоғарғы Советі

Президиумының қаулысы мен КСРО Жоғары Советі Президиумы Жарлығының күші жойылсын.

9. Желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін жазықсыз зардап шеккен адамдарды саяси және әлеуметтік жағынан ақтау мақсатымен Халыққа білім беру, Денсаулық сақтау, Әлеуметтік қамсыздандыру министрліктері, халық депутаттарының Советтері, саяси және қоғамдық ұйымдар олардың еңбек ету, тұрғын үй алу, оқу орындарында оқу, емделу, әлеуметтік қамсыздандырылу, қоғамдық ұйымдарға мүше болу жөніндегі бұзылған азаматтық және әлеуметтік құқығын қалпына келтіру жөнінде шаралар қолданысын.

10. Қазақ КСР жаңа Конституциясының жобасын, Одақтық шарт пен республиканың егемендігі туралы Декларацияның негіздерін әзірлеген кезде биліктің ат төбеліндей топтың қолында шоғырлануын, билікті теріс пайдалану мүмкіндігін, Жоғарғы Совет тарапынан бақылаудың болмауын, республика халқы үшін өмірлік маңызы бар, халық пен жеке адамның құқықтарын, ар-ожданы мен қадыр-қасиетін қорғау мәселелерін шешу кезінде орталық өкімет органдары мен партиялық аппарат өкілдерінің араласуы мен өктемдігін болдырмайтын механизм көзделсін.

11. 1986 жылғы желтоқсанның қайғылы оқиғаларын еске алу ретінде және мұндай оқиғалардың Қазақстан тарихында қайталанбауға тиіс екенін есте ұстау үшін желтоқсанның 17-і – Еске Түсіру күні немесе Демократиялық жаңару күні деп жариялансын.

12. Комиссияның осы қорытындылары мен ұсыныстары бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын [152].

Желтоқсанды зерттеу жөнінде Комиссияның құрылуын қоғамдық көзқарас әрқалай қабылдады. Олардың бір бөлігі әділдік салтанат құрады, өтіріктің арты ашылады деп үміттенді, ұйымдастырушылар мен айдап салушыларды тауып жазалауды талап етті. Қоғамдық көзқарастың бір бөлігі Желтоқсан шындығын ашу саяси және ұлтаралық тепе-теңдікке нұқсан келтіреді деген қауіп білдіріп, Комиссияның құрылуына, мақсаты мен міндеттеріне қарсылық танытты [151].

1990 жылдың мамырында КОКП Орталық Комитетінің Саяси Бюросы «1986 жылдың желтоқсанында Алматы қаласында қоғамдық тәртіпті жаппай бұзушылықты қазақ ұлтшылдығының көрінісі ретінде бағалау қателік...» деген мазмұндағы Қаулы қабылдайды. Қаулының қабылдануы мен жариялануы қазақ қоғамдық пікірінде мойнынан салмағы ауыр «айыптың» алынып тасталғанындай бағасын алды.

1991 жылы желтоқсандықтар Коммунистік партия мен Кеңес үкіметіне саяси-азаматтық, экономикалық, ұлттық мәні бар мәселелер қойып, талаптарын білдіреді:

«Желтоқсан оқиғасын тудырған негізгі себептердің әлі де жойылмағандығын;

Қайта ол себептердің бұрынғыдан да тереңдеп кеткендігін;

«Желтоқсаншылардың» атын пайдаланған жаңа «келісімпаздардың» империялық-колонизаторлық-коммунистік өктемдіктің жетегінде қалып, алаңға шыққан ереуілшілердің негізгі мақсатын бұрмалап, мүлде басқа арнаға түсіріп жібергендігін;

Ұлттық мүддеге қатысты мәселелердің (жер, тіл, экономикалық тәуелсіздік, т.б.) тез әрі түбегейлі түрде шешілуін;

«Құйын» әскери-әкімшілік жазалау операциясына қатысқан барлық лауазым иесінің заңды түрде жауапқа тартылуын, кінәлілердің үстінен қылмыстық іс қозғалуын;

КОКП Орталық Комитеті мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің, оның ішінде, желтоқсаншыларды жазалауға бұйрық берген Горбачев пен Колбиннің «қазақ ұлтшылдығы» деген анықтамасы үшін жария түрде қазақ елінен кешірім сұрауын;

Желтоқсан оқиғасын жазалауға қатысқан әскерилер мен жасақтардың және оқиға құрбандарының толық тізімінің жариялануын сұрады» [150].

Қазақстан Республикасы Президентінің 1991 жылғы 12 желтоқсандағы «Қазақстандағы 1986 жылғы 17–18 желтоқсандағы оқиғаларға қатысқаны үшін жауапқа тартылған азаматтарды ақтау туралы» № 540 Жарлығы қабылданды. Қаулыда:

«1. Қазақстандағы 1986 жылғы 17–18 желтоқсандағы оқиғаларға қатысқаны үшін қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауаптылыққа тартылған адамдар ақталған деп саналсын.

2. Осы Жарлық қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қатер төндіргені үшін сотталған әрі олар жөнінде қылмысты істерді қараудың қолданылып жүрген тәртібі сақталуға тиіс адамдарға қолданылмайды.

3. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне Алматы қаласындағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына байланысты ішкі әскерлердің әскери қызметшілері мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерін мемлекеттік наградалармен наградтау туралы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлықтарын қате қабылданған жарлықтар ретінде жою туралы мәселе қарау ұсынылсын.

КСРО Жоғарғы Кеңесіне осындай дәлелдерге сүйеніп, осы жағдайға байланысты наградаға ұсынылған барлық лауазымды тұлғаны КСРО ордендерімен және медальдарымен наградтау туралы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлықтарын жою туралы ұсыныс енгізілсін.

4. 17-желтоқсан – Қазақстан Республикасының Демократиялық Жаңару күні деп жариялансын», – делінді.

2000 жылы 30 қарашада Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңына толықтырулар енгізіліп, 1986 жылғы 17–18 желтоқсан оқиғасының қатысушылары енгізілді. Заңның шеңберінде Желтоқсан оқиғасына қатысқаны үшін негізсіз қуғын-сүргінге ұшырап, ақталғандарға әлеуметтік қорғау органдарының ақшалай төлемақы төлейтіні және ішкі істер органдарының қуғындауына ұшыраған адамдардың моральдық зиянды өтеуге құқығы бар екендігі белгіленді.

Желтоқсан оқиғасын қоғамдық пікір алаңында бағалау – Желтоқсан жарасын жазуды жорамалдайды. Желтоқсан жарасын емдеу туралы көзқарастар әралуан сипатта өрбітілді және оның топтамасын келесілер құрайды:

Біріншіден, Желтоқсан – қазақ халқының «күлдық» психологиясын жеңуі. Желтоқсан – рухани дағдарыс күйіне түскен қазақ халқының алғашқы жеңісі. Желтоқсан – ашу мен ызаның әрекеті, езгіге түскен ұлттың «өзін-өзі жеңуі». Өз елінде саяси билік тізгінін қолына алуға бағытталған талпынысы [54].

Желтоқсан – ішкі ұлттық маңызы бар оқиға, ұлттың өзін-өзі тануын оятуы (Әбіш Кекілбайұлы) [57]. Желтоқсан – бодандыққа қарсы оянған ұлттық намыс. Желтоқсандықтарды қозғаған намыстың астарында қазақ халқының салт-дәстүрі мен мәдениетінің ахуалы мемлекеттік деңгейде күн тәртібінен түсуі, өзінің өз елінде «беделсіз ұлтқа» айналдырылуы, өгейлік күй кешуі сияқты наразылықтар жатыр еді [51].

Желтоқсан – «...рухани, мәдени болмысынан мүлде ажырап қалудың аз-ақ алдында отырған, генетикалық үрей әбден титықтатқан қазақ халқының қандай күйде екенін айқын көрсетіп берген қазақтың 1986 жылғы ұлттық портретін жасаған Айна еді. Түзу айна-тын...» [58].

Екіншіден, Желтоқсан – әртүрлі ұлт өкілдері арасында дағдарыс туындатты. «1) орталық мемлекеттік органдарының тарапынан бақылаудың әлсіздігінен қоғам мүддесімен санасқысы келмейтіндер пайда болды; 2) жергілікті ұлттың өкілі болу айрықша жеңілдіктің кепіліне айналды; 3) жоғары оқу орындарында қазақ жастарының саны күрт өсе бастады» деген сияқты дәйектер «ұлтаралық қатынас саласындағы теңдік принципінің бұзылуы» ретінде біржақты қорытындыланды. «Ерекше бір ынтамен студенттердің, ғылыми қызметкерлердің, жұмысшылардың, басшылардың, интернационал отбасылардың процентін есептеу етек алды» [53]. Мұндай біржақты іс-шаралар мен көзқарастар қазақ ұлты туралы теріс пікірлер жүйесін қалыптастырды.

Желтоқсандықтарды бас бостандықтарынан айыру барысында билік орындары саналы түрде ұлттарды өзара қарсы қою саясатына жол берді. Кекшілдік саясаты мемлекеттік саясат дәрежесіне көтеріліп, Алматы телерадио орталығының қызметкері, жасақшы С. Савицкийдің өлімі дау-жанжалдың қайнар көзіне айналдырылды. Жанжалды көтеруші ресми билік аппараты бірнеше мақсатты көздеді. «Біріншіден, С. Савицкий өлімі төңірегінде дау-жанжал көтере отырып Қазақстандағы және одан тыс жерлердегі елдердің назарын 17–18 желтоқсан күндері билік жөндеттерінің қолынан қаза тапқан қазақ жастарының бір адамның өлімінен анағұрлым кең де терең трагедиясын көлеңкеде қалдырып, мүмкін болғанша оның маңызын төмендете түсу еді. Екіншіден, империялық билік орындары өзінің қанды озбырлық әрекетін әлемдік қауымдастық алдында ақтап алу үшін Алматыдағы қозғалысты тар ұлтшыл, мәдениеті төмен азиялық халықтың өркениетті орыстарға қарсы бас көтеруі ретінде көрсетуге тырысты. С. Савицкийдің өлімін осы мақсатта пайдалану ойында болды. Үшіншіден, С. Савицкийдің өлімі үшін қайткен күнде де бір немесе бірнеше қазақ жастарын жазалау арқылы, саяси билік, әрине, елдің, мемлекеттің иесі кім екендігін аңғартып қою да ойында болғандығы даусыз» [55], – деп тұжырымдайды тарихшы Мәмбет Қойгелдиев.

Социалистік құрылыс Желтоқсанды ғылым тұрғысынан игеруге де талпыныстар жасады. Осы мақсатта 1987 және 1988 жылдары «Кеңес Одағы Коммунистік Партиясының ұлт саясатының лениндік принциптері және

интернационалдық тәрбиенің маңызды мәселелері», «Ұлтаралық қатынастар мәдениетін тәрбиелеу» тақырыптарында екі ғылыми конференция жұмысы өткізіледі [52]. Конференция жұмысында қазақтар өздерінің қазақ екеніне ұялатындарын білдіреді. XX ғасырдағы қазақ ұлтшылдығының хронологиясына шолу жасалынады. Әрине, хронологияның кейінгі кезеңін Желтоқсан элементі құрайды, социализмді жетілдіруге қарсы іс-әрекет ретінде қатаң сын мен айыптауға алынады. Ұлтшылдықтың лениндік принципі ресми саясат тілі тұрғысынан түсіндіріледі. Алайда конференция жұмысының қорытындысында Желтоқсан өзінің әділ тарихи бағасын ала алмайды.

Бұл кезеңде, Кеңестік қазақ тарихи санасында «Қазақстан – халықтар достығының лабораториясы» ұранының әлеуметтік мифологиялық магиясы орнығып үлгерген еді. Желтоқсан ызғары – бұл ұранның әлеуметтік құндылығын құнсыздану деңгейіне түсірді.

Үшіншіден, Желтоқсан – демократия сабағы. Желтоқсан – кеңес халқын «социалистік ұйқыдан» оятты [52]. Желтоқсан – балаң демократия мен жауқазын жариялылықтың үні. Желтоқсандықтар – «демократияның қарлығаштары» [51]. Алайда тамыры тереңге кеткен партократия әскери машинасының күшімен «демократия қарлығаштарының» «ашық» талап-тілегін тұншықтырды [50, 57, 153]. Желтоқсан оқиғасын бағалау үдерістерінде кеңестік тоталитар жүйе өзі жариялаған «ашықтық» принциптерін сақтамады.

Төртіншіден, Желтоқсан – КСРО тұсында өз бағасын ала алмады. Себебі бұқаралық ақпарат құралдары тоталитар жүйенің қыспағында және қатаң бақылауында еді. Сондықтан Желтоқсан деректері коммунистік идеология тарапынан мүмкіндігінше бұрмаланды. Желтоқсан құпиясы туралы XX ғасырдың тоқсаныншы жылдары ашыла бастады [144]. 1991 жылы ҚазКСР «Баспасөз және бұқаралық ақпарат туралы» Заңы қабылданды. Заң талаптарына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты бақылау мен цензура алынып тасталды. Осылайша құқықтық алғышарттар, Желтоқсан туралы журналистикалық зерттеулермен қатар кешенді әлеуметтік зерттеулер бастамаларына негіз қалыптастырды.

Желтоқсан оқиғасы орын алған уақытта бұқаралық ақпарат құралдары ресми жүйенің көңілінен шығуға мәжбүрлі еді. Мәжбүрліліктің дәйегін кәсібінде кездейсоқ қателіктері үшін қуғын-сүргінге түскен журналистердің тағдыры айғақтай түседі. Мәселен, Желтоқсанға қатысты сот үдерісінен түсіріліп алынған фотосуретті ешбір келісімсіз алып, облыстық екі газетке жарияланып кеткені үшін Қазақ телеграф агенттігінің директоры қызметін атқарған Жұмағали Ысмағұлов [154] қызметінен алынып, партия жолымен қатаң жазаланды. «Жазушы» баспасымен жасалған шарт бойынша аударылған Ю. Бондаревтің «Таңдау» атты романын жоспардан шығарып тастайды. Одақтық дәрежедегі дербес зейнетақысынан айырады.

Кенеттен хабар кестесінде өзгерістер болып, шолудың әдеттегідей 7 минуттан 5 минут мөлшеріне қысқарғанынан хабар алып, межелі уақытқа шамалы ғана қалғанда шолу материалдарын, соның ішінде Желтоқсан жөнінде КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының берген бағасы туралы хабарды ешбір артық ойсыз қысқартқаны үшін «Соңғы хабарлар» редакциясының

комментаторы Үмбет Әбназарұлы [155] ҚазКСР Радио, телевизия және радиохабарлары жөніндегі мемлекеттік комитеттің алқа мәжілісіне шақырылады. Коллегия мүшелерінің қызметтен аластату туралы ұсыныстары бірауыздан қабылданып, жұмыстан шығарылады.

Журналистер тарапынан Желтоқсан туралы халықаралық қауымдастыққа жария ету әрекеттері қапыда қалмады. КСРО-ның «Желтоқсан» атты құпиясы Үндеу түрінде әзірленіп, социалистік әлемнен тыс әлемге жасырын жолмен жарияланды [54]. Үндеудің мазмұнында тоталитар үстемдік пен езгі, желтоқсандықтарға қарсы әскери күштің қолданылуы, жергілікті саяси элитаның сатқындығы туралы айтылды.

Бесіншіден, Желтоқсан – адам құқығы мен бостандығының аяққа тапталуының көрінісі. 1989–1990 жылдары жұмыс істеген ҚазКСР Жоғары Кеңестер Президиумы жанынан құрылған Комиссия Желтоқсанға байланысты орын алған азаматтардың құқықтарының өрескел бұзылуы туралы көптеген фактіні, халыққа қарсы қуғын-сүргін ұйымдастырушылардың аты-жөндерін анықтады [51].

КСРО Конституциясының 2-бабына сәйкес, үкімет билігі халықтың қолында, 9-бабына сәйкес, «кеңес қоғамының саяси жүйесін дамытудың негізгі бағыты – социалистік демократияны одан әрі өрістетуге, құқықтық негізін нығайту», ал 50-бабында «көшеде шеру, митингілер өткізу, демонстрация жасау бостандықтарына кепілдік беріледі», – делінді. Желтоқсанда студент және жұмысшы жастардың Пленум шешіміне наразылық білдірген бейбіт шеруі кезінде адам құқығы мен бостандығы аяққа басылды. Саяси наразылық үкіметке қауіп ретінде бағаланып, шеруді тарату үшін әскер күші пайдаланылды [156]. Мұндай саяси шешімдер, КСРО нормативтік құқықтық актілері тұрғысынан да заңсыз әрекеттер болатын.

Желтоқсанның заң атқарушы және орындаушы субъектілері қызметін саясаттың салқынымен орындады [55]. Бұл туралы желтоқсандық Хасен Қожа-Ахмет [51]: «Желтоқсандықтардың кейбірін ақтамай, неше жыл созып келіп, дәл биыл – оқиғаның он жылдығына орай кенеттен ақтай қалуы соттарымыздың әлі де Заңмен емес, саяси лептің құбылуына, жоғарыдан түсетін нұсқауға байланысты адам тағдырын шешіп отырғанының дәлелі емес пе?!», – деп, өз бағасын берді.

Алтыншыдан, Желтоқсан – ресми түрде саяси бағасын алмады [51]. Құлдық әдет – 1986 жылы желтоқсанда көтерілген халықтың талабы мен саяси ахуалды бұрмалайтын ақпараттарды ойлап тапты. Желтоқсанға дейін Қазақстанда тоталитарлық жүйенің механизмдері бұзылмаған еді. Сондықтан жариялылық, демократияландыру, қостілділік сияқтылар қоғамдық пікір алаңында Желтоқсаннан кейін естіле бастады. Сонымен қатар ҚазКСР Жоғары Кеңестер Президиумы жанынан құрылған Комиссия (1989–1990) Желтоқсанда көтерілген халықтың мақсатына оң саяси баға берген жоқ.

Жетіншіден, Желтоқсанды «оқиға» деп атау, оның тарихи мәнін түсіреді, себебі «оқиға» сөзі – мағынасы бір сәттік, бүгін болып ертең ұмытылып кететін «жаңалық» [157]. Бұл пікірді тарихшы Мәмбет Қойгелдиев те қолдайды [55], Желтоқсанның қазақ халқының империялық, орталық езгіге қарсы азаттық

үшін күресінің, мемлекеттік тәуелсіздікке деген тынымсыз ұмтылысының табиғи жалғасы ретінде бағалайды, «Желтоқсан оқиғалары» емес, «Желтоқсан қозғалысы» аталғаны орынды екенін айтады.

Сегізіншіден, Желтоқсан – халықаралық деңгейде жүзеге асты (Мұхтар Шаханов). Мәселен, ақынның айтуы бойынша [57], желтоқсандықтардың ішінен 7 қырғыз жігіті ұсталған, қазақ жастарына көмекке ұмтылған 400-ге тарта қырғыз жастарын Қордай ауданында Ішкі істер министрлігі мен Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті қызметкерлері тоқтатып, кері қайтарған. Олардың көбі қудаланып, жұмыстарынан босатылған, оқуларынан шығарылған.

Ал философ Сәбетқазы Ақатайдың пікірінше, «...желтоқсан бұрқасыны тек қазақ нәсіліне ғана емес, коммунистік езгіге түскен жарты әлем үшін де қажет болды. Атышулы Берлин қабырғасының қазақ желтоқсанынан көп кейін құлағандығы көп жұмбақтың түйінін шешеді. 1958 жылы мажарлар жеңілді, 1962 жылы Новочеркасскінің орыстары жеңілді, 1968 жылы чехословактар жеңілді, 1980 жылы поляктар жеңілді, 1986 жылы қазақтар жеңілді. Бірақ, бұл арада бір нәрсе айдан анық – егер осы төрт жеңіліс болмаса, шәйт жандардың бұлақ боп аққан қаны болмаса, бүгінгі азаттық тағы да орнамас еді – «перестройка» әлі де келмес еді, «қызыл фашизм» барлығымызға бас иді, қанды қырғынын жалғастыра берер еді. Мұның барлығына алғаш тосқауыл қойған қазақтың желтоқсаны» [54].

Тоғызыншыдан, Желтоқсанның – тарихи тұрғыда ақиқатын зерделеп үлгермедік [58]. Желтоқсан – ұлттық портретті көрсеткен айна ретінде мыналарды айқындады:

- қазақ халқының санасына тоталитар жүйенің құндылықтары сіңіп, мінез-құлқы үйретіліп қалғанымен, наразылық білдіретін шамасы бар екенін көрсетті;

- желтоқсандықтар аса артық талап та қойған жоқ. Коммунистік идеологияның «лениндік ұлт саясатының» бұрмалауына қарсы наразылық білдірді;

- Қазақстанды қазақ басқарып отырған кезеңде де қазақтар өзін толық еркіндігі бар ұлт ретінде сезіне алған жоқ. Алайда қазақ халқының сана астарында жүрген «екінші сортты ұлт болуға наразылығы» сыртқа теуіп, оның «сылтауы» Желтоқсанмен айқындалды;

- Абай заманында басталған өзгеге әлі жетпейтін болғандықтан, әлді қазақ әлсіз қазақты жеп күн көретін синдромы, коммунистер заманында асқынған үстіне асқына берді. Қазақ өзін-өзі талайтын науқасқа шалдықты;

- Желтоқсан – ұлттық тәжірибе, әдебиет пен мәдениет, ауыздан ауызға жеткен халық өнегесінің ықпалымен жас ұрпаққа жеткен ұлттық намыстың жасампаз ұшқыны;

- Желтоқсан – тұтас бір мемлекет ресурстарын эксплуатациялау саясатының локал деңгейден республикалық деңгейге көшкенін айқын көрсетті;

- Желтоқсан – қазақ элитасы мен зиялыларының дәрменсіздігін анықтады. Зиялы қауым сұхбат «есігін бекітіп», желтоқсандықтар қарекеті туралы әділ, оңды пікір айта алмады;

– саяси жылымықтың арқасында Желтоқсан туралы пікірлер айтыла бастайды. Оның бірізділігін – «ұлтшыл, бұзақы элементтердің жаппай тәртіп бұзуы» – «орталықтың кадр саясатын өрескел бұрмалауына наразылық» – «әміршілдік-әкімшілдік жүйеге қарсылық» – «тоталитар жүйеге қарсылық» – «тәуелсіздік үшін күрестің бастауы» – «КСРО-ны демократияландырудың тұңғыш қадамы» сияқты бағалар құрады.

Оныншыдан, Желтоқсан – бірнеше ғылыми көзқарастың іргелі проблемаларын айқындайды [142]:

– адамзат пен этностық түрдің тарихи даму заңдылықта, тарихи-философиялық тұрғыда орын алатын ғылыми объективтілік;

– маркстік-лениндік әдіснаманың ескі өлшемдерінің жаңа кезеңге сай формалық өзгеріске, яғни дағдарысқа ұшыраған түрі;

– кеңестік интернационализм саясатының, космополиттік, маргиналдық тәрбиеге ұмтылған әсіре оңшылдар мен солшылдар бағытының жемісі.

Он біріншіден, Желтоқсанда алаңға шыққан жастар санасына XX ғасырда тоталитар жүйенің қазақ халқына көрсеткен зобалаңы, сталиндік қуғын-сүргіндер, ана тіліне тигізген зияны, қазақтардың өз елінде азшылыққа ие болып қалуы сияқты проблемалар сіңбеген болатын. Өйткені Желтоқсанды ұйымдастырушылар мен шеруге шыққандардың түгелдей дерлігі ауылда туып-өскен жастар [59, 55] екені ерекше назарды аудартады.

Он екіншіден, Желтоқсан – «ұлтжандылар» (қазақ тілді баспасөз) тарапынан көбіне біржақты пікір, эмоциялық тұрғыдан бағаланды [59]. Мұндай тәсіл Желтоқсан туралы шындыққа жақындатпайды. Желтоқсан туралы шындық ашылуы үшін пікірталас, екі жақты, үш жақты ойлар, пікірлер қақтығысы, объектив әңгіме қажет.

Он үшіншіден, Желтоқсан – қазақтың қалалық болуға ынтасы. Желтоқсан – қазақ урбанизациясының басы [52]. «1950 жылдары қалада болмашы ғана қазақ тұрса, 1960–70 жылдары жалпы прогресс заңдылығының арқасында ғана қаладағы қазақтар саны өсе бастады. ... Және бір маңызды нәрсе – қалаға қоныстанған қазақтар өте аз әрі әлеуметтік, рухани, мәдени салмағы мүлде жоқ топ болды». Қазақ «Қаланы «құдай», қалалықты «пайғамбар» санайтын» [58]. Яғни, Желтоқсан қазақ урбанизациясының салдары.

Он төртіншіден, Желтоқсан – қазақ қыздарының тарихи белсенділігінің көрінісі. Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова сияқты қазақ қыздарының рухтары жойылмағандығының дәлелі. Ғарифолла Есім, Желтоқсанда ерлік көрсеткен, жаны жараланған қазақ қыздарының қарекеті ұлттық тәрбиенің өзекті бір арнасы болуы керектігін айтады [52]. Себебі кеңестік кезеңде қазақ қызының өнер мен тұрмыста қазына екені белгілі болғанымен, саяси майданға араласуы тың мәселе болатын.

Тұжырымдап келгенде [224], Желтоқсанды талқылау көп сипатты әлеуметтік проблемаларды айқындайды. Желтоқсанды тарихи феномен ретінде біржақты бағалаудың қисынсыз екендігін көрсетеді.

Желтоқсан – 1986: себептері.

Бірінші, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылығынан Д.А. Қонаевтың қызметінен босатылып, оның орнына Ульянов

облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып істеген Геннадий Васильевич Колбинді сайлау, қазақ халқының, әсіресе жастарының ұлттық ар-ожданына тиді [157, 148, 158]. Сондықтан Желтоқсан – ұлттық ар-намысты қалпына келтіру мен құрметтеудің талпынысы. Өйткені Д.А. Қонаев 1960–1962 және 1964–1986 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылығы қызметін атқарған болатын.

Екінші, Желтоқсан – коммунистік идеологияның саяси дағдарысы. Желтоқсан – республиканың бұрынғы және жаңадан тағайындалған басшыларын саяси дағдарысқа душар етті. Билік пен шеруге шыққандар арасында қарама-қайшылықты шешуге қатысты тең дәрежелі, ашық сұхбат болған жоқ. Биліктің Желтоқсанды саяси құралдармен шешу әрекеті сәтсіз аяқталды [53].

Үшінші, Желтоқсан – кеңестік саяси волонтаризмнің салдары. Саяси волонтаризм – коммунистік идеология пайғамбарлары еркінің мемлекеттік аппарат арқылы иерархияның үстінен төмен қарай трансформациялануынан көрініс тапты. Жергілікті ұлтпен кеңеспей, санаулы адамның қол көтеріп қабылдаған шешімінің қазақ ұлтының арасында қолдау таппауы кеңестік дәуірдің тыйым салынған нормаларының ішіндегі жазасы ауыр табу болатын. XX ғасырда қазақ халқы тоталитарлық жүйенің мұндай саяси шырғауына бірнеше рет тап болды (Мысалы, Мәскеудің шешімімен 1960 жылдары Өзбек Кеңестік Социалистік Республикасына өтіп кеткен Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының оңтүстік территориялары, КСРО-да 1954–1960 жылдары жүргізілген Тың және тыңайған жерлерді игеру науқаны бойынша жалпы 41,8 млн гектар жер жыртылса, соның 25,5 млн гектары қазақ жері болды, 1979 жылы ҚазКСР аумағында Неміс автономиялық облысын құру жөніндегі сәтсіз жобасы) [53].

Төртінші, Желтоқсан – экономикалық волонтаризм салдары. Тоталитар жүйе ҚазКСР экономикасының дамуына нұқсан келтірді. ҚазКСР табиғи ресурстарға бай болғанымен, өндірістік қатынастары жақсы дамыған Одақтың аймақтарына шикізат тасымалдайтын орталыққа айналды. Ал халықтың 70 пайызын жұмыссыздық жайлады және басым көпшілік әлеуметтік, тұрмыстық жағдайы төмен ауылдық аймақтарда өмір сүрді. Әлеуметтік, тұрмыстық шешілмеген мәселелер ауыл жастарын қалаға қарай қоныс аударуына алып келді. Қалада ішкі мигранттарды қымбатшылық пен утопистер аңсаған жұмақ баспана табу тауқыметі күтіп тұрды. Мәселен, «Республикадағы селолық елді-мекендердің 61 процентінде типтік жобамен салынған мектеп жоқ, 73-де балабақша, 37-де кітапхана, 58-де денсаулық сақтау мекемесі, 52-де сауда нүктесі жоқ» [53] болған еді.

Бесінші, Желтоқсан – қазақ ұлтшылдығының көрінісі [52]. Желтоқсан – қазақ халқының ұлттық бояуы. «1926 жылы, жойқын отарлаудан кейін де Қазақ республикасының ұлттық құрамы мынадай болды: қазақтар – 57,6 процент, орыстар – 20,9 процент, украиндар – 14,2, татарлар – 2 процент және т.с.с.» [53]. XX ғасырдың 30 жылдары сталиндік ұжымдастыру саясатын жүзеге асыру науқанында қазақ халқы жұт пен аштықтан 49 пайызынан айырылды. Ал индустрализация, Екінші дүниежүзілік соғысы, тың және тыңайған жерлерді

игеру жылдары Қазақстан территориясына сырттан қоныс аударушылар толқыны лек-легімен жүзеге асырылды. «Сталиндік жаппай жазалау кезінде Қазақстанға корейлер, немістер, шешендер, ингуштар, қарашайлар тағы басқа халықтар күшпен көшірілді. Жергілікті ұлттың пікірімен ешкім санасқан жоқ. Керісінше, жаппай қоныс аударулар «артта қалған халыққа көмек», «туысқандық», «ұлттардың бірігуі» тәрізді ұрандарды жамылып жасалынды. Осылайша, бар-жоғы 30 жылдың ішінде Қазақстанның байырғы халқы өзінің туған жерінде еріксіз азшылық жағдайында қалуға мәжбүр болды. Әсіресе, бұл көрініс ірі қалаларда айқын байқалды. Қала мен ауыл арасындағы теңсіздік бірте-бірте өз бойына ұлттық бояуды сіңіре бастады» [53].

Алтыншы, Қазақ тілінің қолдану аясы тарылды, 1960–1980 жылдар аралығында 600-ден астам қазақ мектебі қызметін тоқтатты. Қазақ жастарының бірқатары қазақ тілін білмейтін мәңгүртке айналды. Тарихшы Бүркіт Аяған социалистік құрылыста өмір сүрген қазақ халқының артықшылығы мен жай-күйі туралы: «Шопандардың 99 пайызы – қазақтар! Меніңше, біздің басқалардан бар «артықшылығымыз» осы ғана!» [53], – деп келтіреді. Ана тілінің қолданыс аясының тарылуынан ауыл мен қала жастарының арасында жік пайда болды.

Жетінші, Желтоқсан – экологиялық дағдарыс салдары [53]. Қазақстан XX ғасыр ортасынан бірнеше ядролық сынақ алаңына айналды. Арал теңізі санаулы жылдар ішінде тартылып кетті. Мұндай апаттар жергілікті халық үшін қолдан жасалынған нәубеттер ретінде бағаланды. Желтоқсандықтар ядролық жарылыс пен теңіз тартылуының зардабынан хабардар болды.

Сегізінші, Желтоқсанда сталиндік тауқыметті көрген ұрпақтардан кейін келген үшінші кезең ұрпақтарының өзін көрсету кезеңі еді. Желтоқсанда алаңға шыққан жастар жаңа буынның өкілдері болатын. Өйткені коммунистік орталық биліктің шешіміне ашық наразылық Қазақстан тарихында XX ғасырдың 30 жылдарынан бері болмаған құбылыс. Бұл ұрпаққа мынандай ерекшеліктер тән еді: «Біріншіден, олар 1937–1938-дің жойқын жаппай қуғын-сүргін саясатын көрмеген, 1939–1945 жылдардағы екінші дүниежүзілік аласапыран соғысқа қатынаспаған, соғыстан кейінгі мерзімде қатая түскен тоталитар жүйенің идеологиялық ықпалына ұшырағанымен илеуінде біржола жаншылмаған ұрпақ еді. Екіншіден, ешқандай да күмәнсіз нәрсе сол, бұл жаны таза, рухы биік қазақ әдебиеті мен өнерінің үздік дәстүрінде тәрбиеленген, Мұқағали Мақатаевтың «Реквиемін», өлеңдерін жатқа білетін, Шәмші Қалдаяқовтың «Қазақстанымын» өзінің ортақ гимніне айналдырған ұрпақ болатын» [55].

Сондықтан Желтоқсан ертелі-кеш болуы тиіс қоғамдық феномен еді. Себебі қордаланған әлеуметтік, мәдени, экономикалық, саяси проблемалар өз нәтижесін сұрап тұрды.

Желтоқсан – 1986: көркемөнердегі репрезентациясы. Желтоқсан тарихи оқиғасының орын алғанына ширек ғасырдан астам уақыт өткенімен желтоқсандықтар мен қазіргі қазақ қоғамының санасында феномен туралы бағалау жұмыстары күн тәртібінде. Желтоқсанды қоғамдық тәжірибенің алуантүрлі құндылықтарын қалыптастыруда әмбебап құрал ретінде пайдаланудың жобалары ұсынылып келеді.

Желтоқсан ескерткіштері. Қазақстан Республикасы егемендігін жария еткен жылдарынан бастап Желтоқсан ерліктерін тасқа таңбалап, қоғамдық санада мәңгі сақтау іс-шаралары мемлекеттік деңгейде өрбіді. 1992 жылы «Желтоқсан жаңғырығы» қоғамдық қоры құрылып, Желтоқсан оқиғасына арналған ескерткіштің озық үлгісіне ашық байқау жариялайды [159].

Алматы қаласында Желтоқсан тарихы өткен «Мир» көшесінің атауы «Желтоқсан» көшесі болып өзгертілді. Республиканың бірқатар қаласы мен аудандарының негізгі көшелерінің біріне «Желтоқсан» атауы берілді. Желтоқсанның 20 жылдығына арналған (2006 жыл) Қазақстан Республикасы Бірінші Президенті қатысуымен Алматы қаласының Желтоқсан көшесінде орналасқан Республика алаңында «Тәуелсіздік таңы» ескерткішінің тұсауы кесілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Желтоқсан құрбанына айналған Қайрат Ноғайбайұлы Рысқұлбековке «Халық қаһарманы» атағы берілді. Мұны тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық пікірі орынды деп бағалады. Тіпті, барлық желтоқсандықтарға көрсетілген құрмет ретінде қабыл алынды. Ал 1992 жылдың 10 қыркүйегінде Жамбыл облысының Мойынқұм ауданындағы Бірлік ауылында «Халық қаһарманына» арналған ескерткіш орнатылды [160].

Қазақ халқының тарихи және қоғамдық санасында Қайрат Ноғайбайұлы Рысқұлбеков Желтоқсанда алаңға шыққан қазақ жастарының жинақы көрінісі, қазақ халқының мәңгі мұқалмас азаттыққа ұмтылысының рәміздік бейнесі [55] ретінде қабылданды. Сондықтан «Халық қаһарманының» есімін мәңгі есте сақтау мақсатында Қазақстан Республиканың барлық өңірлерінде ескерткіштер мен көше аттары күн санап артып келеді.

Желтоқсан туралы фильм. Желтоқсанның он жылдығына арналып «Аллажар» фильмі жарық көрді. Фильмнің режиссері Қалдыбай Әбенев туындысын түсіруге сегіз жыл уақытын жұмсады. Демек, фильм «Колбин науқанының» қызуы басыла қоймаған 1988 жылы басталған. Алайда туындының қуғын-сүргін науқанына ұшырауы заңдылық еді. «Бірде 1989 жылы Коммунистік партияның орталық комитетіне шақырып алып «ешкім итпен таланған жоқ, арматурамен ешкімнің басы жарылған жоқ, өрт сөндіргіш машиналармен су шашылған жоқ, ешқандай қыз зорланған жоқ, түрмеге ешкім қамалған жоқ, оқиғасы жалған» – деп бұл фильмді (консервацияға) жабады. Киноның авторларының бірі Александр Лапшин Москвадан келген кинодраматург еді. 1989 жылы өзімнің «Барыс» деген киностудиямды ашып осы фильмді түсіруді жалғастырдым. Өкінішке қарай, 1988 жылдан әлі күнге дейін «Аллажар» фильміне деген қыспақ жалғасып келеді. Бірақ сол қыспақ көрінбейтін, көзге шалынбайтын, елдің назарына ілінбейтін, көптеген құйтырқы тосқауылдан тұрады» [161], – дейді, режиссер.

Көркем туындының қалың аудиториямен таныстығы біршама уақыт жүзеге асырылмады. Түрлі саяси технологияның салдарынан фильмді нарыққа шығарып, пайдамен есептелетін қаржылай эквивалентін анықтайтын мүмкіндігінен қағылады. Фильм материалдары қуғын-сүргін машинасынан бой тасалау жылдары техникалық сапасын сын көтерместей төмендетіп, тозығы

жетеді. «Аллажар» тағдыры – қазақ тағдыры» деп пайымдайтын және сын сағаттарын басынан өткерген режиссер үкіметтен көрген тауқыметінің қарымтасы ретінде туындысының өміршеңдігін қолдауды талап етеді. Төртінші билік «Аллажар» фильмін мемлекеттік сыйлыққа ұсынады. Алайда кино саласына қатысты ресми органдар тарапынан ұсыныс назардан тыс қалады.

«Аллажар» фильмінің басты кейіпкері Азат есімді жас жігіт. Басты кейіпкердің Азат есімімен аталуы тегіннен-тегін емес еді. Еркіндік пен егемендікті аңсаған жас жігіттің тағдыры – қалың қазақ жастарының тағдыры, Азат сияқты белсенді жастардың жиынтық образы сомдалды. Фильмнің трагедиясы – жеке бастың емес, қазақ халқының трагедиясы екені анық [162].

Смағұл Елубайдың пікірінше [163], режиссер фильмді деректі көріністер мен көркем көріністерді ажырата алмастай етіп шебер түсірген. Яғни, көрермен фильмді Желтоқсанның ақиқаты ретінде қабылдайды. Режиссер осы мақсатты ұстанған. Саяси цензура амалдарының қол жеткізген жемісінің салдарынан фильмнің мазмұны мен тарихи шындығы болашақ ұрпақ үшін маңыздылығы артады.

«Аллажар» – Желтоқсан феномені шеберлікпен, көркемөнердің мүмкіндіктері пайдаланыла отырып түсірілген фильм [164]. Мұрат Әуезов режиссердің XX ғасырдағы қазақ жастарының ерлігін көрсете білген және қазақ халқының мәдени мұрасына айналатын шығарма екенін айтады. Фильмнің тағдыры – қазақ халқының саяси санасының дамуының көрсеткіші. Фильмнің өз аудиториясына шыға алмауының себептері талдауды қажет етеді және қайғылы Желтоқсанның сын сағаттарын ұмытпауға, мәңгі есте сақтауға шақырады.

Желтоқсанның қазақ әдебиетінде көрініс табуы. Қазақ әдебиетінде Желтоқсан күндеріне қатысты көркем шығармалар арнайы зерттеу мен талдау жұмыстарын талап етеді. Кешенді зерттеу жұмыстарының пәні тұрғысынан қарастыруды болжайды.

Желтоқсан еліміз егемендігін алып, өзінің оң бағасын алғанға дейін оны қолдап, қуаттаған ақындар ойларын ашық айта алмады. Сондықтан айтылмаған шындық поэзия жанрында түрлі көркемдік тәсілдермен, бейнелі сөзбен, астарлы оймен, түрлі поэтикалық бейнелермен көрініс тапты [165].

Дүкенбай Досжанның «Алаң» [60] романы мен Мұхтар Шахановтың «Желтоқсан эпопеясы» [61] деректі романы Желтоқсанның тарихи фактілерін әдебиет тілімен көпшілік қауымның назарына ұсынды.

Қайым-Мұнар Табеев Желтоқсан шындығын уақыт көлеңкесіне көмескілемей тұрып – «Желтоқсан жаңғырықтары», «Прокурормен жекпе-жек», «Кебенек киген ер», «Профессордың ісі», «Махаббат жыры», «Алматыда жоғалған арулар» [50] атты деректі шығармаларын жарыққа шығарды.

Темірболат Ахметов «1986, Желтоқсан» [62] хикаятын жариялады.

Желтоқсан драмасы. 1993 жылы Оралхан Бөкейдің «Жалын» журналының № 9 санында «Желтоқсан желі» атты екі бөлімді драмасы жарыққа шықты [63]. Екі бөлімді драмада Желтоқсан тұсында сталиндік кезеңнің мінезі бірдей, стандартты қарт жұрнақтарының сарқыла қоймағаны, қоғамда Сталиннің әлі тірі жүргендігі, ресми билік тарапынан қажет болса 1937 жылды қайталаудың

түкке тұрғысыз екендігі көрсетіледі. Себебі диалектиканың заңдылығына сәйкес, тарихи оқиғалардың қайталануы – заңдылық еді. Желтоқсандық қыз Айнаның дәрменсіз, шарасыз күй кешкен денсаулығын Семей ядролық сынақ полигонының зардабымен қиюластырады. Осылайша автор көптің біле бермейтін полигон құрбаны болған жүздеген, мыңдаған қазақ тағдырының құпиясын ашуға тырысады. «Әмеңгерлік, «жетімді жылатпау» сияқты дәстүрлі қазақ мәдениетінің көріністерін мәселе ретінде көтеру арқылы оның ұмыт сипат алып, қасиеттілігінен айырылып бара жатқанын нақты мысалдармен дәйектейді. Сонымен қатар автор Желтоқсан желін қалалықтар емес, далалықтар желіктіргенін жеткізуге тырысады.

Ал Желтоқсанның жиырма жылдығы қарсаңында Ғабит Мүсірепов атындағы академиялық Балалар мен жасөспірімдер театрында жазушы-драматург Серік Асылбекұлының «Желтоқсан желі» [166] драмасы қойылды.

Осылайша Желтоқсанның ызғары, тоталитар жүйенің әділетсіздігі мен қуғын-сүргіндері туралы көркем тілмен сипатталған әдеби шығармалар қоғамдық пікір қалыптастырды, тарихи жараның динамикасын белгілі деңгейде басты.

## **2.2 Сталин болмысы, қызметі және сталинизм феноменін игеру талпыныстары**

Г. Земель, посткеңестік кеңістік – өткеннің бұғауынан азат болғанын ресми түрде жариялағанымен, қоғам көп жағдайда кеңес адамы болып қалғанын және өзінің ішкі драмасын бастан кешіп жатқанын айтады [64]. Мәселен, Сталин болмысы мен оның атқарған мемлекеттік қызметіне баға беру әлі күнге посткеңестік кеңістікте, тіпті халықаралық деңгейде талқыланып келеді. Қазақстан қоғамы бұрынғы кеңестік мемлекет ретінде Сталин болмысы және сталинизм құбылысының ықпалына шалдыққандардың қатарында. Қазақ қоғамдық санасында оның бірнеше алғышарты бар:

Біріншіден, саяси қуғын-сүргін. Сталиндік дәуірде қазақ халқына қатысты саяси қуғын-сүргін – «халық жауы» науқаны жүзеге асырылды. Кеңестік Қазақстан тарихы саяси қуғын-сүргіннің бірнеше кезеңінен өтті [167]:

– 1917–1920 жылдары Кеңес үкіметінің орнауы мен Азамат соғысына байланысты қазақ халқы «ақ» пен «қызыл» топтарға бөлініп, бірімен-бірі соғысты.

Халыққа қарсы «революциялық заңдылық», «қызыл террор» және кейінгі «үлкен террорды» ұйымдастыру әрекеттерінің идеялық негізінде Лениннің таптық күрес және революцияның жеңіске жетуіне қарай таптық күрестің күшеюі туралы ілімі жатты. Ілімнің теориясы мен практикасы – «дұшпан таптар» және оның әлеуметтік қауіпті элементтері саналатын «халық жауларын» жою мақсатын көздеді. Мақсат «революциялық заңдылық» тұжырымдамасы мен оның негізгі ұғымы «пролетариаттың революциялық диктатурасы» принципімен айқындалды [65];

– 1920 жылдың екінші жартысында Сталиннің сенімді тұлғасы Ф.И. Голощекиннің қателікке толы саясатымен тарихта қалды. Голощекин бастамасымен жүзеге асырылған тәркілеу және күштеп ұжымдастыру реформалары қазаққа халқына әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан ауыр соққы болды;

– XX ғасырдың 30-жылдары қазақ мемлекет және қоғам қайраткерлері жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшырады. «Буржуазиялық ұлтшылдар» айыбымен қазақ зиялыларының бірінші легі – Жүсіпбек Аймауытұлы, Дінмұхамед Әділев, Әбдірахман Байділдин және Ахмедсафа Юсупов 1930 жылы 21 сәуірде Мәскеу қаласында атылып, пролетариат көсемі Лениннің туғанына алпыс жыл толу құрметіне құрбандыққа шалынды [168].

Қазақ зиялыларын саяси қуғын-сүргінге ұшырату жылдары Сталиннің сенімді тұлғалары Ф.И. Голощекин (1876–1941) мен Н.И. Ежов (1895–1940) есімдерімен байланысты. Партия және мемлекет қайраткері, 15 жыл түрмеге отырып шыққан Бекболат Мұстафин: «Ежов жауыз менің жерлесім еді. Өскемен маңында туып-өскен. Бұрын Өскемен де Семей губерниясына қараған еді. Кезінде Ежов әуелі Семей губкомын басқарып, Казрайкомның хатшысы болды. Өсе келе Сталиннің оң қолы болған. Ежов қазақша таза сөйлейтін. Қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын жақсы білетін. Қандыбалақ, қу жақ Голощекин Қазақстанға келгенде қазақтар жөнінде, оның зиялылары туралы мәлімет беріп, құйма құлағына алтын сырға тағып жіберген – сол Ежов. Әлгі «рыскұловщина», «мендешевщина», «сейфуллинщина», «сәдуақасовщина» тағы басқа «щиналарды» үйреткен де – сол жауыз... Голощекин қазақ зиялыларының арасында Тұрар Рысқұлов, Смағұл Сәдуақасов, Сұлтанбек Қожанов, Мансұр Ғатауллиннен жасқанатын. Осы азаматтардың тағдыры не болғаны жұртқа мәлім...» [167], – дейді.

– 1937–1945 жылдар аралығындағы саяси қуғын-сүргін Сталиннің «Социалистік құрылыс дамыған сайын ел ішіндегі тап күресі күшейе түседі» атты қағидасының негізінде жүзеге асырылды. 1936–1938 жылдары партия және мемлекеттік қайраткерлердің саяси соттары жүзеге асырылды. Олар «троцкизм», «терроризм», «антисоветизм», «буржуазиялық ұлтшылдық», «тыңшылық» айыптарымен тұтқындалды.

Саяси қуғын-сүргіннің идеялық негізі революция жеңіске жетті. «Социалистік қоғам нығайған сайын таптық күресті күшейту туралы» Лениннің ілімін Сталин жетілдіріп, өзіндік қолтаңбасымен жүзеге асырды. Сталин «дұшпан таптардың»/«бұрынғы адамдардың» қалдықтарын жою саясатымен шұғылданды. Саяси қуғын-сүргінді күшейту үшін нормативтік құқықтық база құрды, партия ұйымдарының қаулылары мен олардың негізінде төтенше заңдар қабылдатты. Ал заңдар иерархиясында Сталиннің сөзі, идеясы, тізімі мен жоспары бәрінен үстем тұрды. Сталиннің тізіміне енген тұтқындар сотқа дейін өлім жазасына кесіліп қойылды, содан кейін сот процесі мен үкімі орындалды. Қазақ халқының мемлекет қайраткерлері Әлихан Бөкейхан пен Тұрар Рысқұлов сталиндік тізімнің құрбандары еді [65].

Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ мемлекеттік қайраткерлер мен зиялылар қатарында әскери тұлғалар да болды. Мәскеуде басталған әскерилер

ісі Қазақстанда жалғасын тапты. Қазақтан шыққан әскери қызметкерлер террорлық әрекеттер жасауға ұмтылды, КСРО орталықтарында астыртын жау ұйымдарымен бірге ұйым құрып, Троцкий тапсырмасын орындамақшы болды деген тұжырым жасалды. Осының салдарынан Екінші Дүниежүзілік соғысқа дейін Кеңес Қарулы Күштерінің қатарында әртүрлі деңгейде қызмет атқарған Сейтқали Бейсембаев (Оңтүстік Қазақстан облыстық әскери комиссары), Ахмет Малдыбаев (Аякөз аудандық әскери комиссары), Рамазан Құрманғалиев, Шәміл Қаратаев (1937 жылы Орынборда әскери қызметте), Ахмет Майлыбаев (Қазақ ұлттық атты әскери полкінің комиссары) және басқалары саяси қуғын-сүргін құрбандарына айналды [66].

– 1946–1950 жылдары сталиндік саяси қуғын-сүргін тағы да зиялы қауым өкілдерінен басталды. Саяси қуғын-сүргін «буржуазияшыл», «ұлтшыл» және «космополиттермен күрес» ұранымен жүргізілді.

С.М. Хан мен В.С. Ханның [67] пайымдауынша, Сталиннің «халық жауларымен күрес» идеясы мінсіз күйде жүзеге асырылуы керек болды. Көсем есімін мәңгілікке қалдыру үшін социалистік құрылыстың «халық жауларымен» тұтас дәуір тұрғысынан қоғамның барлық саласында күрес жүргізуге тиіс еді. Революция мен социализм жауларын әшкерелеп, оларды қуғын-сүргінге ұшыратып, жойып жіберген сайын Сталиннің тарихта алар орны асқақтайды. Себебі Сталиннің есімі жаңа дәуірдің құрылумен тығыз байланыстырылуы керек және социалистік формация жеңіл жолмен жүзеге асырылмайды. Олай болмаған жағдайда, Сталин дәуір алыбына ұқсамай қалады және оның әрекеттерінің ауқымы үлкен болып көрінбей қалуы әбден мүмкін. Сондықтан бірнеше емес, мыңдаған, он мыңдаған, миллиондаған халық жаулары қоғамның барлық саласында, барлық әлеуметтік топта әшкереленуі керек.

Екіншіден, қазақ халқы Сталин дәуірінде ашаршылыққа ұшырады. Сталин, 1921 жылы түрік коммунистерінің жиналысында «орыс социализмінің» тарихы ондаған жылдарды қамтитынын, ал Шығыс халықтарында социализм практикалық революциялық күрес барысында және алдын ала теориялық даму сатысынан тыс пайда болғанын баяндайды. Сталиннің бұл тұжырымы революциялық үдеріске ұлттық сипат берді. Ленин, керісінше, большевизм алғашқы қадамдарынан ресейлік феноменге айналғанын көрсетті. Кейін, Сталиннің «түрік коммунизмі» туралы тұжырымы аумақтық партия ұйымына үлкен зиян келтірді. Қазақ аумақтық партия комитетінің бірінші хатшылығына тағайындалған Ф.И. Голощекин ең алдымен Сталиннің аталған «теориясын» басшылыққа алды. «Кіші Октябрь» идеясының авторы Ф.И. Голощекин Сталиннің эпигоны болып шықты. Оның «Ауылда таптық күрес жоқ», «Қазақ ауылында Кеңес үкіметі жоқ», «Ауылда Октябрь болған жоқ», «Қазақ ауылы Октябрь дауылынан құтылып кетті» және тағы басқа осы іспеттес сөздері Сталиннің «Түрік коммунизмі теориялық тұрғыдан дәрменсіз» деген тезисінің жалғасы еді [68].

Кеңестік саясат 1927 жылы кулак шаруашылықтарының қанау мүмкіндіктері мен ұмтылыстарын шектеу, оларды әкімшілік жолмен емес, экономикалық әдістермен белсенді түрде ығыстыру мақсатын көздеді. 1927–1928 жылдары орын алған астық дайындау дағдарысы жүріп жатқан

индустрияландыру үдерісіне қауіп төндірді. Астықты үкіметтің қолында шоғырландыру үшін шаруаларды колхоздарға біріктіру қарқынын жеделдету туралы шешім қабылданды. 1928-ші жыл «жаппай колхоз қозғалысы» жылы болып жарияланып, ұжымдастыру бағыты белгіленді.

Кеңестер қазақ халқының дәстүрлі көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтын, мал шаруашылығының экстенсивтілігін, материалдық-техникалық базасының төмендігін ескере отырып, ұжымдастыруды 1932 жылдың көктеміне дейін аяқтауды көздеді. Ол төрт кезеңді қамтыды: 1929 жылғы мамыр – 1930 жылғы наурыз – жеделдетілген ұжымдастыру науқаны, 1930 жылғы наурыз – 1932 жылғы тамыз – шегіну және әртүрлі колхоз үлгілерімен тәжірибе жасау, 1932 жылғы қыркүйек – 1934 жылғы қараша – ұжымдастырудың жаңа толқыны үшін ТОЗ-ды (товарищества по совместной обработке земли и косьбе) пайдалану, 1934 жылғы желтоқсан – 1938 жылғы желтоқсан – ТОЗ шаруашылықтарын қайта құру, оларды ауыл шаруашылығы артельдеріне айналдыру [69].

Дегенмен ұжымдастыру үдерісі барысында кеңестік билік тарапынан бірқатар қателік жіберілді:

- шаруалардың колхоздарға ерікті қосылу принципі бұзылды. Билікке бағынбаған шаруалар аяусыз қуғын-сүргінге ұшырады, қалғандары колхоз құрамына қосылуға мәжбүр болды;

- өндіріс құралдарын ортақтастыру кезінде өрескел құқық бұзушылықтарға жол берілді. Жеке шаруа қожалықтарының құралдары мемлекеттің меншігіне өткізілді. Бұл шаруалардың өз малын жаппай қырып-жою үдерісіне алып келді;

- Сталин/большевиктер партиясы орыс халқына жүргізген әлеуметтік алуантүрлі эксперименттер қазақ халқына қатар жүргізілді. Орыс кулактарын тап ретінде жою, шаруашылықтарды ұжымдастыру саясаты ешбір өзгеріссіз Қазақстанда да жүзеге асырылды. Күшпен ұжымдастыру қазақ халқын отырықшыландырудан басталды, себебі бұл уақытта қазақ көшпелі халық еді. Малынан айырылғысы келмеген халық әр жерде тоталитар саясаттың озбырлығына қарсы көтерілістер ұйымдастырды. Алайда көтерілісшілер жеңіліс тапты [70].

- күштеп ұжымдастырумен қатар астық дайындау науқаны белсенді түрде жалғасты. 1928 жылы шаруа қожалықтарынан астықты тінту, тұтқындау, сот арқылы бас бостандығынан айыру және ату жазасына кесу арқылы тәркілеу басталды. Тұқым қорымен қоса есептегенде барлық астық қоры колхоздардан алынды. Мал шаруашылығы аудандарына да астық тапсыру міндеттемесі жүктелді, ал оны орындау үшін қазақтар малды астыққа айырбастауға мәжбүр болды;

- ет пен жүнді кең көлемде дайындау науқаны жүргізіліп, малдың жаппай қырылуына тағы да алып келді. 1930 жылдың қыс айларында қосымша жүн алу туралы бұйрық түсіріледі. Жүні қырқылған уақ мал суықтан қырылды;

- 1928 жылдың 27 тамызында ірі жартылай феодалдардың мүлкін тәркілеу туралы декрет қабылданды. Науқанның негізгі соққысы ауқатты топтарға

түскенімен, назарға іліккен орта шаруалар мен кедейлер мүлкі де тәркіленіп жатты;

– 1930 жылдың қаңтар айында «Правда» газетінде кулактарды тап ретінде жою туралы ұран тасталды. Саяси бюро «Толық ұжымдастыру аймақтарындағы кулак шаруашылықтарын жою шаралары туралы» қаулы қабылдады. Қаулыда кулактардан құрал-жабдықтарды, малдарды, тұрғын үйлер мен шаруашылық құрылыстарды, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу кәсіпорындарын, тұқым қорларын тәркілеу бұйырылды;

– бай және ірі мал шаруашылықтарын экспроприациялау идеясы тоталитарлық мемлекеттің табиғатынан туындады. Бұл бай және ірі шаруашылықтардың мүлкін шектеуге және кейін оларды толық жою мақсатын көздеді. Басқаша айтқанда экономикалық зорлық-зомбылықты білдірді.

Жергілікті биліктің озбырлығына шағымданған шаруалар Сталин мен Калинин атына көптеген хаттар жолдады. Соның ішінде, Сталинге хат жазғандар қатарында қазақ зиялылары да бар еді. Бұл құжат тарихта «Бесеудің хаты» (04.07.1932 жыл) деп аталып кетті. Олар – Ғабит Мүсірепов (1902–1985), Емберген Алтынбеков (1904–1954), Мүтәш Дәулетқалиев (1904–1982), Мансұр Ғатауұлы (1903–1938) және Қадыр Қуанышев (1906–қайтыс болған жылы белгісіз) еді.

Хатта Қазақстанда мал шаруашылығының күйреуі ашаршылыққа алып келгені, бұл келеңсіздік жалғаса берсе, халықтың түгел қырылатыны ескертілді. Қазақ ауылындағы социалистік қайта құру халық қасіретіне айналып, барлық әлеуметтік топты – байлар, орташалар мен кедейлерді қамтығаны, күштеп ұжымдастыру мен отырықшыландыру, алым-салық жинаудағы қиянаттар, елде жаппай аштық пен індеттің етек алуы, тұрғындардың беті ауған жаққа жаппай көшуіне алып келгені айтылады. Алайда уақыт өте хатты жазған азаматтар жауапқа тартылды, қуғын-сүргінге ұшырады. Оның жазылуына түрткі болған Ораз Исаев жүйе қолымен атылды [169].

XX ғасырдың 30-жылдары сталиндік аграрлық саясаттың нәтижесінде КСРО астық дайындау өңірлерін – Украина, Солтүстік Кавказ, Төменгі және Орта Еділ бойы, Оңтүстік Орал және Қазақстан территорияларын ашаршылық жүрді. Шаруалар жаппай мекендерін тастап кетті. Қалаларға жаппай қоныс аудару үдерісі жүрді. Балаларын аштықтан құтқару үшін колхоз егістігінде масақ терген әйелдер, он мыңдаған адам жаппай тұтқындалды [67]. Басқа амалы қалмаған сталинизм ашаршылықты заңды және саналы түрде мойындады. Мәселен, 1932 жылғы 7 тамыздан бастап бір қоржын колхоз бидайын немесе бір түйір бидай масағын ұрлаған тұлға «ату жазасына» тартылды немесе он жылға лагерьлерге айдалды. Мұндай қылмыс түріне рақымшылық жасалмады. Әрине, бұл заңның авторы Сталин еді [170].

Қазақ халқы күштеп ұжымдастыру саясатының салдарынан тіршілік көзі болып саналатын алдындағы малынан айырылды; бір бөлігі жер ауып кетті; бір бөлігі отырықшылық өмір салтына дайын болмағандықтан жаппай ашаршылыққа ұшырады; салт-дәстүрінен айырылды; ғасырлар бойы өмір сүрген көшпелі өркениетін жоғалтты [171].

Зерттеушілер [172] ашаршылық жылдары Қазақстанда 1 млн. 750 мың адам немесе қазақ халқының 42 пайызы аштық пен оның салдарынан туындайтын іш сүзегі індетінің тікелей құрбаны болғанын айтады. Тірі қалған халықтың жартысы (1 млн. 30 мың адам) республикадан тыс жерлерге қоныс аударды. Кейін 414 мың. адам елге қайта оралған. Көші-қон үдерісінде 200 мыңға жуық адам Қытай, Моңғолия, Ауғанстан, Иран мен Түркия елдеріне ауып кеткен. Қазақ халқы сталинизм дәуірінде орасан зор халық шығынды ешқашан өтей алмасы анық. Сол кезеңдегі халық санына Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары демографиялық жарылыстың арқасында (шыңы 1962 жылы болды) араға отыз салып әрең жетті. «1932–1933 жылдардағы ашаршылық халықты демографиялық шығынға ұшыратып қана қойған жоқ, елдің рухани-мәдени, саяси-экономикалық жетілуін де ұзақ жылдарға артқа шегерді. Мысалы, қырғынға ұшыраған, басқа аймақтарға босып кеткен ұрпақ арасында қаншама өнер иелері, ғалымдар, саяси тұлғалар бар еді. Олар саяси-рухани сахнаға шығуы ықтимал еді, елімізді өркендететін, өркендеуімізде, кемелденуімізде шешуші ықпал ететін қаншама таланттар өз мүмкіндіктерін аша алмай, елі үшін атқарар қызметін орындай алмай кетті» [223].

Ж.Б. Абылхожин [71] Сталин режимінің күйрету акцияларының қатарында көшпелілерді/қазақ халқын шаруашылық пен тұрмыстың «отырықшы» өмір салтына көшіру жатқанын пайымдайды. Отырықшылық идеологиясы – ауылды жаппай ұжымдастыру перспективаларымен, шаруашылық және мәдени қызмет түрлерін радикал түрде ауыстырумен байланысты еді. Режим тарапынан көшпелілердің әлеуметтік, экономикалық және мәдени құрылымдары индустриал қоғамның идеяларына, өндіріс пен пайданың рационал экономикалық логикасына, өркениет пен мәдениет императивтеріне қайшы, архаикалық, артта қалған және аномал құбылыс ретінде қарастырылды. Алайда көшпелілердің дәстүрлі экономикалық мотивациясы олардың өз биологиялық және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталды және бұл дәстүрлі қоғам үшін ұтымды болып көрінді. Осы ретте халқымыздың басынан өткен алапат нәубет жайлы сөз қозғаған Берік Аташ пен Әсет Құранбек «Қазақ ұлты қайсыбір пікірлерде айтылатындай, ауызбірлігі жоқ, рушылдық жайлаған, әлі ұлт болып қалыптаспаған, сайын далада көшіп жүрген ел болса, бүгінгімізге дейін өзіндік болмыс-бітімін сақтап қалмас та еді. Халқымыздың тарихи эволюциясындағы осындай бір сын сәт Кеңес үкіметі тұсындағы ашаршылық жылдары болатын. Миллиондаған адам аштықтың зардабын тартқан бұл алапат қайғы, әлемдік деңгейдегі трагедиялардың бірі. Зұлмат жылдардағы «қолдан жасалған» деп баға берілген геноцид ешқандай соғыссыз-ақ, бейбіт заманда миллиондардың қырғынына алып келді. Босқан халықты, аштан өлген елді көзбен көру халықты психологиялық тұрғыдан да депрессиялық күйзелістерге ұшыратты. Соңғы жылдары осы трагедияны көрсеткен «Жат», «Бір уыс бидай» сынды фильмдер түсірілді, ондағы жантүршігерлік оқиғалар мен азап шегулер «зар замандық», «тар замандық» ащы тағдыр тауқыметін сипаттайды. Бұл тарихтан алынған мотив немесе әртүрлі көркемдеуші қиялдың жемісі ғана емес, мұрағат материалдары мен деректерге сүйенген ұлттың ғұмыры, о дүниелік

болған ата-бабаларымыздың рухының өкініші мен «аруақтардың зарлы үні», тұтас «ұлттық Меннің жан айқайы», – деп ой байыптайды [223].

XX ғасырдың 20-30-шы жылдары көшпелілер сталинизмнің астық өндірісін кеңейтумен байланысты индустриал даму логикасы мен оның қарқынына өздерінің нақты өндіріс әдісімен қайшы келді деп болжам жасауға негіздер бар. Қайшылықтың нәтижесі егістік радиусында көшпелілердің шаруашылық пен тұрмыстың отырықшы түрлеріне күштеп және жаппай көшуінен көрінді, малшылар тез арада егіншілерге және отырықшы мал шаруашылықтарына айналдырылды. Мұның нәтижесінде біріншіден, астық дайындау үшін жаңа жерлерді (жайылымдар) босату көзделді; екіншіден, босатылған жерлерді кешегі малшылар қатарымен шаруашылық жүргізу субъектілері ретінде қамтамасыз ету (еңбек ресурстары жеткіліксіз болған жерлерде иммигранттар есебінен толықтыру) көзделді.

Үшіншіден, күштеп немесе мәжбүрлі жер аудару саясаты. Сталин дәуірінде қырықтан астам ұлт өкілдері күштеп немесе мәжбүрлі түрде жер аударылды. Олардың көбісі туған мекенінен толығымен көшірілді және кеңестер империясының шалғай және халық аз қоныстанған жерлеріне, әсіресе Қазақстан, Өзбекістан, Сібір территорияларына жеткізілді. 1930–1950 жылдары 3,5 миллионға жуық адам тарихи мекендерін тастауға мәжбүр болды:

– 1935 және 1937 жылдары Қиыр Шығыс корейлері ұлттық белгілері бойынша қуғынға ұшырап, Қазақстан және Орта Азия территорияларына жеткізілді.

1937 жылы корейлерді Қиыр Шығыстан күштеп жер аударудың себептері екі жақты қарастырылады: біріншіден, корейлерді оқшауланған феномен ретінде жер аудару, екіншіден, сталинизм феноменінің жер аудару саясатына негізделді. Заманында бірінші себеп ресми мойындалды. Оның екі негізі бар: біріншіден, корейлердің Жапонияның пайдасына барлау қызметіне қатысуы немесе қатысу мүмкіндігі. Бұған КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен Бүкілодақтық Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің 1937 жылғы 21 тамыздағы №1428-326 өк қаулысы негіз болды; екіншіден, Орта Азия мен Қазақстанның елсіз жерлерін игеру және осы аумақтардағы күріш егіс көлемін кеңейту қажеттілігі болды.

Дегенмен С.М. Хан мен В.С. Хан [67] корейлерді күштеп жер аударудың себебіне сталинизм тарихи феноменінің өзі «жеткілікті негіз» болып саналатынын айтады. Себебі сталинизм феноменіне дейін «жапондық» фактор мен корейлердің өндірістік жетістіктері тұтас бір халықты жер аударудың маңызды себебі ретінде қарастырылмады. Корейлерді күштеп жер аудару алғышарттарын ұғыну үшін сталинизм феноменін «жүйе», саясат», «психология», «идеология» ретінде түсіну керек. Сталин билікке келісімен волюнтаризм мен авторитаризм саясатын жүргізді, мемлекетті басқару жүйесі шектен тыс орталықтандырылды, әкімшілік озбырлық орнатылды, партиялық және кеңестік аппарат тазартылды, төтенше шараларды айқындап, оны әсірелеу түрінде дамытты. Бұл қоғамдық және экономикалық үдерістерге жүйелі түрде әсер етті. Сталин үшін барлық қиындықтар партия мен социализм жауларының ісі ретінде мойындалды. Сталиннің «Біздің ішкі жауларымыз бар. Біздің

сыртқы жауларымыз бар. Мұны бір минутқа да ұмытпау керек» сияқты кесімді пікірі қоғамның барлық саласына сіңді.

- 1936 жылы ақпан айында Украина территориясынан Қазақстанға немістер мен поляктар көшірілді;

- 1937–1938 жылдары Әзірбайжан мен Армениядан күрдтер, армяндар, түріктер, ассириялықтар, ирандықтар және басқа да түрлі этностар Қазақстан территориясына жер аударылды;

- Гитлерлік Германия бастаған соғыс кеңестік немістердің болашағына мейлінше нұқсан келтірді. Немістер фашистік басқыншылар тарапынан жинақталған барлық өшпенділікті өз мойнына алуға мәжбүр болды. 1941 жылғы 26 тамыздағы «Еділ бойын мекендеген немістерді қоныстандыру туралы» Жарлық қабылданды. Жарлықта Еділ немістері тұрып жатқан аумақта Германияның белгі беруімен, диверсия бастауға дайын он мыңдаған диверсант пен тыңшы бар екендігі айтылған [173];

- 1944 жылдың наурыз айында Қабардин-Балқар АКСР балқарлары Қазақстан және Қырғызстан территорияларына қоныс аударылды. Ақпан-наурыз айларында Қазақ және Қырғыз территорияларына тұрақты тұруға Солтүстік Кавказдан шешендер мен ингуштар, қарашайлар, балқарлар жер аударылды. Қараша айында «шекара қауіпсіздігін нығайту мақсатында» түрік ұлтының өкілдері Қазақстан мен Орта Азияға күштеп жер аударылды;

1957 жылға дейін қуғын-сүргінге ұшыраған халықтар арнайы режимде күн кешті және оларға арнайы контингенттер мен арнайы қоныстанушылар деген ресми айдар таңылды. Еңбек армиясы ретінде физикалық ауыр еңбекке пайдаланылды [72]. Ал Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін (1948 жылдың қараша айы) арнайы қоныстарда тұру тәртібі бұрынғыдан да қатаңдатылды, немістер, қарашайлар, шешендер, ингуштар, балқарлар, қалмақтар, қырымдық бұлғарлар, қырымдық армяндар, түріктер, күрдтер, гемиштер мәңгілікке жер аударылды.

Жер аудару шарттары қиын болды. Күшпен қоныс аударушылар арасында адам шығыны көп болды. Қоныстанушылар жүк вагондарына тиеліп, тасымалданды, су, азық-түлік берілмеді. Сөйтіп межелі жерге жеткенше-ақ қынадай қырылды. Жаңа қоныста топтарға бөлініп, арнайы режим жағдайында тұру үшін шалғай аудандарға таратылды. Көрші елді-мекенде тұратын туыстарына баруға, қонысын тастап кетуге мүлде тыйым салынды.

Күштеп жер аударылған халықтардың бірқатары ел ретінде картадан жойылды. Кеңес халықтарының тізімінен сызылып тасталды және олардың атын атауға тыйым салынды. Жазу мәдениеті айналымнан шығарылды және ана тілінде сөйлеуге тыйым салынды. Мемлекеттік қызмет атқару, өзгелерге қолжетімді игіліктер мен мүмкіндіктерді пайдалануға құқықтары болмады. Олардың есімдерін баспасөз беттерінде атауға тыйым салынды. Статистикалық жинақтар, оқулықтар, анықтамалықтар, энциклопедиялар, тіпті тарих бетінен алынып тасталды.

Күштеп немесе мәжбүрлі жер аудару мен заңсыздықтар сталиндік басшылық тарапынан революция, партия, халық атынан жасалды. Қуғын-сүргінге ұшыраған халықтарға мемлекетке опасыздық және басқа да қарсы

қылмыстар жасады деген айыптар тағылды. Мәселен, қуғын-сүргінге ұшыраған халықтарға Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде неміс басқыншыларымен ынтымақтасты деп ашық айып тағылды. Ұжымдық күнәнің мұндай формасына басқалай ешқандай түсініктеме берілмеді және дәлелдер жүйесінің қисыны болмады. Т.С. Кульбаева мұны Сталиннің қандайда бір «бесінші колоннадан» параноидтық қорқынышы болуы мүмкін екенін айтады. Себебі «бесінші колонна» капиталистік державалардың қолдауы арқылы кеңестер мемлекетінің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін еді [72].

«Халық жаулары» мен «сенімсіздер» бұрынғы революционерлер, партиялық және мемлекеттік аппарат қызметкерлері, ғылыми-техникалық және шығармашыл зиялылар, әскерилер, жұмысшылар мен шаруалар сияқты барлық әлеуметтік топ арасынан көптеп табылғандықтан, үрдіс этникалық топтар мен ұлттар арасында да орын алуы керек болды. Қуғын-сүргін объектісі ретінде шағын ұлттардың таңдалып алынуы кездейсоқ емес еді. Сталин Ұлттар істері жөніндегі халық комиссары қызметін атқарған уақытта бұл халықтардың ұмтылысы мен мүддесі өзіне жат болғанын көрсетті. Кейін Сталиннің ұстанымдары тұтасымен үлкен саясатқа айналды. Бұл саясатта шағын этностар/ұлттар «көсем» мен оның төңірегіндегілердің волонтаристік айла-шарғысының объектісіне айналды. Шағын этностар/ұлттарға қатысты кез келген шараны қолдануға рұқсат етілді. Олар күштеп жер аударылды. «Сенімсіз» этностар/ұлттардың арнайы төлқұжат режимі құрылды. Бүтін бір ұлттық облыстар, ұлттық мектептер, институттар, газет-журналдар көсем қаламының ұшымен жойылды. Олардың ана тілін ұмыттыру үшін барлық шара қолға алынды. Табиғи және мәдени мекендеу орталары жойылды. Себебі сталинизм машинасы «халық жаулары» мен «сенімсіздердің» ұмтылыстары, мүдделері мен құқықтары туралы ойлана алмады.

Қуғын-сүргін машинасын тоқтатпау, оның ауқымды сипатын ақтау, Сталиннің толық террор саясатының дұрыстығын одан әрі растау үшін «халық жауларын», «қасақана бүлдірушілерді», «сенімсіздерді», «күдіктелерді» көптеп табу қажет еді. Ал қуғын-сүргін саясатының себептері мен табиғаты рационал талдауға келмеді. Бұл формула қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтарды жер аудару аймақтарына – шығыстан оңтүстікке, оңтүстіктен солтүстікке, батыстан шығысқа жер аудару саясатына да қатысты болды. Қуғын-сүргін мен жер аудару машинасы иррационал сипат алған сайын сталинизм жүйе ретінде әмбебап қорқыныш, индивидуализмге үстемдік ету, сананы деформациялау, жүйе талаптарына сөзсіз мойынсұну сияқты мақсаттарына соғұрлым тиімді қол жеткізді [67].

Сталиндік күштеп немесе мәжбүрлеп жер аудару – мемлекет және шетел азаматтарына қатысты күштеу немесе мәжбүрлеу арқылы жүзеге асырылған саяси қуғын-сүргін нысандарының бірі. Қуғын-сүргін шаралары ретінде сталиндік жер аудару саясатының бірнеше сипатын атап өтуге болады [73]:

- 1) жер аудару соттан тыс, әкімшілік шешімнің негізінде жүргізілді;
- 2) жер аударудың тізімі немесе шартты сипаты болды, себебі үдеріс белгілі бір шарттарға сай келетін тұтас топқа, соның ішінде тұтас бір халыққа бағытталды;

3) жер аудару туралы шешімдерді негізінен «ОГПУ-НКВД-КГБ» бастамасымен орталық органдар қабылдады;

4) жер аударылған топ немесе халық өздерінің қалыптасқан қоныстарынан ығыстырылып, жаңа, әдеттен тыс және олардың өмір сүруіне қауіп төндіретін қонысқа орналастырылды.

Сталин болмысы. Иосиф Виссарионович болмысы туралы айту және сталинизм феноменін талқылау оның қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай басталды. Н.С. Хрущев КОКП XX съезрінде Сталиннің жеке басына табынудың салдары туралы құпия баяндама жасады.

Сталин болмысы мен қызметі туралы талдау қарама-қайшы әртүрлі қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

– Сталин Октябрь революциясы қарсаңында империядағы жалпытүркілік және жалпымұсылмандық қозғалыстар арасындағы қазақ азаттық қозғалысының әлеуетінен хабардар болды. Қазақ зиялылары арасында қабілетті басшыларды тежеп ұстауға және аса ықпалды тұлғаларды елдегі саяси билікке жібермеуге ерекше назар аударды [74]; Сталин біріншіден, ұлттық кадрларға сенбеді, олардың ізіне түсті; екіншіден, әртүрлі көзқарастарды талқылаудан аулақ болды, ұстанымы өз «Менінен» аспады; үшіншіден, ұлттық кадрлармен күрес оның бірден-бір қаруына айналды [68];

– Сталин – кеңес үкіметінің ұлт істері саясатының архитекторы, оның теориялық негіздері мен практикалық мазмұнын анықтаушы [74]; тоталитар теорияны жүзеге асырған практик [167]; диктатор, қазақ халқын қырғынға ұшыратқан тұлға [174];

– Сталин/Большевиктер партиясының индустрияландыру саясатының нәтижесінде Қазақстан кеңестер империясы үшін шикізат көзіне айналды; Сталин және оның әкімшілігі қазақ халқына саяси қуғын-сүргін ұйымдастырды, экономикалық реформаларды, коммунистік идеологияны күштеп таңды; Сталин – паранойя ауруымен ауырды. Төңірегіндегілердің бәрі оған жау болып көрінді; Сталин Ленинді дәрілеп, қатырып қойды. Осы психология тұрғысынан өзін мәңгілік санады, өлмеймін деп ойлады; Сталин – діни гимназияны тәмамдағанына қарамастан, атеизм саясатын жүргізді [70];

– Сталин тоталитар биліктің «Еңбекпен түзеу лагерьлері мен жер аударылғандар қоныстарының және қамау орындарының Бас басқармасының» (ГУЛАГ) іргесін қалады. XX ғасырдың 30-жылдарының аяғында ГУЛАГ – 53 лагерьден, 425 еңбекпен түзеу колониясы мен жасөспірімдерге арналған 50 колониядан және 90 «сәбилер үйінен» тұрды. 1948 жылы Қазақстан мен Орта Азия территориясында 33 лагерь қызмет етті;

– Сталин үздіксіз саяси қуғын-сүргінді ұйымдастырды, қазақ зиялыларының көп бөлігін жойып жіберді, аман қалғандарының бойына үрей, жағымпаздық, сатқындық сияқты әдеттерді сіңірді [175];

– Сталин Қазақстанда 1931–1933 жылдары орын алған аштықтың туындауына себепші тұлға. Қазақ халқының жартысынан астамы қырылды. Мұның зардабын қазақ халқы әлі күнге дейін көріп келеді [175]; «Ашаршылықтың зардабы мен салдарынан әлі де арыла алмадық. Ұлттық мінезіміздегі кейбір жағымсыз сипаттар: көреалмаушылық, қызғаншақтық,

ашкөздік, қанағатсыздық, сатқындық, үрейлену генетикалық сабақтастық арқылы бейсаналық тұрғыдан құрылымданып, кейіннен де сақталып қалып, бүгін де бойымызда бары жасырын емес. 1932-1933 жылдардағы ашаршылық халықты демографиялық шығынға ұшыратып қана қойған жоқ, елдің рухани-мәдени, саяси-экономикалық жетілуін де ұзақ жылдарға артқа шегерді. Ашаршылық саясаты Мендік ұлттық рухы жасыған халықты одан әрі отарлауға мүмкіндік берді. Кеңес үкіметі тұсында Қазақстанда ядролық полигон аймақтарының ашылуы, Байқоңыр айлағының салынуы, тың игеру, Екінші дүниежүзілік соғысы жылдарындағы басқа халықтарды елімізге миграциялау (Қазақстанды халықтар достығының эксперименттік зертханасына айналдыру), кемелденген социализмге аяқ басып бара жатқанымызға ерікті-еріксіз түрде сендіру, ұлттық кодты коммунизмдендіру үрей мен үміт билеген қоғамдық сананы орнықтырумен жалғасты» [223].

– Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Сталин кемеңгер қолбасшы болмады. Сталин «№227 бұйрықтың» мазмұнына ұқсайтын қатал шешімдер мен қанды тәжірибелер нәтижесінде әскери өнердің қыры мен сырын меңгерген жетекші. Қызыл әскердің майдан алаңындағы алғашқы ірі жеңілістері Сталин тактикасының сауатсыздығынан хабар береді. Мәселен, Екінші дүниежүзілік соғыста КСРО тарапынан қаза болған адам шығыны көптеген жыл белгісіз болып келді. Сталин уақытында 7 млн., Хрущев уақытында 20 млн. адам қаза тапты деп жарияланды. 1988 жылы арнайы комиссия жұмысының нәтижесінде Екінші дүниежүзілік соғысында КСРО тарапынан 28 млн. адам қаза тапқаны белгілі болды [176];

– Сталин жүйесінің ерте ме, кеш пе номадизм кешенінің жойылуына алып келетін стратегиялық мақсаттары болды. Стратегиялар қатарында көшпелілердің әлеуметтік және мәдени өркендеуін арттыру мотивтері басымдыққа ие болмады. Шынында социализмді құрудың сталиндік тұжырымдамасы адам категориясын басымдық ретінде қабылдады [71];

– сталиндік модернизациялау саясат тұрғысынан халықты жаппай қуғын-сүргінге ұшырату, еңбекке күштеп тарту жағдайында ғана жүзеге асуы мүмкін еді. Себебі Сталин дәуірінде мемлекеттің еңбек қуаты мен өнімділігі өз дәрежесінде болмады [177];

– Сталин дәуірінде қазақ халқы бірқатар оң нәтижелерге қол жеткізді: 1) Екінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жетті, фашизмді талқандады; 2) экономиканы көтеру үшін мемлекеттік жоспар құрды, өндірістік салада теңдік орнатуды ғылыми негіздеді; 3) халықтың сауатын ашу және білім беруде тиімді саясат жүргізді; 4) ғылым өркендеді және ғалымдарға әлеуметтік жағдай жасады; 5) Сталин – байлыққа қызықпаған адам, ол өлгенде аяғына кигізетін жаңа аяқ киімі болмаған көрінеді [178–179];

– Сталин Қазақстанда «Семей ядролық сынақ полигонын» салдыртты. 40 жыл бойы полигон қазақ халқының қасіретіне айналды [175].

Сталинизм:

– Сталинизм – сталиндік режимнің атауы. Сталинизм/социалистік мемлекет – еңбекшілердің демократиялық мемлекеті емес, тоталитарлық режимге еріксіз бағындырылған құқықсыз еңбекшілер колониясы. Сталинизм

дәуірінде біріншіден, социалистік мемлекетте билік еңбекші бұқараның қолында болуға тиіс еді. Мемлекетте керісінше бір партиялық билік үстемдік етті, бұл саяси басқару жүйесінің бір адамның қолына шоғырлануына, саяси тоталитаризмге алып келді; екіншіден, барлық меншік мемлекеттің қолына шоғырландырылды. Меншіктің мемлекет қолына шоғырлануына байланысты экономиканың объектив заңдары әрекет етпей қалды; үшіншіден, сталинизм үшін коммунистік партияның қаулысы азаматтық заңдардан жоғары тұрды. Бұл жағдай қоғамда саяси қуғын-сүргінге жол ашты; төртіншіден, еңбекші адам бостандығы мен ұлт еркіндігі идеясы сөз жүзінде қалды. Кеңес империясы – жаңа орыс империясы болды; бесіншіден, сталинизм – сөз, баспасөз, сенім бостандығына жаппай тыйым салды [180];

– Сталинизм дәуірінің басты культі Иосиф Джугашвили сияқты рухани қасірет пен моральдық ергежейлілерді саяси тұғырға көтерген «кішкентай адам культі». Сталинизм – халықты ашаршылыққа ұшырату, лагерьлерге айдау, жаппай жазалау шаралары. Сталинизм – бір идея үшін бүкіл адамзатты жоққа шығару. Сталинизм – өз тағдыры үшін жауапкершілікті өз мойнына ала алмайтын құлдық сана. Сталинизм – бұл шизофрения. Сталинизм мен фашизм тең ұғымдар [181];

– Сталин бонапартизм терминіне мынадай анықтама берді: Бонапартизм – көпшіліктің өзіне азшылықты күшпен бағындыруға ұмтылуы. Бонапартизм – партиядағы немесе мемлекеттегі көпшілікке күш қолдану арқылы азшылықтың билікті басып алуы. Шынында, сталинизм бонапартизмнің классикалық үлгісі ретінде дамыды [68];

– Сталинизм ешбір объектив алғышартсыз бір актімен көшпелілерді отырықшы өмір салтына көшіруді қоғамдық прогресс деп санады. Бұл ұғымда жүйе ескі стратегияларды бұзатын кез келген катаклизмдер қоғамдық тұрғыдан пайдалы екеніне сенім білдірді [71].

– Сталинизм абстрактілі гуманизм идеясын жамылып, халықтың еркіне мән бермеді. Қазақ халқының дүниетанымы мен өмір сүру салтына назар аудармай империялық және ұлы державалық амбициялары мен ұмтылыстарын іске асырды. Сталинизм жүзеге асырған волюнтаризм қазақ халқын ауыр зардаптарға алып келді [71];

– Сталинизм – фатал құбылыстарға толы, себебі қоғамды басқаруда мобилизациялық-әкімшілік және волюнтаристік-күш қолдану әдістерінің табиғаты стихиялы. Мұнда экономикалық құралдар саяси-идеологиялық құралдар императивтеріне қарсы қойылады, құқықтық нормалар мен адам категориясын аяққа таптау үрдісі әрқашан басымдықта болады. «Қателіктер мен асыра сілтеулер» – қоғамды ұйымдастырудың сталиндік үлгісінің объектив логикасын білдірді [71];

– Сталинизм дәуірі артта қалғанымен, қазақ халқының жадында оның іздері «32» және «37» сандарымен бейнеленіп қалды. Сталинизм дәуіріндегі аштық пен қуғын-сүргінді ақтауға болмайды. Себебі адам өмірінен жоғары ештеңе жоқ. [168];

– сталинизм ескішілдік пен жаңашылдық күресінің заңдылығы [182].

«Сталинизм: қуғын-сүргінді Қазақстан» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция қатысушылары [183] қазақ халқының сталиндік кезеңінде орын алған ұлттық трагедияларды тізбектей келе зерттеу жұмыстарын одан әрі жалғастырудың маңызды екенін атайды:

- сталинизм тарихын зерттеу Қазақстан және КСРО құрамында болған посткеңестік мемлекеттердің тарихын терең түсіну үшін маңызды;

- сталинизм феноменін зерттеу ғылымның әртүрлі салаларында жұмыс істейтін ғалымдардың күш-жігерін біріктіруді және халықаралық ғылыми ынтымақтастықты нығайтуды талап етеді;

- сталинизмді зерттеу мұрағат құжаттарына қолжетімділікті кеңейтуді, құжаттарды құпиясыздандыру үдерісін күшейтуді және осы саладағы заңнаманы қатаң сақтауды талап етеді;

- сталинизм тарихын объектив зерттеу ғылыми зерттеулер мен тарихи дереккөздерді жариялау үшін жаңа жобаларды қолға алуды қажет етеді;

- сталинизм тарихын зерделеу куәгерлері азайып бара жатқан дәуір туралы естеліктер, деректер және басқа да мәліметтерді жинауға күш салуды талап етеді;

- Қазақстанның әдебиеті мен өнері біздің санамыз бен жүрегімізде әлі күнге жаңғырып тұрған сталинизм мұраларын жоюға көркемдік құралдар арқылы үлес қосуы керек.

Сталинизм туралы қисынды тарихи жадты қалыптастыру үшін мыналар қажет:

- орталық және аймақтық тарихи-өлкетану мұражайларында жекелеген музей көрмелерін, жалпыұлттық мемориал кешенін құру;

- ағартушылық қызметін кеңейту мақсатында кітаптар шығару, ашық дәрістер өткізу, деректі фильмдер, мультимедиялық материалдар жасау;

- орта және жоғары оқу орындарында тарих, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар салаларындағы оқу құралдары мен оқу қызметін сталинизм туралы ғылыми білімнің қазіргі нәтижелеріне сәйкестендіру;

- жазықсыз қуғын-сүргінге ұшыраған адамдар мен апаршылық құрбандары жерленген жерлерді анықтау, ол жерлерге ескерткіш белгілер қою;

- Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні қарсаңында (31 мамыр) мешіттерде (жұма күні), шіркеулерде еске алу шараларын, ал білім беру ұйымдарында ашық сабақтар өткізу.

Сталинизм дәуіріндегі мәдениет. 1925 жылы 29 мамырда Сталиннің қолы қойылған хат Мәскеу қаласынан Алматы қаласына жол тартады. Қаһарлы хаттың жазылуына «Ақ жол» газеті ресми түрде себеп болды.

Сталин «Ақ жол» газетімен танысады. Газет араб графикасы негізінде басылып шыққанына назар аударады. Сталинизм авторының көңілінен мұндай өрескел лингвистикалық қателік шықпайды. Жүйенің жергілікті өкілдеріне тексеруге ықтияр білдіреді. Тексерістің қаншалықты керек екеніне ешкімнің шаруасы болмады. Ең бастысы, жүйе көсемі өзінің «Менін» асқақтату үшін, өзгелерден өзінің биік тұратынын, тілдер табиғатын тани алатын жалғыз өзі екенін танытады.

Сталин және сталинизм ұлттық басылымдардың шын мәніне үңілмей, жергілікті жағдайды білмей, өзіне тән қаталдығымен «Ақ жол» газетінің сыни мәлімдемелерін айыптады. Газет бетінде жарияланған сын-пікірлерге «Кеңестер елінде орын болмауы керек» еді. Көп кешікпей 1925 жылдың оныншы маусымында облыстық партия комитеті бюросының «Ақ жол» газетінің тағдыры туралы шешімі шықты. Сталиннің басшылық және сөзсіз орындау туралы нұсқаулығын қабыл алған моральдық икемді партия мүшелері «Ақ жол» газетін жапты. «Ақ жол» – XX ғасыр басындағы Қазақстан тарихы мен мәдениетін зерттеудің маңызды дереккөзі ретінде белгісіз мерзімге консервацияланды және зерттеушілердің объектісі ретінде қолжетімділіктен алынып тасталды [184-185].

Сталин аталған хатында: «Мен партияда жоқ зиялыларды кеңестік құрылыс жұмысына тартуды толығымен қолдаймын. Екіншілік халық комиссариаты, Халық шаруашылығы кеңесі, кооперация және басқа да шаруашылық органдары бұл адамдарды бірте-бірте кеңес адамына айналдырып, барынша пайдалануы керек. Қырғыз мәдениетін өркендету жұмыстарына партияда жоқ зиялылардың тартылуын да қолдаймын. Бұл кісілерді мәдениет саласында пайдаланудың негізгі саласы қырғыз тілінде оқулықтар құрастыру. Бірақ мен партияда жоқ зиялылардың саяси және идеологиялық майдандағы күреске қатысуына үзілді-кесілді қарсымын. Мен партияда жоқ зиялылардың қырғыз жастарына саяси-идеологиялық тәрбие беруіне қарсымын. Жастарға саяси-идеологиялық тәрбие беруді буржуазиялық, партияда жоқ зиялыларға тапсыру үшін билікті өз қолымызға алған жоқпыз. Бұл майдан толығымен және коммунистердің қолында қалдырылуы керек» [184], – деп жазды.

Хаттың мазмұны қазақ зиялыларын жазалау шараларының алғышарттарынан хабар береді. Сталинизм партияда жоқ қазақ зиялыларына сенім артпады. Алайда социализм құрылысының іргесін қазақ зиялыларының қабілеті мен дағдыларының көмегіңсіз қалай да алмады. Сондықтан Сталин қазақ зиялыларын жоқтың орнын уақытша толтыру және оларды прагматикалық тұрғыдан пайдалану мақсатын көздеді.

Сталин дәуірінде ұлттық мәдениет саласындағы мемлекеттік саясаттың мәні мен бағыты «социалистік мазмұн, ұлттық форма» формуласымен айқындалды. Формуланың авторы – Сталин еді. Сталин мәдениет саласындағы партиялық-мемлекеттік саясатты халықты интернационализм рухында тәрбиелеу, пролетариат диктатурасын нығайту мақсатын көздейтін «мазмұны жағынан социалистік, формасы жағынан ұлттық мәдениет құру» керек екенін белгіледі. Формула мәдениет, ғылым, өнер салаларының өкілдеріне мемлекет тарапынан заңдастырылған әдістемелік нұсқау ретінде ондаған жылдар бойы бағдар қызметін атқарды.

Партия және қуғын-сүргін органдары өнер зиялыларын қадағалауды өз мойнына алды. Социалистік реализмді қабыл алған жазушылар мен суретшілер шығармашылық еркіндіктің орнына саяжайлар, пәтерлер, шеберханалар сияқты жомарт сыйлықтарға ие болды. XX ғасырдың 30-жылдары мәдениет қайраткерлері кеңестік қоғам құрылымындағы әлеуметтік артықшылыққа ие,

жоғары жалақы алатын топтардың біріне айналады. Партия олардың бірлескен авторы, көмекшісі, ең зейінді көрермені, оқырманы, тыңдаушысы және сын-пікір білдірушісі болды.

1928–1929 жылдары Қазақстанда реформаланған араб әліпбиін қорғаушылар қуғын-сүргінге ұшырады. «Лениндік ұлт саясатының құралы» деп жарияланған жазуды латын әліпбиіне көшіру «түріктер арасындағы мәдени төңкерістің басы» ретінде танылды. Р. Бегалиевтің пікірінше, XX ғасырдың басында мұсылман халықтар араб әліпбиін пайдаланды. Сталин қазақ халқын ислам әлемінен ажырату үшін латын әліпбиіне ауыстырды. 1926 жылы Қазақстанда араб әліпбиінен латын әліпбиіне көшу жиырма күнде жүзеге асырылды. Латын әліпбиінен кириллица әліпбиіне көшіру 1937–1940 жылдар аралығында жүзеге асты [186].

1940–1950 жылдары ғылым мен мәдениетті идеологияландыру күшейе түсті. Сталин дәуірінде шығармашылық атмосфераны жақсарту, буржуазиялық ықпалдан, формализм мен космополитизмнен тазарту желеуімен республиканың көптеген ғалымы өткір сынға ұшырады. Шығармашылық зиялы қауым белсенділері мен идеология қызметкерлерінің жиналыстарында ғалымдарға «саяси қасіретті кітап», «саяси қате сөз» сияқты саяси айыптар тағылды. Сенімсіздік пен тыңшылық кең етек алған жағдайда арандатушылардың әшкерелеу және арам пиғылды сөздерінің кесірінен адал ғалымдар зардап шекті. Баспасөз беттері «империалистер біздің елге жіберуге тырысып жатқан агенттердің, тыңшылардың, диверсанттардың әрекеттерін» назардан тыс қалдырмауға шақырды. Көркем шығармашылықтағы саяси цензураның күшеюі партияның әдебиет пен өнер мәселелеріне арналған көптеген қаулысында айқын көрінді. Онда мәдениет қайраткерлері – композиторлар, драматургтер, кино және театр қызметкерлеріне қатысты негізсіз айыптаулар мазмұндалды. Мысалы, Екінші Дүниежүзілік соғыс басталған жылдары Сталин елді қорғау мақсатында Кутузов, Невский, Суворов сияқты тарихи тұлғалардың ерлік үлгісі мен дәстүріне шақырды. Қазақстан сияқты ұлттық республикада А. Иманов, Кенесары, Абылай сияқты тарихи тұлғаларды мақтан ету арқылы отансүйгіштік, елді қорғау, батырлыққа шақыру дәстүрге айналды. Алайда жау талқандалған соң, аталған мәдениет саласындағы саясат күрт өзгерді. 1943 жылы жарық көрген «Қазақстан тарихы» сынға алынды. Мұның соңы Е. Бекмаханов, Б. Сүлейменов сияқты қазақ тарихшылары мен басқа да ғылым салаларының өкілдерін қудалауға алып келді [66].

Қазақстан Коммунистік Партиясы 1948 жылғы пленумында қазақ әдебиеті мен театр өнерін дамыту мәселелері арнайы қаралды. Пленум ауылдағы таптық күрестің «жеткіліксіз қамтылуын», жекелеген хандар мен реакцияшыл ақындардың қызметін асқақтатуды атап өтті. Қазақ совет әдебиетінің дамуы мен социалистік реализм идеалдарының орнығуына байланысты мәселелердің нашар дамығаны аталды. Пленум [187]:

– республиканың әдебиет пен өнер қайраткерлерін қазіргі кеңестік тақырыптарға мейлінше батыл бет бұруды;

– большевиктік принцип пен партияшылдық рухымен толыққан көркемдігі жоғары туындылар жасауды;

– әдебиет шығармаларында орыс халқының қазақ халқының өмірі мен қызметіндегі зор рөлін көрсетуді күшейтуді;

– театр репертуарын жақсарту, барлық қойылымдардың идеялық-мәдени деңгейін көтеруді;

– қазақ халқының вокалдық-хор орындауға арналған жаңа кеңестік әндерін, қазақ халық аспаптарына арналған музыкаларды, симфониялық музыканы, сонаталарды, триоларға, квартеттерге арналған музыкаларды жасауға қол жеткізуді;

– республика баспаларының жұмысын күшейтуді;

– кино қызметі (қазақ тіліне дубляждалған кеңестік кинематографияның үздік туындыларын шығаруды ұлғайту);

– мәдени-ағарту мекемелерін басқаруды жетілдіру;

– радио хабарларындағы елеулі кемшіліктерді жою, қазақ тіліндегі музыкалық хабарларды жақсартуды міндеттеді.

Осылайша, социалистік құрылыстың шындығын дәріптейтін шығармалар тудыру бағыты белгіленді.

Қазақстан Коммунистік Партиясы 1951 жылғы 14 тамызда Қазақстан Жазушылар одағы жұмысының қателері мен кемшіліктері және оларды жою шаралары туралы қаулы қабылдады. Жазушылар одағы өзіне қарасты шығармашылық өкілдеріне қатысты ұйымдастырушылық-шығармашылық, саяси-тәрбие жұмыстарында дұрыс басшылықты қамтамасыз етпеді. Соның салдарынан Қажым Жұмалиев, Қалижан Бекхожиннің көркем шығармаларында, әдебиеттану ғылымында көрініс тапқан буржуазиялық-ұлтшылдық көзқарастар мен қателіктер дер кезінде айыпталмады, кейбір ақындардың мағынасыз, саяси қате өлеңдері өткір сынға алынбады деген айыптар тағылды.

Қазақстан Коммунистік Партиясы одақтық/сталиндік қаулыларды негізге ала отырып, Қазақ академиялық драма театрының репертуарын қайта қарауды және оны «идеялық жағынан зұлым, көркемдікке жат пьесалардан тазартуды» талап етіп, шығармашылық қызметкерлерді «Кеңестік шындықтың әскери тақырыптарына» арналған толыққанды драмалық және көркем сахналық шығармалар жасауға шақырды. Бұл міндеттер Қазақстан Коммунистік Партиясының 1949 жылғы 18 қазандағы «Республика театр өнерінің жағдайы мен одан әрі дамыту міндеттері туралы» қаулысында және VIII пленумының қаулыларында пысықталды. Пленум өнер туындылары мен театр қойылымдарында қазақ халқының ескішілігі жиі идеалданатыны атап өтілді [187].

Сталинизм мәдениет саласында Кеңестік Шығыс республикаларының тарихи қалыптасқан ұлттық кәсіби музыкасы жоқ деген мифті туындатты. Қазақ халқының музыкасы «ғылыми» тұжырымдама бойынша XX ғасырда Октябрь революциясы алып келген прогрессив әлеуметтік-тарихи өзгерістердің нәтижесінде пайда болды. Кеңестік Қазақстан музыкалық мәдениетінде екі қозғалыс өркен жайды. Біріншісі, қазақтың дәстүрлі музыкасымен тығыз

байланысты еді, екіншісі кеңестік дәуірде пайда болған еуропалық үлгідегі музыка. Екі үрдіс қатар, кейде бір-бірінен біршама оқшауланып дамыды. Сталинизм еуропалық кәсіби музыканы жалпы музыкалық мәдениеттің өмір сүруінің бірден-бір мүмкін формасы ретінде түсінді. Сондықтан кез келген халықтың мәдениеті мен өнер туындылары еуропалық үлгіде құрылуы керек еді.

1948 жылы композитор Ахмет Қуанұлы Жұбанов Қазақстан музыкатану ғылымындағы буржуазиялық-ұлтшылдық бұрмалаулары үшін айыпталды. Ғалымның «Қазақ халық композиторларының өмірі мен шығармашылығы», «Қазақ халқының музыкалық мәдениеті», «Орталық Қазақстанның музыкалық өнері» сияқты негізгі шығармалары сталинизм идеологиясына сәйкес келмеді. 1951 жылы Ахмет Жұбановтың «Қазақ композиторларының өмірі мен шығармашылығы» кітабына қатысты «талқылау» жұмысы ұйымдастырылды. Ғалымды Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуының прогрессив маңызын жоққа шығарды, феодалдық-бай өткен шақты идеалдандырды, «реакциялық феодалдық-монархиялық қозғалыстардың басшыларын мадақтады», «қазақ музыкасын орыс классикалық және совет музыкасының жемісті ықпалынан ажыратуға ұмтылды» деп айыптады [187].

1951 жылы орындаушылардың репертуарын «идеялық тұрғыдан әлсіз және көркем дүниелерге жатпайтын шығармалардан» «тазарту» мақсатында 102 Қазақстан композиторларының әндері репертуардан алынып тасталды және оларды орындауға тыйым салынды.

Осылайша, Сталин дәуірінде қазақ халқының мәдениеті жүйелі түрде қуғын-сүргінге ұшырады. Большевиктер түсінгінде мәдениет идеологияның ең маңызды бөлігі саналды. Сталинизм тұрғысынан мәдениет бұқараның түсінуіне барынша қолжетімді сала ретінде танылды.

Қазіргі қазақ мәдениетінің Сталинизм құбылысын емдеу шаралары. Қазақстанда XX ғасырдың 90-жылдары жабық мұрағаттардың есігі зерттеушілер үшін ашылды. Сталиндік қуғын-сүргін саясаты туралы деректер көпшілікке жарияланды. Зерттеушілер сталинизм тақырыбына қатысты ізденістер жүргізді. Алайда алғашқы жылдары цензура жойылғанымен сталинизм құбылысын зерттеуге көпшіліктің батылы жете бермеді. Себебі кеңестік ғылыми, тарихи қауымдастыққа тарихтың сталиндік кезеңін зерттеуге белгілі бір деңгейде тыйым салынған еді. Тіпті қазіргі кездің өзінде сталинизм құбылысының тамыры оған теріс пікір білдіріп жүрген азаматтардың санасына тереңдеп еніп кеткен. Сталин культіне табынуды жоққа шығару тарихы Н.С. Хрущев тұсынан басталды, ал сталинизм төңірегіндегі қайшылық әлі де басылмай келеді [75].

Дегенмен демократиялық бағытты негізге алған қазақ қоғамдық институттары сталинизм құбылысын игеруге қатысты заң, мәдениет, өнер, ғылым салаларында әртүрлі жобаларды жүзеге асырып келеді. Мәселен:

– Шерхан Мұртазаның «Сталинге хат» (1988) [76] драмасы жарыққа шығып, Қазақстан театрларында (1989) қойылды.

«Сталинге хат» XX ғасырдың 30-жылдары қазақ халқының басына түскен ашаршылықты еске алатын, өткен тарихтың сабақтарын келер ұрпаққа ашып

айтатын, ақыл таразысына салатын көркем шығарма. Ф.И. Голощекиннің қателікке толы мемлекеттік және аграрлық саясатының салдарынан қазақ халқын аштық пен індет жайлады. Халқының қамын жеген Тұрар Рысқұлов ашаршылық пен індеттің бел алуына шыдай алмай, Сталинге хат жазады. Алайда Сталиннен кері жауап болмайды. Тұрар Рысқұлов екінші рет хат жазды. Бұл тарихи шындық көрермен қауымға Сталин мен Рысқұлов екеуінің кездесуі сипатында ұсынылады [188].

– Д. Белдеубайұлы «Сталиннің мүсіні» (2014) әңгімесінде – Мемлекет мүлкі жаппай жекешелендіріліп, жабайы капитализм үстемдік құрып, өтпелі қоғамда әлеуметтік әділетсіздік орын алған кезеңде Сталин дәуірін аңсайтын адамдардың болатыны туралы идея сипатталады [77]. «Кейінгі жылдары осы трагедияны көрсеткен «Жат», «Бір уыс бидай» сынды фильмдер түсірілді, ондағы жантүршігерлік оқиғалар мен азап шегулер «зар замандық», «тар замандық» ащы тағдыр тауқыметін сипаттайды. Бұл тарихтан алынған мотив немесе әртүрлі көркемдеуші қиялдың жемісі ғана емес, мұрағат материалдары мен деректерге сүйенген ұлттың ғұмыры, о дүниелік болған ата-бабаларымыздың рухының өкініші мен «аруақтардың зарлы үні», тұтас «ұлттық Меннің жан айқайы» [223].

– 1993 жылғы 14 сәуірде «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» ҚР Заңы қабылданды. Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен 1997 жыл «Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы», 31 мамыр – «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын Еске алу күні» деп жарияланды. Қазіргі таңда бұл дәстүр республика деңгейінде жыл сайын аталып өтіледі.

– 2001 жылы Қарағанды облысы Долина кентінде «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» мұражайы құрылды. Мұражай мақсаты – антисталинизмді насихаттайтын ғылыми-ағарту орталығына айналу [189].

«Қайта құру» кезеңінен қазақстандық ғылыми ізденістерде Сталин болмысы мен сталинизм феномені туралы бағалау жұмыстары рационал және иррационал сипатта жүзеге асырылып келеді.

Негізгі ғылыми ізденістер – Қазақстанда Сталин болмысы мен сталинизм феноменінің қалыптасу және даму кезеңдеріне, ерекшеліктеріне назар аударылады. Иррационал үдерістің ерекшелігі – Сталин мен тарихи дәуір туралы оң және теріс баға берумен ерекшеленеді.

### **2.3 «Невада-Семей» антиядролық қозғалысы және қоғамдық санадағы антиядролық репрезентациялар**

Горбачевтік «қайта құру», КСРО-ны демократиялық реформалауға бастады [190–191]. «Қайта құру» – Қызыл империяның мемлекеттік идеологиясының күйреуімен ерекшеленді. Қоғам жанын жегі құрттай жеген, тұла-бойын сырқыратқан проблемаларды айтып, бұқаралық саясат алаңына қадам басты. Саясат өмірлік маңызды проблемалар шешілетін үдеріс ретінде қарастырылды.

Қазақстан Республикасы, КСРО құрамдас бөлігі ретінде «қайта құру» дәуірінде саяси және әлеуметтік проблемаларға бағытталған ұйымдасқан ұжымдық іс-әрекеттер мен жаппай қозғалыстарға қақтығысты. Республика азаматтарының жалпыұлттық негізде жаппай бірігу үрдісі өзіндік қоғамдық феномендерді туындатты. Ресми тіркелген және тіркелмеген қоғамдық ұйымдардың саны жүзден асып жығылды. Бірқатар қоғамдық ұйымның көзқарастары мемлекеттің ресми көзқарастарынан өзгешеленді. Ал 1989 жылдың 28 ақпанында іргесі қаланған және Семей қаласы маңында орналасқан ядролық сынақ полигонын жабуды талап еткен «Невада – Семей» халықаралық антиядролық қозғалысы, аталған қоғамдық ұйымдар арасындағы аса танымалы еді. Қозғалыс – зерттеушілер арасында алғаш пайда болған азаматтық қозғалыс ретінде қабылданды [192].

Қазіргі таңда қазақстандық қоғамдық пікірде Қозғалыс туралы тарихи және әлеуметтік жағымды көзқарастар қалыптасқан. Қозғалыс қызметі – ядролық сынақтарға қарсы және «Семей ядролық сынақ полигонын» жабу сияқты екі негізгі мақсатымен бағаланды. Мысалы:

– «Невада – Семей» халықаралық антиядролық қозғалысы көптеген митинг пен басқа да акциялар ұйымдастыру арқасында өз мақсаттарына жетті: «Семей ядролық сынақ полигоны жабылды» [193-195];

– «Невада – Семей» халықаралық антиядролық қозғалысы негізгі назарларын экологиялық проблемаларға аударды [194-197].

Алайда академиялық зерттеулер «оралу», яғни «өз жерінде бейбітшілік үшін күрес» деген мағынаны білдіретін және Қозғалысты алдына қойған мақсаттарына қол жеткізуге ықпал еткен философиясының рөлін жеткілікті түрде сипаттамайды. Қозғалыстың қызметі барысында ядролық сынақтарға қарсы және «Семей ядролық сынақ полигонын» жабуды талап етумен қатар полигон территориясымен іргелес елді-мекендер тұрғындарын гуманитарлық және құқықтық қамтамасыз ету проблемаларымен шұғылданғаны жайында да қарастырыла бермейді. Наразылық акциясы кезінде [198] және Қазақстан билігі полигонды ресми түрде жапқаннан кейін Қозғалыс мақсаттарының бірі «Семей ядролық сынақ полигонында қырық жыл бойы ядролық сынақтан зардап шеккен халықтың денсаулығын қалпына келтіру болды [199]. «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңның (18.12.1992) қабылдануына да Қозғалыс белсенділері орасан зор үлес қосты.

Семей ядролық сынақ полигоны. Америка Құрама Штаттары тарапынан 1945 жылдың тамызында Жапониямен соғыста ядролық қаруды қолдануы, КСРО билігін бұл қару түрін игерудің монополиясын жоюдың мүмкін болған күллі шарасын қабылдауға мәжбүр етті. Осыған орай, КСРО-да ядролық қаруды жасау бойынша жұмыстардың жүргізілуімен қатар ядролық сынақ полигонының құрылысы үшін ыңғайлы территория ізденістері басталды. Ізденістің нәтижесінде ядролық сынақ полигонының құрылысы үшін қойылатын барлық қажетті талапқа жауап береді деп есептелген территория таңдап алынды. Таңдаулы территория болып қазіргі Қазақстан Республикасы Семей қаласының батысында шамамен 140 шақырым қашықтықта орналасқан

шексіз дала белгіленді [200, 17 б.]. Осылайша 1947 жылдың 21 тамызында «Семей ядролық сынақ полигонының» іргесі қаланды.

Көп ұзамай, «Семей ядролық сынақ полигоны» КСРО ядролық қаруды сынаудың негізгі базасына айналды [193]. Полигон қызметі барысында (1949–1989 жылдар) 468, яғни 125 атмосфералық (26 жерүстінде, 91 әуеде, 8 биіктікте) және 343 жерасты (215 ұңғымада, 128 құдықта) ядролық сынақтар жүзеге асырылды. Ал полигон қызметі екі кезеңге бөлініп қарастырылды [201, 15 б.]: 1) 1949–1962 жылдары полигонда атмосфералық ядролық сынақтар жүргізілді; 2) 1963–1989 жылдар аралығында полигонда жерасты ядролық сынақтар жүргізілді.

Атмосфералық ядролық сынақтар (1949–1962 ж.). «Семей ядролық сынақ полигонында» кеңестік атом бомбаларының негізгілері сынақтан өтті және оның территориясымен іргелес аймақтарда адам өмір сүретін әлемдегі жалғыз полигон еді [202]. Мұнда ядролық сынақтарды өткізудің бір ғана мақсаты, яғни ядролық қаруды жетілдіру болатын.

Полигон территориясында алғашқы ядролық сынақ 1949 жылдың 29 тамызында жасалды. Бұл ядролық сынақ кеңестер мемлекетінің ядролық қалқанының негізі ретінде қабылданды. Мұны ядролық қарудың бас құрастырушысы академик Ю.Б. Харитон былайша жеткізеді: «Біздің елде де атом бомбасы барын және жаңа соғыс бастау әр тарап үшін қауіпті мәселеге айналғанын атом полигонындағы алғашқы тәжірибе кезінде нанымды әрі жылдам көрсету қажет болды. Дәл осы маңызды мемлекеттік міндет 1949 жылы 29 тамызында Кеңес Одағының бірінші атом жарылысы кезінде шешілді» [200, 112-113 бб.].

Демек, біріншіден, ядролық сынақ – ядролық жарылыстардың зақымдаушы факторлары мен төтенше жағдайда қарудың мұндай түрін қолданудың қажеттілігі туындағанда оның жарамдылығын растау үшін жүргізілді; екіншіден, ядролық қаруды сынақтан өткізу фактісі ауқымды саяси және әскери-стратегиялық мәні болды, яғни ядролық қаруды иеленудің америкалық монополиясын тоқтатумен және КСРО мен АҚШ сияқты екі мемлекеттің әскери-қорғаныс саласында тепе-теңдікті қамтамасыз ету мүмкіндігімен ерекшеленді.

1953 жылдың 12 тамызында полигон территориясында алғашқы термоядролық сынақ, яғни КСРО-ғы ең қуатты жерүсті жарылыс жүзеге асырылды.

1955 жылдың 22 қарашасында жүзеге асырылған жарылыс термоядролық зарядты әуеде сынақтан өткізумен ерекшеленді. Термоядролық заряд – бұрын-соңды болмаған физикалық идеяларды пайдалану арқылы құрылды және жаңа термоядролық қарудың үлгісін өңдеу барысында пайдаланылды. Мұндай сынақ түрін жүзеге асыру үшін полигон территориясында арнайы сынақ алаңы салынды. Алайда мегатонналық классты ядролық зарядты сынақтан өткізу барысында жалпы қауіпсіздік пен соққылы толқындардың полигонмен іргелес аудандардың түрлі құрылыстарының зақымдалуын болдырмауды қамтамасыз етудің өте қиын екенін көрсетті. Өйткені полигонның территориясы

мұншалықты қуатты жарылыстарды жүргізуге бейімделмеген болатын [200, 52–55 б.].

Полигон қызметінің бірінші кезеңінде жүргізілген атмосфералық ядролық сынақтардың бірқатары өз эпицентрінен шығып кеткен. Полигон территориясымен іргелес аудандардың барлығы радиациялық ластануға ұшырады және жергілікті тұрғындардың сыртқы сәулелену дозасы аса қысқа уақыт аралығында бірнеше есе артып кетті. Ал жергілікті тұрғындардың денсаулығын медициналық тексеру 1956 жылдың 24 тамызында жүргізілген жерүсті сынақтан кейін барып, яғни КСРО Денсаулық сақтау министрлігіне полигонмен іргелес бірқатар аудандардың радиациялық ластанғаны туралы мәліметтер түскеннен кейін алғаш рет жүргізілді. Нәтижесінде, 1956–1958 жылдар аралығында 22 елді-мекеннің 310 мың адамы медициналық тексеруден өтті [203].

Жергілікті аудандардың сәулеленудің жоғары дозасымен локал радиоактивті ластануы жерүсті ядролық сынақтардың барысында жүзеге асырылды. Жерүстінде жүргізілген ядролық сынақтар полигон территориясымен іргелес бірқатар аудан территориясының радиоактивті ластануына әкеп соқтырды [200, 34 б.].

Ядролық сынақтарды жүргізуге қатысушылар мен полигон территориясымен іргелес аудандар тұрғындарының арасында «сәулеленудің рұқсат етілген дозасы» мөлшерінің айырмашылығы 1957 жылға дейін анықталмады. Кемшіліктің орнын толтыру мақсатында санитарлық ереже өңделді (1957 ж.), радиоактивті ластанған территорияда өмір сүріп жатқан жергілікті тұрғындардың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы көзқарастар дамытылды. Нәтижесінде санитарлық ереже – санитарлық нормалар тізімін егжей-тегжейлі мазмұндайтын, яғни «сәулеленудің рұқсат етілген дозасы» анықталды. Бұл ереже полигон қызметінің эксперимент барысында өңделген ғылыми білімдерімен өзін-өзі үнемі жетілдіріп отырды. Дегенмен КСРО-да қуатты ядролық сынақтарды (1949–1962 ж.) жүзеге асыру барысында полигон территориясымен іргелес аудандар тұрғындарының «сәулеленудің рұқсат етілген дозасын» айқындайтын мемлекеттік нормативтік құжат – «Радиациялық қауіпсіздік нормалары» болмады [200, 112 б.]. КСРО-да «сәулеленудің рұқсат етілген дозасын» реттеуші алғашқы ресми «Радиациялық қауіпсіздік нормалары» 1969 жылы, яғни, 1963 жылдың 5 тамызында КСРО, Ұлыбритания мен АҚШ тарапынан қол қойылған «Атмосферада, ғарыш кеңістігінде және су астында ядролық сынақтарға тыйым салу туралы» Мәскеу шартынан кейін қабылданды.

Атмосфералық ядролық сынақтарды жүргізу барысында алуантүрлі эксперименттік зерттеулер жүргізілді және ядролық сынақ үдерістерінің параметрлері өлшенді. «Ядролық жарылыстың түрлі объектілерге әсерін зерттеу маңызды рөл атқарды. КСРО-да 14 жыл бойы атмосфералық ядролық сынақтар жүргізілді, ядролық жарылғыш құрылғылардың жұмысын және олардың зақымдаушы факторларын тиімді сипаттауға мүмкіндік беретін бірегей диагностикалық әдістер жасалды» [204, 8 б.].

Сан түрлі эксперименттік зерттеулердің біріне медициналық-биологиялық зерттеулер бағдарламасының өңделуі жатады. Медициналық-биологиялық эксперименттер жүргізу барысында жануарлардың алуан түрі пайдаланылды. Ал Семей ядролық сынақ полигонында медициналық-биологиялық зерттеулерге 8000-ге жуық эксперименталды жануарлар пайдаланылды (тышқандарды қоспағанда) [200, 238-239 бб.]. Сонымен қатар полигон территориясында 1956 жылдың 10 қыркүйегінде ядролық қаруды қолданған «Атом жарылысынан зардап шеккен аймақты майданнан келе жатқан әскерлер жақындағанға дейін ұстап тұру үшін атомдық соққыдан кейін тактикалық әуе шабуылын қолдану» тақырыбындағы екінші әскери жаттығу өтті.

Түйіндеп келгенде, Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтарды атмосферада өткізу Жер шарының Солтүстік бөлігі биосферасының жасанды радиоактив заттармен ластануына алып келді.

Жерасты ядролық сынақтар (1963–1989 ж.). Мәскеу шартының 1-бабы, 1-тармақшасына сәйкес Тараптардың әрқайсысы өзінің юрисдикциясы немесе бақылауындағы кез келген жерде ядролық қарудың кез келген сынақ жарылыстарына және кез келген басқа ядролық жарылыстарға тыйым салуға, болдырмауға және жүргізбеуге міндеттенді.

Мәскеу шартының ережелеріне сәйкес, «Семей ядролық сынақ полигонында» атмосфералық ядролық сынақтар өткізу тоқтатылды. Үш сферада ядролық сынақтарды жүзеге асыруға тыйым салынғаннан кейін полигон территориясында «бейбіт мақсатта» деп аталатын жерасты ядролық сынақтар жүргізілді. Жерасты ядролық сынақтарын өткізгеннен кейін жергілікті жер мен қоршаған орта объектілерінің радиоактив ластануы, полигон қызметкерлері мен оның территориясымен іргелес аудандар тұрғындарының сәулелену дозасының мөлшері атмосферада жүргізілген ядролық сынақтар мөлшеріне қарағанда әлдеқайда аз болады деп қабылданды. Мұндай пайымдау, жерасты ядролық сынақтар барысында радиоактив өнімдердің негізгі мөлшері жер қойнауының қалың қабатының астында «көмулі» күйінде қалады деумен түсіндірілді.

Алайда полигон қызметі жерасты ядролық сынақтарына көшумен байланысты сынақ алаңдарының тізімі айтарлықтай өсті. Жерасты ядролық сынақтары 400–500 метр тереңдіктегі ұңғымалар мен құдықтарда жүзеге асырылды. Мұндай ядролық сынақ түрінің қоршаған орта объектілері үшін зақымдаушы факторларының болмауы мүмкін емес еді. Жерасты сынақтары салдарынан аймақтағы Дегелең тауы үгітіліп кетті [201, 15-21 бб.].

1962 жылы Кеңес Одағы «бейбіт атомдық жарылыстардың» ауқымды бағдарламасын іске қосты. Осы жобаның аясында 1965 жылдың 15 қаңтарында полигон территориясында Шаған немесе «Сынақ 1004» атты бірінші өндірістік термоядролық жарылыс жүзеге асырылды. 170 килотонна заряд жарылысы (178 метр тереңдікте) Сібір өзендерінің арнасын Орта Азия аудандарына қарай бұруды көздейтін методиканы тексеру мақсатында жүзеге асырылды. Жарылыс орнында кейін көлге айналған диаметрі 430 метр, тереңдігі 100 метр болатын қазаншұңқыр пайда болды. Сондай-ақ осы жарылыс нәтижесінде «үлкен аумақ радиоактив ластануға ұшырады, оның ішінде екі мыңға жуық адам тұратын 11

елді мекен бар еді» [205]. Кейін көл туралы кеңестік бұқаралық ақпарат құралдарының бетінде жарыса жазылып, ол – Атомкөл (Шаған) атанып кетті.

Атомкөл су қоймасын құру үшін 1965 жылдың көктемінде Шаған өзенінің арнасы кәдімгі химиялық жарылыстар мен жер қазу техникасын (жүргізілген бульдозерлердің кабиналары қалыңдығы 5 мм-ге дейін қорғасын парақтарымен қорғалды) қолдану арқылы канал қазылып шұңқырға қосылды. Ластанған аумақта барлығы 182 адам жұмыс істеген, алайда іс жүзінде 300-ге жуық жұмысшы болған деген болжам бар.

Сол экспедицияға қатысып, тірі қалған санаулы жандардың бірі Владимир Васильевич Жиров былай дейді: «Мен 23 жаста едім. ...Қаңтар айында Өскеменнен Семейге, одан жарылыс болған жерге көштік.

Біз тұратын қалашық жер сілкінісінің ошағынан бес шақырымдай жерде орналасқан. Буткалардың темір пеші болды, бірақ қырық градусық аяз өз дегенін алды. Жарылыс болған жер Құдай сақтасын, қорқынышты еді. Жарылыс болған жерге бардым, мұрнымнан қан атқылап, тамағымды құм қарыды. Қарсы соққан самал бетімді тілгілеп, киімім қанға боялды, тұншығып жаттым, бірақ оған қараған біз жоқ. Адал еңбек еттік, аянып қалмадық. Бір бульдозер жүргізушісі көлікті құтқарып, болат арқанмен атом суына сүңгіп кетті. Бульдозерді аман алып қалды, бірақ өзі көп ұзамай қайтыс болды. Ал мен созылмалы аурумен үйіме қайттым – мұрнымнан қан тоқтамайтын болды, ұйқы безі ауруына шалдықтым, бронхит, холецистит, гепатит болдым... Үш жүз ликвидатордан отызға жетер-жетпес адам тірі қалды» [206].

Кеңес ғалымдарының жоспары бойынша Атомкөл сияқты шұңқырлар көп ұзамай Орта Азияның құрғақ аймақтарының бүкіл аумағын қамтуы керек еді. Нақтырақ айтсақ, Қазақстан Республикасы үшін жалпы көлемі 120-140 миллион текше метр болатын қырыққа жуық су қоймасын құру қажет болды. Көктемгі ағын су алып шұңқырларға жиналып, салыстырмалы түрде аз булану беті мен су қоймасының шыны тәрізді түбі су суару, мал шаруашылығының қажеттіліктеріне, аумақтардың тұздануын болдырмауға және т.б. пайдалану көзделді [206].

«Семей ядролық сынақ полигонында» жерасты ядролық сынақтарын жүргізу кезеңінде полигон территориясымен іргелес аудандар тұрғындары үшін негізгі қауіп көзі радиациялық және сейсмикалық факторлар болды. Радиациялық қауіп – радиациялық заттардың атмосфераға шығу және таралу мүмкіндігімен анықталды. Сейсмикалық қауіп – жерасты ядролық жарылыстың шамамен 10 % энергиясы қоршаған ортаға сейсмикалық жарылыс толқындары түрінде бөлініп, ғимараттар мен құрылыстарға түрлі деңгейдегі зақымдар келтірді. Мамандардың пікірінше, жерасты ядролық сынақтарды жүргізу кезінде полигонның қоршаған ортаны радиоактив ластаудың әлеуетті қайнар көзі болғанын ешкім терістей алмайды. Өйткені полигон қызметінің соңғы он жылында тұрғындардың сыртқы сәулелену дозаларына қатысты тұрақты бақылау жұмыстары жүргізілді [200, 291-293 бб.]. Яғни, жерасты ядролық сынақтардың эпицентріне жақын орналасқан елді-мекендердің тұрғындары биологиялық қауіпті радионуклидтер мен тритий арқылы сыртқы және ішкі сәулеленудің нәтижесінде иондық сәулеленудің аралас әсер етуіне ұшырады.

«Семей ядролық сынақ полигоны» қызметіне қатысты мұрағат материалдарын саралау, дозалық алаңдар мен тұрғындардың сәулеленуін ретроспектив талдау, радионуклидтерді әлеуетті тасымалдаушы ретінде аймақтың ағын сулары мен жерасты суларын бағалау, шынайы және техногендік факторлар негізінде жүргізілген сынақтардың радиациялық ықпалын есептеу сияқты жағымсыз факторларды тексеру және оның нәтижелерін көпшілік қауымға жария ету XX ғасырдың 90 жылдарынан басталды [201, 63-67 бб.]. Тексеріс қорытындыларына сәйкес, полигон және онымен іргелес аймақтардың радиациялық ахуалы мамандар көңілінен шықпаған. Полигон территориясында жүргізілген жерасты жарылыстарының қауіпсіз екендігіне күмән келтіретін негіздер анықталды. Әрбір үшінші жарылыс инертті газдарды атмосфералық кеңістікке шығарды, ал мұндай жағдайлардың саны жүзден асып жығылады.

Мысалы, Семей қаласында 1989 жылдың 18–19 шілдесінде «Здоровье населения и экологическая обстановка в городе Семипалатинске и Семипалатинской области Казахской Советской Социалистической Республики» атты ғылыми-практикалық конференция жұмысы өтеді. Конференция жұмысында ядролық сынақтардың зардаптары туралы мынадай мәліметтер келтіріледі:

А.В. Саванкаев (КСРО Медицина ғылымдары Академиясының цитогенетика зертханасының меңгерушісі):

Дозиметрияның физикалық әдістері, әрине, сәулелену дозасын анықтауға және сәйкесінше радиациялық зақымдану ауырлығын болжауға мүмкіндік береді. Бірақ осыған байланысты зерттелген барлық биологиялық көрсеткіштердің ішінен тек цитогенетикалық әдіс ғана радиациялық әсер ету дозасын жеткілікті дәлдікпен анықтауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс сәулеленген ағзаның перифериялық қан лимфоциттерінде немесе сүйек кемігі жасушаларында құрылымдық хромосомалардың ауытқуларының (абберрацияларының) жиілігі сәулелену дозасына тікелей байланысты екендігіне негізделген: ол неғұрлым жоғары болса, абберрациялар саны соғұрлым жоғары болады. Қазіргі уақытта цитогенетикалық әдіс бүкіл әлемде биологиялық дозиметрия аясында кеңінен қолданылады.

Семей қаласында өмір сүретін орта жастағы 42 адам (20-дан 46 жасқа дейін) мен уақытша (резидент емес студенттер) және тұрақты өмір сүретін студенттерді цитогенетикалық тексеру кезінде соңғыларында перифериялық қан лимфоциттеріндегі хромосомалық абберрациялардың орташа спонтанды деңгейі айтарлықтай артық (1,5 – 2,5 есе) анықталды. Уақытша фонмен салыстырғанда, қаланың байырғы тұрғындары арасында хроматидтік типке қарағанда хромосомалық типті ауытқулардың жиілігінің басым болуы және алмасу ауытқуларының болуы да байқалады.

Сынақ полигонына жақын орналасқан Шаған, Саржал, Қайнар ауылдарында және одан салыстырмалы түрде алыс орналасқан Шүлбі кентінде тұрақты тұратын орта жастағы 53 адамға (шамамен 40 жаста) жоғарыдағыға ұқсас зерттеу жүргізген кезде хромосомалық абберрациялардың орташа спонтанды деңгейінде айтарлықтай артықшылық анықталды ( 2,5 – 4,5

есе). Іргелес ауылдардың тұрғындарында хромосомалық типті аберрациялардың жиілігі хроматидтік аберрация жиілігінен орта есеппен үш есе жоғары, ал аберрациялар спектрінде, әсіресе Қайнар ауылының тұрғындары арасында күрделі құрылымдық хромосома ауытқулары басым (децентриктер, центрлік және ацентрлік сақиналар, симметриялық хромосомалық транслокациялар). Орташа алғанда, ауыл тұрғындары арасындағы аберрация жиілігі қала тұрғындары арасындағы ауытқу деңгейінен шамамен екі есе жоғары [207].

Т. Тоқтаров (Семей облыстық денсаулық сақтау басқармасының меңгерушісі):

Осылайша, соңғы жылдары туу көрсеткіші тенденциясы төменгі орынға ие болды және 1986 жылғы көрсеткіш 24,0 (республикалық – 25,5) құрады. Өлім-жітімнің жалпы көрсеткіші облыс бойынша жоғары деңгейде қалып отыр – 8,1 (республика бойынша – 7,5). Сәби өлімінің көрсеткіші де жоғары – 34 (республикалық көрсеткіш – 29,4). Көрсетілген деректердің барлығы 1988 жылғы ақпараттар.

Өңірде соңғы жиырма жылда қатерлі ісік ауруы жыл сайын артып келеді. Сынақ алаңына іргелес жатқан Семей қаласы, Абай, Бесқарағай және Жаңасемей аудандары үшін оның көрсеткіші тиісінше 221,6; 127,9; 130,6; 218,0, ал сол сәтте бүткіл Қазақстан бойынша көрсеткіш – 161,0.

Осы үш аймақта қан аздықпен сырқаттанушылар саны айтарлықтай өсті.

Облыс туберкулезбен ауратындарға өте қолайсыз болды. Себебі иммунитет төмендеген жерде инфекциялардың қозатыны айдан анық.

Медициналық қауымдастық ядролық полигонның болуын халықтың денсаулығына әсер ететін басты фактор деп бекер айтпайды.

Бүгінде олар соңғы жылдардағы сынақтардың жер астында жүргізілгеніне және ешқандай зиян келтірмейтініне, тіпті газ ағынының шығуы да зиянсыз екеніне сендіруге тырысуда. Солай-ақ болсын. Бірақ иондаушы сәулеленуге әсер ететін факторлар болған кезде біз жердегі және ауадағы жарылыстарды тарихтан қалай өшіре аламыз?

Жүргізіліп жатқан іс-шараларға қарамастан, облыста, әсіресе полигонға іргелес аудандарда қан аздықпен ауыратын жүкті және босанған әйелдердің саны артып келеді. Бұған сонымен қатар экстрагениталды патологиялардың, өлі туулардың және туа біткен ауытқулардың жоғары өсуі жатады. Ал қазір 50-60-шы жылдарда балалық шағы өткен әйелдер босануда, демек оларға да жердегі сынақтардың салдары сөзсіз әсер еткендігі анық.

Қазіргі уақытта радиоактивті фонның жоғарылауы байқалмағанын ескерсек те, ядролық полигонның созылмалы психо-травматикалық фактор екендігін әлі де жоққа шығара алмаймыз. Біз сынаққа дейінгі он күн және сынақтан кейінгі он күн аралығындағы төрт дәрігерлік амбулаторияға шағымдарымен келген халық айналымын зерттедік. Талдау халық шағымының 10-нан 115 пайызға өскенін көрсетті. Бұл тәуелділікті әсіресе эмоционалдық тұрғыдан әлсіз халық ретінде әйелдер арасында айқын көруге болады.

Осылайша, полигонды жабу бүгінгі және болашақ халықтың мүддесі [207].

Е.Г. Матвиенко (КСРО Медицина ғылымдары академиясының радиоизотопты диагностика кафедрасының меңгерушісі, профессор):

Сонау 1967 жылы Кеңес өкіметінің 50 жылдығы қарсаңында еліміздің бас эндокренологы эндомиялық зобты жеңдік, онымен ауыратындар саны мүлде жоқ деп мәлімдеді. Бұл жауапсыз есеп онсыз да әлсіз эндокринологиялық қызметті іс жүзінде аяқтауға негіз болды. Соның салдарынан, мысалы, Семей облысының аудандарында қазіргі таңда кәсіби эндокринологтар іс жүзінде жоқ. Соңғы жылдары КСРО Денсаулық сақтау министрінің тиісті бұйрықтары шықты, алайда олардың осы уақытқа дейін мәселені шешуге көмектескені шамалы.

Тіпті осындай жалпы көріністің өзінде ядролық полигонға іргелес жатқан аумақтардағы ахуал бұл тұрғыда ақылға қонымсыз. 1979 жылы жүргізілген сауалнама бойынша науқас адамдар көрсеткіші 20,2 пайызды құраса, қазіргі уақытта тексерілгендердің 35 пайызында эндокринологиялық аурулар анықталған, ал Долон ауылында, мысалы, тексерілген ересектердің 75 пайызы және 17 баланың 14-інен ауру белгісі анықталған (біз қалқанша бездердің ұлғаюы туралы айтып отырмыз) [207].

Н.Ф. Реймерс [201, 3 б.], КСРО-да шамамен 6 миллион адам ядролық ойындардың барлық түрінен зардап шеккенін, ұрпақтан ұрпаққа таралған зақым 2 миллионнан 20 миллионға дейін адамды әлеуетті құрбанға айналдырғанын жазады. Сонымен қатар ол жауапсыздық пен немқұрайлықты тудыртқан проблеманы шешудің жолдарын ұсынады: біріншіден, атомдық энергетика жалпыадамзат үшін қауіпті, соғыстың қандай түрі болмасын ешнәрсе шешпейтіні және ешнәрсе бермейтіні белгілі; екіншіден, атомдық энергетика апатының әлеуметтік, экономикалық, экологиялық салдары ешқандай логикамен қиыспайды.

Ғалымдардың бағалауынша [208], полигон территориясының шекарасынан 55 әуе және жерүсті сынақтарының радиоактив бұлттары мен 169 жер асты сынақтарының газ фракциясы шығып кеткен. Бұл 224 сынақ Қазақстан Республикасы территориясының шығыс бөлігін радиациялық ластанумен қамтамасыз етті. Яғни, 1949–1989 жылдар аралығында жүргізілген ядролық қаруды сынақтан өткізудің салдары полигон территориясымен шекаралас аймақтар тұрғындарының денсаулығы мен қоршаған ортасының экожүйесін орны толмастай зақымдады. Полигонның қасіретті мұрасы саналатын түрлі физикалық және психикалық ауруларды тудырды. Ал XX ғасырдың 90 жылдары Қазақстан Республикасы территориясының 40 % радиациялық жағымсыз ретінде саналды.

«Невада – Семей» халықаралық антиядролық қозғалысы. «Невада – Семей» халықаралық антиядролық қозғалысының тарихы 1989 жылы ақпанда КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаттарын сайлау науқаны кезінде басталды. 1989 жылдың ақпан айында «Семей ядролық сынақ полигонындағы» кезекті жарылыстар кезінде радиоактив заттардың ағуы орын алып, бұлт елді мекендерге қарай ауысты. 26 ақпанда Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы, депутаттыққа кандидат Олжас Сүлейменов республикалық телеарнада тікелей эфирде сөз сөйлеп, аталған факті мен ядролық сынақ

полигоны қызметінің республика тұрғындары үшін зардаптары туралы баяндады. Оның сайлауалды сөйлеген сөзі ядролық сынақ алаңдарын жабу керек деген негізгі идеяға ойысты және азаматтарды наразылық акциясына шығуға шақырды [209, 197].

1989 жылдың 28 ақпанында Қазақстан Республикасы Жазушылар одағы үйінің конференц-залында митинг ұйымдастырылып, КСРО халық депутаттығына үміткер Олжас Сүлейменовтің басшылығымен «Невада – Семей» халықаралық антиядролық қозғалысы құрылды. Бұл «Невада – Семей» халықаралық антиядролық қозғалысының I конференциясы болып есептелді. Конференция қатысушылары іс-шара барысында мемлекеттің қорғаныс қабілетін нығайту үшін жасалып жатқан қажеттілік, ешқандай зияны жоқ деген ядролық сынақтардың орасан зор зияны туралы ашына айтты. Ешқандай зияны жоқ деп айтылып келген мәлімдемелердің шындықтан мүлде алшақ жатқанын сынақтардың ауыр қасіретін өз басынан кешірген адамдар мінберден тұрып жария етті [210].

Мұрат Әуезов [211], Қозғалыстың құрылған күні туралы былайша жеткізеді: «Сол күні біз еркіндікті сезініп, оның өтпелі, жай ғана әдемі естілетін сөз емес екеніне көз жеткіздік. Азаттықтың адам бойына рух беретінін, сөзді шындыққа айналдыратынын, мақсатқа жету жолында үйлесімділік тудыратынын бәріміз көрдік». Ядролық сынақтарды жүргізуге қарсы наразылық – Қозғалыс мүшелері тарапынан жергілікті ұлттардың бауырмалдығының шынайылығы, үнсіздікті женудің, бірлескен іс-әрекеттерге деген дайындық уақыты деп бағаланды.

Қозғалыс философиясының мәні «оралу» тезисі арқылы анықталды. Бұл тезистің түсіндірмесі Қозғалыс декларациясында былайша баяндалды: «Біз бүкіл әлемде бейбітшілік үшін күресуге дағдыландық. Енді біз әркім өз жерінде бейбітшілік үшін күресу керектігін түсіндік» [211]. Ал Қозғалыстың неліктен «Невада – Семей» аталуы туралы Олжас Сүлейменов: «...өйткені бұл екі полигон сиам егіздері сияқты бір-бірімен байланысты. Біреуі жабылса, жер шарының басқа бөлігіндегі екінші сынақ алаңы да жабылады. Біз: «Невададағы полигонды жабуды талап еттік, алайда бұл уақытта елімізде жарылыс найзағайы күркіреп жатты. Жеткілікті! Біз өзімізден бастаймыз. Алдымен өзіміздің Семей ядролық полигонын жабамыз!». Бұл тактика сәттілік әкелді» [212], – деп жазды.

Апта сайын Қозғалыс ұйымдастырушылары түрлі акцияларды ұйымдастырды, соның ішінде полигонды жабуға қатысты қол жинауды бастады [197, 205 б.]. Үш апта шеңберінде Қозғалыс мүшелігіне шамамен екі миллионнан астам адамның қолы жиналды [212–213]. Ұйымдастырылған жиын өткеннен кейінгі бір айдың ішінде қозғалыстың белсенділері ортақ қарекеттер тізбегін әзірлеу үшін америкалық экологиялық қозғалыстармен тікелей қарым-қатынас орнатты. Осылайша «Невада – Семей» ұйымы республикалық шекарадан өтіп, халықаралық сипатқа ие болды [197, 204-205 бб.].

Көп ұзамай КСРО Жоғарғы Кеңес депутаттығына сайланған Қозғалыс жетекшісі Олжас Сүлейменов бес жүзге жуық депутаттың екі жүзге жуығы

мүшелікке кірген КСРО Жоғарғы Кеңесінде «Ядролық қарусыз әлем үшін» парламенттік бірлестігін ұйымдастырады.

Кеңестік билік полигон территориясында жүзеге асырылып жатқан ядролық сынақтардың зиянды тұстарын жасыруға бар мүмкіндігін салады. Осы мақсатта кеңестік билік тарапынан 1989 жылдың 8 шілдесінде кезекті жерасты сынағын өткізу жоспарланды. Бұл сынақтың ерекшелігі, полигон қызметінің тарихында алғаш рет ядролық сынақтың қалай жүргізілетінін және оның келешек салдары қандай екенін көпшілік қауымға көрсету үшін қоғамдық қызметкерлер мен журналистер тартылды. «...Сынақ алаңында атом бомбасы жарылған кезде Жер ана сыңсыды. Бұл сыңсу ауырсыну мен қорғансыздық еді. Көк аспан жердің қалшылын көрді, оның алақанында – әскери және азаматтық киім киген адамдардың құмырсқа үйірі. Олардың әңгімесін, олардың үмітсіздігін естідім... Табиғаттың адамға деген көзқарасының өзгергенін сезіндім. Әлі кеш болып кетпейінше ойланып, әрекет ету керек» [211], – деп жазды қоғамдық қызметкерлер мен журналистер делегациясының құрамында болған Мұрат Әуезов, сынақтан алған әсері туралы.

Бұл іс-шарада полигон қызметкерлері жерасты сынақтарының қоршаған орта мен адам денсаулығына зиянсыз екенін, мемлекеттің қорғаныс әлеуеті үшін маңыздылығын жеткізуге тырысады. Алайда Қозғалыс белсенділері алған бетінен қайтпайды. Мұрат Әуезов, кездесу барысында Қозғалыстың алдағы атқаратын жоспарлары туралы былай деп бөліседі: «Осы жылдың мамыр айында маған АҚШ-қа бару мүмкіндігі туды. Онда мен америкалық антиядролық қозғалысқа қатысушылар тобымен кездестім. Біз 6 тамызда біртұтас халықаралық антиядролық акция өткіземіз деп келістік. Американың бейбітшілікті жақтаушылары Невадада, біз Семей мен Қарауылда, жапондар Хиросимада ұйымдастырады. Митингте Үндеудің жаңа мәтінін Невада қозғалысының президенті Олжас Сүлейменов оқиды. Келесі кезекте митингілер толқыны бүкіл Қазақстанды қамтып, Алматыда республика аумағында бірінші атом бомбасының жарылысының қырық жылдығы күні 26 тамызда аяқталады» [214].

Қозғалыс мүшелері мен полигон қызметкерлерінің арасындағы тек-тірес пен қарама-қайшылық жөнінде республикалық бұқаралық ақпарат құралдары жарыса жазды. Кеңестік цензураны айналып өткісі келген сыңай танытқан журналист Е. Татиев қарама-қайшылықты былайша жеткізеді: «Менің алақанымда екі белгіше бар. Біріншісінің ортасын атом орбиталарының күрделі құрамы бар университет ромбигіне ұқсайды. Жоғарғы жағында көгілдір алаңда И.В. Курчатовтың алтын барельефі бейнеленген. Екінші белгіше кіші планета сияқты жарқыраған және дөңгелек пішінді. Бір-біріне қарап тұрған ақсақал мен үнді сұлбасы бейнеленген, алыста, таулардың үстінде күн шары ілулі тұр. Мұнда қандай ерекшелік бар? Бір белгі мемлекеттік ғылыми-зерттеу мекемесінің құрметіне шығарылса, екіншісі «Невада-Семей» антиядролық қозғалысының белгісі. Алақаныңызда екі белгіше де бейбіт қатар жатыр. Бірақ өмірде, әрине, бәрі әлдеқайда күрделі» [215].

Семей қаласында 1989 жылдың 18–19 шілдесінде «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Семей қаласы мен Семей облысындағы халықтың

денсаулығы және экологиялық жағдайы» атты ғылыми-практикалық конференция жұмысы өтті [216]. Бұл конференция жұмысына қозғалыс өкілдері де қатысады. Себебі конференция жұмысының негізгі проблемасы Семей облысы тұрғындарының денсаулығы мен экологиялық жағдайына арналды. Ғылыми іс-шарада ядролық сынақтардың қоршаған орта мен адам денсаулығына зияны туралы әралуан ғылыми мәліметтер баяндалды. Конференция мазмұны полигон қызметінің қырық жыл бойы келтірген зардаптарын ғылым тұрғысынан игерудің алғашқы қадамы еді. Алайда мемлекеттік қызметкерлер, әскерилер, ғалымдар, жазушылар, қоғам қайраткерлері мен жұмысшылар қатысқан конференция сұхбаттасушылары ақиқатты іздеу жолында полигон қызметін «қолдаушылар» мен «қарсы шығушылар» болып екі тарапқа бөлінді. Тараптар өздерінің көзқарастарын барынша дәйектеуге тырысады. Конференция жұмысына қатысушылар арасынан «Невада – Семей» халықаралық антиядролық қозғалысын қолдаушылар төмендегі пікірде болды:

К. Бозтаев (Семей облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы):

... Ядролық полигон 40 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Осы жылдар ішінде оған қажетті көмек көрсетілді. Семей өңірі ядролық қаруды жетілдіріп, еліміздің қорғаныс қуатын нығайтуға үлес қосты және мұны мақтан тұтады да. Алайда 40 жылдан астам уақыт ішінде талай нәрсе Ертіс ағымы секілді өтті, кетті. Одан басқа да туындаған, мысалы география, демография, экология, экономика, мәдениет мәселелері болды, ең бастысы адамдардың саяси-әлеуметтік ойлауы өзгере бастады. Сондықтан біз мәселеге тек бүгінгі күн тұрғысынан ғана емес, өткеннің көкжиегімен де қараймыз. Осы тұрғыдан қарастыру объективті және адамгершілікті болады. Сынақ алаңының айналасындағы проблемада өткен, бүгін және болашақ бір-бірімен тығыз байланысты, мәселені осы позициялардан қарастыру шынайы шындықты жаңғыртады.

50-ші және 60-шы жылдардың басында өмір сүрген адамдар саңырауқұлақ кейпіндегі бұлтқа әлемнің жаңа ғажайыптары ретінде қызыға қарап отырған болса, қазір олар не болып жатқанын 40 жыл бойы жинақталған нақты деректер мен оқиғалар негізінде түсінеді.

...Талқылауға тиіс мәселелерде ұзақ мерзімге созылған қатаң құпиялылық режимнің әсерінен, арнайы зерттеулердің жоқтығынан немесе жеткіліксіздігінен көп нәрсе түсініксіз немесе даулы. Бірақ сенімді ақпаратқа қол жеткізудің сарқылмас көзі сол аймақтың тұрғылықты халқы болып табылады.

... Біз, семейліктер, белгілі қоғам қайраткері Олжас Омарұлы Сүлейменовтің бастамасымен құрылған «Невада-Қазақстан» қозғалысын қолдаймыз. Бұл қозғалыс ядролық сынақтарға тыйым салуға қол жеткізуді алдына игі мақсат етіп қойды [216].

А. Әлімжанов (жазушы, Қазақстанның Мемлекеттік премиясының лауреаты):

1952–53 жылдары біздің Сәтпаев пен Әуезовті қудалау ұлтшыл болғаны үшін емес, олар Семей атмосферасында ядролық сынақ жүргізуге қарсы

болғаны үшін қамауға алынды. Қазір болып жатқан жағдай олардың іс-әрекетінің заңды, табиғи жалғасы. Әрбір улау өзіне қарсы уды тудырады. Қалай ядролық сынақтар басталды, солай оған қарсы қозғалыстар да бас көтерді [217].

С. Васильева (КСРО халық депутаты, Өскемен қаласы қан құю станциясының бас дәрігері):

Өңірдің өнеркәсіптік дамуы салдарынан туындаған келеңсіздіктерге облыстың екі жақын сынақ алаңының арасында – Семей маңында және Қытай Халық Республикасының шекаралық аймағында орналасқандығы және екеуінде де сынақтардың жүргізілетіндігі қосылды. Әрбір сынақ адамның денсаулығына, психикасына әсер ететініне куәлік етемін, бұған бір кездері облыстық патология институтының комиссиясында куә болған. Қан қысымының жоғарлауы және жүрек соғысының жиелігі тіркеледі, жалпы денсаулық нашарлайды. Бір қызығы, сол өңір халқының денсаулығына шеттен келген мамандар мен комиссиялар баға береді. Менің ойымша, ғалымдар біз өмір сүріп жатқан экологиялық жағдайды өз тәжірибесінен сараптай алу үшін ғылыми-зерттеу мекемелерін аймағымызға көшіріп, сол өңір халқымен етене өмір сүру арқылы зерттеу жүргізгендері дұрыс болар еді.

Невада қозғалысы атомдық сынақтарға қарсы қозғалыс – бұл халықтық қозғалыс, ол еңбекшілердің ұмтылысын көрсетеді, сондықтан Шығыс Қазақстан облысының тұрғындары бұл қозғалысты қызу қолдайды. Кейбір бөлім басшылары өз мүдделерін қолдап, қоршаған орта мен адам денсаулығына зиянды әсер ететін құжаттарға қол қойса, ал кейбір қызметкерлер өздерінің жазасыз қалатындарына көз жеткізген соң мұндай нұсқауларды құлшына орындайды. Заңдарға экологиялық қылмыстар мен экологиялық қылмыскерлер деген ұғымдарды енгізетін кез келді, сонда адамдардың жасаған істері үшін жауапкершілігі артады.

Олардың айтуынша, атом бомбасы азаматтарымызды қорғау үшін жасалып отыр-мыс. Бірақ мұндай бомбаларды өндіру және сынау адам денсаулығын құртады және бірнеше жылдан кейін сол адамдарды қорғайтын ешкім қалмауы мүмкін. Біздің азап шеккен жерімізге есін жиюға мүмкіндік беру керек, онда ядролық полигонға орын жоқ [217].

Б. Кітапбаев (Социалистік Еңбек Ері):

Мен мынаны айтайын. Біздің қазақтың Сарыарқасы жалпы азапқа төзімді. Әлі есімде, 1932–33 жылдардағы сұрапыл жылдар, біздің даламыз аштықтан өлгендердің мәйіттерінен шашылып жатты. Менің республикамның ең игі жақсылары сталиндік қуғын-сүргін кезінде қаза тапты... Ал қазір полигон да бар... Қауіпсіздік барынша қамтамасыз етілетініне сенгім келеді, жалпы бұл полигон жабылып, басқа жерге көшірілуі тиіс. Мен және менің жерлестерім осылай болатынына үміттенеміз және сенеміз [218].

Екі күнге созылған конференция жұмысы «Семей ядролық сынақ полигонында» ядролық сынақтарды жүргізуді тоқтату керек деген шешім қабылдайды [219].

Қозғалыс ұйымдастырған айтулы митинг 1989 жылдың 6–8 тамызында Семей облысында жүзеге асырылады. Хиросима мен Нагасаки трагедиясының 44 жылдығына және Семей ядролық сынақ полигонындағы алғашқы

жарылыстың 40 жылдығына орайластырылған жоғарыда аталған конференцияның шешімін қолдау мақсатында бұқаралық іс-шаралар ұйымдастырылды. «Невада – Семей» қозғалысының штаб-пәтері Бостон, Сан-Франциско және Лас-Вегасан америкалық бейбітшілікті жақтаушылар бір мезгілде Невада полигонында сынақты тоқтатуды талап етіп, өз акцияларын өткізетіні туралы хабарлама алды.

Алақан ежелгі халықтардың көбісінде сәлемдесу, жақсы ниет пен ашық мінез белгісі мен рәмізі саналған. Алақан – мен саған жақсылықпен келдім дегенді, яғни адамның «Невада – Семей» антиядролық қозғалысына қатыстылығын білдіреді. Осы ұсыныс тамыздың алтысы күні Қарауыл шоқысы маңында өткен жиында айтылады. Оны Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтарға қарсы наразылықтарын білдіру үшін Қарауылға келген Қозғалыс мүшелері де, жергілікті тұрғындар да қолдады [198]. Сонымен қатар Қозғалыс мүшелері ұйымдастырған басқа да іс-шараларда ашық алақанмен көтерілген қол рәмізі жер бетінде бар бес полигонға қарсылық рәмізі ретінде түсіндірілді [219].

Тамыздың алтысында Қарауыл шоқысы маңында өткен митингіде қазақтың байырғы дәстүрі бойынша жергілікті тұрғындар мен қонақтар жиынның басталар алдында бірліктің белгісі ретінде тас қорған тұрғызды. Төбеде сақталған жалғыз ағаштың қураған бұтақтарында аз уақыттан кейін бос орын қалмады – бұталарға ақ шүберек байланған соң, олар аппақ гүлдер секілді желбіреді. Қазақтың байырғы әдет-ғұрпы бойынша адам өмірге деген көзқарасын осылай білдірген. Қураған ағаштағы ақ шүберектер адам жанының қайта өмірге келу рәмізі болып есептеледі. Жиын тағы бір көне салтпен байланысты акциямен аяқталды – оған қатысушылар тазаруды бейнелейтін екі үлкен алаудың арасында жүріп өтті [198].

Осылайша Қозғалыс белсенділері өздерінің атақты тамыз оқиғаларында негізгі мақсаттарымен қатар мынадай әлеуметтік мәселелерді де көтерді [220]:

- Семей облысын мемлекет қамқорлығының арқасында дүние жүзінде ең жоғары өмір сүру деңгейіне және ең жоғары өмір сүру ұзақтығына қол жеткізілген Нагасаки және Хиросима провинцияларымен теңестіру;

- Семей өңіріндегі халықтың денсаулығына зерттеу жүргізу.

Полигон территориясындағы ең соңғы ядролық сынақ 1989 жылдың 19 қазанында жасалды. Қозғалыс белсенділері мұны қырғи қабақ соғыстың аяқталуының рәмізі деп қабылдады. «Бұл жай ғана соңғы жарылыс емес еді. Біз мұны соңғы жарылыс ретінде жасадық. Бұған біздің қозғалыстың ұжымдық мүшелері – Қарағанды кеншілерінің қосқан үлесі зор. Жүз отыз мың кенші. Мен Мәскеуден біздің шахтерлердің жаппай митингілеріне ұшып келдім. Біз бірігіп: «Тағы бір жарылыс бола қалған жағдайда – тек шахтерлердің ғана емес, сонымен қатар Семей, Павлодар, Өскемен және басқа облыстардың еңбекшілерінің мерзімсіз ереуілін жариялаймыз» деген қаулы жаздық. Мәскеуге осы қаулымен оралдым және оны қараша айында Жоғарғы Кеңес мәжілісінің бірінде жарияладым. Семей полигонын жабу мәселесін дауысқа салуды ұсындым. Біздің «Ядролық қарусыз әлем үшін» парламенттік бірлестігі осындай күн тәртібін талап етіп, дауыс беру шарасы өткізілді. Сол кезде сөзбе-

сөз есімде қалған құжат шықты: «КСРО үкіметі Семей полигонын жабу мәселесін қарастыруы керек». Осыдан кейін Семей полигонында бірде-бір жарылыс болған жоқ» [212], – дейді, Қозғалыс негізін қалаушы Олжас Сүлейменов.

1989 жылдың 28 қарашасында Қозғалыстың Қазақстан Республикасы Жазушылар одағы үйінің конференц-залында II конференциясы болып өтеді. II конференция жұмысында да ядролық сынақтардың адам денсаулығы мен қоршаған ортаға тигізіп жатқан зияны, «Семей ядролық сынақ полигонын» жабу туралы мәселелер көтеріледі. Қозғалыстың бастамасымен 1989 жылы жүзеге асырылуға тиісті 18 ядролық жарылыстың 7-ге дейін қысқарғаны айтылады. Дегенмен II конференция жұмысына қатысушылар мен Қозғалыс мүшелері айтарлықтай белсенділік таныта алмай отырғандықтарын ескере келе алдарына шешімін таппаған төмендегідей бірнеше проблеманы шешуді міндет ретінде қояды:

- 1990 жылдың мамыр айында әлем сайлаушыларының конгресін өткізіп, конгресте қабылданған құжатты 1990 жылдың маусым айында КСРО мен АҚШ басшыларына, яғни олардың жоғары дәрежедегі кездесуінде табыс ету;

- Қозғалыстың жеке басылымы жарық көрмегендігі айтылады, алайда біраз уақыттан бері өз газетін шығарып келе жатқан қозғалыстың өскемендік бөлімшесі басылымдарының бір санын көпшілікке ұсынады;

- I конференция жұмысында «Семей ядролық сынақ полигонын» басқа жерге, яғни Жаңа Жер аралына немесе Хакасияға көшіру туралы ұсыныс білдірілсе, II конференция жұмысында аталған аймақтарда халық тұратыны, әсем табиғат пен тіршілік бар екені назарға алынып, «Семей ядролық сынақ полигоны» соңғы ядролық полигон болуға тиіс деген пікірге көпшілік ұйысады;

- Қозғалыс өкілдерінің тарапынан республиканың радиациялық ластануға ұшыраған экологиялық картасы жасалмағаны сынға алынады;

- республикада екі ұқсас жарақаттың бар екені айтылады: біріншісі, «Семей ядролық сынақ полигоны»; екіншісі, Арал теңізінің тағдыры. Екеуін бір-бірінен бөліп қарамау керектігі проблема ретінде көтеріледі;

- Қозғалыстың қызметі барысында альфа, бетта сәулелену проблемасы назардан тыс қалдырылғаны және мұны дереу қолға алу керектігі ескеріледі. Себебі альфа, бетта сәулеленуінің залалы гамма сәулеленуінен де қауіпті екені анықталады;

- республикада өндірілген радиациялық рудалар ашық күйінде тасымалданады, сонымен қатар жерасты сынақтар салдарынан жерасты су арналарының радиациялық ластанғаны назарға алынады;

- студенттер жазғы демалыс кезінде полигон территориясымен іргелес орналасқан елді-мекендерге экспедиция ұйымдастыру туралы ұсыныс білдіреді. Студенттік отрядтар экспедиция шеңберінде полигон территориясымен іргелес орналасқан елді-мекендерге амбулатория, дәрігерлік пункттер, мәдениет үйін салып береді деген тілектер айтылады;

- полигон территориясымен іргелес орналасқан елді-мекендерді азық-түлікпен қамтамасыз ету жайының өте төмен дәрежеде екені айтылады, себебі аталған елді-мекендерде дәрумендерге бай жеміс-жидек атаулы мүлде жоқ;

– залалы көп ядролық сынақтар қайталанбауы үшін және бейбіт жерде қаһарлы жарылыс үні енді естілмес үшін ескерту ретінде атом құрбандарына құрметті білдіретін үлкен ескерткіш орнату мәселесі қарастырылады;

– жерүсті ядролық жарылыстарының әсерінен қалған қазан шұңқырлар әлі де ажал сеуіп, ашық жатыр. Қазан шұңқырлардың бетін жауып, көметін уақыт жеткені айтылады [210].

Қорыта келгенде, қозғалыстың II конференция жұмысы «Семей ядролық сынақ полигонына» жалғыз қазақ халқының қасіреті емес, Жер ананың тәніндегі мерез деген баға беріледі.

Сонымен 1989 жылы 27 қарашада КСРО Жоғарғы Кеңесінің «Елді экологиялық сауықтыру жөніндегі шұғыл шаралар туралы» қаулысы қабылданды. Осы қаулының 5-тармағына сәйкес КСРО Қорғаныс министрлігі мен КСРО Атом энергетикасы және өнеркәсібі министрлігіне Семей полигонындағы ядролық сынақтарды тоқтату туралы мәселені қарау және Қазақстан Республикасының Министрлер Кеңесіне ұсыныстар енгізу тапсырылды. КСРО. 1990 жылдың бірінші тоқсанында КСРО Министрлер Кеңесі қажетті шараларды бекітсін. КСРО Министрлер Кеңесі солтүстік полигондағы (Новая Земля) ядролық сынақтардың іргелес аумақтарға әсерін қарастырсын.

Ал 1990 жылы 22 мамырда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі (360 депутат) «Облыс халқының денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғау мақсатында Семей облысындағы ядролық сынақ полигонында сынақтарды тоқтату туралы» қаулы қабылдады.

1991 жылдың 29 тамызында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» жарлығы шықты. Жарлықта республика жұртшылығының полигонды жабу туралы талабы назарға алынғаны ескерілді. Жарлық төрт тармақтан тұрды. Бірінші тармаққа сәйкес, «Семей ядролық сынақ полигоны» жабылды. Екінші тармақта «Семей ядролық сынақ полигонын» республикалық ғылыми-зерттеу орталығына өзгерту міндеті тұрды. Үшінші тармақта 1949 және 1962 жылдар аралығында әуе және жерүсті сынақтарының салдарынан «Семей ядролық сынақ полигонына» іргелес аймақтар тұрғындарының денсаулығына келтірілген залал ескеріліп, зардап шеккен азаматтарға өтемақы көлемі мен төлеу тәртібін анықтау міндеті қойылды. Төртінші тармақта сынақ полигонына іргелес орналасқан Семей, Қарағанды және Павлодар облыстары аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуы, тұрғындарының өмір сүру жағдайлары мен медициналық қызмет көрсетуді жақсарту бағдарламасын бекіту қарастырылды.

Қазақстан Республикасының билігі «Семей ядролық сынақ полигонында» жүргізілген ядролық сынақтардың салдарына қатысты барлық құпия материалдарды көпшілік назарына жария етті [201, 64 б.].

Қозғалыс 1991 жылдың 31 желтоқсанында ресми түрде тіркелген Қазақстанның Халық конгресі партиясының құрылтайшысы болады [6]. «Семей ядролық сынақ полигонының» жабылуымен қатар «Невада – Семей» халықаралық антиядролық қозғалысы да өз қызметін тоқтатты деген пікірлер айтылады [213]. Алайда Жер бетінде ядролық сынақ бастала қалған жағдайда

«Невада – Семей» халықаралық антиядролық қозғалысы өз қызметін белсенді түрде қайта жандандыратынын айтады қозғалыс негізін қалаушы Олжас Сүлейменов [212].

Полигон ресми жабылғаннан кейінгі Қозғалыс мақсаттарының бірі «Семей ядролық сынақ полигонындағы» қырық жыл бойы ядролық сынақтардан зардап шеккен халықтың денсаулығын қалпына келтіру болды. Осыған байланысты ядролық сынақтарға қызмет еткен арнайы тәуекел бөлімшесінің ардагерлері комитеті құрылуда. Посткеңестік кеңістікте жүз мыңдаған, Қазақстанда он мыңдаған «атом сарбазы» болды [221]. Қозғалыс белсенділерінің арқасында тоқсаныншы жылдардың басында Қазақстан Республикасының «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңы қабылданды.

«Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңының мазмұнында «Семей ядролық сынақ полигонында» 40 жыл бойы жүргізілген ядролық қару сынақтары адам денсаулығына және қоршаған ортаға орны толмас залал келтіргені, халықтың жалпы сырқаттануы мен өлім-жітімінің өсуіне себеп болғаны көрсетілді. Семей қаласының бүкіл аумағы және Павлодар, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарының полигонға іргелес аумақтары экологиялық апат аймағы болып танылды. Сондай-ақ Заң азаматтардың мәртебесін және ұзақ мерзімді ядролық жарылыстардың әсерінен зардап шеккен аумақтардың классификациясын белгілейді, өтемақы түрлерін, жеңілдіктер мен аумақты әлеуметтік-экономикалық дамыту шараларын айқындайды.

Ермұхамет Ертісбаев [197, 208-209 бб.] Қозғалыс қызметінің табысты болуының себебін былайша түсіндіреді:

Біріншіден, Қозғалысты белгілі ақын және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов басқарды;

Екіншіден, Қозғалыстың мақсаты адамзат өркениетінен ядролық қару мен соғыстарды жою, жер бетінде ядролық қаруды сынауға толық тыйым салу болды;

Үшіншіден, коммунистік партия мен антиядролық қозғалыстың оппозициядан гөрі байланыс нүктелері көп болды. Әлем екі жүйе арасындағы конфронтация мен текетірестен мүлдем жаңа жағдайға көшті, жылымық кезеңі басталды;

Төртіншіден, Қозғалыс халықаралық сипатта болды және оның баспа және электрон БАҚ-та жариялануы әсерлі күш алды;

Бесіншіден, Қозғалыстың жалпы демократиялық ұрандары мен жалпыадамзаттық құндылықтары Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілін біріктірді;

Алтыншыдан, Қозғалыс полигонды ұлттық қасіреті ретінде қабылдап, еліне келген зұлымдықпен күресу үшін Қозғалыс төңірегіне біріккен қазақ халқының этносаяси топтасуына өз үлесін қосты.

Түйіндеп келгенде, «Невада – Семей» халықаралық антиядролық қозғалысы өз философиясына сәйкес негізгі мақсаттарына қол жеткізді. «Семей

ядролық сынақ полигоны» жабылды. Ядролық сынақтардан зардап шеккен халыққа әлеуметтік қолдау көрсету, олардың қажеттіліктері мен мәселелеріне мемлекеттің назарын аудара алды. «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңның қабылдануына өз үлестерін қосты.

## Қорытынды

Диссертацияда зерттеу жұмысы бойынша мынадай қорытындылар алынды.

1.«Мәдени жарақат» ұғымындағы басты компонент – «жарақат» түсінігінің метафоралық мәні талданды, алдымен, А. Лефёвр, Б. Нұржанов, Ж. Деррида, Х. Ортега-и-Гассет сынды ғалымдардың метафора жайындағы пайымдауларын талқылай келе, оның тіл қабілеті мен тілдік коммуникация моделінің табиғатын, сипаттамасын түсіндіретіндігі, коммуникациялық актілерді, мәнмәтіндердің тұтастығын қамтамасыз ететін қызмет атқаратындығы, таным формаларының қалыптасуына қажет жалпылама тетіктік процедураларын мазмұндайтындығы туралы тұжырым жасалды. Одан соң, «жарақат» ұғымының метафоралық табиғаты мен семантикалық компоненттері талданды, шет ел және қазақ тіліндегі сөздіктерге шолу жасалып, жарақат түсінігіне қатысты З. Фрейд, Й. Брейер, Л. Хинричсен, Й. Брейердің психоаналитикалық зерттеулері мен Р. Айерман, Б. Гизен сынды ойшылдардың саяси-әлеуметтік ұстанымдары мен оны емдеудің жолдары хақындағы пайымдаулары сараланып, жарақатты шок түсінігін негізге ала отырып таразылау қолға алынды. Сонымен қатар қазақ әдебиетіндегі жарақаттардың көркем шығармалар түріндегі репрезентациялары талданды. Нәтижесінде, мәдени жарақат метафорасы туралы мынадай тұжырымдар алынды: қазіргі гуманитарлық және әлеуметтік зерттеулерде «жарақат» ділдік мағынаны білдіреді; «жарақат» психикалық патология ғана емес, пәнаралық тұрғыда ақиқатты пайымдаудың тәсілі немесе талпынысы болып табылады; «жарақат» – жеке адамдық және ұжымдық идеяларды құрайтын тұжырымдама ретінде ұсынылды; әлеуметтік өзгерістер нәтижесінде жағымсыз, дисфункционал салдарды зерттейтін тұжырымдама болып саналады.

2. «Мәдени жарақатты» концепт ретінде қарастыра келе, бұл құбылыс аясындағы зерттеулер мен ұсынылған әркілі тұжырымдамалар талданады, Н.Дж. Смэлзердің психологиялық тұжырымдамалары, П. Штóмпка, Дж.Ч. Алексáндердің идеялары сараланады. Батыстық әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулерде мәдени жарақат проблемасы маңызды әлеуметтік мәселе ретінде талқыланып, оның сынақтан өткізілгендігі тұжырымдалды, мәдени жарақат – ең алдымен пәнаралық және мәдениетаралық мәселе ретінде талқылануының түйткілді мәселелері ұсынылды. Мәдениет жарақатты зерделеу – әлеуметтік топтардың жүріс-тұрыс барысын жаңадан зерттеуге, өткен күннің сабақтарын рәміздік тұрғыдан құрылымдау тетіктерін ұғынуға және оларды игерудің тәсілдерін анықтауға мүмкіндіктер беретіндігі туралы қорытынды жасалды.

3. Тарихтағы «Холокост» оқиғасының зерттелуінің маңыздылығы жөніндегі пікірлер мен қордаланған мәселелер кешені тиянақталды: оның халықаралық құқықтың қағидалары мен нормаларын өрескел бұзу екендігі; ондағы құрбандарды анықтау мәселесі әлі күнге толыққанды шешімін таппай келе жатқандығы; жалпы нацистік террордың барлық құрбанын қамтуы керек екендігі, нацистік режим мен фашизмнен тыс санада қарастырылуы керектігі –

объективті баға беруге қол жеткізу болып табылатындығы; Холокост оқиғасының немістер тарапынан бағалануының әрқилылығы, әртарапты болып келетіндігін де ескеру керектігі; ұжымдық жадты деконструкциялау бойынша да, барлық жалған, мифологиялық, естеліктер, ауызша және т.б. нұсқаларды алып тастағанның өзінде, бірқатар оқиға назар аудартады деген тұжырымдарын саралау сияқты Германияның еврейлерді жаппай қырып-жою үдерісінің саяси-әлеуметтік астарлары талданып, Холокост тарихи оқиғасын бағалау мәселесіне тоқталып, А. Асманның көзқарастары негізге алынып, «индивидуал», «әлеуметтік топ», «ұлттық» және «мәдениет» секілді жад түсініктері философиялық тұрғыдан зерделенді. Сонымен бірге Холокост тарихи оқиғасының өнердегі, әсіресе, әдебиет пен кинодағы репрезентациясына мысалдар келтіріліп, олар герменевтикалық тұрғыдан интерпретацияланды.

4. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының бағалануы, себептері және өнердегі репрезентациясы бойынша зерттеулер жүргізілді. Бұл ахуалдарды саяси-әлеуметтік, мәдениеттанулық-философиялық талдаулар барысында – қойылып отырған мәселеге қатысы негізгі тарихи құжаттар мен деректер басшылыққа алынды. Желтоқсан оқиғасы жарасын емдеу туралы мәселелер мен оқиғаның жалпы табиғатына қатысты ахуалдар нақты тұжырымдар ретінде ұсынылды: Желтоқсан – қазақ халқының «құлдық» психологиясын жеңуі; Желтоқсан оқиғасының әртүрлі ұлт өкілдері арасында дағдарыстар туындатуы; Желтоқсан – демократия сабағы болып әйгіленді; Желтоқсан – КСРО тұсында өз бағасын ала алмады; Желтоқсан – адам құқығы мен бостандығының аяққа тапталуының көрінісі; Желтоқсан мазмұны жөнінен халықаралық деңгейде жүзеге асқан үдеріс; ұлтжандылар тарапынан көбіне біржақты пікір, эмоциялық тұрғыдан бағаланғандығы туралы көзқарастардың болуы; қазақ қыздарының тарихи белсенділігінің көрінісі т.с.с. Желтоқсан оқиғасының пайда болу себептері былайша тиянақталды: Колбинді сайлау, Желтоқсан – коммунистік идеологияның саяси дағдарысы; Желтоқсан – кеңестік саяси волюнтаризмнің салдары; Желтоқсан – экономикалық волюнтаризм салдары; Желтоқсан – қазақ ұлтшылдығының көрінісі; Сол кезеңдегі қазақ тілінің қолдану аясының тарылуы; Желтоқсан – экологиялық дағдарыс салдары; Желтоқсанда сталиндік тауқыметті көрген ұрпақтардан кейін келген үшінші кезең ұрпақтарының өзін көрсету кезеңі екендігі т.б. Желтоқсан көтерілісінің репрезентациялары: ескерткіштер, Желтоқсан туралы фильмдер, Желтоқсанның қазақ әдебиетінде көркем шығармалар түрінде көрініс табуы, Желтоқсан драмалары т.б. жинақталып, оларға герменевтикалық, феноменологиялық талдаулар жасалды.

5. Біз Кеңес дәуірінен бүгінгі күнге дейін сақталған мәдени жарақаттарды таразыламас бұрын, шегініс жасап, алдымен, сол дәуірдегі қайғылы оқиғалардың өзіне үнүлді, үнілмес бұрын сол дәуірдің келбетін, идеологиясын, қондырмасын зерделеуді және ол үшін сол кезеңдегі мемлекетті басқарған басқарушы Сталиннің өзінің жеке тұлғалық болмысына шолу жасауды мақсат еттік. Сталин кезеңіндегі саяси-қуғын-сүргін, ашаршылық, ұжымдастыру, жер аудару сияқты оқиғаларды зерделеу барысында А.Я. Гинзбург, Қ.С. Алдажұманов, С.М. Хан, В.С. Хан, М. Козыбаев, Н. Омиртай, Т. Омарбеков, Ж.Б. Абылхожин сынды ғалымдардың

зерттеулеріне сүйендік. Сталиннің жеке болмысына үңіле отырып, оның жалпытүркілік және жалпымұсылмандық қозғалыстардан хабардар болғандығын, кеңес үкіметінің ұлт істері саясатының теоретик-архитекторы, тоталитарлық теорияны жүзеге асырған практик, диктатор, қазақ халқын қырғынға ұшыратқан тұлға болумен қатар, паранойя ауруымен ауырғандығын, ол сайып келгенде, мәжбүрлік лагерьлердің негізін қалауға жетелегендігін, халықтың бойына үрей, жағымпаздық, сатқындық сияқты әдеттерді сіңіргендігін, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде де, «кейбір зерттеушілер ойлағандай, кемеңгер қолбасшы» болмағандығын, номадизм кешенінің жойылуына алып келетін стратегиялық мақсаттар қойғандығын ашып бердік. Сонымен бірге кеңестік Қазақстанның Сталин кезеңіндегі жетістіктерге де шолу жасалды. Одан соң сталинизм бағытын ұстанған КСРО саясатының жалпылама келбетін ұсындық: тоталитарлық режимге еріксіз бағындырылған құқықсыз еңбекшілер колониясын құрылымдау; рухани қасірет пен моральдық ергежейлілерді саяси тұғырға көтерген «кішкентай адам культін» насихаттау; бонапартизмнің классикалық үлгісін қолдану; көшпелілерді отырықшы өмір салтына көшіруді қоғамдық прогресс деп санаушылық; абстрактілі гуманизм идеясын жамылушылық т.б. Сонымен қатар сталинизм дәуіріндегі Қазақстандағы мәдениеттің дамуы мен қазақ мәдениетінің сталинизм құбылысын емдеу шараларын жүйелеп көрсеттік, Шерхан Мұртазаның «Сталинге хат», Д. Белдеубайұлының «Сталиннің мүсіні» және т.б. шығармалар мысалға алынып, оларға талдаулар жасалды. «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» мұражайларының құрылуы сияқты іс-шаралардың нәтижелері мен маңызы ұсынылды.

6. Семей ядролық полигоны сынағының жалпылама келбеті: атмосфералық ядролық сынақтар, оның ішіндегі, 1963-1989 жылдардағы жерасты ядролық сынақтары туралы тарихи мәліметтер талқыланып, нәтижесінде, «Невада – Семей» халықаралық антиядролық қозғалысының пайда болуы мен оның негізгі мақсаттары баяндалды, қозғалыстың II конференция жұмысы «Семей ядролық сынақ полигонына» жалғыз қазақ халқының қасіреті емес, «Жер ананың тәніндегі мерез» деген баға берілгендігі теориялық тұрғыдан дәйектелді, нәтижесінде, «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» қабылданған заңға контент-талдау жүргізілді. «Невада – Семей» халықаралық антиядролық қозғалысы өз философиясына сәйкес негізгі мақсаттарына қол жеткізгендігін ашып көрсеттік. Нәтижесінде, ядролық сынақтардан зардап шеккен халыққа әлеуметтік қолдау көрсету, олардың қажеттіліктері мен шешімін табуға тиіс өзекті мәселелеріне мемлекеттің назарын аудару арқылы саяси-тарихи маңызды шешімдер шығару жолындағы бұл қозғалыстың қызметін сараладық. Оның қазіргі Қазақстан қоғамындағы тарихи-мәдени жаракаттар ретіндегі көріністерін зерделедік.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

- 1 Абдильдин Ж., Орынбеков М. К научному познанию реалий // Мысль. – 1992. – №1. – С. 26-29.
- 2 Касымжанов А.Х. Жгучее самоопределение степи на пороге третьего тысячелетия // Пространство и время великих традиций. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – С. 223-254.
- 3 Молдабеков Ж.Ж. Қазақтану: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 459 б.
- 4 Браточкин А. Культурная травма и медиа // <https://www.academia.edu> 22.10.2019.
- 5 Мороз О., Суверина Е. Trauma studies: История, репрезентация, свидетель // Новое литературное обозрение. – 2014. – №1. – С. 59-74.
- 6 Хинрихсен Л. Жарақат зерттеулері және Оңтүстік АҚШ әдебиеті // Әдебиет теориясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 256-273 бб.
- 7 Нуржанов Б.Г. Экономия письма. Грамматология Деррида и контекст культуры // Тамыр. – 2002. – № 1. – С. 42-54.
- 8 Акишева Е.О., Мартишина Н.И. Метафоры в философских текстах // Омский научный вестник. – 2009. – №5. – С. 10-13.
- 9 Тарасова О.И. О сущности метафоры // Вестн. Волгогр. гос. ун-та. Сер. 7, Филос. – 2010. – № 2 (12). – С. 26-30.
- 10 Лефевр А. Производство пространства / Пер. с фр. – М.: Streike Press, 2015. – 432 с.
- 11 Юсупова Л.Г. Формирование метафор // Языки и культура. Материалы XVII Международной научно-практической конференции. – Новосибирск: изд-во ЦРНС, 2015. – С. 89-94.
- 12 Кондакова И.А. Косвенная метафора // Вестник Вятского государственного гуманитарного университета. Серия филологические науки. – 2005. – №2. – С. 111-114.
- 13 Галушко Т.Г. Метафора фрактала и фрактал метафоры // Вестник Ленинградского государственного университета им. А.С. Пушкина. – 2010. – Том 5. – №1. – С. 23-33.
- 14 Маслова Ж.Н. Мифологическая метафора в аспекте исследования генезиса метафоры // Изв. Саратов. ун-та. Сер. Филология. Журналистика. – 2015. – Т. 15, вып. 1. – С. 24-28.
- 15 Eagleton T. The Idea of Culture. – Wiley-Blackwell; 1st edition, – 2000. – 168 p.
- 16 Нуржанов Б.Г., Ержанова А.М. Предмет культурологии и определение культуры // Культурология в новом ключе: Учеб. Пособие для ун-тов. – Алматы, 2011. – С. 14-15.
- 17 Freud S., Breuer J. Studies in Hysteria. – Digireads.com, 2013. – 170 p.
- 18 Freud S. An Outline of Psychoanalysis Paperback. – Brown Press, 2014. – 130 p.
- 19 Freud S. Moses and Monotheism. – Mass Market Paperback, 1967. – 178 p.

- 20 Николай Ф., Кобылин И. Американские trauma studies и пределы их транзитивности в России // Логос. – Том 27. №5. – 2017. – С. 115-136.
- 21 Caruth C. Unclaimed Experience: Trauma, Narrative, and History. Baltimore: Johns Hopkins University Press, 1996. – 298 p.
- 22 Alexander J.C.; Eyerman R., Giesen B., Smelser N.J., Sztompka P. Cultural Trauma and Collective Identity. Berkeley, CA: University of California Press, 2004. – 314 p.
- 23 Caruth C. Trauma. Explorations in memory. – Baltimore and London, The Johns Hopkins University Press, 1995. – 284 p.
- 24 Caruth C. Experience Trauma, Narrative, and History. – Baltimore and London, The Johns Hopkins University Press, 1996. – 167 p.
- 25 LaCapra D. Writing History, Writing Trauma. Baltimore, The Johns Hopkins University Press, 2014. – 265 p.
- 26 Ann Kaplan E. Trauma culture. – New Brunswick, New Jersey, and London, Rutgers University Press, 2005, – 205 p.
- 27 Eyerman R. Cultural Trauma. – New York, Cambridge University Press, 2003. – 313 p.
- 28 Eyerman R. Memory, Trauma, and Identity. – New Haven, Yale University, 2003. – 213 p.
- 29 Eyerman R., Sciortino G. The Cultural Trauma of Decolonization. – New Haven, Yale University, 2003. – 240 p.
- 30 Alexander J.C. Trauma. – Cambridge, Polity Press, 2012. – 242 p.
- 31 Alexander J.C. Toward a Theory of Cultural Trauma // Cultural Trauma and Collective Identity. – Berkeley-Los Angeles-London. University of California Press, 2004. – P. 1-30.
- 32 Alexander J.C. On the Social Construction of Moral Universals. The Holocaust from War Crime to Trauma Drama // Cultural Trauma and Collective Identity. – Berkeley-Los Angeles-London. University of California Press, 2004. – P. 196-263.
- 33 Alexander J.C. Preface // Cultural Trauma and Collective Identity. – Berkeley-Los Angeles-London. University of California Press, 2004. – P. VII-IX.
- 34 Muller Ch. September 11, 2001 as a Cultural Trauma. – New Haven, Yale University, 2003. – 229 p.
- 35 Smelser N.J. Psychological Trauma and Cultural Trauma // Cultural Trauma and Collective Identity. – Berkeley-Los Angeles-London. University of California Press, 2004. – P. 31-59.
- 36 Smelser N.J. September 11, 2001, as Cultural Trauma // Cultural Trauma and Collective Identity. – Berkeley-Los Angeles-London. University of California Press, 2004. – P. 264-282.
- 37 Sztompka P. The Trauma of Social Change. A Case of Postcommunist Societies // Cultural Trauma and Collective Identity. – Berkeley-Los Angeles-London. University of California Press, 2004. – P. 155-195.
- 38 Штомпка П. Социальное изменение как травма (статья первая) // Социологические исследования. – 2001. – №1. – С. 6–16.

- 39 Штомпка П. Культурная травма в посткоммунистическом обществе (статья вторая) // Социологические исследования. – 2001. – №1. – С. 3-12.
- 40 Ушакин С. Нам этой болью дышать? О травме, памяти и сообществах // Травма: пункты: Сборник статей / Сост. С. Ушаков и Е. Трубина. М.: Новое литературное обозрение, 2009. – С. 5-41.
- 41 Войтенко Е.А. Холокост на Юге России в период Великой Отечественной войны: 1941-1943 гг. // тема диссертации и автореферата по ВАК РФ 07.00.02, кандидат исторических наук, 2005. – 236 с.
- 42 Ицхак А. Катастрофа евреев на оккупированных территориях Советского Союза (1941-1945). – М.: Центр Холокост, 2007. – 816 с.
- 43 Лиотар Ж.-Ф. Хайдеггер и «евреи» / Пер. с франц., послесл. и прим. В. Е. Лапицкого. – СПб.: Аксиома, 2001. – 187 с.
- 44 Рождественская Е. Репрезентация культурной травмы: музеефикация холокоста // Логос. – Том 27, №5. – 2017. – С. 87-114.
- 45 Ассман А. Длинная тень прошлого: Мемориальная культура и историческая политика – М.: Новое литературное обозрение, 2014. – 328 с.
- 46 Карасик О., Струкова А. Комикс о Холокосте: Маус А. Шпигельмана и Приключения Кавалера и Клея М. Чабона // Филология и культура. – 2016. – №3. – С. 101-106.
- 47 Шпигельман А. Маус: графический роман / Пер. с английского В.Шевченко. – Москва: АСТ. – 2014. – 296 с.
- 48 Зусак М. Книжный вор / Пер. с англ. Н.Мезин – Москва: Эксмо, 2011. – 560 с.
- 49 Бойн Дж. Мальчик в полосатой пижаме. – Фантом-пресс, М.; 2009. – 68 с.
- 50 Табеев Қ-М. Әр жүректе Желтоқсан // Атамекен-ай. – 2006. – №12. – 5-6 бб.
- 51 Қожа-Ахмет Х. Жартыкеш шындық, кібіртiк тiрлiк немесе он жылдық үстiндегi он сан ой // Қазақ тарихы. – 1996. – №6. – 17-23 бб.
- 52 Есім Ғ. Желтоқсан қозғалысының халық санасындағы алатын мәдени-тарихи орны // Атамекен-ай. – 2006. – №12. – 7-8 бб.
- 53 Аяғанов Б. Желтоқсан 1986 // Арай. – 1990. – №9. – 4-5 бб.
- 54 Ақатай С.Н. Желтоқсан бұрқасыны // Әлеуметтік қорғау. – 1992. – №4. – 8-9 бб.
- 55 Қойгелдиев М.Қ. Желтоқсан қозғалысы: тарихтағы орны мен сабақтары жөнінде (1986 ж. Желтоқсан оқиғасының 15 жылдығына) // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2001. – №4 (23). – 3-10 бб.
- 56 Жұртбай Т. Желтоқсан оқиғасы және жазушылар // Қазақ әдебиеті. – 2006. – 15 желтоқсан (№50). – 6-7 бб.
- 57 Салықбаев Ә. Желтоқсан-1986: тұжырымдар мен түйткілдер // Қазақ тарихы. – 1996. – №6. – 28-32 бб.
- 58 Ақдәулетұлы М. Желтоқсан айнасы және ұлттық портрет // Қазақ тарихы. – 1996. – №6. – 3-9 бб.
- 59 Беркімбаев Т. Желтоқсан – 1986: қалай бағаланды? // Ақиқат. – 2001. – №10. – 45-54 бб.

- 60 Досжан Д. Алаң. Роман. – Алматы: Қазақстан. – 1993. – 297 б.
- 61 Шаханов М. Желтоқсан эпопеясы. – Алматы, 2013. – 904 б.
- 62 Ахметов Т. 1986, Желтоқсан // Ақиқат. – 2001. – №12. – 60-63 бб.
- 63 Бөкей О. Желтоқсан желі // Жалын. – 1993. – №9. – 3-31 бб.
- 64 Земель Г. Счастливых народов не бывает // Сталинизм: қуғын-сүргінді Қазақстан. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Алматы, 2011. – 130-134 бб.
- 65 Гинзбург А.Я. Роль советской законности в системе политических репрессий // Сталинизм: қуғын-сүргінді Қазақстан. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Алматы, 2011. – 55-67 бб.
- 66 Алдажұманов Қ.С. Сталиншілдік және 1941-1945 жылдардағы соғыс кезіндегі Қазақстан // Сталинизм: қуғын-сүргінді Қазақстан. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. 24 ақпан 2009 жыл. Алматы, 2011. – 49-54 бб.
- 67 Хан С.М., Хан В.С. Сталинизм: к вопросу о причинах политики депортаций // Известие о корееведении в Казахстане и Средней Азии. – 1993. – №4 (июль). – 7-14 бб.
- 68 Козыбаев М. Сталин и Казахстан // Народный учитель. – 1991. – 18 с.
- 69 Омиртай Н. Сталинская революция сверху // Экспресс К. – 7(29) 2006. – 118 с.
- 70 Омарбеков Т. Сталин – өте талантты, сонымен қатар надан адам // Аңыз адам. – 2011. – №18. – 18-21 бб.
- 71 Абылхожин Ж.Б. Сталинизм и номадизм: к вопросу о силовой политике седентаризации в Казахстане в конце 1920-х начале 1930-х годов // Феномен кочевничества в истории Евразии. Номадизм и развитие государства: Сборник материалов Международной научной конференции – 2005 – С. 112-132.
- 72 Кульбаев Т.С. Сталин: Депортировать в Казахстан // Фемида. – 2001. – №10. – С. 68-75.
- 73 Зулкашева А.С. Социальные депортации 30-х гг. как составная часть сталинской внутренней политики // Сталинизм: қуғын-сүргінді Қазақстан. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. 24 ақпан 2009 жыл. Алматы, 2011. – 68-80 бб.
- 74 Қойгелдиев М.К. Иосиф Сталин және Қазақстан // Сталинизм: қуғын-сүргінді Қазақстан. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. 24 ақпан 2009 жыл. Алматы, 2011. – 10-24 бб.
- 75 Касымжанова Г. Летопись: архив памяти о сталинизме // Сталинизм: қуғын-сүргінді Қазақстан. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. 24 ақпан 2009 жыл. Алматы, 2011. – 137-145 бб.
- 76 Мұртаза Ш. Сталинге хат: Екі бөлімді драма // Жұлдыз. – 1988. – №2. – 20-23 бб.
- 77 Белдеубайұлы Д. Сталиннің мүсіні (Ғарыштан түскен сұлулық сәулесі): әңгіме // Жалын. – 2014. – №5. – 25-41 бб.

- 78 Красин Ю.А. Перестройка в контексте российской реформации // Вестник Московского университета. Серия 12. Политические науки. – 2005. – №5. – С. 32-46.
- 79 Елисеева Н.В. Перестройка: советский проект реформирования СССР // Вестник Московского университета. Серия 12. Политические науки. – 2005. – №5. – С. 54-63.
- 80 Brown B.A. Authoritarianism in the new states of Central Asia: An overview of postindependence politics. – Köln, 1996. – 30 p.
- 81 Попов Д. Исторический опыт реализации американских программ ядерной демилитаризации Казахстана в контексте интересов России и ее союзников // Проблемы национальной стратегии. – 2015. – № 4(31). – С. 92-113.
- 82 Кармазина Л. Институционализм партийной системы Республики Казахстан: ретроспектива и современные тенденции // Центральная Азия и Кавказ. – 2008. – №5(59). – С. 47-63.
- 83 Бабак В. Казахстан: формирование многопартийной системы // Центральная Азия и Кавказ. – 2005. – №2(38). – С. 87-99.
- 84 Schatz A. Notes on the dog that didn't bark: eco-internationalism in late Soviet Kazakhstan// Ethnic. a. racial studies. – L., 1999. – Vol. 22, №1. – P. 136-161.
- 85 Ертисбаев Е. Казахстан и Назарбаев: логика перемен. – Астана: Елорда, 2001. – 576 с.
- 86 Матаева А., Ушков Н. Открытая ладонь // Иртыш. – 1989. – 9(152). – С. 3-9.
- 87 Ядерным взрывам – нет! // Казахстанская правда. – 1993. – 31(№190). – С. 1-2.
- 88 Логачев В.А. и др. Семипалатинский полигон: обеспечение общей и радиационной безопасности ядерных испытаний. М., 1997. – 344 с.
- 89 Булатов В.И. 200 ядерных полигонов СССР: География радиационных катастроф и загрязнений. – Новосибирск: ЦЭРИС, 1993. – 88 с.
- 90 Третьякова Н.А. Проблема ратификации семипалатинского договора в контексте евро-азиатской архитектуры безопасности // Вестник КемГУ. – 2013. – № 2 (54). – С.159-162.
- 91 Мадиева М.Р. Медицинские последствия облучения населения низкими дозами // Медицина и экология. – 2008. – № 1. – С. 7-11.
- 92 Михайлов В.Н. и др. Ядерные испытания СССР. – Саров: Типография РФЯЦ – ВНИИЭФ, 1998. – 249 с.
- 93 Резван Е. Два озера // 60 параллель. – 2011. – №4(43). – С. 20-31.
- 94 Атомное озеро // Два патрона. – 2011. – №3(20) 21 апреля. – 2 с.
- 95 Вопросы поставила сама жизнь // Иртыш. – 1989. – 20 июля (№139). – С. 1-4.
- 96 Аскарлова У.Б. Радиационная обстановка в Казахстане и здоровье населения // Austrian Journal of Technical and Natural Sciences. – 2014. – №5-6. – С. 3-5.
- 97 Кирабаев Н.С. Миссия интеллектуала в современном обществе // Полилингвистичность и транскультурные практики. – 2018. – Т.15. № 4. – С. 628-631.

- 98 Қапасов Д. Невада – Семей бейбітшілікке қадам // Лениншіл жас. – 1989. – 19 с.
- 99 Ауэзов М. Невада // Заря. – 1989. – №10. – С. 13-24.
- 100 Шинтимиров М. Олжас Сулейменов: Невада-Семипалатинск моя поэма // Central Asia Monitor. – 2005. – 23(№38). – С. 1-9 .
- 101 Шафир С. «Невада – Семипалатинск», 16 лет назад... // Мегаполис. – 2005. – 28 февраля (№8). – С. 12-28.
- 102 Титаев Е. Испытание // Иртыш. – 1989. – 12(№133). – С. 12-34.
- 103 Титаев Е. Ядерным взрывам – нет! Вместе борются за мир // Иртыш. – 1989. – 7(№150). – С. 3-9.
- 104 Вопросы ставит сама жизнь. Ядерный полигон: проблемы решать по-новому // Иртыш. – 1989. – 18(№137). – С. 2-12.
- 105 Вопросы поставила сама жизнь. Быть или не быть полигону на земле Прииртышья? // Иртыш. – 1989. – 19 июля (№138). – С. 1-3.
- 106 Крылов Ю. Сары-арка требует покоя // Иртыш. – 1989. – 20 июля (№139). – С. 4-18.
- 107 Миролевич В. Невада – Семипалатинск // Известия. – 1989. – 8(28) – 123 с.
- 108 Иванова Т., Серебренников А. Ядерным взрывам – нет! // Иртыш. – 1989. – 9(152). – С. 1-3.
- 109 Ядерным взрывам – нет! // Казахстанская правда. – 1993. – 31(№190). – С. 1-2.
- 110 Джери Д., Джери Дж. Большой толковый социологический словарь. В 2-х томах. М.: АСТ – 544 с.
- 111 Культурология. Энциклопедия. В 2-х т. Том 1 / Главный редактор и автор проекта С.Я. Левит. – М.: «Российская политическая энциклопедия», – 2007. – 392 с.
- 112 Сяо Л. Метафора и корпус // Гуманитарные, социально-экономические и общественные науки. – 2015. – №2. – С. 386-389.
- 113 Чуаньци Х. Обзорный доклад о модернизации в мире и Китае (2001–2010) / Пер. с англ. под общей редакцией Н.И. Лапина / Предисл. Н.И. Лапин, Г.А. Тосунян. М.: Издательство «Весь Мир», 2011. – 256 с.
- 114 Покровский В.И. Энциклопедический словарь медицинских терминов. – М.: Медицина, 2005. – 132 с.
- 115 Егорова Т.В. Словарь иностранных слов современного русского языка. – М.: «Аделант», 2014. – 800 с.
- 116 Гусев И.Е. Современная энциклопедия. Этикет. – М.: Харвест – 2000. – 352 с.
- 117 Кордуэлл М. Психология. А-Я. Словарь-справочник / Пер. с англ. К.С. Ткаченко. – М.: Фаир-Пресс. – 2000. – 448 с.
- 118 Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка // Российская академия наук. Институт русского языка имени В.В. Виноградова. – 4-е изд., доп. – М.: Азбуковник, 1997. – 994 с.
- 119 Абрамов Н. Словарь русских синонимов и сходных по смыслу выражений – М.: Русские словари, 2008. – 667 с.

- 120 Ахметова Ж., Болғанбаев Ә., Жанұзақов Т., Жәркешева Г., Ибатов А., Қайымова Б., Сейлханов З., Тәжімұратов Ә. Абай тілі сөздігі. – Алматы, «Өнер», 2011. – Б. 206.
- 121 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6-том / Құраст.: Ж. Қонратбаева, Ғ. Қалиев, Қ. Есенова, және т.б. – Алматы, 2011. – 260 б.
- 122 Қайыржан К. Сөз – сандық: Қазақтың көне сөздері. – Алматы: Өнер баспасы, 2013. – Б. 176.
- 123 Резаев А.В. Интервью с профессором Джеффри Александером // Социология и социальная антропология. – 2011. – №3. – С. 5-19.
- 124 Eyerman R. Social theory and trauma // Acta Sociologica. – 2013. – Vol. 56. №1. – P. 41-53.
- 125 Sztompka P. Cultural Trauma: The Other Face of Social Change // The European Journal of Social Theory. – 2000. – №4. – P. 449-466.
- 126 Брейтман А.С. Культурная травма в отечественном кинодискурсе // Вестник Приамурского государственного университета им. Шолом-Алейхема. – 2015 – №3(20). – С. 76-82.
- 127 Багненко С.Ф., Ершова И.Н., Барсукова И.М. Профессора и доктора медицинских наук Санкт-Петербургского научно-исследовательского института скорой помощи имени профессора И.И. Джанелидзе – Санкт-Петербург: Русский Ювелир, 2017 – 192 с.
- 128 Шрайбер М.Г., Вольперт Е.И., Уханова Н.В. Травматический шок – Ленинград: 1959. – 49 с.
- 129 Рожинский М.М. Травматический шок и его лечение. – Изд. Медицина. М.: 1970. – 116 с.
- 130 Момышұлы Б. Ұшқан ұя // <https://kitap.kz/book/1165/read> 22.04.2020.
- 131 Момышұлы Б. Ермұхан Бекмаханов // <https://kitap.kz/book/604/read> 29.11.2020.
- 132 Мұратбеков С. Жабайы алма // <https://kitap.kz/book/1281/read> 23.04.2020.
- 133 Мағауин М. Бір атаның балалары // <https://kitap.kz/book/4071/read> 23.04.2020.
- 134 Мұртаза Ш. Жүз жылдық жара // <https://kitap.kz/book/2027/read> 22.04.2020.
- 135 Тәж-Мұрат М. Кәбиса жыл // Кәбиса жыл: зерттеулер, эсселер, әдеби толғамдар. – Астана: Хұснихат, 2009. – 138-153 бб.
- 136 Давуан Ф., Годийер Ж-М. История по ту сторону травмы // Травма: пункты: Сборник статей / Сост. С. Ушаков и Е. Трубина. М.: Новое литературное обозрение, 2009. – С. 133-170.
- 137 Исаев Е.М., Комогорова М.К. Отражение войны: культурная травма в постюгославском кинематографе // Международный журнал исследований культуры. – 2018. – №1(30). – С. 220-230.
- 138 Аникин Д.А., Головашина О.В. Травмы культурной памяти: концептуальный анализ и методологические основания исследования // Вестник Томского государственного университета. – 2017. – № 425. – С. 78-84.

- 139 Ықсанғали С. Холокост // Түркістан. – 2012. – 19 қаңтар (№13). – 12-21 бб.
- 140 Трубина Е. Феномен вторичного свидетельства // Травма, пункты: Сборник статей / Сост. С.Ушакин и Е. Трубина. М.: Новое литературное обозрение, 2009. – С. 171-205.
- 141 «1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына – 20 жыл: мамандар пікірі» дөңгелек үстелінің қарары // Атамекен-ай. – 2006. – №12. – 2-13 бб.
- 142 Ескендірұлы Ә. Санаға сәуле түсірген // Қазақ тарихы. – 1996. – №6. – 14-17 бб.
- 143 Есжанова М. Желтоқсан оқиғасы және зиялылар пікірі // А. Ясауи университетінің хабаршысы. – 2007. – №1. – 118-122 бб.
- 144 Бекмырзаева Т. Желтоқсан оқиғасының саяси-әлеуметтік маңызы // ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2010. – №1(27). – 53-54 бб.
- 145 Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Пленумы туралы информациялық хабар // Социалистік Қазақстан. – 1986. – №2(29). – 28-39 бб.
- 146 Желтоқсан көтерілісі – ұлттар санасы сілкінісінің басы // Атамекен-ай. – 2006. – №12. – 14-26 бб.
- 147 Сабильянов Н.С. // Атамекен-ай. – 2006. – №12. – 12-13 бб.
- 148 Байменова Г.П. Перзенттік парызым еді // Атамекен-ай. – 2006. – №12. – 18-19 бб.
- 149 Аймахан Қ. Желтоқсан жылнамасы // Алматы ақшамы. – 1996. – 18 қараша. – 2-10 бб.
- 150 Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Бюросында // Социалистік Қазақстан. – 1986. – №3(34). – 16-29 бб.
- 151 Құраст. Б. Әбдіғалиев, Б. Көрпембайұлы. Қазақ КСР Жоғарғы Советі Президиумының Алматы және Қазақстанның өзге облыстарындағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларына тиісті баға беру жөніндегі комиссияның қорытындысы – Алматы: Алтынбек Сәрсенбайұлы қоры, 2006. – 25-29 бб.
- 152 Алматы қаласында 1986 жылғы желтоқсанның 17–18-інде болған оқиғаларға байланысты жағдайларға түпкілікті баға беру жөніндегі комиссияның тұжырымдары мен ұсыныстары // Алматы ақшамы. – 1990. – №4(33). – 40-49 бб.
- 153 Бейісқұлов Т. Желтоқсан ызғары // Жетісу. – 1991. – №2(18). – 19-39 бб.
- 154 Ысмағұлов Ж. Көңілімде қалған сыз бар Желтоқсаннан... // Жалын. – 1996. – №11-12. – 17-20 бб.
- 155 Әбназарұлы Ү. // Жалын. – 1996. – №11-12. – 25-29 бб.
- 156 Көпекбаева Ә. Адам құқығы – сабақ тақырыбы // Қазақ тарихы. – 1996. – №6. – 68-69 бб.
- 157 Аймахан Қ. // Жалын. – 1996. – №11-12. – 30-32 бб.
- 158 Ерғожина Ш. Қанды қырғыннан аман қалған қыздардың бірі едім // Атамекен-ай. – 2006. – №12. – 20-34 бб.
- 159 Алматы қаласындағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына арналған ескерткіштің озық үлгісіне жарияланған ашық байқау // Егемен Қазақстан. – 1992. – 9 мамыр. – №107-108. – 2-12 бб.

- 160 Әбдікәрімов С. Бостандыққа бастаған алаң // Әлеуметтік қорғау. – 1992. – №4. – 16-20 бб.
- 161 Ибраһимханова Г. Аллажар фильмінің авторы және қоюшы режиссері Қалдыбай Әбенәпен сұхбат // Атамекен-ай. – 2006. – №12. – 23-38 бб.
- 162 Ерғөбек Ш. Фильмнен соңғы ой // Ұлан. – 1996. – 10 желтоқсан (№49). – 8-25 бб.
- 163 Елубай С. // Атамекен-ай. – 2006. – №12. – 24-38 бб.
- 164 Әуезов М. // Атамекен-ай. – 2006. – №12. – 24.-38 бб.
- 165 Аймұхамбет Ж.Ә. Желтоқсан көтерілісі шындығының поэзияда бейнеленуі // Үш қиян. – 2006. – (№35). – 11-26 бб.
- 166 Мантаева А. Ерлік пен адамгершілік // Қазақ әдебиеті. – 2006. – 15 желтоқсан (№50). – 11-27 бб.
- 167 Көлбаев Т. Сталиннің мақсаты қазақты қырып, байлығын тартып алу болған // Аңыз адам. – 2011. – №18. – 41-44 бб.
- 168 Қойшыбаев Б.О. Алғы сөз // Сталинизм: қуғын-сүргінді Қазақстан. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. 24 ақпан 2009 жыл. Алматы, 2011. – 5-9 бб.
- 169 Әлімгереев Ә. Сталинге хат жазған жерлесіміз Мүтәш Дәулетқалиев халықтың қамын ойлаған бес арыстың бірі болатын // Атырау. – 2007 жыл. – 215 б.
- 170 Шемратов Д. Сталинская коллективизация по Бауыржану Момышулы // Караван. – 2012. – 3 августа (№31). – С.18-29.
- 171 Охайон И. Ашаршылыққа кінәлі – Сталин // Аңыз адам. – 2011. – №18. – 11-23 бб.
- 172 Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. Казахская трагедия // Вопросы истории. – 1989. – №7. – С. 53-71.
- 173 Ермекбаев Ж. Қазақтар депортацияға ұшырағандарға қамқорлық көрсетті // Аңыз адам. – 2011. – №18. – 29-38 бб.
- 174 Есмағамбетов К. Қазақ үшін Сталиннің еш жақсылығы болған жоқ // Аңыз адам. – 2011. – №18. – 40-53 бб.
- 175 Әбжан Х. Сталин қазақ тарихында үш жаманшылығы, бір жақсылығымен қалады // Аңыз адам. – 2011. – №18. – 39-48 бб.
- 176 Аяған Б. Сталин Кемеңгер қолбасшы болмаған // Аңыз адам. – 2011. – №18. – 30-32 бб.
- 177 Ғали Ә. Хрущев өзінің Сталин сияқты бола алмайтынын білді // Аңыз адам. – 2011. – №18. – 22-33 бб.
- 178 Әбділдин С. Сталин сияқты көреген көсем дүниежүзінде болмаған // Аңыз адам. – 2011. – №18. – 23-24 бб.
- 179 Кәкішұлы Т. Қазақтың әдебиеті мен мәдениеті өркендеді // Аңыз адам. – 2011. – №18. – 45-46 бб.
- 180 Қоңыратбаев О. Сталин – социализм идеясына ең көп залал келтірген тиран // Аңыз адам. – 2011. – №18. – 26-28 бб.
- 181 Сарым А. Человек в системе сталинской диктатуры // Сталинизм: қуғын-сүргінді Қазақстан. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік

конференциясының материалдары. 24 ақпан 2009 жыл. Алматы, 2011. – 105-108 бб.

182 Қабышұлы Ғ. Сталин – тым күрделі тарихи тұлға // Аңыз адам. – 2011. – №18. – 12-17 бб.

183 Обращение Международной научно-практической конференции «Сталинизм: репрессированный Казахстан» // «Сталинизм: репрессированный Казахстан». Международная научно-практическая конференция. Алматы, – 2011. – С. 151-152.

184 Игнатов Ф. Сталин против Казахстана: некоторые эпизоды из истории репрессии в период антинародной деятельности Сталина // Казахстанская правда. – 1991. – 31(5) – С. 2-19.

185 Әбсаттар М. Сталинді сескендірген басылымдар кітапқа айналды // Алаш айнасы. – 2012. – (№66). – 5-19 бб.

186 Бегалиева Р. Сталин грузин әлірбиіне тиген жоқ? // Қазақ. – 2013. – 16 (№33/35). – 5-20 бб.

187 Капаева А.Т. Духовно-культурная жизнь Казахстана в годы сталинизма // Сталинизм: қуғын-сүргінді Қазақстан. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. 24 ақпан 2009 жыл. Алматы, 2011. – 25-42 бб.

188 Балмағанбетов И. // Сталинге хат: Ш. Мұртазаевтың Сталинге хат драмасы Гурьев облыстық қазақ драма театры сахнасында Коммунистік еңбек. – 1989. – 7(21). – 4-16 бб.

189 Кузнецова Е.Б. Открытие истины или очерование лжи? // Сталинизм: қуғын-сүргінді Қазақстан. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. 24 ақпан 2009 жыл. Алматы, 2011. – 97-104 бб.

190 Красин Ю.А. Перестройка в контексте российской реформации // Вестник Московского университета. Серия 12. Политические науки. – 2005. – №5. – С. 32-46.

191 Елисеева Н.В. Перестройка: советский проект реформирования СССР // Вестник Московского университета. Серия 12. Политические науки. – 2005. – №5. – С. 54-63.

192 Brown B.A. Authoritarianism in the new states of Central Asia: An overview of postindependence politics. – Köln, 1996. – 30 p.

193 Попов Д. Исторический опыт реализации американских программ ядерной демилитаризации Казахстана в контексте интересов России и ее союзников // Проблемы национальной стратегии. – 2015. – №4(31). – С. 92-113.

194 Кармазина Л. Институционализм партийной системы Республики Казахстан: ретроспектива и современные тенденции // Центраная Азия и Кавказ. – 2008. – №5(59). – С. 47-63.

195 Бабак В. Казахстан: формирование многопартийной системы // Центральная Азия и Кавказ. – 2005. – №2(38). – С. 87-99.

196 Schatz A. Notes on the dog that didn't bark: eco-internationalism in late Soviet Kazakhstan// Ethnic. a. racial studies. – L., 1999. – Vol. 22, №1. – P. 136-161.

- 197 Ертысбаев Е. Казахстан и Назарбаев: логика перемен. – Астана: Елорда, 2001. – 576 с.
- 198 Матаева А., Ушков Н. Открытая ладонь // Иртыш. – 1989. – 9(152). – С. 3-14.
- 199 Ядерным взрывам – нет! // Казахстанская правда. – 1993. – 31(№190). – С. 1-2.
- 200 Логачев В.А. и др. Семипалатинский полигон: обеспечение общей и радиационной безопасности ядерных испытаний. М., 1997. – 344 с.
- 201 Булатов В.И. 200 ядерных полигонов СССР: География радиационных катастроф и загрязнений. – Новосибирск: ЦЭРИС, 1993. – 88 с.
- 202 Третьякова Н.А. Проблема ратификации семипалатинского договора в контексте евро-азиатской архитектуры безопасности // Вестник КемГУ. – 2013. – № 2 (54). – С. 159-162.
- 203 Мадиева М.Р. Медицинские последствия облучения населения низкими дозами // Медицина и экология. – 2008. – № 1. – С. 7-11.
- 204 Михайлов В.Н. и др. Ядерные испытания СССР. – Саров: Типография РФЯЦ – ВНИИЭФ, 1998. – 249 с.
- 205 Резван Е. Два озера // 60 параллель. – 2011. – №4(43). – С. 20-31.
- 206 Атомное озеро // Два патрона. – 2011. – №3(20) 21 апреля. – С. 2-24.
- 207 Вопросы поставила сама жизнь // Иртыш. – 1989. – 20 июля (№139). – С. 1-4.
- 208 Аскарлова У.Б. Радиационная обстановка в Казахстане и здоровье населения // Austrian Journal of Technical and Natural Sciences. – 2014. – №5-6. – С. 3-5.
- 209 Кирабаев Н.С. Миссия интеллектуала в современном обществе // Полилингвистичность и транскультурные практики. – 2018. – Т.15. № 4. – С. 628-631.
- 210 Қапасов Д. Невада – Семей бейбітшілікке қадам // Лениншіл жас. – 1989. – №8. – С. 32-45.
- 211 Ауэзов М. Невада // Заря. – 1989. – №10. – С. 13-27.
- 212 Шинтимиров М. Олжас Сулейменов: Невада – Семипалатинск моя поэма // Central Asia Monitor. – 2005. – 23(№38). – С. 1-9.
- 213 Шафир С. Невада-Семипалатинск, 16 лет назад... // Мегаполис. – 2005. – 28 февраля (№8). – С. 12-32.
- 214 Титаев Е. Испытание // Иртыш. – 1989. – 12 июля (№133). – С. 2-21.
- 215 Титаев Е. Ядерным взрывам – нет! Вместе борются за мир // Иртыш. – 1989. – 7(№150). – С. 3-28.
- 216 Вопросы ставит сама жизнь. Ядерный полигон: проблемы решать по-новому // Иртыш. – 1989. – 17(№137). – С. 2-13.
- 217 Вопросы поставила сама жизнь. Быть или не быть полигону на земле Прииртышья? // Иртыш. – 1989. – 19(№138). – С. 1-3.
- 218 Крылов Ю. Сары-арка требует покоя // Иртыш. – 1989. – 20(№139). – С. 4-19.
- 219 Миролевич В. Невада-Семипалатинск // Известия. – 1989. – 8(№139). – С. 3-16.

220 Иванова Т., Серебренников А. Ядерным взрывам – нет! // Иртыш. – 1989. – 9(152). – С. 1-3.

221 Ядерным взрывам – нет! // Казахстанская правда. – 1993. – 31(№190). – С. 1-2.

222 Аташ Б., Құранбек Ә. Ұлттық Меннің өзін қайтадан тануы. – Ана тілі. – 2021. – 8(15). – 11-23 бб.

223 Айтенова А.А., Құлсариева А.Т. Мәдени жарақат метафорасының онтологиялық мәні // әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. – 2021– №1(75). – 16–26 бб.

224 Айтенова А.А., Қайратұлы С. Желтоқсан – 1986: бағалануы, себептері және өнердегі репрезентациясы // Әл-Фараби әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер журналы. – 2021. – №4(76). – 154-167 бб.

225 Айтенова А.А., Қайратұлы С. Мәдени жарақат – әлеуметтік өзгерістерді зерттеу тәсілі // әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. – 2022– №2 (80). – 79-91 бб.

226 Aitenova A.A, Kulsariyeva A.T; Ryskieva A.A. Struggle for Peace, in their Own Land as the Philosophy of the Nevada-Semipalatinsk Movement // Human Affairs. – 2024. – Vol 34, № 1. – P. 116-118.